

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



International Taraz
Innovative Institute
named after Sherkhan Murtaza



«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖАСТАР: ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ
МӘСЕЛЕЛЕРІ» АТТЫ СТУДЕНТТЕР МЕН МАГИСТРАНТТАРДЫҢ XV
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
21-22 сәуір, 2023 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
XV РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
СТУДЕНТОВ И МАГИСТРАНТОВ
«НАУКА И МОЛОДЕЖЬ: ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ»
21-22 апреля, 2023г.

COLLECTION OF WORKS OF XV REPUBLICAN SCIENTIFIC AND PRACTICAL
CONFERENCE OF STUDENTS AND UNDERGRADUATES
«SCIENCE AND YOUTH: PROBLEMS OF MODERN RESEARCH»
April 21-22, 2023

Тараз, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖАСТАР: ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
АТТЫ СТУДЕНТТЕР МЕН МАГИСТРАНТТАРДЫҢ XV РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
21-22 сәуір, 2023 ж.**

**СБОРНИК ТРУДОВ
XV РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
СТУДЕНТОВ И МАГИСТРАНТОВ
«НАУКА И МОЛОДЕЖЬ: ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ»
21-22 апреля, 2023г.**

***COLLECTION OF WORKS OF XV REPUBLICAN SCIENTIFIC AND PRACTICAL
CONFERENCE OF STUDENTS AND UNDERGRADUATES
«SCIENCE AND YOUTH: PROBLEMS OF MODERN RESEARCH»
April 21-22, 2023***

Тараз, 2023

ӘОЖ 159.9: 001.891

КБЖ 88.8

F20

Редакция алқасы/Редакционная коллегия

Муслимов Н.Ж., Сулейменов Ж.Т., Абдуалы А.Б., Баяндин М.А., Тажибаев С.Д., Кадырова А.С., Буоклиев Н., Құлабекова Г.Қ., Құрманбекова А.С., Ботабаева Ә.Е., Асқарбекқызы Н., Нургабылов М.Н., Қуатбеков Ж.А., Тамабаева Қ.Ә., Несипбаева И.С., Онгарбаева М.Б., Маликтаева П.М., Айтекова К.У., Мырзабеков Д.Е., Шырақбаев А.Б., Газаев А.И., Саткей Т.Б., Исаков Ғ.Ж., Есперов Е.И., Джекенов П.С., Сихаев А.А., Беркенова Р.А., Елубаева Р.С., Нұрманалиева Ұ.Т., Арыстанғалиева В.А., Молдахметов М.М., Байлыбеков Ғ.Р., Ниязова П.Р., Жайшылық Н.П.

F20 «Ғылым және жастар: зерттеулердің қазіргі таңдағы мәселелері» атты студенттер мен магистранттардың XV Республикалық ғылыми- тәжірибелік конференция жинағы. Қазақстан, Тараз, 21-22 сәуір, 2023 ж. –бет.

«Наука и молодежь: проблемы современных исследований», сборник трудов XV Республиканской научно-практической конференции – Казахстан, Тараз, 21-22 апреля, 2023 г. – , стр.

ISBN 978-601-7419-21-11

2023 жылдың 21-22 сәуірінде XV Республикалық ғылыми- тәжірибелік конференцияның «Ғылым және жастар: зерттеулердің қазіргі таңдағы мәселелері» студенттер мен магистранттардың ғылыми - зерттеу жұмыстарының мақалалар жинағы. Конференцияда келесі бағыттар бойынша ғылыми мәселелер қарастырылды: педагогика ғылымдары және пәнаралық мамандық: педагогика және психология, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі, қазақ тілі мен әдебиеті, шет тілі ұлтаралық қарым-қатынас құралы ретінде, дене шынықтыру және спорт, кәсіптік оқыту, көркем еңбек және сызу, стандарттау, сертификаттау және метрология, ветеринария және өсімдік шаруашылығы: стандарттау, сертификаттау және сапаны бақылау, агрономия, ветеринария, экономика және басқару: қаржылық аспектілер мен практика, бухгалтерлік есеп және аудит, менеджмент, мемлекеттік қызмет, заманауи экономикалық процестер, басқару жүйелерін зерттеу, құқықтық мәселелер: саяси-құқықтық аспектілер, құқықтану, қылмыстық құқық және процестер, мемлекеттік қызмет саласындағы заңгер, гуманитарлық-табиғи аспектілер және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: отандық тарих, информатика мен математикадағы заманауи тәсілдер, физика, химия, география.

Көпшілік оқырмандарға арналған.

Жинақ материалдарының электрондық нұсқасы сайтта орналастырылған

Конференцияға қатысушылардың ғылыми мақалаларының жинағы материалдар бойынша дайындалған, электронды түрде ұсынылған. Материалдардың мазмұны үшін жауапкершілік мақала авторлары.

Сборник статей научно-исследовательской работы студентов и магистрантов XV Республиканской научно-практической конференции «Наука и молодежь: проблемы современных исследований» 21-22 апреля 2023 г. На конференции рассмотрены научные проблемы по следующим направлениям: стандартизация, сертификация и метрология, ветеринария и растениеводство: стандартизация, сертификация и контроль качества, агрономия, ветеринария, экономика и управление: финансовые аспекты и практика, бухгалтерский учет и аудит, менеджмент, государственная служба, современные экономические процессы, исследование систем управления, правовые вопросы: политико-

правовые аспекты, юриспруденция, уголовное право и процессы, юрист в сфере государственной службы, гуманитарно-естественные аспекты и информационнокоммуникационные технологии: отечественной истории, современные подходы в информатике и математике, физика, химия, география.

Предназначен для широкого круга читателей.

Электронная версия материалов сборника размещается на сайте <https://htii.edu.kz/>

Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, представленным в электронном виде.

Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.

ӘОЖ 159.9: 001.891

КБЖ 88.8

ISBN 978-601-7419-21-11

© Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, 2023

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСТІҢ БАЯНДАМАЛАРЫ ДОКЛАДЫ ПЛЕНАРНОГО ЗАСЕДАНИЯ

УДК 616:619. – 615.322-615.281.9:615.284-615.282.84-615.281.9

ҚАЗАҚСТАНДА ӨСЕТІН ЖАБАЙЫ ОРМАН ӨСІМДІКТЕРІНІҢ ТЕРАПЕВТИКАЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫ

**Студент: Нысанбек Жанар Маратқызы, мамандығы «Биотехнология»,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қаласы,
Қазақстан, E-mail: janar_2497@mail.ru**

**Ғылыми жетекшісі: Кухар Елена Владимировна, Биология ғылымдарының
докторы, доцент, профессордың м.а., Ауылшаруашылық биотехнологиясының
ғылыми-зерттеу платформасы директоры, С.Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық университеті, Астана қаласы, Қазақстан, E-mail: kucharev@mail.ru**

**Бірлескен автор: Айдарханова Гульнар Сабитовна, Биология ғылымдарының
докторы, қауымдастырылған профессор, С.Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехнический университеті, Астана қаласы, Қазақстан, E-mail: exbio@yandex.ru**

Аңдатпа. Мақалада солтүстік Қазақстанда өсетін жабайы орман өсімдіктерінің емдік мүмкіндіктерін іздестіру туралы ғылыми мәліметтер берілген. Тәжірибе үшін Ақмола облысында өсетін орман өсімдіктерінің 7 үлгісі іріктеліп алынды, олардан май, су және су-спирт сығындылары әзірленді. Биологиялық белсенділікті (микробқа, зенге, гельминттерге қарсы) зерттеудің заманауи әдістерін қолдана отырып, зерттеу барысында іріктелген өсімдіктердің сығындыларының биологиялық белсенділігінің болуы анықталды. Сулы сығындылардың бактерицидтік белсенділігі жұлдызгүлде, майлы сығындыларда - кәдімгі мыңжапырақ пен екіүйлі қалақайда, су-спирттік сығындылары - жұлдызгүлде, кәдімгі пижмада, тар жапырақты отты шөпте, орегано, түйежапырақтан табылды. Оппортунистік ашытқы *Candida papapsilosis*-ке қарсы фунгицидтік белсенділіктің жоғары қарқыны жұлдызгүлдің сулы сығындылары және тар жапырақты отты шөп пен кәдімгі ореганоның су-спирт тұнбалары болып табылады. Қылқан жапырақты орман өсімдіктерінің кейбір өсімдік сығындыларында паразитке қарсы қасиеттердің болуы анықталды. Ең жақсы нәтиже мыңжапырақтың, отты шөптің, ореганоның қайнатпаларында анықталды.

Кілт сөздер: биологиялық белсенді заттар; микробқа қарсы қасиеттер; зен саңырауқұлақтарына қарсы қабілеті; гельминттерге қарсы ерекшеліктері, терапевтикалық потенциал.

Аннотация. В статье представлена научная информация о поиске терапевтического потенциала среди дикорастущих растений леса севера Казахстана. Для эксперимента отобраны 7 проб растений, произрастающих в Акмолинской области, из которых изготовлены масляные, водные и водно-спиртовые экстракты. В ходе исследований с использованием современных методов изучения биологической активности (антимикробной, противогрибковой, антигельминтной), нами установлено наличие биологической активности экстрактов отобранных растений. Бактерицидная активность водных экстрактов выявлена у Лабазника обыкновенного, масляных – у Тысячелистника обыкновенного и Крапивы двудомной, водно-спиртовых экстрактов – у Лабазника обыкновенного, Пижмы обыкновенной, Кипрея узколистного, Душицы обыкновенной, Репейника. Более высокими показателями фунгицидной активности против условно-патогенных дрожжей *Candida papapsilosis* отличались водные экстракты Лабазника обыкновенного и водно-спиртовой

настойки Кипрея узколистного и Душицы обыкновенной. Наличие антипаразитарных свойств выявлено у некоторых растительных экстрактов хвойных растений леса. Лучший антипаразитарный эффект выявлен у экстрактов Тысячелистника, Крапивы и Душицы.

Ключевые слова: биологически активные вещества, антимикробные свойства, противогрибковая способность плесени, антигельминтные свойства, терапевтический потенциал.

Abstract. The article presents scientific information about the search for therapeutic potential among wild forest plants in North Kazakhstan. For the experiment, 7 samples of plants growing in the Akmola region were selected, from which oil, water and water-alcohol extracts were made. In the course of research using modern methods for studying biological activity (antimicrobial, antifungal, anthelmintic), we have established the presence of biological activity of extracts of selected plants. The bactericidal activity of aqueous extracts was found in the meadowsweet, oil - in the common Yarrow and Dioecious nettle, water-alcohol extracts - in the common meadowsweet, common tansy, narrow-leaved fireweed, oregano, burdock. Higher rates of fungicidal activity against the opportunistic yeast *Candida papansilosis* are aqueous extracts of the meadowsweet and the water-alcohol tincture of fireweed *angustifolia* and *Origanum vulgare*. The presence of antiparasitic properties was found in some plant extracts of coniferous forest plants. The best results were distinguished by alcohol tinctures of common tansy and burdock.

Keywords: biologically active substances; antimicrobial properties; antifungal ability of mold; anthelmintic properties, therapeutic potential.

Дәрілік өсімдіктер ежелден белгілі өркениеттердің барлығында дерлік дәстүрлі емдеу құралдарының көзі ретінде қолданылған [1].

Фармацевтика өнеркәсібінде өсімдіктер әртүрлі белсенді ингредиенттерді алудың негізгі көзі болып табылады. Олар бактериялық және саңырауқұлақ инфекцияларын, сондай-ақ, қант диабеті және қатерлі ісік сияқты созылмалы дегенеративті ауруларды емдеуге қолданылатын фармакологиялық әсерлерді көрсетеді [2, 3].

Орманды алқаптардың тұрғындары ағаш тектес өсімдіктердің вегетативті мүшелерін емдік және профилактикалық мақсатта кеңінен пайдаланады. Жабайы дәрілік өсімдіктердің оппортунистік организмдерге қатысты биологиялық белсенді қасиеттерін, атап айтқанда бактерияға қарсы, зеңге қарсы, антигельминтикалық әсерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады [5].

Зерттеудің мақсаты: орманда өсетін жабайы дәрілік өсімдіктердің емдік мүмкіндіктерін анықтау үшін олардың микробқа қарсы және антипаразиттік қасиеттерін зерттеу.

Зерттеу нысандары:

-ұнтақталған өсімдік шикізаты: 7 жабайы өсетін орман өсімдіктерінің биомассасы:

1. Жұлдызгүл (*Filipéndula vulgáris*);
2. Кәдімгі мыңжапырақ (*Achilléa millefólium*);
3. Пижма (*Tanacétum vulgáre*);
4. Екітұқымды қалақай (*Urtíca díoíca*);
5. Тар жапырақты отты шөп (*Chamaenérion angustifolium*, немесе *Epilóbium angustifolium*);
6. Орегано (*Origanum vulgare L.*);
7. Түйежапырақ (*Arctium láppa*).

- *Escherichia coli* бактерия штаммы, *Candida papansilosis* ашытқы штаммы, *Aspergillus niger* зең саңырауқұлақ штаммы.

- гельминттер: қара түсті жаңбырқұрттар.

Реагенттер мен қолданылған құралдар:

-стерильді дистилденген су;

-70% этил спирті;

-залалсыздандыруға және оттық шамға 90% этил спирті;

-100 мл колбалар;

-12 см 1,0 см диаметрлі биологиялық пробиркалар;
-9,0 см диаметрі Петри шынылары;
-қоректік орталар: Сабуро агар, ГРМ-агар;
-зертханалық оттық шамдар, бактериологиялық ілмек, қысқыш, қайшы, мақта, фольга, фильтр қағазы.

Жабдықтар: термостат, құрғақ-қыздыру пеші, мұздатқыш, электрондық таразылар.

Зерттеу әдістері: Өсімдіктердің биологиялық белсенділігін талдауға бағытталған тәжірибелік зерттеулер Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық зерттеу университетінің Ауылшаруашылық биотехнологиясының ғылыми зерттеу платформасында 2020-2022 жылдар аралығында жүргізілді. Өсімдік сығындыларының биологиялық белсенділігін бағалау бірнеше кезеңдер бойынша дәйекті түрде(кезегімен) бағаланды. Өсімдік биомассасынан 1:10 мөлшерінде май және су тұнбалары, спирт тұнбалары, су қайнатпалары дайындалды. Тұнбалар қараңғы жерде 2 апта бойы тұндырылды, қайнатпалар қолданар алдында бірден дайындалды. Препараттарды залалсыздандыру фильтрациясы диаметрі 0,45 мкм сүзгілер арқылы жүзеге асырылды. Сығындылар 4-6°C температурада 24 сағаттан аспайтын уақытта сақталды.


Өсімдік материалдарының микробқа қарсы және зеге қарсы белсенділігін талдау агарда сериялық сұйылту әдісімен және дискілік диффузия әдісімен жүргізілді. Сулы өсімдік сығындыларының ең аз ингибиторлық концентрацияларын (MSC) және ең төменгі бактерицидтік концентрацияларын (МБК) анықтау Мюллер-Хинтон сорпасында дәйекті микросұйылтулар арқылы жүзеге асырылды [9].

Зерттеу нәтижелері:

1. Орман өсімдіктерінен тұнбалар мен қайнатпалар дайындалды.


Бірінші кезеңде келесі өсімдік биомассаларынан майлы, сулы және спирттік тұнбалар әзірленді: жұлдызгүл, мыңжапырақ, пижма, қалақай, отты шөп, орегано, түйежапырақ. Препарат дайындау үшін өсімдік шикізатының әрқайсысын 10 г-нан таразы көмегімен өлшеніп алынып, жеке колбаларға салынды.

Тұнба сұйықтық пен өсімдік шикізатының 1:10 қатынасында жүргізілді, ҚР Мемлекеттік Фармакопеясының стандарттарына сәйкес, 10 г ұнтақталған шикізатқа 100 мл сәйкес еріткіш(су, спирт, май) қосылды. Тұнба дайын болуы үшін 14 тәулікке (2 апта) қараңғы жерге қойылды және сүзгіден өткізілді(1 сурет).



1 сурет – Спирт, су, май еріткіштері (а), қосылып әзірленген өсімдік шикізаты (б), 14 тәулік салқын, қараңғы жерге орналастырылған, кептірілген өсімдік шикізатынан алынған, жұмысқа дайын тұнба (в)

14 тәулік өткен соң сығынды(экстракт) пробиркаларға құйылды, қайнатпалар қолданар алдында бірден әзірленді. Препараттарды залалсыздандырушы фильтрация диаметрі 0,45 мкм сүзгі көмегімен жүзеге асырылды. Атаулары жазылып, 4-6°C температураға тұрақталған мұздатқыш сақтау камерасына 24 сағаттан аспайтын уақытқа қойылды (2 сурет).



2 сурет – Өсімдік шикізатынан дайындалған майлы және спиртті тұнбалар

Өсімдік сығындыларының минималды ингибиторлық концентрацияларын (МИК) дәйекті, кезекпен микросұйылту әдісімен анықтау

96 шұңқырлы планшеттердің ұңғымаларында өсімдік материалдары сығындыларының 11 сериялы екі еселенген сұйылтулары дайындалды. Оған оптикалық тығыздық бойынша стандартталған сынамалы бактериялық немесе саңырауқұлақ дақылдарының суспензиялары 10⁶ жасуша/мл соңғы концентрацияда қосылды.

Бактерицидтік минималды тежеу концентрациясын анықтау үшін сығындылар - ішек таяқшасы қоздырғышы *Escherichia coli*; Зеңге қарсы минималды тежеу концентрациясы – шартты-патогенді штамдарға, оппортунистік микоздардың қоздырғыштарына, *Candida parapsilosis* ашытқысына және *Aspergillus niger* зең саңырауқұлақтарына қарсы сыналған.

Минималды ингибиторлық концентрациясын есептеу микроорганизмдердің көрінетін өсуінің болмауы көзбен қаралады (кесте 1, 2, 3).

Кесте-1. *Escherichia coli* бактериясының минималды ингибиторлық бактерицидтік концентрациясы

| Өсімдік биомассасы | Майлы сығынды | Спиртті-сулы сығынды | Сулы сығынды | Сулы қайнатпа |
|----------------------------|---------------|----------------------|--------------|---------------|
| 1 Жұлдызгүл | 1: 4 | 1:128 | 1:64 | 1:128 |
| 2 Мыңжапырақ | 1:64 | - | - | - |
| 3 Пижма | - | 1:256 | - | - |
| 4 Екітұқымды қалақай | 1:128 | - | - | - |
| 5 Қысқа жапырақты отты шөп | - | 1:128 | 1:4 | 1:512 |
| 6 Орегано | - | 1:1024 | - | - |
| 7 Түйежапырақ | - | 1:265 | - | 1:32 |
| Бақылау | - | - | - | - |

1-кестедегі нәтижеге сәйкес бұл өсімдік өкілдері ешқандай бактерияға қарсы немесе бактерия тежеуші қасиетке ие емес, көптеген бөліктері әлсіз белсенділік әрекетін көрсетеді. Су сығындыларының бактерицидтік белсенділігі тек жұлдызгүлде, майлы – кәдімгі мыңжапырақ пен екіүйлі қалақайда, спиртті-сулы сығындыларда – кәдімгі жұлдызгүлде, пижма, қысқа жапырақты отты шөпте, орегано, түйежапырақ (бұғанак) өсімдіктерінен табылды. Су-спирт сығындыларының бактерицидтік қасиеттерінің болуы спирттің әсерімен түсіндіріледі. Атап өтерлік нәтиже, сығындылардың ішінде жұлдызгүлдің әртүрлі концентрациясының барлығы және ореганоның спирт-сулы сығындысы айқын бактерицидтік қасиеттерімен ерекшеленеді.

Кесте-2. Өсімдік сығындыларының *Candida parapsilosis* ашытқысының саңырауқұлаққа қарсы минималды тежегіш концентрациясы

| Өсімдік биомассасының түрі | Майлы сығынды | Спиртті-сулы сығынды | Сулы сығынды | Сулы қайнатпа |
|----------------------------|---------------|----------------------|--------------|---------------|
| 1 Жұлдызгүл | - | 1:8 | 1:16 | - |
| 2 Мыңжапырақ | - | - | - | - |
| 3 Пижма | - | - | - | - |
| 4 Екітұқымды қалақай | - | - | - | - |
| 5 Қысқа жапырақты отты шөп | - | 1:16 | 1:4 | - |
| 6 Орегано | - | 1:16 | - | - |
| 7 Түйежапырақ | - | - | - | 1:2 |
| Бақылау | - | - | - | - |

2-кестеден алынған нәтижелер бойынша, ашытқының саңырауқұлаққа қарсы немесе саңырауқұлақ дамуын тежеуші белсенділігінің жоқтығы өсімдік сығындыларының көп санында тіркелген. Оппортунистік ашытқы *Candida parapsilosis*-ке қарсы бактерицидтік белсенділігі мүлдем жоқ өсімдіктердің арасында мыңжапырақ, кәдімгі пижма, екі тұқымды қалақайды атауға болады. Бірқатар өсімдіктерде бактерицидтік белсенділік тек нативті өсімдіктерде немесе 1:2 - 1:16 сұйылтылғанда анықталды.

Талданған өсімдіктердің жалпы санынан тек қана жұлдызгүлдің сулы сығындысы, қысқа жапырақты отты шөп және қарапайым ореганоның спирт-сулы тұнбалары *Candida parapsilosis* ашытқыларына қарсы фунгицидтік белсенділіктің жоғары қарқынымен ерекшеленеді.


Кесте-3. Өсімдіктер тұнбасының *Aspergillus niger* зең саңырауқұлағына қарсы минималды тежегіш концентрациясы

| Өсімдік биомассасы атауы | Майлы сығынды | Спиртті-сулы сығынды | Сулы сығынды | Сулы қайнатпа |
|----------------------------|---------------|----------------------|--------------|---------------|
| 1 Жұлдызгүл | - | 1:128 | - | - |
| 2 Мыңжапырақ | - | - | - | - |
| 3 Пижма | - | - | - | - |
| 4 Екітұқымды қалақай | - | - | 1:4 (ф/с) | 1:64 |
| 5 Қысқа жапырақты отты шөп | - | 1:512 | - | - |
| 6 Орегано | - | 1:256 | - | 1:64 |
| 7 Түйежапырақ | - | - | 1:64 | 1:32 |
| Бақылау | - | - | - | - |

3-кестеде келтірілген нәтиже бойынша, өсімдік сығындыларының көпшілігі *Aspergillus niger* зең саңырауқұлақтарына қарсы фунгицидтік немесе фунгистатикалық белсенділіктің болмауымен сипатталады. Жеткілікті жоғары фунгицидтік белсенділік Орегано спирт-сулы тұнбалары мен су қайнатпаларында табылды.

Сулы өсімдік сығындыларының минималды бактерицидтік концентрациясын (МБК) дәйекті микросұйырту және дискілік диффузия әдісімен анықтау.

Минималды бактерияға қарсы концентрациясын анықтау үшін сығындылар 1:2 титрлеу арқылы енгізілді және 96 шұңқырлы пластиналардың ұңғымаларына ішек таяқшасының 10 мкл бактериалды суспензиясы қосылды (3 сурет).



3 сурет – Сулы тұнбалардың минималды бактерияға қарсы концентрациясы

Бір тәуліктен кейін тығыз қоректік ортаның секторына әрбір ұңғымадан 10 мкл егілді, Петри шыныларында 35°C температурада 16-18 сағат инкубацияланды. Келесі күні бактериялардың өсуін есепке алу жүргізілді. Төменде сәйкесінше 1:64 (а) және 1:128 (б) тең жұлдызгүлдің сулы тұнбасы мен су қайнатпасының мысалында МБК болуы нәтижелерінің фотосуреттері берілген (4 сурет).



4 сурет – Жұлдызгүлдің сулы тұнбасы(а) мен сулы қайнатпасының(б) минималды бактерияға қарсы концентрациясын анықтау нәтижесі

4-суретте жабайы өсетін жұлдызгүлдің су тұнбасы мен қайнатпаларының МБК талдау кезінде Петри шыныларында бактерицидтік әсердің болуы анық байқалады. Алынған нәтижелер *Escherichia coli*, шартты ашытқы *Candida parapsilosis* және зең *Aspergillus niger* саңырауқұлақтарына қарсы жабайы өсімдік сығындыларының бактериостатикалық және фунгистатикалық қасиеттерінің болуын айтуға мүмкіндік береді.

Өсімдік материалдарының паразитке қарсы белсенділігін модификацияланған әдіс бойынша талдау

Паразитке қарсы белсенділікті модификацияланған әдіс бойынша зерттеу патогенді нематодтардың орнына еркін тіршілік ететін нематодтарды (сірке балығы) және жауын құрттарын қолдануды қамтыды.

Гельминттерге қарсы әсердің бар-жоғын анықтауға эксперимент жүргізу үшін гельминттерді Петри табақшаларына сығындылармен алдын ала толтырылған ұңғымалары бар дайын қоректік орталарға енгізілді. Құрттардың қатты қоректік ортадағы әрекеті 3 күн бойы әрбір 3-6-12 сағат сайын бақыланады (5 сурет).



5 сурет – Жауын құрттарының Петри шыныларындағы тіршілік әрекетін бақылау

Гельминттерге қарсы әсердің болуын анықтау үшін нәтижелерді жазудың жеке әдістемесі жасалды. Бұл ретте құрттардың табиғи мінез-құлқына, саңылауларға жақындауға немесе олардан алыстауға ұмтылуға, белгілі бір уақыт аралығында қозғалысы тоқтауына, тіршілігін жойғаннан кейін құрттарда ыдырау иістерінің болуы мен гемолиздің қарқындылығына назар аударылды. Белгілердің әрқайсысының болуы және оның қарқындылығы үшін қосу белгісі келесі принцип бойынша берілді: +++ - айқын белгі, ++ - орташа анық белгі, + - әлсіз белгі. Нәтиже болмаған жағдайда «минус» қойылды. Содан кейін жалпы «+» саны саналып, ұпайлар қойылды.

Кесте-4. Өсімдік тұнбаларының паразиттерге қарсы қасиеттері көрсетілген

| № п/п | Тырысулар | Саңылаудан шығуы | 16-18 сағатта тіршілігін жоюы | Ыдырау иісі | Гемолиздің болуы | Бағалау баллдары |
|-------|-----------|------------------|-------------------------------|-------------|------------------|------------------|
| 1 | - | - | + | + | + | 3 |
| 2 | - | + | + | + | + | 4 |
| 3 | - | - | + | - | - | 1 |
| 4 | - | + | + | + | + | 4 |
| 5 | - | - | - | - | - | 0 |
| 6 | - | + | + | + | + | 4 |
| 7 | - | - | + | + | + | 3 |
| К | - | | | - | - | 0 |

4-кестеде көрсетілген нәтижелерге қарай жақсы антипаразиттің қабілетке ие өсімдік деп мыңжапырақ пен екітұқымды қалақай, орегано анықталды. *Lumbricus terrestris* жауын құртына ешқандай антипаразиттік қабілет көрсетпеген қысқа жапырақты отты шөп болды.

Қорытынды. Тәжірибелік зерттеу жұмыстарының нәтижесінде зерттеуге алынған орман өсімдіктерінің тұнбаларында, қайнатпаларында әртүрлі белсенділіктер, атап айтқанда микробқа қарсы, фунгицидтік және әлсіз анықталған гельминттерге қарсы белсенділігін көрсетеді. Бұл қабілет оларды жұқпалы аурулардың қоздырғыштарына қарсы терапевтикалық потенциалы жоғары отандық препараттарды жасау үшін пайдаланудың ықтималдығы басым екендігіне қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Алғыс. Өткізілген тәжірибелік зерттеу жұмысының авторлары С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университетінің микология және саңырауқұлақтар биотехнологиясы зертханасының қызметкерлеріне нәтижеге жету жолындағы берген білімі мен көрсеткен көмегіне алғысын білдіреді.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Бұл зерттеу 2018-2022 жылдарға арналған АР05136154 «Орман өсімдіктерінің ресурстық потенциалы және олардың Қазақстан

өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін экологиялық қауіпсіздігі» гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде орындалды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Mustafa G., Arif R., Atta A., Sharif S., Jamil A. Bioactive Compounds from Medicinal Plants and Their Importance in Drug Discovery in Pakistan. *Matrix Sci. Pharma.* 2017;1:17–26. doi: 10.26480/msp.01.2017.17.26.
2. Abdel-Razek A.S., El-Naggar M.E., Allam A., Morsy O.M., Othman S.I. Microbial natural products in drug discovery. *Processes.* 2020;8:470. doi: 10.3390/pr8040470.
3. Mendoza, N., & Silva, E. M. E. (2018). Introduction to Phytochemicals: Secondary Metabolites from Plants with Active Principles for Pharmacological Importance. *Phytochemicals - Source of Antioxidants and Role in Disease Prevention.* doi: 10.5772/intechopen.78226.
4. Dziejniski M, Kobus-Cisowska J, Szymanowska D, Stuper-Szablewska K, Baranowska M. Identification of Polyphenols from Coniferous Shoots as Natural Antioxidants and Antimicrobial Compounds. *Molecules.* 2020; 25(15):3527. <https://doi.org/10.3390/molecules25153527>
5. Определение чувствительности микроорганизмов к антибактериальным препаратам. Методические указания. МУК 4.2.1890-04 // Клинический микробиологический журнал. – 2004. – Т.6, №4. – С. 306-359.
6. Валиева Л.А. Количественная оценка противомикробной активности новых лекарственных настоев и экстрактов. – Уфа, 2016. – 72 с.
7. Subcommittee on Antifungal Susceptibility Testing (AFST) of the ESCMID European Committee for Antimicrobial Susceptibility Testing (EUCAST). EUCAST definitive document EDef 7.1: method for the determination of broth dilution MICs of antifungal agents for fermentative yeasts. *Clin Microbiol Infect.* 2008 Apr;14(4):398-405. doi: 10.1111/j.1469-0691.2007.01935.x. Epub 2008 Jan 11. Erratum in: *Clin Microbiol Infect.* 2009 Jan;15(1):103. PMID: 18190574.
8. Отчет о научно-исследовательской работе АР05136154 «Ресурсный потенциал недревесных лесных материалов и их экологическая безопасность для социально-экономического развития регионов Казахстана» (заключительный), 109 стр. [Текст]/ Г.С. Айдарханова. – Нур-Султан, 2021. – С. 11-22.
9. Биологически активные вещества растений – изучение и использование: материалы международной научной конференции 29-31 мая 2013 г., г. Минск. – Минск: ГНУ «Центральный ботанический сад Академии наук Беларуси», 2013. – 356 с.



ГРУППОВЫЕ ФОРМЫ РАБОТЫ В ОБУЧЕНИИ ИНОЯЗЫЧНОЙ УСТНОЙ РЕЧИ

Юнусова М.Г. - студентка 4 курса специальности
6В01712 - «Преподаватель английского и немецкого языков»
Научный руководитель: Ахметова М.К. - старший преподаватель
кафедры «Мировые языки»
Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати, г.Тараз

Аңдатпа. Мақалада қазіргі лингвистикалық білім беру контекстінде ауызша шет тілін оқыту процесінде топтық жұмыс формаларының мәні мен ерекшеліктері қарастырылады. Сондай, “шет тіліндегі ауызша сөйлеу” ұғымы, оқыту кезіндегі жұмыстың негізгі формалары. Осы тілді меңгеру кезінде көрінетін коммуникативтік және стратегиялық дағдыларды дамыту үшін топтық жұмыс нысандарының әлеуеті ашылады.

Кілт сөздер: Топтық форма, әдіс, қиындықтар, мотивация, жетілдіру, дағды, шет тілінде сөйлеу.

Аннотация. В статье идет речь о сущности и особенностях групповых форм работы в процессе обучения устной иноязычной речи в современном лингвообразовательном контексте. На ряду с этим раскрывается понятие “иноязычной устной речи” и основные формы работы в обучении. Выявляется потенциал групповых форм работы для развития коммуникативных и стратегических умений, раскрывающихся при владении данным языком.

Ключевые слова: Групповая форма, метод, трудности, мотивации, улучшение, навыки, иноязычная речь.

Annotation: The article deals with the essence and features of group forms of work in the process of teaching oral foreign language speech in the modern linguistic educational context. Also the concept of “foreign language oral speech”, the main forms of work in training. The potential of group forms of work for the development of communicative and strategic skills revealed by the possession of this language is revealed.

Key words: Group form, method, difficulties, motivation, improvement, skills, foreign language speech.

Понятие «иноязычная устная речь» представляет собой сложный феномен, который в рамках исследуемой задачи рассматривается в трех взаимозависимых и взаимодополняющих аспектах. Во-первых, это форма межличностного общения обучающихся, где устная иноязычная речь выступает опосредованной формой связи. Во-вторых, это речевая активность, где использование иностранного языка позволяет породить и/или понимать устные высказывания в контексте межличностного общения.

И, наконец, это процесс, направленный на обмен информацией на иностранном языке, создание интерактивных связей и достижение взаимопонимания в условиях межличностного взаимодействия, а также на овладение навыками, умениями и ограничениями, необходимыми для успешной реализации данного процесса. Для организации устно-речевого межличностного взаимодействия школьников в научной среде с целью овладения ими иноязычной устной речью эффективным способом может быть использование разговорной групповой формы работы.

Как отмечает Давид Блок, «обучение - это не просто приобретение языковых форм, оно заключается в том, что обучающиеся активно развиваются и вовлекаются в отношения с другими участниками во время практики»[1].

В структуре иноязычной речевой деятельности наиболее важное место принадлежит говорению. “Говорение как вид речевой деятельности есть порождение устной речи, чаще всего в информационно-коммуникативных целях. Говорить можно, имея ввиду ответную вербальную реакцию слушающего, и для этого специально её провоцировать. В этом случае

говoreние обрeтает форму диалога. Говорить можно и без намерения вызвать ответную вербальную реакцию. В таком случае, если только слушающий не спровоцирует обмена репликами, говорение выливается в форму монолога. И диалог, и монолог имеют в своей основе речь, что и позволяет различать диалогическую и монологическую речь. Некоторые исследователи совершенно справедливо называют диалогическую и монологическую речь разными формами общения" [2].

Групповая форма работы играет важную роль в успешном обучении иностранному языку, выраженности условий для вербального и словесного общения студентов на межличностном уровне. Она позволяет каждому из них собраться самостоятельно, инициативу и свою страсть в решении сложных коммуникативных и когнитивных проблем, а также в широком смысле, синтезе и взаимопонимании. Такой подход активизирует интеллектуальную, творческую и языковую деятельность студентов, помогая им проявлять свою независимость и личности активизируя интеллектуальную, творческую и языковую деятельность, демонстрируя свою независимость, инициативу и личную страсть как в решении общих коммуникативных и когнитивных проблем, так и в совместном производстве, сотрудничестве и взаимопонимании.

Обучение устной иноязычной речи на основе групповых форм работы основано на комплексе упражнений, включающих:

- а) репродуктивные
- б) репродуктивно-продуктивные
- с) результативно-результативные

Все виды упражнений, направлены на развитие и совершенствование у учащихся навыков иноязычного устно-речевого общения, таких как: коммуникативные, интерактивные и аффективные.

Следует оценить себя и своего партнера по общению, понять намерение говорящего эффективно терять максимально вероятные решения одной и той же коммуникативной проблемы в процессе поиска и разработки совместного группового результата. В процессе обучения иностранному языку социально-психологические условия играют важную роль. Эти условия адаптируются к социальным предпочтениям (например, особенностям образовательной среды и особенностям обучающихся) и эмоциям, которые оказывают влияние на обучение языку групповую работу.

Для достижения этой цели необходимо, чтобы ученик требовал мотивацию к речевой деятельности, эмоциональный контакт и психологическую совместимость, а также правильный и эмоциональный климат, который помогает создать контакт и запрос в процессе устной речи на иностранном языке. Кроме того, важно наличие у человека чувство осуждения, такие как индивидуальная восприимчивость к предметному общению и удовлетворенность обстановкой общения в условиях групповой работы, а также рефлексивность.

Существует множество способов организации групповой работы, и одним из них является обучение в сотрудничестве, которое разработали группы американских педагогов из университета Джона Хопкинса, университета штата Миннесота, университета штата Калифорния и Тель-Авивского университета в Израиле. Цель этого метода заключается в формировании определенных навыков, умений и понимания учебного материала, что позволяет всем ученикам успешно усвоить знания, предусмотренные программой. Группы формируются из учеников разного уровня знаний, включая "сильных", "слабых" и средних.

Каждый ученик заинтересован в выполнении заданий и понимании материала, что способствует созданию сотрудничества между "сильными" и "слабыми" учениками, так как "сильные" объясняют материал "слабым", а "слабые" заинтересованы в его усвоении. Учитель может попросить любого ученика представить результат работы и оценить его ответ. Этот метод получил признание в мировой педагогике как наиболее успешная альтернатива традиционным методам. Применение этого метода позволяет повысить уровень

знаний учеников, повысить эффективность работы и выделить каждому ученику 10-15 минут на устную практику[3].

Одним из видов групповой работы является метод проектов. В образовательной системе он используется с 1920х годов. Проектная методика была предложена американскими педагогами и философами Д. Дьюи, У. Килпатриком и Э. Коллинсом. В 20е годы этим методом, параллельно с американскими учеными, заинтересовались такие советские педагоги как В.Н Шульгин, С.Т. Шацкий. Авторы подчеркивают, что содержание обучения устной иноязычной речи в условиях группового взаимодействия, являясь многокомпонентным феноменом, отражает предметный и процессуальный аспекты речевого общения. Групповое обучение - это метод обучения, при котором несколько человек обучаются в одной и той же среде. Метод группового обучения с годами становится все более популярным благодаря своим многочисленным преимуществам. Однако у этого подхода также есть своя доля недостатков. Мы рассмотрим преимущества и недостатки группового метода преподавания английского языка[4].

Преимущества группового обучения:

Совместное обучение и поддержка в условиях группового обучения учащиеся могут поддерживать друг друга и учиться у своих сверстников. Такой подход позволяет студентам работать совместно и обмениваться знаниями, что может помочь им быстрее понять сложные концепции. Студенты также могут задавать друг другу вопросы и прояснять любые сомнения, что помогает создать благоприятную и инклюзивную среду обучения.

Улучшение навыков критического мышления и решения проблем Групповое обучение требует от студентов критического мышления и совместной работы над решением проблем. В результате студенты развивают лучшие навыки решения проблем, которые могут помочь им в личной и профессиональной жизни. Они могут учиться на сильных и слабых сторонах друг друга и работать вместе, чтобы преодолевать трудности[5].

Улучшение коммуникативных и социальных навыков Групповое обучение дает учащимся возможность общаться и взаимодействовать со своими сверстниками. Студенты могут делиться идеями, размышлениями и опытом, что помогает развивать их коммуникативные и социальные навыки. Они также могут научиться активно слушать и адекватно реагировать, что является важным навыком в любой обстановке.

Повышение мотивации и вовлеченности Групповое обучение может помочь повысить мотивацию и вовлеченность учащихся. Такой подход дает студентам чувство сопричастности и помогает им чувствовать поддержку. Учащиеся также с большей вероятностью будут участвовать в дискуссиях и мероприятиях в классе, что может помочь улучшить их учебный процесс.

Улучшение социальных навыков: Групповое обучение предоставляет учащимся возможность взаимодействовать со своими сверстниками, развивать коммуникативные навыки и учиться эффективному сотрудничеству. Разнообразные точки зрения: В групповой обстановке учащиеся имеют различное образование и опыт работы, что может привести к более богатому опыту обучения и знакомству с различными точками зрения и идеями.

Недостатки группового обучения:

Неравное участие и вклад в условиях группового обучения некоторые учащиеся могут быть более активными и заинтересованными, чем другие. Это может привести к неравному участию и вкладу, когда одни студенты доминируют в дискуссиях и действиях, в то время как другие остаются пассивными. Это может привести к отсутствию вовлеченности и мотивации у некоторых студентов.

Ограничения по времени Групповое обучение может занять много времени, особенно если в группе много студентов. Такой подход требует от студентов согласования своего расписания и нахождения подходящего времени для встреч, что может оказаться непростой

задачей. Кроме того, групповые тренинги могут занимать больше времени, чем индивидуальные, что может быть недостатком, если установлены строгие сроки.

Современная методика определяет различные категории проблем, которые возникают при организации группового общения на уроках.

Таблица 1. Организационные трудности

| Организационные трудности | Трудности, связанные с деятельностью студентов |
|--|---|
| <p>1.проблемы с дисциплиной из-за большого количества участников в группе;</p> <p>2.сложности с организацией пространства(недостаточность помещения для проведения такого типа занятий, необходимость перестановки мебели и т.д)</p> <p>3.ограниченное количество времени, что затрудняет процесс организации, распределения участников по группам и контроля за выполнением заданий;</p> <p>4.недостаток методических материалов, что требует дополнительных усилий и времени со стороны преподавателя для подготовки необходимого материала.</p> | <p>1. недостаточная подготовленность к работе в группе, так как многие студенты привыкли к формату обучения “учитель-ученик”</p> <p>2. Ограниченный уровень владения иностранным языком, который использует эффективное использование метода иностранного языка.</p> <p>3. Недостаток понимания собственной роли в групповой деятельности.</p> <p>4.Психологические требования при организации групп, такие как индивидуальные предубеждения и антипатии между студентами.</p> <p>5.Боязнь студентов говорить на иностранном языке в среде незнакомых людей, что создает языковой барьер.</p> <p>6.Отсутствие контроля со стороны преподавателя, что может привести к уклонению некоторых студентов от выполнения задания, прикрываясь за спинами других групп.</p> |

При групповых формах обучения учитель управляет учебно-познавательной деятельностью групп учащихся класса. Их можно подразделить на звеньевые, бригадные, кооперативно-групповые и дифференцированно - групповые:

- звеньевые формы обучения предполагают организацию учебной деятельности постоянных групп учащихся.

- бригадная форма организует деятельность специально сформированных для выполнения определенных заданий временных групп учащихся.

- кооперативно-групповая форма предполагает деление класса на группы, каждая из которых выполняет лишь часть общего, как правило, объемного задания.

- дифференцированно-групповая форма обучения имеет ту особенность, что как постоянные, так и временные группы объединяют учащихся с одинаковыми учебными возможностями и уровнем сформированности учебных умений и навыков.


Деятельностью учебных групп учитель руководит как непосредственно, так и опосредовано через звеньевых и бригадиров, которых он назначает с учетом мнения учащихся.

Таким образом, групповая работа может стимулировать интерес к изучению иностранного языка, показать его практическое применение в реальных ситуациях общения и внести разнообразие в обычный ход урока. Возрастные особенности также должны быть учтены при выборе вида групповой работы.

Список использованной литературы

- 1.Block, David (2003). The Social Turn in Second Language Acquisition. Edinburgh: EdinburghUniversity Press.176 p.
- 2.Якубинский Л.П. О диалогической речи // Русская речь. – Петроград, 2000.

3. Полат, Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка // Иностранные языки в школе. – 2000. - №2. – С. 3-10.
4. Ламмерс В., Мерфи Дж. и Уитакер А., Групповое обучение в высших учебных заведениях. Международное издательство. 2018. Springer. [https://link.springer.com/book/10.1007/978-3-319-74914-5]
5. Харрисон, доктор медицинских наук (2017). Электронное обучение в 21 веке: основа для исследований и практики. Ратледж. [https://www.routledge.com/E-Learning-in-the-21st-Century-A-Framework-for-Research-and-Practice/Garrison/p/book/9781138081516]



ӘОЖ 37.016.1

ҚАЗІРГІ ҚЫЗДАР ТӘРБИЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЫРЫМ-ТҢҢЫМДАРЫН ҚОЛДАНУ

**Ғылыми жетекшісі: Сарыбекова Жанат Төленқызы, п.ғ.д., профессор
Сәкен Зарина Ерғалиқызы «Педагогика және психология» мамандығы, 1-курс ПЖП –
22-1 тобы, «Педагогика» факультеті, «Жалпы педагогика» кафедрасы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**

Аңдатпа. Біз, халық педагогикасының салаларын, тарауларын, ерекшеліктерін зерттей келе, біраз мәлімет-деректер белгілі болса да сол ғалымдарымыздың, педагогтарымыздың әлі де болса зерттелмеген жақтары бар екені анық. Тақырыбымыз осы мақалға негіз болған, көкейкесті ой туғызып отырған ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымыз төңірегінде айтылмақ. Қазақ халқының қыздарды тәрбиелеуде ырым-тұйымдарды мол қолданғаны белгілі. Қыз тәрбиесіне ертеден-ақ жігі қараған аналарымыз осы тұйым сөздерді орнымен пайдалана алғаны белгілі. Ал қыз баласының тәрбиесі жалпы ұлт тәрбиесі болғандықтан, қазақ халқы оның ақыл-парасатына аса жоғары көңіл бөлгендігі жайлы айтылады.

Кілт сөздер: қыздар тәрбиесі, ырым-тұйымдар, парасаттылық, имандылық.

Аннотация. В целом, несмотря на изучение направлений, глав, особенностей народной педагогики и предоставление некоторых сведений, данных, у наших ученых, педагогов все еще есть неисследованные стороны. Наша тема посвящена девочкам, которые являются будущими матерями. Известно, что казахский народ широко применял традиции, слова-назидания в воспитании девочек. Наши матеря, которые с давних пор внимательно относились к воспитанию девочек, могли уместно использовать слова-назидания. А поскольку воспитание девочек - это воспитание нации в целом, то казахский народ уделяет этому особое внимание.

Ключевые слова: воспитание девочек, традиции, слова-назидания, здравомыслие, нравственность.

Annotation. On the whole, in spite of study of directions, heads, features of folk pedagogics and grant of some information, data, our scientists, teachers, have unexplored parties still. Our theme is sanctified to the girls that are future mothers. It is known that the Kazakh people widely applied traditions, words-edifications in education of girls. Our матеря, that for a long time attentively behaved to education of girls, words-edifications could appropriately use . And as education of girls is this education of nation on the whole, then the Kazakh people spare the special attention to it.

Keywords: education of girls, tradition, word-edification, judiciousness, morality.

Қазақ халқымыз қыз балаларын қатты құрметтеумен қатар, дұрыс тәрбие де беле білген. Оларға болашақ ана ретінде қараған. «Алып та анадан туады», - деп бекер айтымаса керек, демек, қоғамда ананың алатын орны өте жоғары болуы керек. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінде қыз балаға, аналарға деген құрмет-қастердің әралуан түрі жеткілікті. Міне осы тұрғыдан «қыздың жолы жіңішке» деген нақыл бекерге айтылмаса керек. Қыз баланың абыройы оның ақыл-парасаттылығына, инабаттылығына байланысты болған. Және де «қыз жанының нәзіктігі қылмен тең, ол үзілсе, жанымызда жүрген жынмен тең», - деп те қыз тәрбиесіне байланысты терең ойлар айтылған. Қазақ қызы нәзіктігін қай заманда болса да өз деңгейінде сақтауға тырысқан. Олай дейтініміз, күздегі жапырақтың сарғайып, оның жерге түскенін көрудің өзі, көп нәрсені ойландырады. Ал, қыздарымыз ақылымен, парасатымен, сымбатымен қандай ортада болса да өз орындарын табары белгілі. Егер, «ибалы жерде – иман бар» десек, оған лайықты тек қазақ қыздары.

Күні кеше болмаған көкек ана, тастанды бала, нашар күтіммен туылған ауру бала... Мұны қазақ халқы: «Қызым үйде, қылығы түзде», - деп бірақ ауыз сөзбен сипаттаған еді. Иә, осы келеңсіздіктерді келекшекте болдырмау – біздің басты міндетіміз. Заман ағымына үйлесетін, ана мен бала ұғымдарын біріктіре отырып жетілдіру. Егемен еліміздің болашағын ойласақ, қоғамда болып жатқан қазақ ұлтына жат қылықтарды жою арқылы ғана ұл-қыздарымызды тәрбиелей аламыз. Демек, бүгінгі күн талабының көкейкесті мәселесі осы болып тұр.

Халқымыз қыз баланы тәрбиелеуде мақал-мәтел, тыйым сездерді молынан қолданған. Бұл – наным-сенім ғана емес, денсаулық тұрғысынан да игі әсері болған.

Осындай халқымыздың қымбат қазынасын болашақ ұрпаққа жеткізу, олардың зердесін дамыту ата-аналар мен ұстаздардың еншісінде. Себебі қыз бала тәрбиесі баршамызға ортақ. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген қағида салауатты ұрпақ өсіру жалғастығын көздейтінін білеміз.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев: «Жаңа сын-сынаққа төтеп беру үшін, ең алдымен, ұлттық құндылықтарды қорғай білген жөн. Ана тілімізді, салт-дәстүрімізді, ұлттық сана-сезімді, береке-бірлікті сақтай алмасақ, келер ұрпақ бізді кешірмейді», - деген [1].

Ал саналы бала жетілу үшін сапалы тәрбие керектігін Шоқан, Ыбырай, Абай, т.б. ғұламаларымыз рухани-адамгершілікке құрылған асыл қасиеттерді жырлап, адамзаттың табиғаты мен жан-дүниесін зерделей жазған шығармаларында қалдырды. Осындай ойларды түйіндеп, ұрпағына қомақты оймен жеткізген қоғам қайраткері, қазақстанның халық жазушысы Әбіш ағаның да өз еңбектерінде ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесі мол.

Ә.Кекілбаев: «Өз мүддесін өзі қолдап, өз есесін өзі түгендеп, атаның алғысын, ананың ақ сүтін ақтай алған перзенттен қатардың азаматы шыға алмақ» - деген [2].

Бүгінгі қыз тәрбиесіне байланысты бұрынна келген халық тәрбиесінің бірі - қыз баласын ақыл-өсиетпен, үлгі көрсету, сөз арқылы санасына жеткізіп, оның наным-сенімін арттыра білу. Бұл әдіс қазақ халқының мақал-мәтелдерінен, шешендік, нақыл сөздерінен, ырымдар мен тыйым салу сөздерінен айқын көрініс тапқан. Және де «қызға қырық үйден тыю, болмаса, қара күннен тыю» деп қыз балаларының теріс қылықтарына тыйым салып отырған. Мұндай ырым-тыйым сөздері қыз баланың ағаттық жасаудан, түрлі қауіп-қатерден сақтандырады және де адамгершілік, кішіпейілділікке, имандылыққа жетелейтіні белгілі. «Тыюдан – құлаққа құю» әдісін біздің аналарымыз бен әжелеріміз жақсы қолдана алған. Олай дейтініміз, от басы – ошақ қасында жүріп-ақ, барлық тірліктерін бітіре жүріп, қыз баласына ырым-тыйымдарын айта жүріп, құлақтарына құйып отырған. Соны естіп өскен қыз баласының тәрбиесінде еш ағаттық болмағаны белгілі. Адам бойында қажетті қайырымдылық, саналылық, ізгілік сияқты қасиеттерді қалыптастыруда да елеулі орын алған. Қазақтың сан ғасыр ұлт ретінде қалыптасу барысында жинақталған тыйымдар мен ырымдар өте көп және әр түрлі мәселені қамтыған.

Ұлттық педагогикада қыз баласының тәрбиесіне қатысты ырым-тыйымдар өте көп. Мысалы, «Қазақ қыз баланы қорламаған. «Қыздың қабағында құт бар», - деп оның қас-қабағына қараған. Қыздардың қабағы күлімдесе құт қонады. Қызды жылатқанның қарғысы -

қырық есекке жүк болады»- деп ырымдаған. Ата-бабамыз қыз баланы адамның бақытына балаған.

Ғалым Ж.Сарыбекова: Қыз балаларын ырым-тыйымдар арқылы тәрбиелеу жайлы еңбектерінде молынан қарастырады. Солардың біразын біз өзімізге арқау етіп алған едік. Қазақ ырым-тыйымдарында: «Әйелге түнде суға баруға болмайды, өйткені қорқып, шошыма ауруына ұшырауы мүмкін. Жаңа туған баланың кіндігі қатқанша, күн батқаннан кейін үйден күл шығармайды, егер күл шығарылса, нәрестенің денсаулығы нашарлайды. Ер баланың кіндігін, үй күшік болмасын, деп қырдан асырып лақтырған екен. Ал қыз баланың кіндігін «үйдің құты болсын» деген ырыммен ошақ түбіне көмгені белгілі. Бос бесікті тербетуге болмайды. Бос бесікті тербеткен жаман ырым саналады. Үйге келген адам бос бесікті тербеткеннен бұл үйдің ұрпақсыз қалғанын үндемей-ақ түсінген. Қызға өкпе жегізбеген, өйткені, қыз өкпелегіш болса, ырысы кемитіндігіне балаған. Жеңілтек болады деп қызбаланы қырқыннан ерте шығармаған», - дейді [3,651].

Ал бүгінгі күні осы ырымдарымыз бізге қалай жетті? , - деген сұраққа жауап бере кетсек: Әрине, заманына қарай адамы, - деген бар ғой. Міне, осы ырым-тыйымдарды қазіргі қыздарымыз барлық жағынан тыйып тастау деген түсінік қалыптасып келеді. Жәй ғана шашты жайып жүрудің ырымын айтсаң, құлақтарына ілмейді. Ал қазіргі заман қызының тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді.

Қазіргі қазақ қыздарының жүріс-тұрысы, өз бойын күтуі, киім киісі, үлкен-кішімізге мәлім. Қыздарымыздың арақ ішіп, шылым шегіп, түнгі клубтардың есігін баққанын көргенде жан түршігеді. Осындай тәрбиесіздіктің салдарынан қыздар мезгілсіз аяғы ауыр болып, жасанды түсік жасатып, аналық құқықтарынан айырылып жатқаны қаншама?. Батыстан келген түрлі жағдайлар біздің салт-санамызға өз әсерін тигізіп отырғаны анық. БАҚ мәліметтеріне сүйенсек, еліміз бойынша жылына қаншама мыңдай жасанды түсік жасалып, мыңдаған бала ата-ана қамқорынсыз қалады екен. Қазақ қыздары қаншама періштені о дүниеге аттандырды?! Мына мыңдаған деген сандарға қарасақ, ат төбеліндей қазақ санының өсуі кемімесе, артатын емес. Әрине, өзекті өртейтін өкініш. Жаңа ғасырда тек жаңалықты қабылдау керек деген оймен, шетелге еліктеп немесе ғаламтар арқылы керексіз дүниелерді қабылдаудың қаж еті аз.

Ана тәрбиесін, отбасы тәрбиесін көрген қыз әрдайым көргенділік танытпайтын ба еді? Қазақ қызының бойындағы ізеттілігі, көргенділігі оның нәресте кезінен ана сүтімен бойына берілетіні мәлім. Дауыс шығарып күлмеу, айғайға басып сөйлемеу, кісінің жолын кеспеу, ыдыс-аяқты сылдыратпай жууы, қыз баласы аяған жоғары көтермеуі, есікті аяқпен ашпауы, босағаны кермеуі, үлкендердің алдын кеспеуі сияқты тыйымдар бар екені белгілі. Тіпті қыз баланың отырғаны мен жүріс-тұрысына, киім киюіне, мимикасына дейін мән берілгені анық. Осылар: «қазақтың ырым-тыйым» деген нақыл сөздері сол аналарымыздың өмір тәжірибесінен келмеді ме? Бұл аталы сөздер, желкілдеп өсіп келе жатқан қыр қызғалдағындай болған қыздарымызға көрсетілген қысым емес, қайта пәк күйінде құлпырып өссін, жаман аттан аулақ болсын деген ойдан туғаны белгілі.

Осы жоғарыда келтірілген ырым-тыйымдарды ата-анасы отбасы тәрбиесінде қолданып отырса нұр үстіне нұр болар еді. Олай дейтініміз, ертең ана болу – қыз баланың мақтанышы әрі бақыты. Бұдан, ең алғаш, ата-анасы қуанады. Әсіресе, оның анасы, әулеті және де қыздың үй шаруасына икемділігі, ісмерлігі, сыпайлығы мен еңбекқорлығы, жинақылығы мен тазалығы – әр қыздың бет пердесі болуы ләзім. Жалпы қыз өз бойын күтіп, қабағы ашық, жарына ілтипатты болып, барған әулетінің үлкен-кішісіне ізеттілік танытып, мейірімі мен ықыласын арттырып отыруы жайлы айтып, әрі үйретіп, құлағына құйып отырса, әрбір отбасының ұйытқысы болар қыз баласы, ертең барған жеріне тастай батып, судай сіңетіні анық.

Ата-ана тәрбиесін көргендіктен халықтың ырымдары санамызда жатталып келеді.

Қыз бала салт-дәстүрді дәріптей отырып, күнделікті өмірде соны «сақта»- деп үйрету арқылы қыздарымызды нағыз қазақтың қызы етіп қалыптастыру жолы арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетуіне мүмкіндік жасай аламыз. Әрбір қыз баласы бойжетіп, әке – шешенің

аясында оң жақта еркелік дәуренін артта қалдырып, бөтен бір елге келін болып, келіншек, ана атанатыны анық қой. Өз керегесін керіп, үйі мен шаруасына иелік жасап, түтінін түтетеді, ана атанып, өмірге перзентін әкеледі. Сондықтан, қыздың бойына кішкентайынан ырым-тыйымдарды бойына сіңіру арқылы сыпайылық пен мейірбандықты, адалдық пен сезімталдықты, кішіпейілдік пен енбекқорлықты сияқты қасиеттерді дарытып отыру керек. Қыз бала өзінің өмірлік қосағын, жұбайын таңдауды ерекше ыждағаттықпен, абаймен, сабырлылықпен қарауы, оның маңызын терең түсініп, санамен түйсіне білуі керек.

Біздің халықтың дәстүріндегі өзге халықтан ерекшелігі, тәлім-тәрбиелік ақыл-кеңесін ұрпақтарының санасына тұспалдай астарлап жеткізе білгендігінде жатыр. Бұл салт әліге дейін сақталған. Мысалға, «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» деген мәтелде қызына айта жүріп, келініне деген сый-құрметін де ұмытпағандығы бар болса, қызына да сол тәрбиені құлаққағыс етіп айтуы жатыр. Мұндай ақыл-кеңестерді көп жағдайда қыздың анасы не сырлас жеңгесі айтып отырған. Бұлардың астарында жатқан талап-тілек, бірде дауыс көтермей айтуға негіз болатын зілсіз ескертпелер жатқанын байқауға болады. Яғни бойжеткен қыздың мінезіне, іс-әрекеттеріне сай тыйымдар айтылатын болған (Ж.Сарыбекова. Болашақ мамандарды қыз тәрбиесін ұйымдастыруға даярлау әдістері, б.57].

Ж.Сарыбекова: «Қыз бала жастайынан үй-ішіндік тұрмыс тіршіліктегі (кесте тігу, ою-өрнек, тамақ дайындау, ет мүшелеу, үй ішін күту т.б) сан алуан істерге машықтанып, баулынған. Ұлан-ғайыр даланы мекендеген қазақ елінің түрлі аймақтарына тән жеке ерекшеліктері мен өзгешеліктеріне қарамастан, қыздарды адамгершілік мінез-құлыққа тәрбиелеудегі халықтық дәстүрі ортақ. Қыз тәрбиесінде халқымыз - күш көрсету, қорқыту тәсілдерінен бойды аулақ ұстап, оларды мәпелеу иландыру, сендіру әдістеріне, тыйым сөздер, үлгі-өнеге көрсетуге ерекше мән берген», - деген тұжырымдар келтірген [4,б191].

Өмірмен байланыстыратын болсақ, қыздың жолының жіңішкелігі немен дәлелденеді? Осыған жауап беретін болсақ, отқа түскен тағдырдың тыртығын қалпына келтіру мүмкін еместігі сияқты, оның көз жасы да емдай алмайды. Сондықтан ұлтымыздың тәлімдік талаптарының мәніне жете түсініп, қыздарымыз осылардан өздеріне қатысты жерлерін біліп, қорытынды шығарып, әрбір іс-әрекеттеріне, жүріс-тұрыстарына байланысты жерлерін басшылыққа алып отырғаны дұрыс болар еді. Міне, сонда ғана қазақ қызының ибалы, әдепті, көркем мінезділігін көретін боламыз.

Халқымыздың ақыл-кеңес берудегі және үлгі-өнеге көрсетудегі, тәлім-тәрбиелік мәні жоғары құралы – ырым-тыйымдар болғаны рас, әлі де оның бағасы жоғары екендігін қазіргі күнде түсініп келеміз. Олай дейтініміз, ұрпақ тәрбиесінде бұл ырым-тыйымдар мен мақалдардың алатын орны ерекше. Мысалы: «Ұлға отыз үйден тыю, қызға қырық үйден тыю», - деген мақал осыған байланысты шыққан.

Қазағым «қызға қырық үйден тыю» дегенді бекер айтпаса керек, өйткені, бүгінгі қоғамда қыздырымызға үлгі-өнеге, тыю дегенді күнделікті қолдана алсақ, және де қыздарымызға жәй әйел баласы ретінде қарамай, бұл біздің «қазақ қызы» деген ұғыммен қарап, әр кез есте ұстауымыз керек. Осы тыйымды әр қазақ қызының құлағына салып отырғанда ғана біз инабатты қыз тәрбиелей аламыз, бұл әрбір ана мен әженің күнделікті айтатын әңгімесінің арқауы болғаны дұрыс-ау.

Ғасыр қойнауынан бүгінгі күнге келіп жеткен ырым-тыйымдар халқымыздың әлеуметтік-мәдени тұрмысының көрсеткіші екенінде сөз жоқ. Бұл тыйымдар бүгінгі күнге дейін келгені белгілі. Осы тұста Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» романындағы басты кейіпкер Меңтайға анасының айтқан жүректен шыққан нақыл сөздері еске түседі:

«Қыз көйлегінің етегі тізеден жоғары шықпауы керек, себебі қыздың жалаңаш жеріне көп көзінің құрты түскіш келеді. Ал халықта: «Есті қыз етегін қымтап ұстайды» деген мақал бар. Келесісі, қызым: Әйелдің жалаңаш денесі еркектің құмарлығын қоздырады. Ақылмен бөгеп, сабырмен тұсалмаған құмарлық таудан төңкерілген сең сияқты болады, жолындағының бәрін ұйпа-тұйпа етіп, жайпап, жойып кететінін ескерткен еді. Сондықтан әйелдің еркек құмарлығын қоздыратын ашық-шашық жерді көбейтпей, жауып, жария


етілмейтінін қымтап ұстауы абзал. Әсіресе, етеккі қара санға дейін көтермеу, кеудені жалаңаштамай жүрсең, еркек елендемейді, әйел аландамайды, адалдық бұзылмайды, - дей келе, ешкіммен барқылдап ұрыспа, бағанды жоясың. Сонымен қатар, қарқылдап күлу, тарқылдап сөйлеу – дарақылықтың белгісі екендігін де есіне салады. Әрине, кемшіліксіз кісі болмайды, оны біреудің көруден оңайы жоқ, ал кісі кемшілігін тез көруге емес, тез түзетуге көмектесе білу керек. Жалпы қызға қатты күлудің қажеті жоқ, жігіттерге оның жымығаны да жетеді. Ия, ауыз шешендік әркімде болады, әсіресе қыздың аузы сүйрендеп, көп сөйлемегені абзал. Өйткені қыздың күлкісі, жымыюы, бас изеуі, көзқарасы, жүріс-тұрысы бәрі сайрап тұрған сөз. Сондықтан, оның аз сөйлеп, айналасына ақылмен танылғаны дұрыс, шошандаған қыз шешенің атына кір келтіреді. Қыздың жақсы жігітке шығуы, жігіттің жақсы жар таңдап алуы жеңіспен пара-пар. Алдымен жеңіске жету қымбат, ал жеткен жеңісті баянды ету, одан да қымбат. Көшеде көлденең тұра қалып, бірінің ернін бірі жұлып жердей боп жалмап, жұрт көзінше сүйісіп жатқан қыз бен жігітте ар да, ұят та болмайды. Ондай әдеттен без, ондай құрбыдан аулақ жүр – деген ақылды нақылын күнделікке түсіріп алып, құрбы қыздарының да құлағына сіңе беруіне әсерін тигізді». (Ә.Нұршайықов. Махаббат қызық мол жылдар, б.152].

Демек, тәрбиенің түп-тамыры осы ырым-тыйымдарда екеніне көз жеткіздік. Енді осыдан айрылмай қамдануымыз керектігі, қазіргі қыздарымызды қазақ даналығымен тәрбиелеп, адалдықты танытып, оң жол көрсету керектігінде. Бүгінгі қыздарымызға жабысқан аурудың дауасын басқа жақтан іздемей, өзіміздің қазақи тәрбиенің бал-бұлағынан іздегеніміз дұрыс шығар.

Анамызды аялаған, қыздарымызды мәпелеген дана халықтың ұрпағымыз, сондықтан біздер адамдықтан аттап, өрескел іс-қимылдан аулақ болу жүрегі қазақ деп соғатын ұлттың қолынан келетін іс еместігі анық. Анамыздың ақ сүтін бағалайтын, олардың биік арманын орындауды армандайтын әр бір ер азамат қыз атаулының көз жасына қалғысы келмейді. Қарындасы мен әпке тағдырын соның көрінісімен салыстырады. Міне, сол адам ғана анасының ақ сүті мен арманын аз да болса ақтағаны болып есептеледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ.К. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі Президенттің үшінші Жолдауы 2021 жылдың 1 қыркүйегі
2. Кекілбаев Ә. Парасат биігінде. Егемен Қазақстан. №371-372. 30 қараша, 2007
3. Сарыбекова Ж. Болашақ мамандарды қыз тәрбиесін ұйымдастыруға даярлау әдістері. Тараз. – 2015. – 143б
4. Сарыбекова Ж. «Қыздар тәрбиесі» оқу құралы. Алматы. – 2015. – 273б
5. Нұршайықов Ә. Махаббат қызық мол жылдар. Алматы: Атамұра, 2012.- 320б



1-СЕКЦИЯ

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ ПӘНАРАЛЫҚ МАМАНДЫҚ: ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ, МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ, БАСТАУЫШ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ, ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ, ШЕТ ТІЛІ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ, КӘСІПТІК ОҚЫТУ, КӨРКЕМ ЕҢБЕК ЖӘНЕ СЫЗУ

ӘОЖ 373.3; 004

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми жетекшісі: Ботагүл Алтайқызы Тұрғынбаева - п.ғ.д

Магистрант: Қалмырза Гүлназ Бимағанбетқызы

Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 2 курс, ПМНО – 21 – 1 М оқу тобы
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті

Аңдатпа. Мақалада бастауыш мектепте цифрлық технологияларды қолданудың ерекшеліктері қарастырылады. Цифрлық білім беру ортасында қолданылатын әдістер жүйесі баяндалады. Бастауыш мектеп оқушылары үшін оқу үдерісінде цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі сипатталған.

Кілтті сөздер: цифрлық технология, ақпарат, білім беру ресурсы

Аннотация. В статье рассматриваются особенности использования цифровых технологий в начальной школе. Излагается система методов, применяемых в цифровой образовательной среде. Описана эффективность использования цифровых технологий в учебном процессе для учащихся начальной школы.

Ключевые слова: цифровые технологии, информация, образовательный ресурс

Annotation. The article discusses the features of the use of digital technologies in primary school. The system of methods used in the digital educational environment is shown. The effectiveness of the use of digital technologies in the educational process for primary school students is described.

Keywords: digital technologies, information, educational resource.

Қазіргі таңда педагогтердің кәсіби даярлығын жоғары деңгейге көтеру мемлекеттің ұлттық саясатының құнды басымдықтарының бірі болып табылады. Осы орайда, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Халыққа Жолдауында мұғалімдер дайындауда өзгерістер енгізудің бірқатар шаралары нақтыланған болатын. Президент: «...сапалы білім беру – Қазақстанның индустриясы мен инновациялық дамуының негізіне айналуы тиістігін» атап өтті. Осыған сәйкес, болашақ педагогтің бәсекеге қабілетті болуы, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибеге бейім келуі, өзінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне қызығуы, кәсіби іскерліктері мен дағдыларының қалыптасуы, білікті маман болуы, яғни оның инновациялық дамуының алғышарттары бола алады, дегенмен де бүгінгі сұранысқа орай болашақ педагогтердің бастауыш мектептерде даму компоненттері ақпараттық білім, оны құру және жобалай алуы арқылы жнзеге асады [1].

Бүгінгі таңдағы цифрлық білім беру ортасын құрудың өзектілігін дәлелдейтін құжаттардың бірі – «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Цифрлы Қазақстан мемлекеттік бағдарламасында басты бес бағытының адами капиталды дамыту

басымдығында «Орта, техникалық және жоғары кәсіби білім берудегі цифрлық сауаттылықты арттыру...» делінген, цифрлық сауаттылық – бұл адамның өмірдің барлық салаларында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті деп түсіндіріледі. Бұл өз кезегінде бастауыш сынып мұғалімдерінің бастауыш мектепте білім сапасын арттыруға ақпараттық ортаны жобалау арқылы жетік даярлануын кншейту қажеттілігін арттырады [2].

«Білім беру жүйесін ақпараттандыру» негізінде инновациялық оқу-әдістемелік материалдар әзірленуде, мектептің ақпараттық ортасын қалыптастыру кешендері енгізілуде, қолданыстағы оқулықтар цифрлық толықтырулармен байытылуда. Жалпы және жалпы білім беру мекемелері үшін цифрлық білім беру ресурстарының бірыңғай жинағы құрылуда.

Білім беру жүйесін реформалау мектептегі білімге қатты әсер етті, сондықтан осы салада жұмыс істейтіндердің барлығының міндеті-қалыптасқан білім беру жүйесіне сапалы шығындарсыз кіру жолдарын табу. Мұндай мүмкіндікті біз жаңа ақпараттық білім беру технологияларын кеңінен қолданудан көреміз.

Бұл жұмыстардың барлығы мектеп мұғаліміне күнделікті жұмысы үшін қосымша ресурстар беруге, оқу процесін қызықты, қызықты және заманауи етуге бағытталған.

Бастауыш сынып мұғалімдері оқушының цифрлық білім ортасын жобалауда қолданылатын әдістер, тәсілдер жүйесі төрт бағыттағы қызметті орындайды.

- біріншіден, әдістер оқушы тарапынан қолданылатын оқыту, білім беру әрекетінде қолданылады;

- екіншіден, әдістер оқушы тарапынан қолданылатын оқу, білім алу әрекетінде қолданылады;

- үшіншіден, әдістер ақпараттық білім ортасын жобалаудың қойылған оқу мақсаттарына сәйкес қолданылады;

- төртіншіден, әдістер ақпараттық білім ортасын жетілдіру бойынша мұғалім мен оқушы бірігіп орындайтын оқу-танымдық әрекетінің сипаты ретінде анықталады.

Цифрлық білім беру ресурсы – білім беру мақсатында пайдаланылатын, оны жаңғырту үшін компьютер қажет өнім.

Цифрлық білім беру өзара байланысты оқу объектілерінің жиынтығы:

- символдық нысандар (белгілер, таңбалар, мәтіндер, графиктер);
- бейнелі нысандар (фотосуреттер, суреттер);
- аудио ақпарат (ауызша мәтіндер, диалогтар, музыка);
- бейне нысандары (анимациялар, модельдер, бейне сюжеттер)
- «виртуалды шындық» объектілері (тренажерлер, интерактивті

модельдер, конструкторлар).

Бастауыш мектепте жаңартылған білім мазмұнын тиімді жүзеге асыруды электрондық оқыту, қашықтан оқыту, бірыңғай ақпараттық білімдік ресурстарын қорын жинақтау және пайдалану маңызды.

Бастауыш мектептің әдістемелік жүйесінің негізгі мақсаттарынан туындайтын міндеттері келесідей болып белгіленді:

- бастауыш сыныптағы пәндердің электрондық/цифрлық білім контентін жасақтау;

- бастауыш сынып мұғалімін оқушылардың ақпараттық білім ортасын жобалаудағы енетін кітапханалар мен электрондық кітапханалардың электронды каталогтерін біріздендіру;

- оқушылардың қызығушылығын дамыту үшін отбасымен бірге қарайтын, оқитын, орындайтын интеллектуалдық тапсырмалар мен интернет ресурстарды жүйеге келтіру;

- білім алу мотивациясы арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға байланысты ақпараттық білім ресурстарын жасақтау;

-бастауыш мектеп мұғалімінің өз әріптестерімен немесе оқушылардың достарымен ойын және тәжірибесін бөлісетін компоненттерді ақпараттық білім ортасына енгізу;

- бастауыш сынып мұғалімінің өзінің озық тәжірибелерін жетілдіре отырып, халықаралық білім гранттарына қатысу мүмкіндіктерін орнату;

- өзіндік дербес ақпараттық білім ортасының педагогикалық жобасында осы жүйесін сақтауға, қорғауға қатысты шараларды орындау.

Ғалым И.Белавина цифрлық технологияларды бастауыш сыныптағы оқу үдерісіне енгізу бойынша : «Компьютердің жаңалығының мәні онымен өзара әрекет етуде ерекше көтеріңкі көңіл күй сезіміне ие болатындығымен ерекшелетінін атап өткен. Бұл іс-әрекеттің интеллектуалды құрамы үшін ғана емес, сонымен бірге анықталған ынталы – тұлғалық білім үшін де қолайлы жағдай туғызады». Автор бұған қоса, компьютермен жұмыс ересек адаммен немесе құрбысымен ынтымақтастық қажеттілігін қалыптастырады», - деген тұжырымға келетіндігін зерделеген [3].

Отандық ғалым Ж.Б. Сардарова ақпараттық технологияны бастауыш мектеп әдістемесіндегі қолдану бағыттарын анықтай келе, оның бірі оқушыларды шығармашылыққа баулитын танымдық құрал деп тұжырымжайды. Оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды тиімді қолдану мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасы сипатын өзгертіп, оның ынтымақтастық, өзара түсіністік, бірлескен шығармашылық жұмыс, өзара тәжірибе алмасу сипатына ие болуына себепші болады. Ал ол, ең алдымен, осы оқушылар арасында кең тараған мазасыздану, үрей, өз-өзіне деген сенімсіздік, сияқты жағымсыз жайларды болдырмауда ролі зор екендігімен байланысты [4].

Ғалым Л.В. Занковтың «Өзіңді тексер» бағдарламасы бойынша мультимедиялық материалдар қазіргі таңда өзекті орын алып жатыр. Бастауыш мектептің әртүрлі курстары бойынша ағымдағы және тақырыптық бақылауға арналған электрондық материалдар орналастырылған. Материалдар компьютерлік бағдарлама болып табылады және баланың үйде және мектепте пайдалануы үшін дербес компьютерге жүктеуге және орнатуға арналған. Материалдар тест түріндегі тапсырмалар түрінде ұсынылған. Компьютерлік бағдарлама оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған. Тапсырмаларды орындау сабақта оқылған материалды бекітуге бағытталған жаттығу және тексеру режимдерінде мүмкін. Жаттығу режимінде тапсырмалар күрделілік деңгейіне сәйкес, жыл бойына материалды оқып-үйренуге байланысты, сондықтан оларды ретімен орындау керек. Жаттығу режимінде бала "қате туралы Нұсқауды" көріп, тапсырманы тағы бір рет орындай алады. Оқу режимінде тақырыпты толық игергеннен кейін ғана тексеру режимінде тапсырмаларды орындауға көшу ұсынылады [5].

Дидактика-оқу процесінің жалпы заңдылықтарын зерттейтін педагогика ғылымының саласы. Оқыту процесінің заңдылықтарының барысын көрсететін және оның жеке тұлғаны дамытуға бағытталғандығын анықтайтын негізгі бастапқы дидактикалық ережелер (бұл мұғалімдер оқу процесін ұйымдастыруға және оны оңтайландыру жолдарын іздеуге жақындайтын ұстанымдар мен көзқарастар) оқыту принциптері: жеке көзқарас принципі, көрнекілік, білімді саналы түрде игеру принципі, білімнің беріктігі, жүйелі және дәйекті принцип білімді игеру, қол жетімділік принципі, ғылыми принцип, оқытудың сабақтастығы, теорияны практикамен байланыстыру принципі, дамытушылық оқыту және т. б. Біз оларға сәйкес цифрлық дидактикалық мүмкіндіктерін талдаймыз.

Цифрлық технологиясын қолдана отырып сабақ өткізу-жаңа заманауи технология. Ал біздің оқушылар – бастауыш сынып оқушылары барлық жаңа нәрселерге жанды жауап береді. Мұғалімнің жаңа технологиялар мен білім беру ресурстарын игеруі және қолдануы оқушылардың қызығушылығын, құрметін, мұғаліммен және сыныптастарымен ақпарат алмасуға деген ұмтылысын тудырмайды. Осылайша, оқу

ұжымында қарым-қатынастың жаңа стилі қалыптасады, бұл кезде ақпаратты беру процесі бірден көпке емес, бәрінен бәріне өтеді.

Цифрлық қолдану оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруды қамтамасыз етеді. Психологтар қазіргі балалар экрандағы ақпараттың балалары екенін дәлелдеді. Монитор экраны, интерактивті тақта, проектор, теледидар, кинотеатр туралы ақпаратты олар кітап ақпаратына қарағанда әлдеқайда жақсы қабылдайды. Біз оқушылардың көп оқымағанына өкініп, тіпті ашулануымыз мүмкін. Бірақ бұл оқу процесін ұйымдастыруда ескеру қажет маңызды фактор.

Цифрлық қолдану бастауыш сынып оқушыларының назарын, қабылдауын, ойлауын, қиялын, есте сақтау қабілетін, танымдық қызығушылықтарын белсендіруге ықпал етеді. Яғни, мультимедиялық құралдар оқу әсерін күшейтуге мүмкіндік береді.

Оқу іс-әрекетінің жаңа, әр түрлі формалары мен түрлерін қолдану үшін оңтайлы жағдайлар жасайды. Оқушылардың дербес, шығармашылық, іздестіру қызметі жандандырылады, оқу қызметінің жаңа түрлерін қалыптастыру қамтамасыз етіледі (оның ішінде ақпаратты іздеу, бағалау, іріктеу және ұйымдастыру-негізгі құзыреттердің бірі);

Сабақтың эстетикасы өзгереді. Мұғалім оқу сабақтарының тартымдылығы үшін күшті құралдарды алады. Бұл үшін, әдетте, суретшінің, фотографтың немесе принтердің арнайы дағдылары қажет емес. Тиісті бағдарламаларды жақсы меңгеру жеткілікті.

Дидиактикалық қолдану сабақтың практикалық бағытының өсуін қамтамасыз етеді. Практикалық іс-әрекеттің рөлі әсіресе артады, мысалы, математика курсының геометриялық мазмұнын зерттеу кезінде. Оқушылар тіктөртбұрыштың ауданын емес, көкөністермен отырғызылған бақтың ауданын есептейді, тіктөртбұрыштың периметрін емес, үйдің айналасындағы ағаш қоршаудың периметрін есептейді, содан кейін оны бояуға қажетті бояу мөлшерін анықтау мақсатында. Ал тікбұрышты үшбұрыштың ауданы-бұл болашақта салынуы мүмкін. Бұл жағдайда мультимедиялық сүйемелдеу алмастырылмайды, бірақ геометриялық құралдарды қолдану үлгісін, бұрыштың градустық өлшемін анықтау алгоритмін және т. б. бере отырып, оқушылардың практикалық іс-әрекетін органикалық түрде толықтырады.

Қорытындылай келе, бастауыш мектепте әр түрлі сабақтарда цифрлық технологияларды қолдану бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінің белсенді субъектісіне айналуына мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың білімді саналы түрде игеруіне ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» ҚР Президентінің Жолдауы 2020 жылғы 1 қыркүйек №700 Заңы («Егемен Қазақстан» 02.09.2021 ж., №165 (30144)).
2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында (ҚР Нкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы, №827 қаулысы) бес басым бағыттарының бірі «Адами капиталды дамыту» // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>(қаралған күні: 19.02.2018).
3. Белавина И.Г. Психологические последствия компьютеризации детской игры // Информатика и образование. - 1991. - №3. – С. 91-94.
4. Сардарова Ж.Ы. Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті ақпараттандырутың теориясы мен практикасы: пед. ғыл. док автореф.: 13.00.01. - Алматы, 2008. - 40 б.
5. Занков Л.В. «Система развивающего обучения. Математика (начальная степень): <https://www.labirint.ru/books/293766/>



ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ҰСТАНАТЫН АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Ғылыми жетекшісі: Баярисов Режеп Уразбаевич
Молшылықова Арайлым Өрісбекқызы
«Математика мұғалімдерін даярлау» мамандығы, 2 курс, М-21-5 тобы
«Ұстаз» институты, «Білім берудегі математика» кафедрасы
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ жастарының ұстанатын адамгершілік құндылықтары туралы сөз қозғалады. Ең алдымен адамгершілік құндылықтар жайлы айтпас бұрын, біз құндылық сөзінің мағынасын ашып, жақсылап біліп алу керекпіз. Құндылық – бір нәрсенің маңыздылығы, мәнділігі, пайдалылығы. Қазіргі қазақ жастарына ненің мәнді, мағыналы екенін осы мақалада қарастырамыз.

Кілт сөздер: құндылық, құндылықтар жүйесі, адамгершілік құндылықтар, рухани құндылықтар, материалдық құндылықтар, қажеттіліктер, жастар.

Аннотация. В статье рассматриваются нравственные ценности современной казахской молодежи. Прежде чем говорить о нравственных ценностях, мы должны раскрыть значение слова «ценность» и хорошо освоить его. Ценность – значимость, полезность чего-либо. В этой статье мы рассматриваем, что значимо для современной казахской молодежи.

Ключевые слова: ценности, система ценностей, нравственные ценности, духовные ценности, материальные ценности, потребности, молодежь.

Annotation. The article deals with the moral values of modern Kazakh youth. Before we talk about moral values, we must discover the meaning of the word "value" and master it well. Value is the value or usefulness of something. In this article, we consider what is significant for modern Kazakh youth.

Key words: values, system of values, moral values, spiritual values, material values, needs, youth.

Құндылық – қандай да бір нәрсенің мәнділігі, маңыздылығы, қалаулылығы, пайдалылығы және қымбаттығы. Алайда оның маңыздылығы мен пайдалылығы табиғаттан, объектінің ішкі құрылымының әсерінен емес, адам болмысына енген, адам оған құштар не қажеттілік сезетін нақты қасиеттердің субъективті бағалануынан болады. Жалпы алып айтқанда, «құндылықтар дегенде адам өмірінің бағытын айқындайтын, оған керек, мәнді, оның құрмет тұтатын, керек болса, бас иетіннің бәрін жатқызуға болады» [1, 581]. Құндылықтар жүйесі адамның күнделікті қоғамдық не жеке тұрмыстық бағдарында, оның айналасындағы заттар мен құбылыстарға қарым-қатынасының орнауында орын алады. Мысалға, стақан сусын ішу құралы ретінде өз пайдалы қасиетін тұтынушы құндылығы ретінде, материалдық игілік ретінде көрсетеді. Еңбек өнімі және тауар айналымының заты ретінде, стақан экономикалық құндылық, бағалық ретінде болады. Егер стақан өнер заты болса, ол тағы да эстетикалық құндылық, көркемдікке ие болады. Ол қашанда әлдекімнің немесе әлдененің бағалылығын, яғни объективті болмысты және сонымен бір мезетте оның әлдекім немесе әлдене үшін құндылығын, яғни субъективті бағалауды білдіреді. Дүние құндылыққа толы – материалдық (заттар, әшекей бұйымдар, алтын мен асыл тастар, ақша, меншік және т.б.), табиғи (күннің атуы мен батуы, теңіздер мен таулар, гүлдер және т.б.), көркем (әдебиет пен өнер туындылары) және адами (сұлулығы мен ізгі қасиеттері) құндылықтар. Бір нәрсені екіншісінен артық көру жалпы тірі табиғатқа тән. Аң екеш аңның өзі төлін қызғыштай қорғайды. Дегенмен, құндылықтың антропогенді, яғни адамға тән екендігін баса айту қажет, өйткені барлық жаратылыстың ішінде адам ғана табиғи және мәдени туындыларды, идеялар мен амал-әрекеттерді, жалпы басқа адам мен қоғамды,

сондай-ақ өзін-өзі бағалауға қабілетті. Құндылықтар адамның әлеуметтік болмысына тартылған, адам құндылықтарға мүдделі әрі мұқтаж болып табылады. [2]

Құндыны қарапайым бағалыдан, қажетіден, тиімдіден, пайдалыдан ажырата да білу керек. Барлық тірі және шынайы сүйікті нәрселер құрал бола алмайды. Әдетте материалдық игілік пен тұтынушылық нарықты, еңбек өнімі мен тауар айырбасының нәрсесін білдіретін қарапайым құндылықтар экономикалық құндылықтар болып табылады. Айырбасқа көнбейтін, орны толмайтын жоғары құндылықтар да болады, әдетте оларды «баға жетпес» деп жатады. Бұл тұрғыдан алғанда олар қасиеттілік ұғымына жақындайды. Діндар адамдар үшін барынша қастер тұтып, қадірленетін құндылықтар бұл – діни құндылықтар. Құндылықтар әлемі шексіз десе де болады, тіпті жаратылыстың өзі біз үшін танымдық, философиялық және эстетикалық тұрғыдан құнды болып саналады.[2]

Құндылықтардың түрлері. Адам бар жерде құндылық та қатар жүреді. Ол адамға ғана емес, оны қоршаған ортаға да тікелей байланысты. Құндылық – әлдебір дүниенің маңыздылығын аңғартатын сипаты іспетті. Ол әр затқа табиғатынан тиесілі емес. Құндылық әр адамның таным-түсінігіне, көзқарасына байланысты әр түрлі сипатта болмақ. Қоғамда «рухани құндылықтар», «материалдық құндылықтар», «мәңгілік құндылықтар» сынды ұғымдар қалыптасқан. Иә, бұл жеке-дара құндылықтардың жалпы атауы болғанымен, жалпы құндылық түгелдей жалқы адамға тән бола бермейді. Мысалы, рухани құндылықты құрайтын махаббат, иман, адамгершілік, т.б. сынды жеке-жеке құндылықтардың барлығы да бір адамға тиесілі болмауы мүмкін. Біреулерге махаббат құндылық болғанымен, иманның не екенін білмей, оған пысықырып та қарамайтын жандар бар. Ақылды құндылық деп санайтындар махаббаттың, жанашырлықтың, адамгершіліктің не екенін ұмытып жатады.

Рухани құндылықтар – бұл адамның моральдық, діни, этикалық сенімдерінің жиынтығы, олар үшін маңыздылықты білдіреді. Рухани құндылық көбінесе білімге, адамгершілік қасиеттерге байланысты. Ол мейірімділіктің, сүйіспеншіліктің, сенімнің, әділеттіліктің, өзін-өзі бағалаудың және басқалардың қадір-қасиетін құрметтеудің жоғары сезімдерінде көрінеді. Көбінесе адамның жеке таңдауы оның рухани қалыптасуында шешуші рөл атқарады.

Ұлттық құндылықтар – бұл белгілі бір дүниетанымдық, тарихи, мәдени, әлеуметтік-экономикалық, географиялық және демографиялық белгілерге тән елдің материалдық және рухани құндылықтарының жиынтығы. Әрбір тарихи нақты әлеуметтік форма белгілі бір жиынтықпен және құндылықтар иерархиясымен сипатталады, олардың жүйесі әлеуметтік реттеудің ең жоғары деңгейі ретінде әрекет етеді.

Материалдық құндылықтар – бұл адам өмірінде маңызды рөл атқаратын физикалық тауарлар: жылжымалы және жылжымайтын мүлік, заттар, ақша және т.б. материалдық құндылықтардың мысалы ретінде көлік құралдары (автомобиль, мотоцикл, яхта), зергерлік бұйымдар (алтын, асыл тастар және олардан жасалған бұйымдар), қымбат заттар мен техника болуы мүмкін. Біреулер материалдық құндылықтарға өмірде маңыздырақ мән береді, біреулері онша көңіл бөлмейді, бірақ материалдық құндылықтардың маңыздылығын жоққа шығару мағынасыз.

Құндылық – мәдениеттің құрамдас бөлігі. Мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы себепті құндылық адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды. Мәдениет құндылықтары, тиісінше, материалдық және рухани болып бөлінеді. Құндылықтардың мазмұны қоғамның мәдени жетістіктерімен шарттастырылған. Құндылықтар әлемі, сөздің кең мағынасында, мәдениет әлемі деген сөз. Ол адамның рухани қызмет аясы, оның санасының дұрыстығын айғақтаушы, адамның рухани байлығының өлшеуіші іспетті. Құндылықтарды мүдделердің қарапайым жалғасы немесе бейнеленуі ретінде қарастыруға болмайды. Олар салыстырмалы өзінділікке ие.

«Аксиология (грекше *axia* – құндылық және *logos* - ілім, сөз) – құндылықтың табиғатын философиялық тұрғыдан зерттеу. Аксиология философияда ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басында философияның жалпы «құндылық проблемасына» қатысты кейбір күрделі мәселелерін шешуге тырысқан әрекет ретінде дүниеге келді» [3, 18]. «Аксиология –

бұл құндылықтар ұғымын адам өмірін ынталандыруда бағыт-бағдар беруші, адам болмысының мән-мағыналық негізі ретінде зерттейтін философиялық пән» [4, 60]. Құндылық проблемасы, барлық нәрсенің жаппай шешімінің сипатына ие болады және ерекше, ғылыми зерттеуден тыс, дүниеге көзқарастың өзіндік тәсілі деп есептеледі. Аксиология үш түрдің құндылық теориялары болып саналады. Объективтік-идеалистік теориялар (неокантшылдық, Гуссерль феноменологиясының өкілдері М.Шелер мен Н.Гартман, неотомизм, интуитивизм) құндылықты кеңістік пен уақыттан тыс тұрғын о дүниелік нәрсе ретінде түсіндіреді. Субъективтік-идеалистік логикалық позитивизмнің, эмотивизмнің, этикадағы лингвистикалық талдаудың, аффективтік – ерік теорияларын жақтаушылар У.Эрбаннның, Д.Проллдың, К.Люистің және т.б. құндылық жақтастары құндылықты тек адамның немесе жалпы табиғат заңдарының табиғи қажеттерінің көрінісі ретінде қарастырады. Құндылықтың натуралистік теориясын (мүдде теориясы, эволюциялық этика, космостық телеология этикасы) адамның табиғи қажеттіліктерінің немесе жалпы табиғат заңдарының көрінісі ретінде түсіндіреді. Ғылыми түсіндіруде құндылық проблемасы универсализмнен арылған. Бұл проблеманың астарында ғылыми жолымен шешілетін алуан түрлі философиялық мәселелер жатыр.

Аксиологиялық аспект – құндылықтар табиғатын зерттеу – сонымен тек салыстырмалы дербес сипатқа ғана ие болып отыр. Әлемді рухани-практикалық игеру процесі барысында адам болмысты өз құндылықтары арқылы қарастырады. Адамның әлемге қатынасының ерекшелігі оның өзін және өзге адамдарды, қоршаған дүниедегі заттарды, құбылыстарды, процестерді қайырымдылық, әділеттілік, сұлулық, пайдалылық және т.б.тұрғысынан бағалап, құндылықтар арқылы қарастыруымен сипатталады. Құндылықтық қатынас әрқашан да субъектінің бойында белгілі бір эмоцияларды – қуану, сүйсіну, таңдану, табыну сияқты сезімдерді туғызады. Олардың ішіндегі ең жоғарғысы – қасиеттерге табыну. Адамға қасиеттер, мейлі ол діни немесе діни емес зайырлы қасиеттер болсын, қажет. Бұл мәселе, әсіресе, қоғамның адамгершілік тұғырлары мен мәдени дәстүрлерінің құнсыздануы мен құлдырау кезінде өзектілігін байқатады. Құндылықтар – қасиеттер. Қасиетсіз адам хайуанға айналып кетеді. Оларға деген табынушылық қатынас бала кезден, ана сүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығады. Қасиеттер адам бойына моральдік жауапкершіліктер жүктейді, сезімін айқындай түседі.

Адамгершілік құндылық түсінігі. Адамгершілік құндылықтар – бұл этикалық мұраттардың жиынтығы, адам өмірінің тарихи және әлеуметтік тұрғыдан анықталған жоғары принциптерінің жиынтығы. Адамгершілік құндылықтар адамдардың жақсылық пен жамандық туралы идеяларын бейнелейді, олар бақыт пен бақытсыздық, махаббат пен жеккөрушілік, еңбек, адалдық және т.б. туралы түсініктерді қоса алғанда, моральдық нормалар мен ұғымдардың барлық жиынтығын қамтиды.

Адамгершілік құндылықтар адамның дамуы мен оның әрекетін басқарады, кез-келген маңызды мәселе бойынша позицияны анықтайды, оның айналасындағы әлем, қоғам және қоғам ішіндегі өз орны туралы идеясын қалыптастырады. Сонымен қатар, олар тұлғаның мінез-құлық моделінің қалыптасуына, оның өмірдегі мақсаттары мен оларға жету әдістеріне, азаматтық ұстанымы мен әлеуметтік белсенділік деңгейіне әсер етеді. Өзінің құндылықтар жүйесінің құлдырауымен адам жеке дағдарысқа ұшырайды, ол шатасады, өз бетінше шешім қабылдауға қиналады.

Адам құндылықтары жиынтық мәні бойынша объективті, ал әрбір құндылық та жеке-жеке алғанда объективті. Құндылықтар біздің қалауымызға қарамастан біздің әлемде бар – біз оларды тек қабылдай аламыз немесе қабылдамаймыз. Алайда, жеке тұлғаның құндылық жүйесі және оның иерархиясы қатаң субъективті, ол белгілі бір адамның тәжірибесінен, білімінен және қажеттіліктерінен, белгілі бір адамның жеке таңдауынан туындайды.

Адамгершілік құндылықтардың мысалдары:

Негізгі және жалпыға бірдей танылған адамгершілік құндылық – адамның басқа адамдарға деген сүйіспеншілігі. Махаббаттың бұл түрін қарама-қарсы жыныстағы адамдарға

деген сезімдермен салыстыруға болмайды, өйткені махаббаттың бұл түрі адамдарға жасына, ұлтына, жынысына және әлеуметтік байланысына қарамастан басқаларға көрінетін сезімдерде көрінеді. Дәл осындай сүйіспеншілік адамға басқа адамдардың қажеттіліктерін түсінуге, оларға жамандық жасамауға, жанашырлыққа және өзара көмекке үйретуге, жақын адамға физикалық немесе психологиялық зорлық-зомбылық көріністерінің алдын алуға мүмкіндік береді. Бұған қол жеткізу өте қиын, өйткені адам табиғатында бәсекелестікке, өмір сүру үшін күреске, қызғаныш пен жеккөрушілікке деген құштарлық бар.

Сүйіспеншілік адамға басқа адамгершілік құндылықтардың көрінуіне ықпал етеді, мысалы, басқаларға көмектесуге деген шынайы ниетпен тығыз байланысты мейірімділік пен жомарттық. Бір адамның екіншісіне ең құнды сыйлығы-оның уақыты, оны отбасына, достарына, туыстарына, таныстарына және қажет болған жағдайда тіпті бейтаныс адамдарға беру керек, өйткені сыйлықтар алудан гөрі бірдеңе беру одан да жағымды.

Тағы бір маңызды адамгершілік қасиет-адалдық. Адамдармен және өзіңізбен адал болу қабілеті, сіз жасаған игі істерді көрсетпеу қабілетімен бірге әрқашан құрметке ие болады. Жоғарыда аталған қасиеттері мен құндылықтары бар адам нағыз асыл тұлғаның үлгісі болып табылады. Басқа маңызды адамгершілік құндылықтардың қатарына ниеттердің позитивтілігі, басқаларға мейірімді көзқарас, альтруизм, адамдарға деген құрмет сезімі жатады.

Қазіргі жастардың адамгершілік құндылықтары-бұл өте маңызды және өзекті тақырып. Жастар әрқашан еліміздің еңбек, демографиялық, репродуктивті әлеуетінің маңызды буыны және факторы болды. Сонымен қатар, олардың білім деңгейі, кәсіби дайындығы ғана емес, олардың қоғамдағы орнын анықтайды, олардың құндылық бағдарлары өте маңызды рөл атқарады. Қазіргі өмірдің серпінділігі мен жан-жақтылығы жағдайында жастарды басшылыққа алатын құндылықтарды анықтау маңызды. Олардың мінез-құлқын, қазіргі және болашақ туралы күнделікті түсініктерін анықтайтын өмірлік көзқарастар. Қазіргі жастардың құндылық әлемін әлеуметтанулық зерттеу үшін өмірлік жоспарлар мен көзқарастарды талдау, бірқатар жағдайларды, құндылық бағдарлары мен өмір салтының ерекшеліктерін ескеру өте маңызды. Сонымен бірге, жас ұрпақ көптеген ескі құндылықтардың өзгеруінің және жаңа әлеуметтік қатынастардың қалыптасуының өте қиын жағдайында қалыптасады.

Жас ұрпақ – бұл елдің басты әлеуеті, және бұл ұрпақтың болашағы қандай болатынына байланысты. Сондықтан, жас ұрпаққа қарап, қоғамның дамуында қайда бара жатқанын түсінуге болады. Қазіргі жастардың ғана емес, бүкіл қоғамның өмірлік бағдарлары әлеуметтік бағыттан материалдық бағытқа өзгерді.

Жастардың құндылық басымдықтары тез өзгеруде, сондықтан оларды зерттеу өзекті болып табылады.

Әрбір ұрпақ қоғамның дамуына жаңа нәрсе енгізеді, ал жаңа нәрсе ескі негіздерге негізделген. Көптеген аға буын өкілдері қазіргі жастардың мінез-құлқын құптамайды. Бірақ бұл адамдар жаңа ұрпақты тәрбиелегенін ұмытпаңыз. Бұл қайшылықтар қайдан пайда болады? Жас ұрпақтың құндылықтары жақсы жаққа өзгере ме?

Жастардың болашағы оның өмірлік ұстанымы, құндылық бағдарлары, мақсаттары, қоршаған шындыққа көзқарасы қалай қалыптасатынына байланысты. Адам қабылдайтын құндылықтар негізінде оның өмірлік басымдықтары қалыптасады. Бұл басымдықтар қандай болады-соған байланысты.

18-20 жасқа қарай адам, әдетте, негізгі құндылықтар жүйесін қалыптастырады, яғни ол оның барлық шешімдері мен әрекеттеріне әсер етеді. Болашақта жылдар бойы ол іс жүзінде өзгеріссіз қалады және ересек адамның санасындағы маңызды құндылық төңкерісі ең күшті стресстің, өмірлік дағдарыстың әсерінен ғана мүмкін болады.

Қазіргі уақытта посткеңестік кеңістіктің әртүрлі қалалары мен аймақтарында жүргізіліп жатқан қазіргі жастардың негізгі құндылықтарын анықтауға арналған көптеген әлеуметтанулық зерттеулер жүргізілуде. Жалпылама түрде бұл ақпаратты маңыздылығының

кему ретімен 16-22 жас аралығындағы жастар таңдаған құндылықтар орналасқан тізім түрінде ұсынуға болады:

1. Денсаулық.
2. Отбасы.
3. Коммуникативті құндылықтар, қарым-қатынас.
4. Материалдық игіліктер, қаржылық тұрақтылық.
5. Махаббат.
6. Бостандық және тәуелсіздік.
7. Өзін-өзі тану, білім беру, сүйікті жұмыс.
8. Жеке қауіпсіздік.
9. Бедел, даңқ, абырой.
10. Шығармашылық.
11. Табиғатпен байланыс.
12. Сенім, дін.


Осы тізімнен көріп отырғанымыздай, жастар отбасылық құндылықтарға өмірде үлкен орын береді. Жастардың материалдық құндылықтары жоғары рейтингке ие – оның ішінде отбасылық әл-ауқатқа қол жеткізу құралы ретінде. Жастардың мұндай материалдық-қаржылық бағдарлануы мынамен түсіндіріледі: қазіргі жас ұрпақ өзгеріс дәуірінде дүниеге келді, ал оның балалық шағы бүкіл кеңістік үшін қиын жылдарға тура келді. XX ғасырдың 90-шы жылдарындағы балалар ата-аналарының негізгі қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін ең аз ақша табуға тырысып, қалай бейімделгенін, сөзбе-сөз айтқанда әзер аман қалғанын көруге мәжбүр болды. Сол жылдардағы есте қалған қиындықтар қазіргі жастарды осы тұрақтылыққа жетудің құралы ретінде тұрақтылық пен ақша тілеуге мәжбүр етеді.

Адамгершілік және моральдық құндылықтар қазіргі жастардың негізгі құндылықтарының тізіміне енген жоқ, ал рухани және мәдени құндылықтар құндылықтар тізімінде соңғы жолдарды алады. Себебі жастар өздерінің құндылықтар жүйесін, ең алдымен, өмірлік жетістік өлшемдерімен үйлестіреді.

Қорыта айтқанда, қазіргі жастардың құндылықтар жүйесі дәстүрлі құндылықтардың араласуы болып табылады: отбасы, денсаулық, коммуникация және жетістікке жетуге байланысты құндылықтар: ақша, тәуелсіздік, өзін-өзі жүзеге асыру және т.б., олардың арасындағы тепе-теңдік әлі тұрақсыз, бірақ, мүмкін, алдағы онжылдықтарда оның негізінде қоғам құндылықтарының жаңа тұрақты жүйесі қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мырзалы Серік. Философия. – Алматы: «Бастау», 2010. – 644 б.
2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна ltd.» ЖШС, 2005.
3. Философиялық сөздік – / Редкол: Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақмамбетов, Ж.М. Әбділдин ж.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1996. – 525 бет.
4. Сағатова Ә.С., Сарсенбеков Н.Ж. Философия: Оқу құралы – ЖШС Лантар Трейд, 2020. – 138 б.
5. Мәдениеттану: Жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. / Құраст. Т.Х. Ғабитов. Толықт. 8-бас. – Алматы: Раритет, 2012. – 416 бет.



ИССЛЕДОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ ФЕЛТИНГА И РАЗРАБОТКА СУВЕНИРНОЙ ПРОДУКЦИИ (АВТОРСКАЯ КОЛЛЕКЦИЯ)

Научный руководитель: Гаазе Ж.Б., доцент кафедры «Дизайн и индустрия моды»

Студенты: Жомарт Н.Н., Жийемуратова Ж.А.,

специальность «Дизайн рекламы» 2 курс

Таразский региональный университет имени М.Х.Дулати

Андатпа. бұл мақалада бүктеу технологиясының артықшылықтары мен кемшіліктері, сондай-ақ жүнді өңдеу мәселелері қарастырылады. Онда киізбен жұмыс істеу техникасының сипаттамасы, бүктеу процесі, жүнді киіз басудың қысқаша тарихы бар. Мақаланы зерттей отырып, сіз жүнмен киіз басудың таңғажайып технологиясын түсініп, бұйымдар жасау бойынша шағын шеберлік сабағын игере аласыз. Мақала оқырманға фелтинг өнері туралы толығырақ ақпарат алуға мүмкіндік береді. Зерттеу мақсаты: құрғақ киіз басу технологиясын талдау, кәдесый коллекцияларды жасау. Зерттеу нәтижесінде жаңа жылдың символы - 7 қояннан тұратын авторлық жинақ жасалды.

Кілт сөздер: жүн, киіз, технология, бұйымдар, киіз басу, ине, бүктеу, коллекция, таңба.

Аннотация. в данной статье рассматривается плюсы и минусы технологии фелцивания, а также проблемы обработки шерсти. Она содержит описание техник работы с войлоком, процесса фальцевания, краткую историю развития валяния шерсти. Изучив статью можно понять удивительную технологию валяние шерстью и освоить мини мастер-класс по созданию изделий. Статья предоставляет читателю возможность узнать более подробную информацию об искусстве фелтинга. Цель исследования: анализ технологии сухого валяния, разработка сувенирной коллекции. В результате исследования была выполнена авторская коллекция состоящая из 7 зайцев - символа нового года

Ключевые слова: шерсть, войлок, технология, изделия, валяние, иголки, фальцевание, коллекция, символ.

Annotation. this article discusses the pros and cons of folding technology, as well as the problems of wool processing. It contains a description of the techniques of working with felt, the folding process, a brief history of the development of wool felting. After studying the article, you can understand the amazing technology of wool felting and master a mini master class on creating products. The article provides the reader with the opportunity to learn more about the art of felting. The purpose of the study: analysis of dry felting technology, development of a souvenir collection. As a result of the research, the author's collection was made consisting of 7 hares - a symbol of the new year.

Key words: wool, felt, technology, products, felting, needles, folding, collection, symbol.

В современном мире, когда китайская подделка наводнила все магазины и рынки, произведения ручной работы стали пользоваться спросом как никогда. Поскольку эти творения эксклюзивные, уникальные и, чаще всего экологически чистые. Одно из таких потрясающих увлечений - это фелтинг. Расшифровывается как валяние из шерсти. Что же мы знаем о шерсти? В каких сферах ее могут применять?

Шерсть - это волосяной материал, покров животных (коз, овец, верблюдов, мериноса и т.д.) который собирается при стрижке животных, далее ее используют для создания пряжи, ниток, ткани и валяльных изделий (см рис 1).



Рисунок 1. Виды шерсти

Фелтинг представляет собой валяние из шерсти - это очень увлекательный, интересный вид рукоделия, который пользуется большой популярностью на сегодняшний день среди сувенирной продукции и не только [1].

Данная технология валяние позволяет изготавливать эксклюзивные изделия своими руками. Ряд изделий, которые можно создать с таким методом очень огромен: одежда, сумки, обувь, детские игрушки, сувениры, картины, украшения.

Несмотря на актуальность фелтинга у современных мастериц, истоки такого вида искусства восходят концу эпохи бронзы. Этот жанр декоративно прикладного творчества у кочевого народа занимает первостепенное место среди казахского этноса. В основном в казахских аулах разводили стадо овец, табуны лошадей, а также верблюдов. Естественно ведущее место занимали овцы. Мясо служило пищей, а шерсть шла на изготовление войлока [2].

Количество шерсти которую можно получить с одной овцы сравнительно 3-5 килограммов, а на покрытие юрты потребуется 100 килограммов шерсти. Также высококачественную шерсть дают верблюды из которой производят лучшие сорта трикотажа. Верблюжья шерсть неоднородна и состоит из ости и пуха которая ценится в мировом рынке.

Волокна превосходят все виды овечьей шерсти по крепости, по качеству она в два раза легче чем овчина, намного прочнее. Одежда из шерсти этого животного защищает от переохлаждения, а также от перегрева в жару. Мало кто знает, что верблюжья шерсть оказывает целебный тепловой эффект. В скафандры космонавтов, в одежду полярников подкладывают именно эту шерсть [3].

У войлока есть не только плюсы, основная проблема тонкой шерсти - это растяжимость, остаточная деформация и образование на ее поверхности скатанных шариков.

Техника работы с шерстью. Общее описание процесса

Войлок практичен тем, что ему можно придать любую форму, окрашивать, кроить. Самое интересное то что объемная шерсть постепенно модифицируется в плотный войлок. Этот материал великолепно сочетается иными фактурами такими как бисер, атласные ленты, кружева или вышивка. Таким образом в работе с войлоком можно дать волю фантазии [4].

Существует два основных вида валяния: сухое и мокрое.

Первый метод как правило такой технике валянии в сухую, шерсть вкручивают или же наворачивают на пенопласт возможно и на губку с помощью специально предназначенных иголок для данного материала. Отличие иголок от обычной иголки для шитья в том- что она имеет маленькие зазубрины на нижней части. Конструкция работы понятна - зубцы зацепляют волокна шерсти и уплотняют ее. А также иглы различаются:

- по толщине бывают (толстые, средние, тонкие);

- по профилю.

В результате благодаря такому методу получается различные аксессуары, предметы интерьера, игрушки, фигурки, украшения. Естественно автор может использовать свои творческие навыки, показать свою оригинальность в своих работах, которая совмещает рукоделие и скульптуру.

Именно этот вариант валяния отличается от первого способа тем что войлок производится путём распределения мыльным раствором. Далее ручным способом скатывания образуем требуемое полотно. Войлок раскладывается по ровной поверхности, далее послойно обрабатывают жидкостью и проглаживают руками. Чаще всего данный приём отлично подходит для изготовления качественных сумок, валенок, аппликаций, шляп, ковров и т. д [5].

Опытные рукодельницы способны совмещать сразу две техники в своих работах.

Мастер-класс “Заяц” (см рис 2).



Рисунок 2. Зайцы из шерсти

Для работы понадобится:

Шерсть желательно белого цвета. (можно взять и другие цвета), черная шерсть, серая шерсть; бусинки 2 шт для глаз; специальные иголки для валяния; швейная иголка; нитки; ножницы; губка.

Описание работы:

Из белой шерсти формируем руками шар, фильцевать с помощью специальной иголки и губки. Нужно будет свалять 3 шара, один из них должен быть поменьше остальных. Начинаем с самой большой формы – туловище. Берем кусок волокна примерно в два раза больше предполагаемого в итоге объема и придаем ему форму. На все выпуклые места добавляем волокна. Изготавливаем голову и присоединяем ее к туловищу, добавляя волокна для шеи (см рис3).



Рисунок 3. В процессе работы

Делаем остальные детали: передние и задние лапы, уши, хвост – отталкиваясь от размера туловища, и соблюдая при этом пропорции. Собираем фигурку следя, чтобы она была симметричной и устойчиво стояла на плоскости. Оживляем образ, пришивая глазки, делая носик.

Освоив технику фальцевания можно переходить к изготовлению сложных сувенирных изделий. Данный процесс очень увлекателен и если подойти к работе с творческим подходом и упорством, то можно создавать много интересных, красивых, полезных вещей, которые будут нравиться людям, и они с удовольствием будут их приобретать.

Список литературы:

1. Фельт. Фильцнадель. Валяние. Изд.ООО "Дизайн Кора" 2006. - 23 с.
2. Лариса Люцкевич. Игрушки в технике фильц. /М.: ООО Изд.Экомо. 2008. – 65 с.
3. Материаловедение швейного производства: учебник / Н.А. Савостицкий, Э.К. Амирова. - 10-е изд,перераб. - М.: Издательский центр "Академия", 2020. - 288 с. - ISBN 978-5-4468-8966-2: 7763.48.
4. Abdizhapparova, V.T. Thermal processing of plant and animal raw material [Текст] : учебник / V.T. Abdizhapparova. - Алматы : ЭСПИ, 2021.
5. Маралбай, М.С. Сертификаттау мақсатымен жартылай жүн материалдарының сапасын бағалау және қасиеттерін зерттеу : 6B073200 - "Стандарттау және сертификаттау" / М. С. Маралбай; Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, доцент Р.Т.Қауымбаев . - 2020; Тараз.



ӘОЖ 82.45.01

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми жетекшісі: Игиликова Эльмира Сауытбекқызы
Студент: Данышпанова Қымбат Танжарыққызы «Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығы, 3- курс ҚТ-20-1 тобы
«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы,
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа. Мақалада Жүсіпбек Аймауытов жас ұрпақты халықтық рухта тәрбиелеуге үлкен мән беріп, баланың жан дүниесіне үңілу, оның дұрыс өсіп, қанат жаюына көмек көрсету жайлы айтылады

Кілт сөздер: психология, комплекстік.

Аннотация. Жүсіпбек Аймауытов придаёт большое значение воспитанию молодого поколения в народном духе, заглядывая в душу ребенка, помогая ему правильно вырасти и расправив крылья.

Ключевые слова: психология, комплекс

Annotation: Zhusipbek Aimauytov attaches great importance to educating the young generation in the folk spirit, looking into the child's soul, helping him to grow properly and spread his wings.

Key words: psychology, complex.

Көркем шығарма тілін, стилін қарастыруда жеке жазушының тілдік ерекшеліктерін талдап көрсету әдебиеттану ғылымы үшін ғана емес, лингвистика саласы үшін де аса қажет. Осы орайда көркем шығарманың стилін, мәтін құрылымын тілдік тұрғыда зерттеу-бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Жүсіпбек Аймауытұлы-қазіргі қазақ прозасына елеулі үлес

қосушы белгілі қаламгерлеріміздің бірі. Жазушының «Ақбілек», «Қартқожақ» романдары қатарындағы шоқтығы биік туындылардың бірі.

Жұмысымыздың мақсаты Ж.Аймауытұлы шығармаларының тілдік ерекшеліктерін, берілу жолдарынан анықтап, жазушы қолданған тілдік-стильдік тәсілдердің қызметін ашу мақсаты көзделді. Осы мақсатқа жету үшін алдымызға мынадай міндеттер қойдық:

- Ж.Аймауытұлының шығармаларының тілдік ерекшеліктеріне талдау жасау;
- Тілдік құбылыстардың қызметін анықтау;
- Жазушының кейіпкер бейнесін берудегі тілдік-стильдік ерекшеліктерін анықтау;
- Синтаксистік құрылымдардың кейіпкер бейнесін берудегі қызметін талдау.

Көркем шығарма тілі - көркем композицияның элементі. Көркем шығарма стилі – қаламгердің мақсатты қолданған тілдік құралдар жүйесі. Ал олардың шығарма тақырыбы мен образдар құрылысына бағындырылатындығын ескерсек, дара стильдің қаншалықты күрделі құбылыс екендігін бағандаймыз. Көркем шығарма тілін зерттеуде негізінен екі нәрсе басты нысанаға ілінеді: біріншісі - әдеби тілдің даму барысындағы көркем туындының орны; екіншісі - жеке ақын-жазушылардың сөз мәнерін зерттеу. Осы бағыттарды жазылған О.Бүркітов, Ғ.Есенова, К.Еңсебаева, Г.Сәрсекке және т. б. еңбектерін атауға болады. Стилистикаға қатысты еңбектерде мамандар көркем әдебиет стилистиканың поэтикалық тілді, ал сөз стилистикасы тіл элементтерінің жалпы халықтық қолданысты зерттейтіндігін айтады. Жүсіпбек Аймауытов қазақ тілінің оқыту әдістемесіне арнап ана тілін оқытуға, жазу мәселесі мен емле жүйесіне байланысты біршама ғылыми мақалалар жариялаған. Ұлттың жазу тілін жетілдіру, жалпы халықтың сауатын көтеру мәселелерін қозғайды. Қазақ баласына хат танытудың өрелі жол ретінде ғылым — жазушы буын әдісін қолдайды. Балаға әуелі 2-3 дауысты дыбысты үйретіп, содан кейін оған дауыссыз дыбысты қосып, буын не бір-екі буыннан тұратын сөздерді құрап, жаздыру, оқыту әдісін ұстану қажеттігін дәлелдейді.

1925 жылы жазылған «Ана тілін қалай оқыту керек» атты көлемді мақаласы әдістемелік жағынан құнды. Мұнда зерттеуші ұлт мектептеріндегі ана тілін оқытудың жүйеленген әдісі жоғын тілге тиек ете отырып, әркім өз білгенімен тіл үйретіп, сабақ беріп жүгенін әділ сынға алады. Орыс мектептерінде қолданылып жүрген әділ сынға алады. Орыс мектептерінде қолданылып жүрген оқыту әдістері жайында мәлімет бере отырып, солардың қазақ мектептеріне қазақ психологиясына қолайлы келетін әдістерін жүйелі қолдану қажеттігін айтады. Балаларды қысқа әңгімелер оқытуға төселдірудің жолдарын талдап баяндайды. «Ертегі, әуездің пернелі, кестелі сөзін тастап, баланың өз сөзімен қайта айтқызуға болмайды. Олардың маңызы – қиялға әсер беріп, шарықтауында. Сезімге әсер беріп, көңілді ұйытқытуында», — деп жазды автор. Жас балаға газет оқыту мен көркем сөз оқытудың бір емес екеніне назар аудара отырып, сөздің мәнін өзгерпей, маңызын, көркемдігін жоғалтпай айтуға тәрбиелеу қажеттігін шегелей айтады. Көркем әдебиет қандай да бір әлеуметтік топтың қоғамдағы орнын, қарым-қатынасын даралап көрсетуде сол топтың тілдік қолданысына тән тілдік ерекшеліктер ерекше мәнге ие болады. Мұндай тілдік ерекшеліктер көркем шығармада кейіпкер, тұтастай алғанда белгілі бір топтың әлеуметтік ерекшелігінен хабар беретін стильдік көрсеткіштер болып саналады. Көркем образ жасауда қажетті көптеген амал-тәсілдер қатарына үлкен маңызға ие нәрсе – кейіпкер тілі. Кейіпкер тілі арқылы өзінің болмыс - бітімі, білімі мен қабілетінен хабардар етіп, өз орнын айқындайды. Сол кейіпкер бейнесі артында тұрған әлеуметтік топтың келбетін танытады. Бұдан кейіпкер бейнесін сомдауда тілдік құралдардың қаншалықты маңызды екендігін, сондай-ақ тіл мен әдебиет арасындағы байланысты айқын аңғарамыз.

«Көркем тексті өнер туындысы ретінде зерттегенде таза лингвистикалық әдіс-тәсілдермен шектеліп қалу жеткіліксіз. Себебі - көркем туынды /көркем текс/, даралық көркем стиль жазушы шығармаларының көркем құрылысы ғана емес, әр жазушының шығармаларына тән мазмұнмен түр ерекшеліктері. Көркем әдебиет стилистикасында шығарманың тілін оның идеялық мазмұнынан бөліп алып қарауға болмайды. Бұдан талдаудың лингвистикалық принциптерімен әдіс-тәсілдерін әдебиеттану тұрғысынан

талдаумен, соның ұғымдары, категорияларымен, принциптері және әдіс-тәсілдермен ұштастыру қажеттілігі туады» /14.17/

Шығарма кейіпкерінің адами келбеті – образ жасауда ескерілетін маңызды жайт болуы тиіс. Өйткені көркем әдебиетте бұлардың /кейіпкер дүние танымы мен келбеті/ көруіне тілдік ерекшіліктердің қосар үлесі аз емес. Көркем туынды – қоғамның айнасы.

Қайталанбас портреттерін жасау үшін оған тән барлық белгіні, оның ішінде тілдік ерекшіліктерді пайдалануға тырысады. Яғни ұлттық ерекшіліктен бастап, кәсібімен мекен еткен жеріне байланысты тілдік қолданыстар, сондай-ақ жас ерекшілігін, әлеуметтік сипатын танытатын білім деңгейіне қатысты сөз саптаудағы тілдік ерекшіліктерден назардан тыс қалмайды.

Көркем шығарма тілін зерттеу – жазушының суреткерлік шеберлігін, эстетикалық мүмкіндігін қарастыру. Мұнда қаламгердің шығарманың поэтикалық деңгейіне сай тілдік құралдарға қаншалықты жүк арта алғандығы, сөз құдіретін қаншалықты танып, оның мүмкіндігін жарата білді деген мәселерге жауап ізделеді. Жазушының өзіндік қолтаңбасын айқындау - көркем дүние тілін танудың басты міндеті.

Қазақ ойының биігін танытатын замана суреткері Жүсіпбек Аймауытов тек көркем сөз шебері ғана емес, қазақ мектептерінде ана тілін оқытудың жай жапсарын анықтап, психологияны оқытудың мәнісін көрсеткен ғалымда.

Жүсіпбек Аймауытов қазақ тілін оқыту әдістемесінің көптеген теориялық мәселелерін, адам жанының тәрбиесінің басты құралы ретіндегі ана тілін оқытудың маңызын көрсеткен. Ғалым педагогтың жазған әдістемелік ғылыми еңбектерінің қазіргі таңда да маңызы мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші
2. Жұмабаев М. Педагогика
3. Сыздықова Р. Сөз сазы / Алматы, 1983 ж.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер/-Алматы, 1998 ж.



ӘӨЖ 821.512.122.159

Ж.АЙМАУЫТОВ «АҚБІЛЕК» РОМАНЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Ғылыми жетекшісі: Архабаева Гүлнұр Ермаханқызы-қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

Студент: Байкабылова Бота Мақсатқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, 1 курс, Қт 22-1 тобы

«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты

Аңдатпа: Мақалада көрнекті жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы талданады. Ақбілектің басынан өтетін осы оқиғалар арқылы жазушы сол бір қиын-қыстау кезеңдегі қазақ ауылының өмір шындығын, адамдардың қилы-қилы тағдыры жан-жақты қарастырылған.

Кілт сөздер: романы, суреткер, соғыс, қазақ қызы, әділетсіздік, жандарм, процесс, трагедия, офицер, солдат, кейіпкер, оқырман.

Аннотация: В статье анализируется роман выдающегося писателя Жусупбека Аймаутова «Акбилек». Благодаря этим событиям, которые происходят в Акбилеке, писатель

подробно рассказывает о реалиях жизни казахского села в тот трудный период, о судьбах людей.

Ключевые слова: роман, Художник, война, казахская девушка, несправедливость, жандарм, процесс, трагедия, офицер, солдат, герой, читатель.

Abstract: The article analyzes the novel «Akbilek» by the outstanding writer Zhusupbek Aimautov. Thanks to these events that take place in Akbilek, the writer tells in detail about the realities of the life of the Kazakh village in that difficult period, about the fate of people.

Keywords: novel, artist, war, Kazakh girl, injustice, gendarme, trial, tragedy, officer, soldier, hero, reader.

Жүсіпбек Аймауытов – өткен ғасыр елең-алаңында ел рухы мен ұлт әдебиетін асқақтата көтерген, қайталанбас қолтаңбасы бар ұлы да, дана жазушыларымыздың бірі. Қазақ романының ұлы көшін «Ақбілекпен» бастап, «Қартқожа» секілді ғажайып көркем дүниесімен ілгерілеткен, өте биік белеске жеткізген суреткер. Бұл мақалада «Ақбілек» романын кеңінен қарастырғым келді.

Азамат соғысы кезінде қазақтардың басынан өткерген сұмдықтары «Ақбілек» (1928) романының тақырыбы болып табылады. Ресейде қызу қақтығыстар өз орбитасына қазақтың бейбіт жерлерін де енгізді. Патша жандармдары мен сарбаздары басып қалған қазақтар достарының қайда, жаулары қайда, қызыл, ақ қайда екенін түсінбей, әр түрлі бағытта жүгіріп, бастарынан айырылды. Роман кейіпкерінің тағдыры арқылы Аймауытов қазақ халқының қайғылы оқиғасын көрсетті, оның мойынсұнушылығы, кішіпейілділігі, момындығы, тарихтың тынымсыз жүрісі мен қатыгез сілкіністерімен жаншылған. Әйелдің күрделі тағдыры туралы роман бірауыздан әлеуметтік өзгерістер кезеңінің, жаңа реалистік қазақ әдебиетінің қалыптасуының жоғары көркемдік белгісі ретінде танылды.

1931 жылы автор контрреволюциялық қызмет үшін айыпталып, атылды. Оның шығармаларына тыйым салынды, кітаптар кітапханалардан алынды және жойылды. «Ақбілек» романы 1989 жылы ғана орыс тілінде жарық көрді, алғаш рет 2007 жылы жарық көрді. [1, 112 б.]

«Ақбілек» романындағы оқиғалар өмірден алынған. Роман – бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылының өзгеру процесін суреттеген қазақ романдарының бірі. Сол кезеңдегі әлеуметтік әділетсіздік пен қазақ әйелінің трагедиялық тағдыры суреттелген роман.

Шығармадағы басты кейіпкер – аяулы әке мен ананың алдында ерке болып өскен Ақбілек өмірін түстері суық, ойлары теріс, жүрістері суыт төрт адам бұзғанды. Атақты Мамырбайбайдың шаңырағын осы төрт атты орыс солдаттары ортасына түсірді. Бәйбішесін өлтіріп, қызын алып кетті. Ұзатылғалы отырған бойжеткен Ақбілек тыйым көрмеген ашбөрілердің олжасына айналды. Толау-тонау, кісі өлімі, төгілген ар, өртенген ауыл... Бұдан кейінгі Ақбілектің өмірін, көрген зорлығын ешкім де дұшпанына тілемес. Отбасынан алыстап, байлығын тонатып, жанын шүберекке түйген, тілі, діні бөлек орыс, ақ солдаттары Ақбілекті жабылып қорламақ та болады. Осы кезде оны қарамұртты офицер құтқарып қалып, оны өзінің әйелі етеді. Бірақ Ақбілек ертеңгі күнге деген сенімін жоғалтпады.

Біраз күннен соң Ақбілек тәні кірлеп, жаны жүдеп көшкен орыстың жұртында жалғыз қалады. Жалғыздығына өкінген жоқ. Орыстың оғынан өлгеннен де құлазыған тауда тентіреп өлгенін артық көрді. Орыстардың дыбысы өшкенше: «Құтқарғаның шын ба, жасаған?» деген дей қарасы өшкен соң: «Уһ», деп демін бір алып төңірегіне көз салды... Ақбілек көрген қиындық мұнымен біткен жоқ. Бұдан соң біз Ақбілекті қосын қоршаған аш қасқырлардың қамауында қалғанын көреміз. Осы кезде Ақбілек тез есжиып, деру от басындағы тезекті, шөпшекті тұтатып жағып жібереді. Ақбілек от тәңірге сиынып, таңатқанша маздатып от жағып жаны аман қалады. [2, 16 б.]

Бірақ ауылына келген соң ел арасындағы өсек-аяң, әкесінің өзінен қашқақтап жүруі, бұрынғы ғашығы Бекболаттың сырт айналуы жан жарасын одан сайын қоздырады. Ел көзіне көріне алмай күлкі болған Ақбілек қалаға барып, білімалып, адам қатарына

қосылып, жар тапты, бақытты өмірге қадам басты. Міне «Ақбілек» романының бүкіл тақырыбы мен идеясы осындай.

Өнерде жазушы өз туындысына байыпты қызығушылық танытып, кейіпкерді өз ойындағыдай суреттеуі жиі кездеседі.


Бұл романды оқыған оқырман ойына да дәл сондай ой келуі мүмкін. Бәлкім, Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романында қаламының астында өмірге келген ғажайып қызға тәнті болған шығар. Ол оның сыртқы келбетін, сезім күшін, «тәтті қарапайымдылығын» сүйіспеншілікпен сипаттайды. Міне, біз романның алғашқы беттерінде кейіпкерді көреміз: «Мамырбайдың сүйікті қызы Ақбілек ақ киіп, алтын сырғалармен және күміс алқалармен шырылдап, қызыл-сары көрпелерді сілкіп, оларды үйге апард». Ол шығармада кейіпкерлерді, оның ішінде әсіресе Ақбілекті шебер суреттей білген.

«Тургенев қыздары» яғни шығармаларындағы қыздар кейпі туралы жиі айтылады. Бұл бейнелер нәзіктік, тазалық арқылы қиялда қалады. Олардың ерекшелігі - мінездің шынайылығы мен күші. Бірақ, «Аймауытов қыздары мен әйелдері» адалдығы мен тартымдылығы жағынан кем түспейді деп ойлаймын. Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығының зерттеушілері қазақ қызы мен әйелінің классикалық архетиптерін әдеби әлемге дәл Аймауытов енгізген деп дұрыс айтады. Ш.Құсайыновтың сөзі бойынша, Аймауыт батыры Ақбілек «қазақ әкелерінің өз қыздарын тәрбиелеу дәстүріне өте сәйкес келеді, олар оларды нәзік, кішіпейіл жаратылыстар ретінде көргісі келді, сонымен бірге оларға ержүректік пен батылдық қабілеттерін сіңірді».

Ж.Аймауытов- өз заманының ұлы және ол өзінің кейіпкерін идеалды қыздың бейнесін көргендей сипаттады. Түйіндей айтқанда, Ақбілек романы – қазақ ауылындағы дүрбелең жылдар шындығын, олардың дәстүрі мен тұрмысын, жекелеген адамдардың іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарын, әсіресе негізгі тұлға Ақбілектің қызығынан қиындығы мол өмір жолдары жайында мұң мен шер де, сыр да толғайтын туынды. Сонымен бірге халқымыздың өткен өмір көріністерін, адамдарар асындағы көзқарастар қақтығысын, ел мен жер, келешек күндерге деген наным, сенімдері шабытты, көркем кестелен еді. Кейіпкерлер келбеті, іс-қимылдары да нанымды жеткізіледі. Оқырманның әдемі әлем, әсерлі ой құшағында қалары анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытов Ж. Ақбілек: роман / пер. Ш. Құсайынова. - Алматы: Сирек, 2007. – 232 б. – «Алтын қор» кітапханасы.
2. Джуанышбеков Н. Жүсіпбек Аймауытов. Өмір мен шығармашылық туралы эссе. - Алматы, 2006. – 38 б.



ӘОЖ 338.82

DIALOGUE COMMUNICATION FORM IN TERMS OF ROLE PLAYS IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING AT SCHOOL

Ғылыми жетекшісі: Байгулина Э.А.

**Қосмұрат Д.Н. - «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы, 4 курс, Шт – 19-1 тобы
«Педагогика» факультеті, «Шетел тілдері» кафедрасы**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Андатпа. Бүгінгі күннің талабы, шет тілі оқытушысының алдына қойған мақсаты – білімгерлерді шет тілінде сөйлету болғандықтан, оқытушының алдында тұрған басты міндеттің бірі - шет тіліне үйретудің түрлі әдістерін сұрыптай келе, ең тиімдісін өз

сабағында қолдану болып табылады. Осындай әдістердің ішінде коммуникативтілік әдісті алға қоюға болады. Сөйлеу бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы іске асырылуы қажет. Міне бұл коммуникативтілік әдістің негізгі міндеттерінің бірі. Ал қарым-қатынас мақсаты - өзара қарым-қатынас жасаумен байланысты міндеттерді шешу. Қазіргі нарық жағдайында ағылшын тілін меңгеру, шетел тілінде сөйлей білу өмірдің өзекті мәселесіне айналды. Сондықтан өсіп келе жатқан ұрпаққа шетел тілін оқытуда әр түрлі әдістемелік жаңа тәсілдерді түрлендіре, күрделендіре түсу қажеттілігі туындап отыр. Шетел тілі пәні бойынша студент ереже мен ұғымдар анықтамасын тек жаттап алғаннан гөрі, оларды іс жүзінде саналы түрде қолдана алуы қажеттілігі жайлы қамтылған.

Кілт сөздер: сөйлеу, қарым-қатынас, шетел тілі, коммуникативтік әдіс-тәсіл.

Аннотация. Так как задача, поставленная преподавателем иностранного языка, состоит в том, чтобы обучающиеся говорили на иностранном языке, одной из главных задач, стоящих перед преподавателем, является использование на своем уроке наиболее эффективных методов обучения иностранному языку. Среди таких методов никто не может поспорить, что коммуникативный метод можно продвинуть вперед. Речь должна осуществляться через общение друг с другом. Вот это одна из основных задач коммуникативного метода. А цель общения решение задач, связанных с взаимодействием. В современных рыночных условиях владение английским языком, умение говорить на иностранном языке стало актуальной проблемой жизни. Поэтому возникает потребность в преобразовании, усложнении различных методических подходов в обучении иностранному языку подрастающего поколения. Речь идет о необходимости, чтобы студент по предмету иностранный язык мог сознательно применять правила и определения понятий на практике, а не просто заучивать их наизусть.

Ключевые слова: общение, иностранный язык, коммуникативный метод.

Annotation. Today's requirement is that the goal set by the teacher of a foreign language is to make students speak a foreign language; one of the main tasks facing the teacher is to use the most effective methods of teaching a foreign language in his classroom, sorting out various methods of teaching a foreign language. Among such methods, no one argues that the communicative method can be put forward. Speech needs to be realized through communication with each other. This is one of the main tasks of the communicative method. And the purpose of communication is to solve the tasks associated with mutual communication. In the conditions of the modern market, mastering English, the ability to speak a foreign language has become an urgent problem of life. Therefore, the growing generation has a need to transform and complicate various methodological new approaches to teaching a foreign language. In the subject of a foreign language, the student needs to consciously apply the rules and definitions of concepts in practice, rather than just memorize them.

Keywords: speech, communication, foreign language, communicative method.

Foreign language teaching at school usually focuses on four basic language skills: speaking, listening, reading, and writing. Among these four, speaking is often considered the most important one as it is the skill that enables students to communicate directly with people from other cultures. Furthermore, in today's world, where globalization is prevalent, dialogue communication plays a crucial role in enabling students to learn and use a foreign language. One effective method to enhance dialogue communication skills in students is by incorporating role plays in foreign language teaching at school.

Role-playing is a technique where students assume different characters and interact with each other in a given situation. In foreign language teaching, role-playing can have many equally important objectives: to practice communication skills, to provide cultural immersion, or to improve students' confidence in using the target language.

A role - playing game is a staged play by groups of participants through pre-allocated roles in the desire to master certain behavioral or emotional aspects of life situations.

Speech needs to be realized through communication with each other. This is one of the main tasks of the communicative method. And the purpose of communication is to solve the tasks associated with mutual communication.

There are three types of communication:

1. Perceptual. This is how people perceive each other visually, feel through intuition.
2. Interactive. This is the mutual influence of people on each other.
3. Information. This is the exchange of thoughts, opinions, sharing goals, ideals, spiritual wealth and interests of people with each other.

These types of relationships can be used both individually and simultaneously bringing everyone together [1]

And what should be emphasized in teaching to speak another language:

1. There should be a situation of free speech, equal attitude to each other as individuals, and not a formal role-playing relationship between a student and a teacher.
2. Such a relationship must be sincere. Otherwise, communication will not work.
3. If the relationship between the student and the teacher as individuals is not formed, the psychological microclimate in the classroom is likely to be incorrect.
- 4 All three types of relationships mentioned above should serve.

Let's say interactive - influence each other on the basis of one action. Perceptual is the perception of each other as individuals. Information-exchange of views with each other

5. To achieve this goal, the teacher often turns to games, especially role-playing games. Because such games develop the student's thinking, activate the lesson, and increase the student's interest in the subject (this language). And there is a more important aspect of the role-playing game. First of all, it is participation. A well-organized game creates the maximum conditions for mastering the language.

One of the advantages of role-playing is that it allows students to practice communication skills in a realistic context. This means that they can use the target language in a meaningful way and apply it to everyday situations that they will encounter in real life. By simulating real-world situations, students can develop their communicative competence, which involves not only the ability to use language accurately but also the ability to use it effectively in different situations, appropriately using tone, register and turn-taking mechanisms [2]

Moreover, role-playing can provide cultural immersion, especially when students take on roles that are specific to a culture. By using appropriate gestures, facial expressions, and codes of conduct belonging to that culture, students can learn to communicate appropriately and respectfully. Role-playing also helps to build students' confidence in using the target language.

Many students may be hesitant to communicate in the foreign language due to fear of making mistakes, but role-playing can help create a safe and supportive environment where there is no pressure to be perfect. Students can try out new language and practice without worrying about mistakes, become more self-assured and willing to participate in communication tasks [3]

There are different ways to incorporate role-plays into foreign language teaching at school. One way is to have students work in pairs or small groups, with each group being given a specific scenario to enact. The scenario can be anything from ordering food in a restaurant to negotiating a business deal. The teacher can provide students with language and cultural guidelines to follow, while allowing them the flexibility to improvise and use their own ideas.

Another way to use role-plays in foreign language teaching is to have students act out short plays or scenes. The teacher can provide a script, or students can work collaboratively to create their own script based on a particular theme or topic. This activity not only helps students to practice their speaking and listening skills, but also allows them to improve their writing and reading abilities.

In addition to the benefits mentioned above, role-playing can also be an enjoyable and engaging activity for students. It allows them to use their imagination and creativity in a language they are studying, and to have fun while practicing the language. By making foreign language

learning more enjoyable, students are more likely to engage with the language outside the classroom and become more motivated to learn.

Overall, role-playing is an effective and enjoyable way to enhance dialogue communication skills in foreign language teaching at school. It provides students with realistic communication practice, cultural immersion, and confidence-building opportunities. Teachers can incorporate role-plays in different ways to suit the class's needs and learning goals, and create engaging and effective foreign language lessons.

Role-playing activities can be used to facilitate foreign language learning in a variety of ways. They can be used to target specific language skills, such as conversational exchanges or negotiation, or they can be used to explore cultural concepts and practices. Role-playing can also be integrated with other language activities, such as writing and reading comprehension activities, to create a more comprehensive learning experience for students.

Furthermore, given that role-playing activities require active participation from students, they can be a powerful tool for promoting language acquisition. Role-playing activities have been shown to improve learners' pronunciation, improve their ability to use language in context, and provide opportunities for learners to develop their communicative competence [4]

Role-playing activities are also flexible and can be tailored to suit the interests and abilities of individual learners. As teachers, we can provide learners with choices about the types of activities they engage in, and can scaffold activities to match learners' language proficiency levels. For example, beginners might engage in more structured role-playing activities with limited language input, while more advanced learners may engage in more open-ended activities with greater language complexity.

In addition, role-playing activities can be used to promote intercultural competence. By engaging in role-playing activities that explore cultural differences and similarities, learners can develop an understanding of different cultural perspectives and learn how to successfully navigate cross-cultural communication [5]

Overall, role-playing activities can serve as a valuable tool for facilitating foreign language learning. By integrating role-playing into our language instruction, we can provide students with opportunities to develop their communicative competence, improve their pronunciation and fluency, explore cultural concepts and practices, and develop their overall intercultural competence.

In conclusion, role-playing is an effective method to enhance students' dialogue communication abilities in foreign language teaching. Role-playing can provide realistic contexts for communication practice, cultural immersion, and confidence-building opportunities. By incorporating role-plays into the foreign language classroom, students will be able to improve their communication skills, gain cultural awareness and self-confidence in using the target language.

List of literature:

1. Mercer, N., Dawes, L. and Staarman, J. K. (2009) 'Dialogic teaching in the primary science classroom', *Language and Education*, 23 (4), pp. 353–369.
2. <https://www.tarbie.kz/20506>
3. Alexander, R. J. (2015) 'The CPRT/IEE Dialogic Teaching Project, trial stage 2015-16: handbook for schools', University of York (unpublished).
4. Alexander, R. J. (2003) *Talk for Learning: the first year*, Northallerton: North Yorkshire County
5. Lefstein, A. and Snell, J. (2014) *Better than Best Practice: developing teaching and learning through dialogue*, London: Routledge.



ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАР

Ғылыми жетекшісі : Ф. ғ. к., доцент, РАМ корр. мүшесі Кәрібаева А.Ө.

Студент: Мадиева І.М. «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы,

2 курс Қт-21-1 тобы

«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты

Көркем шығармаларды жазуда, әдеби көркем туынды қалыптастыруда, поэзия тудыруда, әрбір ақын-жазушылар халықтың бай тілдік қоры мен қазынасын пайдаланып, өз шығармалығында қалам тартады. Сондай ақындардың бірі – қазақтың ақиық ақыны, нағыз жыр перзенті Төлеген Айбергенов, өзіне дейінгі және замандас ақын-жазушылардың шығармашылығын көрегендікпен зерттей отырып, өзгеше тың ойлар мен жаңа тақырыптарды табуға ұмтылды. Көркем шығарманың ғылыми тұрғыда тілін зерттеудің өзі, көп жылдар бойы қалыптасып келе жатқан, филология ғылымының арналарының бірі. Оның негізі Қ.Жұмалиев, М.Балақаев сынды ғалымдардың ғылыми зерттеулерінде қаланды. Қазіргі күнде академик Р.Сыздық пен профессор Б.Шалабай еңбектерінде жалғасын тауып, көркем шығарма тілін зерттеу мәселесі ғылымда өз орнын табуда. Ал табиғи даралығымен танылған поэзия алыбы Төлеген шығармаларын зерттеуде теориялық материалдардан ТАқшолақовтың, Г. Қасымованың, Н. Құрманованың, К.Мухлистің, М.Серғалиевтің, Р. Сыздықованың, Б. Шалабаевтың, Ә.Ө. Кәрібаеваның ғылыми зерттеулері мен еңбектеріне сүйенедім, ал практикалық жақтан талдау жасауда Төлеген Айбергеновтың «Алтын қалам» жобасымен жарық көрген өлеңдер жинағы, «Бір тойым бар...», «Арман сапары», «Өмірге саяхат» атты өлеңдер жинағы т.б. дереккөздерді пайдалануды жөн көрдім. Ақын шығармаларының лексикалық категорияларын талдамас бұрын “категория” терминімен таныс болған жөн. Категория – грек сөзінен енген термин, тіл білімінде кең мағынада қолданылады. Жалпы қасиетке ие болатын тілдік элементтердің кез келген тобын құрайды. Мысалы, омоним, антоним, синоним, пароним т.б. Категорияны жүйелеу семантикалық белгілеріне байланысты жүргізіледі. Бұл терминді алғаш рет грек ойшыл ғалымы Аристотель қолданып, оны түрге бөлген. Мәселен, сан, сапа, мән, мағына, қатынас, мекен, уақыт, жағдай, қалып, әрекет, шыдам т.б. Ал Төлеген поэзиясында «сан» сөзі қаншама жерде, неше түрлі ұғымда қолданылады. Мысал ретінде :

Сан бақыт мұнда бүршіктеп,
Сан мұрат мұнда көктеген.
Төсінде сан ғасырлар жан баспаған,
Күрестер алмаспаған, жалғаспаған.
Табынса ата-бабам күн көзіне,
Ол оны санамаған мін де өзіне.

Категорияны алғашында бұлайша бөлу, кейін сөз табын жүйелеуге негіз бола білді. Сонымен қатар, ақтарылма ашық сыр жаршысы Төлегеннің шығармаларында көп кездесетін сөздердің бірі - жер-су атауы болса, ол лексика-семантикалық категорияның бірі болып танылады. Мәселен, ақынның «Барсакелмес» атты өлеңін оқи отырып, оның халықтың білмей келген сырларының бірі Арал теңізінің ортасында жайласқан осы бір атаудың құпияларын өз жырлары арқылы ашып айқындай түскен. Мысалы:

Үрейлі сенің атың «Барсакелмес»,
Тұрады көз алдында қаншама елес.
Қысса да қандай сындар қыспағына,
Адамның жақсы үміті аңсауы өлмес.
Надандық санасы сап шырғауына,

Жылдардың жол беріпті зырлауына,
«Пайдалы нәрсе бермес» «Барсакелмес»,
Ешбір жан қана алмаған сырларына.

Себебі, «Барсакелмес» деген атының өзі анықтап тұрғандай ол кездері сол жерге кеткен адамның қайтып келмеуінің сырын ешбір адам білмей келді. Сондықтан, халық оны «Барсакелмес» деп атап кеткен болса керек. Кеңес дәуірінде халықтың білмей келген себебі, ол Ресейдің жалпы Кеңес үкіметінің құпия жері болғаны және оның Одақ тарағаннан кейін сырларының ашыла бастағаны енді бізге аян болғаны рас. Төлеген сол кезеңде ел білмеген жердің атын қайдан тауып, қалайша өзінің жырына қосқанына таң қаласың. Төлеген шығармаларының өң бойынан табылған тағы бір лексикалық категориялар антонимдердің қалай қолданылғанын талдайтын болсақ, лексика-грамматикалық ерекшеліктерін де байқаймыз.

Қарттық пен сәбиліктің арасы,
О жиырма бес қыруар өмір таласы.

немесе:

Жиырма бес биіктік пен тереңдік
Биіктік пен тереңдікте көк пен жер.

деген мысалдардағы, қарттық пен сәбилік, биіктік пен тереңдік, көк пен жер сын есімнен жасалған антонимдер. Біріншісі, сөз ішінде салыстыру арқылы жасалған. Ал көк пен жер қарама-қарсы қойып шендестіру мағынасында қолданылған.

Көңілді отырса - бақытың,
Көңілсіз отырса – бейнетің.
Жасаймыз түннен күндізді,
Өзіміз жұлдыз болып ап.
Жас-кәрі таңдай қағып тамсанатын,
Мәңгілік риза еді халық оған.
Құмар ғып ұйықтатасың да,
Қуантып оятасың сен.
Бір-бірімен жатқан тулап арбасып,
О, толқындар, арпалысып, алға шық.

Бұл өлең шумақтарында кездесетін антонимдер: көңілді – көңілсіз, бақытың- бейнетің, түннен - күндізді, жас-кәрі, ұйықтатасың – оятасың т.б. Жыр алыбы Төлеген шығармаларында кездесетін лексикалық категориялардың бірі омонимдер, түрлі ұғымды білдіретіндіктен бір сөз тобына да қатысты болып, әр түрлі болып келе береді. Сондай – ақ тілімізде ешбір мағыналық байланысы жоқ, бірақ айтылуда бір – біріне өте жақын, тіпті бірдей айтылатын, әр басқа сөздер кездеседі. Мұндай сөздер сезімдер арқылы ақын жүрегінен туындайды. Лингвистикада бұл термин дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа тіл бірліктерінің дыбыстық сәйкестілігінен келіп шығады. Тіліміздегі лексикалық омонимдердің айтылуы бірдей, бірақ мағыналары басқа – басқа болып келеді. Төлеген өлеңдерінде омонимдер әйгілі композитор Шәмшіге арнаған арнауында мынадай көрініс табады. Мысалы:

Осынша сазбен ынтызар қылған аймаққа,
Бір әсем дәрия керек-ақ екен дәл сендей.
Немесе Жаныңда саз қалды ма, наз қалды ма, Сан тұлпар дүбірлеткен тұяқтардан.

Мұндағы «саз» сөзі әуен мағынасында қолданылса, екіншіден жалпы халықтық тілде қазақтың батпақ, лай, балшық мағынасындағы саз деген сөзімен тұлғалас келіп, омоним жасалған.

Паронимдер – паралингвистиканың зерттеу нысанының бірі. Ал лексикада оны лексикалық категориялардың қатарына жатқызады да, омонимдердің бір түрі ретінде қарастырылады. «Паронимия» терминімен грек ойшылы Аристотель туынды сөздерді белгілеген болса, қазақтың ақиық ақыны Төлеген өз поэзиясын паронимдермен өрнектеген. Мәселен, Жанассаң жанда жаз қалар,

Қазылмай жатқан қазбалар,
Тастыңдар неге бұлақтай,
Жалынға тиген сынаптай.

Мұндағы «жаз қалар», «қазбалар» деген сөздер өз - ара паронимдер болса, «бұлақтай», «сынаптай» деген сөздер де паронимдік қызмет атқарады. Төлегеннің әрбір өлең шумағынан паронимді кездестіруге болады. Мысалы:

Өткіздім сенде қыр бастым.
Сыбырлап тұрып сырластым.
Ағаймен пікір алыстым,
Әзілімді айтып таныстым...

деген өлең қатарларындағы «қыр бастым» мен «сырластым», «алыстым» мен «таныстым» деген сөздер де бір-бірімен паронимдес сөздер болып табылады. Төлеген поэзиясындағы синонимдік тізбектері жиі кездестіруге болады. Мысалы:

Шын інім болсаң, бас ұрма жаным, өсек-ғайбатқа бас ұрған,
Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек десек те,
Адамның заңғар ұлылығын сен сағынышпен есепте,
Үмітке толы, арманға толы, әр жерде бір түп қарағай,

Сағынбай жүрсе, қалуы мүмкін жамырасуға жарамай.- десе, ал мына бір шумағында:

Қазды көл, көгалды көл, балықты көл,
Көркіңе қашан сірә қаныпты шөл. - немесе :
Жұмылғанша, сөнгенше қарашығым,
Таба алам ба жанымның жарасымын.

– деп ақынның бұл жыр шумақтарында кездесетін лексикалық категориялардың бірі синонимдер: өсек – ғайбат, қатыгездік – қаталдық, үміт – арман, қазды көл – көгалды көл – балықты көл, жұмылғанша - сөнгенше т.б. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айта келе, Төлегеннің поэзиясы – қазіргі заманымыздағы ел өмірі, ондағы қуанышқа толы шақтардың шежіресі, халықтың арманы, солардың ертеңі сияқты.

Оның жырлары әлі де болса көп ізденіп, терең зерттеулерді талап етеді. Сондай-ақ ақын шығармаларындағы сөздер мен сөз тіркестері, өзінің жаңашылдығымен, әсіресе оның омоним түрлері, пароним сөздерді қолданудағы шеберлігімен қатар, метафора, метонимия, синекдохаларды пайдаланудағы шеберлігі көзге түседі. Тіл ерекшелігінде, негізінен алғанда өлеңдерінің басым көпшілігі таза қазақ әдеби тілінде жазылған. Ақынның өлеңдері мазмұндылығымен, шалқар көлдей кеңдігімен құнды. Ақын тек қана шындыққа бас иеді. Оны біз жаңашыл ақын деп есептейміз, себебі ақынның жаңашылдығы оның өлеңдеріндегі мазмұн мен түрдің бір-біріне сай ажырамас тұтастық тапқанында. Төлегеннің поэзиясы – қазіргі замандағы ел өмірі, ондағы қуанышқа толы шақтардың шежіресі, халықтың арманы, солардың ертеңі сияқты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кәрібаева А.Ө. Көркем шығарманың тілі - Тараз 2009
2. Төлеген Айбергенов . Алтын қалам шығармалар жинағы. - Алматы 2016
3. Кәрібаева А.Ө. Төлеген Айбергенов шығармаларының лексикасы - Алматы -2019
4. Кәрібаева А.Ө. Төлеген Айбергенов шығармаларының лексикасы. - Алматы, -2019, -152.
5. Кәрібаева Ә.Ө. Төлеген шығармаларын мектепте оқыту әдісі// Достық үні, -Ташкент, - 1997.



А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТАБИҒАТ ТУРАЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АУЫЛ ТҰРМЫСЫ

Ғылыми жетекшісі: Пертаева Эльмира Кулибаевна – ф.ғ.к.
Студент: Альбек Зарина Рахатқызы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы,
3 курс, ҚТ-20-1 тобы
«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа. Мақалада А.Құнанбайұлының табиғат туралы өлеңдеріндегі ауыл тұрмысы суреттеледі. Табиғат туралы өлеңдерінде А.Құнанбайұлы қазақ ауылының, халқының тұрмыс-тіршілігін сипаттап беруге көбірек мән берген.

Кілт сөздер: реалист ақын, қазақ поэзиясы, табиғат лирикасы, өмір шындығы, ауыл тіршілігі

Аннотация. В статье рассказывается о деревенской жизни в стихах А.Кунанбайулы о природе. В своих стихах о природе А.Кунанбайулы больше внимания уделял описанию казахского аула и народа.

Ключевые слова: поэт-реалист, казахская поэзия, лирика о природе, реальность жизни, деревенская жизнь

Abstract. The article tells about village life in A. Kunanbayuly's poems about nature. In his poems about nature, A.Kunanbayuly paid more attention to the description of the Kazakh village and people.

Keywords: realist poet, kazakh poetry, civil activist, spiritual treasure, scientist.

Табиғат Абайға, ақындық шабытына себеп болған үлкен дүние. Абай табиғатты құр пейзаж ретінде ғана суреттеп қоймайды. Ол адамды табиғаттың бір бөлшегі ретінде қарастырған, табиғатпен суреттеген. Ақын өзі өмір сүрген дәуірде қарапайым адамдардың табиғат аясындағы бейнетін, қуанышы мен қиындығы аралас тұрмыс-тіршілігін көрсете білді. Қазақтың кең даласындағы халық тұрмысы ақын өлеңдерінде әсерлі, тартымды да шынайы суреттелген. Мал бағумен күнелткен көшпелі елдің жазы жеңіл, қысы қатал болатынын анық көруге болады.

«Қазақ даласындағы табиғат көріністерін, оған бөленген қазақ даласындағы өмірді суреттеуге Абайдың көптеген өлеңдері арналған. Әсіресе жылдың төрт мезгілін суреттейтін “Жазғытұры”, “Жаз”, “Күз”, “Қыс” өлеңдері көшпелі ауылдың күйі мен тіршілігін анық суреттейтін өлеңдер. Бұл өлеңдерде тек табиғат қана суреттелмеген, сол табиғат аясындағы адамның көңіл-күйі терең көрсетіліп бейнеленген» [1, Б.25].

Табиғат туралы өлеңдерінде А.Құнанбайұлы қазақ ауылының, халқының тұрмыс тіршілігін сипаттап беруге көбірек мән берген. Табиғат тек халық өмір сүретін орта болып көрінген. Ақын көшпелі елдің өмір салтының қиыншылық кезеңінде, маз-мейрам қызықшылығын да көре білген. Мысалы, “Жаз”, “Жазғытұрым” өлеңдерінде ауылдың абыр-сабыр қызық өмірі сипатталады. Мұнда құлын-тайлардың шапқаны, қыз-келіншектердің сыңғырлаған күлкісі әсерлі суреттеліп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.

«Ақын өлеңдерінде табиғат көрінісі басты шумағында ғана суреттеліп, қалған шумақтар ауылдағы елдің тұрмысын, шаруалардың күнделікті тіршілігін бейнелейді. Ал ақынның “Күз” өлеңі табиғаттың онсыз да жабырқау мезгіліндегі ауылдың күйбең тіршілігі, кедейлердің шарасыз күйін шынайы суреттеген.”Қыс” өлеңінде қыс мезгілі адам бейнесінде суреттелген. Бірақ бұл “адам” соқыр, мылқау “танымас тірі жанды”– деп суреттеледі.Түсі суық кәрі құда ауылға келіп “әлек салды”. Мұнда да шидем мен тондарын қабаттап киген малшылар ақша беттері албырап боранда мал соңында жүр. Қыстың келгеніне тек балалар маз. Беті-қолын үсік шалса да қарды қызық көрген олар қара суықты елемей уайым-қайғысыз

ойнап жүр. Бұл өлеңде қыс мезгілі– шаруаның қатты қиналатын бір кезеңі. Қыстан адамдар малын аман сақтап қалу қамымен жүргені айдан анық. Абайдың табиғат лирикасына арналған өлеңдері оның қоғамдық өмірге көзқарасын да ашық көрсетеді» [2, Б.33].

”Диханшылар жер жыртып,егін егер

Шаруаның бір малы екеу болып , –


деген шумақтардан шаруаның еңбегін, қарбалас күйбен тіршілігін көреміз.Бұл екі өлеңде А.Құнанбайұлы ауылды аса бір шынайылықпен, мейірімділікпен, көтеріңкі көңіл-күймен суреттеген. Табиғатты оқиғамен байланыстыра суреттеу халық ауыз әдебиетінде де болған. Бірақ қазақ әдебиетінде табиғаттың өзін жеке тақырып етіп суреттеу, әдемі бейнелеп жеткізу Алтынсарин мен Абайдан бастау алған. Әсіресе, оны биік сатыға көтерген – Абай. Абай дәуіріндегі қазақ ауылының сұлуда әсем табиғаты көз алдымызға бірден елестейді. Ауылдың қазақы өмірін сөзбен суреттейді. Абай ландшафтты қазақтардың көшпелі әлеуметтік өмірімен ұштасқан табиғи тіршілік ортасы, адам өмірінің орны ретінде қарастырады. “Жаз” өлеңін оқығанда қазақтың кең жазира, дархан даласында думандатып жүргендейсің, көктемнің жаймашуақ күнінде күн сәулесі жарқыраған ауыл адамдарымен бірге күліп- ойнап қызу еңбекке кірісіп кетіп, бұлбұлдай сайраған құстар мен еріксіз ұшып жүрген көбелекті қуасың.«Қыс» өлеңін оқығанда, аязды қыстың суық лебі бетке тигендей болады.

«Табиғат тақырыбында жазылған бұл өлеңдері – ақынның асқан суретші екендігіне толық дәлел болып табылады. Абай жылдың төрт мезгілін ерекше суреттесе де, ең алдымен оның айқын, әдемі бейнесін береді. Жылдың төрт мезгіліндегі табиғаттың өз әдемілігінің мына жері кем қалыпты деп ешкім таласа алмастай етіп суреттелінеді. Ақын өлеңдерінде табиғаттың тек жалаң суретін ғана беріп қойған жоқ, оны адам өмірімен нық ұштастырып байланыстыра білді. Мал бағумен күн көріп, көшіп-қонып жүрген қазақ халқының өмір шындығын дәлме-дәл көрсетіп, жылдың әрбір мезгілінің мал баққан елге қалай пайдасын беріп ерекше әсер ететіндігін баяндады» [3, Б.426].

Қорыта айтқанда, ұлы Абайдың осы өлеңдері қазіргі өскелең ұрпақтардың ауыл өміріне деген көзқарасының түзу болып,” ауыл-алтын бесігімізді” ерекше құрметтеп, салт-дәстүрлеріміз бен тарихымызды ұмытпауға әсері мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай Құнанбаев. Таңдамалы өлеңдер / Абай Құнанбаев.– Алматы: Жазушы, 1985.– 176б.
2. Абай Құнанбаев Қалың елім қазағым: шығармалары / Абай Құнанбаев– Алматы: Жалын, 1995.– 382 б.
3. Абай Құнанбаев. Айттым сәлем, Қаламқас: әндер мен күйлер / Құнанбаев Абай; Құраст. Б. Г. Ерзакович.– Алматы: Өнер, 1986.– 235б.



АБАЙДЫҢ ОТЫЗ ЖЕТІНШІ ҚАРА СӨЗІНДЕГІ ОН НАҚЫЛ СӨЗДІҢ МӘН-МАҒЫНАСЫ

Ғылыми жетекшісі: Пертаева Эльмира Кулибаевна – ф.ғ.к.

Студент: Школбек Жанерке Қуанышқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, 3 курс, ҚТ-20-1 тобы

«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа. Мақалада Абайдың отыз жетінші қара сөзіндегі он нақыл сөздің мән-мағынасы ажыратылып, талданып берілген. Абайдың нақыл сөздерінің түбінде нағыз философиялық ойлардың жатқанын мысалдар арқылы көрсетеді.

Кілт сөздер: ақын, қарасөздер, нақыл сөздер, ой-сана, адамгершілік қасиеттер, тәрбие

Аннотация. В статье выделено и проанализировано значение десяти пословиц в тридцать седьмой речи Абая. На примерах показано, что в основе пословиц Абая лежат настоящие философские мысли.

Ключевые слова: поэт, стихи, пословицы, мышление, нравственные качества, воспитание

Abstract. The article highlights and analyzes the meaning of ten proverbs in the thirty-seventh speech of Abay. The examples show that Abai's proverbs are based on real philosophical thoughts.

Keywords: poet, poems, proverbs, thinking, moral qualities, education

Абай атамиздың қай қара сөзін алып қарасақ та, адам бойындағы ізгі қасиеттер мен жаман қасиеттерді айқын көрсетеді. Адам баласын білім алуға, талаптануға, үнемі ізденуге және надан болмауға шақырады. Абайдың нақыл сөздерінің түбінде нағыз философиялық ойлар жатқаны бәрімізге мәлім. Оның астарын түсіне білген жанға маржан, ал түсіне білмеген адамға арзан дүние болып көрінуі мүмкін. Әр адамның ойлау санасына байланысты. Ендеше Абай атамиздың отыз жетінші қара сөзіндегі нақыл сөздердің мән-мағынасын ашып көрейік.

1. «Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді, қалай аяқтағанынан емес. Яғни, адам әр істі бастамас бұрын істелінетін істі ой санасынан өткізеді. Ол істің жақсы жақтарын санасына жинай бастайды. Оның қиындықтарын ескеріп, оны санада қорытып, ой елегінен өткізеді. Ол істің адамгершілік қасиеттерін туралап, қорытындылайды. Жалпы қорытындыдан сараланған соң ол істі бастау керектігін, не бастамауын шешеді. «Асыққан шайтанның ісі» дегендей әр асығыс жасалған істің жетістігі болмайды, мағынасы жоғалады. Асығыс басталған жұмыста адамгершілік қасиеттер болмайды, біреулерге зияның тиіп кетуі мүмкін. Сондықтан да «Асықпаған арбамен қоянға жетеді» [1, Б.75].

2. Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады. Әр адам сөйлер алдында әр сөзді ой-санасына кіргізіп, оны тегіс сұрыптаудан өткізеді. Дұрыс сұрыпталмаған ой тыңдаушыға дұрыс жетпеуі мүмкін. Сол себепті ол ойды тыңдаушы басқа мағынада түсініп, ол ойды басқа біреуге басқаша жеткізуі мүмкін. Абайдың «Не өзі түсінбейді, не жұртқа түсіндіре алмайды» дегендей кей адам өз ойын ашық жеткізе алмайды. Бұған себеп не тіл байлығының аздығы, не тілге деген қызығушылықтың жоқтығы. Егер өз ойыңды саралап, жұртқа дұрыс жеткізе алсаң, бұл адамның ойлау қабілетінің даралығы, сөз саптаудың саралығы. Айтушы тыңдата білуі керек, тыңдаушы ізгі қасиеттерді бойына сіңіре алуы керек. Сонда ғана ойдың кемелділігі қалыптасады.

3. Хикмет сөздер өзіміз наданға айтқанда, көңіл қуанғаны да болады, өшкені де болады. «Наданға айтқан қайран сөзің қор, жұмсаған күшің зая» дегендей наданға қанша

айтсаң да санасына оны мүлдем құя алмайды. Егер наданға бір нәрсе түсіндіріп, санасына құя алсаң әрине көңілге қуаныш ұялайды. Егер дым түсіндіре алмасаң, ол еңбегіңнің зая кеткені. Яғни, оның адамгершілігі мен мәдениетінің төмен деңгейде екенін түсіну. «Адам болып туған соң, несіне надан болайын» дегенді осыдан-ақ түсінуге болады.

4. Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады. Әр адам өзінің білімі мен мәдениетіне қарай біреуге ақыл айтады не өзінің көрген-білгендерін саналы ұрпаққа жеткізеді. «Ақылды ақымақтан үйрен» дегендей кейбір адамдар көпті көрген дана, қарияларға ақыл айтып, өзінікін дұрыс деп жатады. Бұл адамның этикасының төмен екенін көрсетеді.

5. «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың. Яғни, бұл жерде үлкен ой жатыр. Бұл жерде тек қана әкенді жақсы көрмей, барша жұртты әкеннен артық жақсы көр, жұртпен бірге бол деген мағынаны білдіріп тұр. Ақын «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дегендей бауырларыңды қалай жақсы көресің, жұртпен сондай қарым-қатынаста бол дегенді меңзеп тұр» [2, Б.58].


6. Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі кінәлі. «Заман түзелсе, жаман да түзеледі» дегендей егер жаман адам болса, оған барша адам еліктеуі мүмкін. Сондықтан «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей барлық адам ол адамды түзетіп, адамгершілік пен ізгі қасиеттерді бойына сіңдірту қажет. Жаман адамнан жақсы адам шығарған адам ғана өзінің көрегенділігі мен білімін көрсете алады. «Заманына қарай амалын» жасай білген адам наданды да бағындыра алады.

7. Егер ісім өнсін десең, ретін тап. «Қалауын тапсаң қар жанар» демекші әр істің өз шешімі, реті болады. Істің сапалы, әрі қатесіз болуы үшін «Жеті рет өлшеп, бір рет кесу» керек. Асығыстық жұмыстың шырқын бұзады. Ол іс өнбей, оны қайта жасауға тура келеді. Сондықтан «Орайы келген іс – оңай бітер» дегендей әр істі байыппен жасау керек.

Қорыта айтқанда, Абай атамыздың қара сөздері саналы ұрпақ дайындауға тәрбиелейді. Әр сөзінің түбінде бір сыр жатыр. Қара сөздерін қайта-қайта оқи бергеннен мазмұнын түсіне бастайсың. Қара сөздері келешек ұрпақты тәрбиелеуге жетерлік азық бола алады. Абай атамыздың қара сөздерін оқыған бала жаман болмайды, керісінше, рухани байи түседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұхамедханов Қ. Абай Құнанбаев. –А., 2009ж.
2. Абайдық қарасөздері. –А., 2011ж.



ӘОЖ 89.53.041

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ АҚЫЛ-РОМАНЫНДАҒЫ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР ХАҚЫНДА

Ғылыми жетекшісі: Кужаева Маржан Түрегуловна-филол.ғыл,канд.

Студент: Үтеп Дінайым Қайратқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, 3 курс, Қт 20-1 тобы

«Педагогика» факультеті, «Қазақтілі мен әдебиеті» кафедрасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аннотация. Проводится анализ стилистических особенностей произведений Ж. Аймауытова, его значения в проявлении живописности писателя. Раскрывается языковая - композиционная специфика одного из первых казахских романов-произведения «Акбилек».

Annotation. The article analyzes the stylistic features of the works of J. Aimaurov, his significance in the manifestation of the writer's picturesqueness. The linguistic and compositional specificity of one of the first Kazakh novels - the work «Akibilek» is revealed.

Қазақ көркем әдебиетінде проза жанрының дүниеге келіп, жан-жақты дами бастаған уақыты ХХ ғасырдың басы болатын. Әр кезде қадау-қадау болып көрінген С.Торайғыровтың, С.Көбеевтің, М.Дулатовтың, Б.Майлиннің, Ж.Аймауытовтың шығармалары көркем прозаны алғаш қалыптастыра бастады. Көркем прозаның дүниеге келуі белгілі бір жүйеге түскен, нормаланған әдеби тілдің және стиль түрлерінің пайда болуына әкелді. Бұл – әдеби тіл тарихына қатысты зерттеулердің қай-қайсысынан да белгілі қағида.

Әрбір шығарманың тілі – белгілі дәрежеде жазушының суреткерлік деңгейін, стиль ерекшелігін көрсететін фактор. Ал көркемдік мазмұн, стильдік функция ақын, жазушылардың бәрінде бірдей бола бермейді. Өйткені әрбір суреткердің жалпы өмірлік құбылыстарды көркемдік тұрғыда тану қабілеті, оған лайықты тіл құралдарын талдап қолдану дәрежелері түрліше. Жеке жазушылардың өзіне тән дара стилі, тіл ерекшелігі болатыны, міне, осы себепті.

ХХ ғасыр басындағы жазушылардың өзіне тән жеке стиль үлгілері айқындалып шыға бастады. Гете стиль мәселесін көркем шығарманың ең жоғарғы сатысы деп қарайды. Ал бұған дейін екі түрлі саты бар: табиғатқа жай қара дүрсін еліктеу және мәнер. Гетенің айтуынша, «суреткерлер, әдетте, өзіндік, әбден дараланған стильге осы екі сатыны өткеннен кейін ғана барып жетеді». В.Г.Белинскийдің «стиль бірден қалыптаспайды» деуі осы себепті болса керек.

Проза жанрына алғаш қалам тартқан жоғарыда аталған қазақ жазушыларының әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері, жазу мәнері біртіндеп көріне бастайды. Бір жазушының тілі, көбіне, эпостық, психологиялық әуенге, нәзік сезімге бейім тұрса, екінші біреуінде ащы мысқылды, юмор сарыны, шығармадағы оқиғаға тіл құралдары үнемі дәл іріктеліп алынып дөп түсуі, ойдағы логикалық өткірлік, сюжет желісіндегі әрбір үзінді тәптіштей суреттеу тәсілі сияқты стиль даралығы немесе қарапайым жалпы сөйлеу тілі элементтері не афоризмдік сипаттағы сөйлемдер басым жатады. Жеке жазушылардың стиль даралығы оның теңеу, салыстыру құралдарынан да, синоним сөздерді белгілі бір стильдік мақсат үшін өзара қосарлап пайдалану қабілетінен де аңғарылады.

Жеке жазушылардың стилі ең алғаш осы сөз етіліп отырған жазушылардың ішінде даралана бастаған. Сондықтан алғашқы шығармаларда әр түрлі стиль элементтері ара-тұра аралас келіп жатады. Мысалы, бұл кездегі шығармалардан күнделікті ауызекі сөйлеу стилінде жиі айтылатын қарапайым сөздер де, таза кеңсе стилінің элементі де, еш ұнасымы-үйлесімі жоқ сөздер де, басқа әр түрлі ауытқулар да кездеседі.

Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романында жалпы сөз құрылымы, сөйлем құрылысы, әр сөздің лексикалық мағынасынан шығатын стильдік өңі сараланып қолданылғандығы байқалады.

Мысалы, «Қыз көрелік», «Қалың мал», «Бақытсыз Жамал» т.б. көркем шығармаларда -ып, -іп формалы көсемшенің бір сөйлемде бірнеше рет қолданылуы ауызекі сөйлеу стилінің ізі десек, бұдан өзге тағы бір жиі қайталап қолдану. Сөйлемнің бұлай қолданылуы бір сарындылыққа, қайталама формаларға ұрындырып, оқушыны жалықтырып жіберетінін байқаған Жүсіпбек мұндай қатені қайталамауға тырысқанын көрсетеді. Бұл Жүсіпбектің әдеби тілінің алғашқыларға қарағанда бір жүйеге түскендігінің, дараланғандығының белгісі.

Алғашқы романдарға тән тағы бір қасиет өлең мен қара сөздердің алма-кезектесіп қолданылуы. Мысалы, «Қамар сұлуда»:

Жіңішке сымға тартқан өңі қандай,

Балауыз балбыраған әні қандай,

деп, өлеңмен бастайды да, әрі қарай: «Қамар осындай сәулетпен бұлғақтап болып тұрған кезде»... секілді қара сөзбен жалғасып кете береді. Ал «Шұғаның белгісінде» бірді-екілі хат түрінде және басқа бір ыңғайда келетін жалғыз-жарым өлең жолдары болмаса, негізінен қара

сөзбен жазылған. Бұлайша проза мен поэзияның аралас келіп отыруы кездейсоқ құбылыс емес. Әңгіме бұл арада прозалық шығармалардағы фольклорлық сарын туралы, яғни, ол ауыз әдебиетінде поэзиялық шығарма болып келеді де, қысқа-қысқа проза үзінділері кірісіп отырады. Бұл шығармалар проза мен поэзияның ажырауына қажетті үзілістің (антрактының) қызметін атқарып тұрғандай.

Ал Жүсіпбек шығармаларындағы мұндай ауытқулар көңіл аударарлық. Бұл қара сөз түрінде келетін, өзіндік сөз қиюына ұқсап, яғни, тақпақ түрінде айтылып, сөйлем аяғының ұйқасып келуі. Проза ыңғайындағы мұндай жолдар шешендік стильге бейімдеу тұратын сияқты. Сөздерді осылай қат-қат қып өзара бір сырт әуенділікке бейімдей жұмсау дағдысы Жүсіпбектің өзіндік стилі тәріздес. Мысалы, «Ақбілек» шығармасында өлендік екпінге салып жазылған мынадай қара сөз үлгілері бірсыпыра жерде кездеседі. «Жас нәуетек жүрегің – соқпай жатып өрт болды. Жаңа шыққан жауқазын – піспей жатып жоқ болды. Шамшырақтай жас жаның – жанбай жатып шоқ болды, Есіл ерке балалық – аяққа құйған астайын шолтаң етті – тоқталды. Жыла, жасың бұла. Жасыңмен қайғың жуылсын. Жасыңнан теңіз жиылсын. Теңізді дауыл толқынтысын. Құтырсын толқын, туласын. Зарлатқан сені мұндарлар тұншықсын – суың да улансын. Қатын-қызы тұл қалып, сендей болып шуласын», деп үдете, төпелей құйылған ұйқасты құрылым сезімді дәл бейнелейді.

Сонымен қатар кейіпкердің осындай эмоциялық, көңіл-күй толқынына үйлесімді баяндауда басқа тәсілмен қатар инверсияны шебер қолданады. Мысалы, «Сары далада сары уайым жамылып, Ақбілек келеді толарсағы бұлтылдап. Тышқан аулап күйкентай жүр қыранымсып шыңқылдап... Бозторғайды аяп кетті Ақбілек. Сұр жыланды сойылшамен салды келіп қақ бастан...» Бұлар Ақбілектің көңіл-күйімен үндес әрі баяндаудың бір қалыпты сарынын да өзгертеді.

Жазушы шеберлігі оның тілінің образға байлығымен, ұйқасты тапқырлығымен, сөйлеу, жазу үлгісінің сонылығымен ерекше көзге түседі. Суреткерлік, өмірді сурет, образ арқылы тану, бейнелеу, ретті жерінде оған өзінің ой - толғаныстарын қосу – Жүсіпбек өнерінің басты белгілері. Оның суреткерлікке публицистік өнерді қабаттастыратыны да осыдан. Кейде өзіне ұнамсыз өмір фактілерін жазушы сатиралық үлгіде суреттесе, оқиғалардың біріне бірі ауысу тұсында халық әдебиетінің әңгімелеу стилін пайдаланады. Мысалы: «Балташ кабинетіне кіріп келді. Қызыл шұғамен кежімделген емен үстел. Сұр ала тас дәуіт, қалам сауыт, шамдал, басқыштар. Былқылдақ бархыт орындық. Тақтай – айнадай. Үстел – шытырдай. Оңында – Ленин, солында – Сталин суреті. Үстелде – телефон. Қолын созса – электр. Бір түймені басып, шылдыр еткізсе – хатшы жетіп кеп, мойнын қылтың еткізеді. Осы сынды кабинетіне Балташ кіріп келді. Орындық та, үстел де, қаламдар да жегулі аттай жалаңдап «отыр да, өкірте бер» деп тұр».

Мәтіндегі тілдік образдар сол бейнені жасау үшін қызмет етеді. Алдымен бөлменің қылсыз тазалығы, жалтырап тұруы, ондағы саймандардың «жегулі аттай жалаңдауы». Одан кейінгі қолданыстағы орыс сөздері: резолюция, можно, опинопдел, бірдеме «штейн», фалш, шортан знает, сбольш т.б. Бұлардың бәрі – Жүсіпбекке тән сатиралық сөз үлгісі. Жазушы осы сөз қолданыстары арқылы кеңсешіл төрешілдікті өткір шенеп, мысқыл туғызса, енді бірде: «-өзі де қыз десе – қыз екен! – деп қорытынды шығарды...» «қатындар, қыздар біраз дауласып, басылған соң үйді-үйіне тарады», - деп ресми стильге тән сөздік қолданыстарды әдейі басқа ортаға қолдану арқылы комикалық стильдік әсер береді.

Роман оқиғаларының бірінен-біріне ауысу тұсында жазушының 3-жақтық позициясы басым. Дегенмен автор өз үнін, өз «менін» мұнда да шығарманың баяндау тіліне батыл енгізіп отырады. Оның айқын көріністері мынадай болып келеді:

1) автор оқырманның көңілін аударып, оған арнайы тіл қатады:

«Кеп онда емес-ау, жарандар! Бар, қараңдар, құлағың сал! Тыңдаушылар анталаса, кеп құрайын бір тамаша. Ертегі емес, ертеде емес, ұзын да емес, келте де емес, қарапайым қара сөзбен бір әңгіме шертейін. Қысыр сөзді қысқартайын, әңгімеге жол тартайын...»

2) Арнайы авторлық кірігулер оқиғалардың сабақтастығын жалғастырып, құрылымдық композициялық қызмет атқарып тұрады:

«Бұлар шабуылдап, ауыл-ауылдан, кез келген кісіден сұрау салып жүре тұрсын, оған дейін Ақбілектен хабар берейік...»

Мұндай авторлық көрініс кейде оқырман көңілін басқа жаққа аударып, аз-мұз оқырманды тынықтырушылық (антракт сияқты) қызмет те атқарып тұрады.

«Байғұстар шайларын ішіп, жайлансын. Сұқым шалдарша, сұғанақ балаларша көзімізді сатып, қылқиып отырмайықшы, өз үйімізде де шай бар ғой. Қазақтың сондай телмірген әдегі құрысын! Түндегі оқиғадан кейін ел не жайлы болды екен? Мамырбай отағасы не күйде отыр екен? Одан да соларды барып көрейік, оқушылар, бері жүріңіздер!»

3) белгілі бір қуанышты не аянышты жайларды баяндаудан кейін өз сезім, эмоциясын төгіп-төгіп алады. Ондайда автор лирикалық шегініс жасап, не патетикалық үндеуге дейін барады, не қатал үкім айтушы кейпіне түседі.

«Саялдақ қара бұлттар ау! Ақбілектің жанын тұншықтырған қара тұман аз болды дедіңдер ме, үстіне мұнша төнгенше, анау асқар таулардың басына төнсеңдерші!

Күздің сарғыш жапырақтары ау! Кімді әлдилеп, сыбырлап тұрсыңдар? Қалың бұтаның қайғысыз, қамсыз бөденелері ау! Несіне қара түнді жаңғырықтырып тұрсыңдар?...»

«Күштілер өз тамағына бірдеңе түсірерде: «Жетім жесірдің көз жасы... Әділдік керек... Обал бар... Құдай бар» деп көлгірсінеді. Олай болса, Өрік неге жаза тартады? Екі баласы неге зарлайды? Қойтеке неге жасын жерге шыра етеді? Сүттей ұйып отырған, шын сүйіскен асық жарлар Ақбілек пен Бекболат неге айырылады?

Қайда шындық? Қайда әділдік? Қайда адамгершілік? Қайда құдай? Қайда қиямет?

«Сайланыңдар, бейуаздар! Қасқыр өзі де ойланбайды».

Шығармада негізгі баяндау түрі 3-жақтан объективті әңгімелеу. Автор негізгі кейіпкері Ақбілекті, басқа да кейіпкерлерін осы баяндау түрімен алып жүреді. Алайда объективті баяндау ортақ төл сөз, ішкі сөздермен жиі «байып» отырады. Сонда беймәлім, жаңа орта кейіпкер көзімен тың, соны, бейнелі қырынан ашыла түседі.

«Ақбілек есі кіріп, көзін ашса, алты сырықтың басын бүріп киіз жапқан кішкене қоста өңшең серейген, бырқыраған, жат киімді, жат түрлі орыстардың ішінде жатыр. Оң қол Ақбілектің үстіне артып, қақ қасында бетінен түгі шыққан, шашы дудыраған, істік мұрын жирен орыс жатыр...»

Объективті баяндап келе жатып, автор ортақ төл сөз арқылы кейіпкерінің ішкі жан дүниесіне оңай ауысады, сөйтіп оқиға, құбылысты ішкі жағынан шынайы бейнелейді:

«Ықаң да, Тыпаң да дәулет құсы бастарынан ұшқан адамдар еді. Ықаң жаңа тәртіпті түгелімен жаратпаушы еді. Өйткені омырау большевик келді де – баяғыдан бергі қызметті де, абырой атақты да, әдет ғұрыпты да талқан қылды, оқығаның, білгенің де, сақалыңның ағы да бес тиынға тұрмай қалды. Одан да жаман пәлесі – пенсия. Бола ма, жоқ па – қараңғы. Оның үстіне бірдемесімен жасты бала шағаның «ұлық» болып, «олай қыл, былай қыл» деп бұйырғаны-ақ батып барады. Телеген сияқты құдайға қараған біреуі болмаса, Балташтар, әне бір қыли көздер, кез келгенде сәлем де бермейді...»

Шығарма мазмұнының өзегі Ақбілек өмірі болғандықтан, көп оқиғалар, бағалаулар Ақбілектің көзімен және оның ойымен беріледі.

«Оттар бір жылт етіп, бір сөніп, елбелектеп, таянып келе жатқан тәрізді.

Ойлағаны келді ме?... мінеки, шөпті сыбдырлатып келіп қалды.

Әне, қараң ете түсті...

Ойбай-ай! Бір топ қасқыр!

Енді қай жаққа барайын?...

Ал, міне, қостың төңірегін сыбдырлатып, жер тіміскілеп жүр...

Ой, жасаған-ай! Тауып алар ма екен?...

Ойпырым-ай! Әнебіреуі отбасында сүйекті қытырлатып кемірді.

Мынаны көріп, Ақбілектің не жаны шықпай отыр десейші...»

Автордың кейіпкеріне берілгендігі, онымен жан-жүрегі бір екені соншалық, ең соңында шыдай алмай, өз сөзін де айтып қалады (соңғы сөйлем).

Әрбір шығарманың тілі, образға байлығы, тапқырлығы, сөйлеу, жазу үлгісінің сонылығы белгілі дәрежеде жазушының суреткерлігін, стильдік ерекшелігін көрсететін болса, осы айтылғанның бәрі – шығарманың тілдік- композициялық құрылымын ұйымдастырудағы тек Жүсіпбек Аймауытовтың стиліне тән ерекшелік.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы – 1989 ж.

2 Әшімханов Д. Бес арыс. Алматы – 1992 ж.



ӘОЖ. 82.45.01

«ТОНЫКӨК» ЖАЗУЫНЫҢ СЫР СИПАТЫ

Ғылыми жетекшісі: Игиликова Эльмира Сауытбекқызы

Студент: Құрманхан Ақырыс Қайыржанқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, 3 –курс ҚТ-20-1 тобы

«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа. Мақалада тұранға толқындап жайылған түгел түркі елінің байрақты билігінің бастауында тұрған Тоныкөк, атап айтқанда атақты кеңесші жайлы жазылған жазулардың сыр мен сипаты ашылады .

Кілт сөздер : тарих, таңба, түркі қағанаты, халық , ескерткіш, көшпенділер.

Аннотация. В статье раскрывается тайна и характер надписей, написанных о Тонькёке, в частности, о знаменитом советнике, стоявшем у истоков флагового правления всей тюркской страны, волнами распространявшегося в Туране.

Ключевые слова: история, символ, тюркское ханство, народ, памятник, кочевники.

Annotation. The article reveals the mystery and nature of the inscriptions written about Tonykyok, in particular, about the famous adviser, who stood at the origins of the flag rule of the entire Turkic country, which spread in waves in Turan.

Key words: history, symbol, Turkic khanate, people, monument, nomads.

Ежелгі түркі дәуірінің өмірін, тұрмыс-тіршілігін, әдеп -ғұрпын, мәдениетін паш ететін ғажайып, дастандарымыздың бірі “Тоныкөк” жыры. Тоныкөк жазба ескерткіші - әлемде әліпті таяқ деп білмитін кезеңде тасқа қашан жазылған бірегей мұрамыз. Бұл мұрамыз біздің жазба әдебиетіміздің негізін қалаушы да абыз бабамыз болып шығады .

Абыздың нақты есімі - Тонұқұқ. Ескерткіште оспай қашап жазылған. Зерттеушілер тарапынан сан түрлі болып аталғанымен де, жалпы еңбектер мен әдеби оқулықтарла Тоныкөк деп жазылады. Бабамыз Білге Тоныкөк ескерткіші өне бойы өсиетпен өрнектеліп келген, қасиетпен қастерленген, елінің абыройын асқақтатып тұрған, он үш ғасырды қамтып тұр. Ескерткіш – тілдің, жазудың, тарихтың, ары мен намысын, өр рухтың алып кешені, түркілік болмыстың теңдессіз бейнесі. Адамзат өркениетінің бірегей мұрасы қатарында жоғары бағаланып, 21 ғасырда да әлем тұрғындарын өзқұпия сырымен таңдандырып келді, келеді де. Тоныкөк ескерткіштерінің көркем әдебиетке, соның ішінде атап айтқанда поэзияға ешбір қатысы жоқ , жазба ескерткіш жалпы түркі қағанатының дәл жазылған тарихы деп қарады. Енді бір жағынан руна жазуында жазылған бұл жазба ескерткішті поэзияға тән қасиеттері бар деп, ежелгі түркілердің көркем әдеби туындысы ретінде қарады.

Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, жазба ескерткіш Тоныкөктің бастамасымен жазылып, 720 жылы орнатылған. Жыр көлемі жағынан өте көлемді. Ол 313 өлең жолынан

тұрады. Бұл жазу құлыптаста 62 руналық жазу жолын толтырып тұр. Жырды жалпы оқуғалар 14 циклға , 14 хикаяға бөлініп тұр. Ескерткіш қазіргі уақытта Моңғолияның Төв аймағы Эрдэнэ сұмыны, Баян-цогт деген кең алқапта, тарихи орнында сақтаулы. Оны 1897 жылы археолог ғалым Д.Клеменц тауып, ғылыми ортаға танытқан соң зерттеу жұмыстары бастаса, 1898 жылы В.Радлов бітік-тастың фотосуреттері мен эстампажын алған соң, мәтіндердің транскрипциясын, немісше аудармасы мен сөздігін жариялады. 1909 жылы Г.Рамстедт, С.Пелси зерттеп, бітіктастардың қағаз көшірмесін алып, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Одан ары зерттеушілер бірінен бірі алып зерттей бастады .


Ескерткіштің негізгі мазмұнына тоқталатын болсақ. Екінші Шығыс Түрк қағанатының ішкі, сыртқы саяси оқиғалары, әлеуметтік-қоғамдық өмірі суреттеледі. Ескерткіштегі жыр жолдары Тоныкөктің өзінің шыққан тегін баяндауымен басталып келіп, Құтылық қағанмен бірге табғаштарға қарсы әскер жасақтап ,одан әрі үздіксіз жорықтармен өрби түседі. Оқиғадағы ең өзекті мәселесі Тоныкөктің түрк халқының басын біріктірудегі рөлі, сол арқылы қағанаттың іргесін нығайту жолындағы жасаған ерлігі, әскери жорықтардағы қайталанбас әдіс-тәсілдері, қаған мен бұқара халыққа айтқан астарлы, нық сөздері, ақыл-кеңесі кеңінен баяндалады. Сондай-ақ ескерткіште байырғы түріктердің философиясы мен дүниетанымы, жер-су атаулары мен этностық-саяси тарихы да толық камтылады. Мысалы : оғыз, қыпшақ, он оқ, теле, түргеш, қарлық, қырғыз, татар, ұйғыр секілді халық атаулары мен олардың мекен еткен жерлері сипатталады.

Тасқа қашалған жырда «Мен, Білге Тоныкөк, табғаш (қытай) елінде тәрбиеленіп өстім. Түркі халқы ол кезде табғаштарға бағынышты еді» деген жолдар бар. Осыдан Тоныкөктің түркі тайпасы көсемдерінің бірінің баласы екені анық аңғаруға болады. Өйткені ол кезде көшпенділердің тек ел басыларының қытайға аманатқа берген балалары ғана император сарайында оқып, тәрбие алған екен.

Түйіндей келе тарихы тасқа таңбаланған Тоныкөк ескерткіші туралы тарихи мәліметтер мен деректердің тоқетері осы. Ал Түркі әлеміне ортақ тарихи тұлғадан қалған әдеби жәдігерімізді әлі де зерттеп, зерделей түсу бізге парыз.

Әдебиеттер:

- 1.Келімбетов Н. «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» А; – 1996 ж
- 2.Қыраубаева А. «Ежелгі дәуір әдебиеті» Астана; – 2001 ж. «Елорда»
- 3.Қоңыратбаев Т. «Көне мәдениет жазбалары» А; – 1991
- 4.Марғұлан Ә. «Ежелгі жыр, аңыздар» А – 1985 ж.



ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Ғылыми жетекшісі: Архабаева Гүлнұр Ермаханқызы-қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

Студент: Кучерова Назерке Талантбековна

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, 1 курс, Қт 22-1 тобы

«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты.

Аңдатпа: Мақалада күрделі сөздердің біріккен, кіріккен, қосарланған, тіркескен түрлері біршама зерттеу нысандарына арқау болған. Күрделі сөздерге, соның бірі қос сөздерге байланысты айтылған ғалымдардың пікірлеріне ғылыми талдау жасалды.

Кілт сөздер: Қос сөздер, компоненті, семантикалық, ассонанс, интонациялық, форма.

Аннотация: В статье несколько исследуются комбинированные, комбинированные, двойные, комбинированные типы сложных слов. Проведен научный анализ мнений ученых, высказанных в связи со сложными словами, одним из которых являются двойные слова.

Ключевые слова: двойные слова, компонент, семантический, ассонанс, интонация, форма.

Abstract: The article explores several combined, combined, double, combined types of compound words. A scientific analysis of the opinions of scientists expressed in connection with complex words, one of which is double words, is carried out.

Keywords: double words, component, semantic, assonance, intonation, form.

Күрделі сөздердің бір тобы — қос сөздер. Сөздерді қосарлап айту — форма өзгерту, сөз туғызуға өнімді тәсілдің бірі. Қосарлау тәсілі — лексикалық мағынасы мен компоненттерінің формасына байланысты екі сөзді қатар алу. Түркі тілінің, соның ішінде қазақ тілінде қос сөздердің тілімізде актив қолдануында. Қос сөздер деп сөздердің қосарланып айтылуын айтамыз, бұл әрі басқа күрделі сөздерден ешқандай қиындықсыз ажыртылып турады.

Қос сөздер күрделі сөздер ішінде кейінгі заманда пайда болған, сөздерді қосарлай қолдану нәтижесінде бұл сөздер тобы идиомаланып, лексикаланып, грамматикалану процестеріне ұшырап, тілімізде күрделі сөздер болып қалыптасқан. Мысалы: қас-қабаққа қарау, аузы-мұрны қисаймау дегендер идиомалану нәтижесінде жекелеген затты емес, жалпылық мағынаны, яғни жеке компоненттер мағынасына сай келмейді. Ал келген-кеткен, жаппай-тұрмай, келер-елместен сияқты қос сөздер –компоненттері мүлдем басқа мағынаны білдіру нәтижесінде лексикаланып, әрі де лексикаланудан жасалып тұрған қос сөздер. Сонымен қатар, бұл сөздер бір сөз табыа жатады әрі түрленгенде тұтас түрленіп, бір сөйлем мүшесі болуы, қосымшалар тек грамматикалық мағына жамайтындықтан, грамматикалану процестеріне ұшыраған күрделі сөздер болып табылады.

Келесі тобы біріңғай мүшелердің логикалық, интонациялық жақтан ылғи жұпталып қолдана келе, қос сөздерге ауысуы. Олар кейде басқа сөздер құрамында да қолданыла береді: әке-шеше, қару-жарақ, іс-әрекет т.б. компоненттері кейде сөйлемде дербес, өз алдына жеке толық мағыналы сөз ретінде жұмсалады.

Қазіргі тілімізде қолданылып жүрген қос сөздердің сыңарларының мағынасына қарай екі топқа бөліп қарастырып жүр: 1) қайталама қос сөздер, 2) қосарлама қос сөздер. Қосарлама қос сөздер қайталама қос сөздеріне керісінше компоненттері лексикалық мағынасы жағынан әртүрлі сөздерден құралады: ата-ана, әке-шеше, жиырма-отыз, алды-арты т.б. Қосарлама қос сөздердің бір ерекшелігі-екі сыңары мағыналы болуымен қатар, бір сыңары мағынасыз; жылау-сықтау, әуре-сараң; екі сыңары да бірдей мағынасыз болуы мүмкін: алба-жұлба, астан-кестен, апыл-тапыл т.б.

Қосарлама қос сөздердің компоненттері фонетикалық жағынан да ерекшелігі бар. Олардың сыңарлары рифма жағынан орайласып, үйлесіп отырады да дауысты дыбыстарды қайталау (ассонанс жолымен): абысын-ажын, алды-арты, ата-ана т.б.; немесе дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы (консонанс жолымен): тау-тас, келім-кетім, жігіт-желең т.б., немесе дыбысталуы үйлес, ұқсас дыбыстардың қосарлануынан (басқа не соңғы дыбыстары): қашқын-пысқын, отырыс-тұрыс, ығы-жығы, ептеп-септеп т.б. жасала береді. Сонымен қатар сыңарларының буындар саны да сай келіп, бір екпінге ие болып тұрады: баспаз, шай-қант, аш-тоқ т.б.

Кейде буын сандары әр түрлі болуы да мүмкін: көз-басы, жата-жастана, отырыс-тұрыс т.б. және ашық, тұйық, бітеу буындардан құрала береді. Ал морфологиялық құрылымы жағынан қосарлама қос сөздер түбірдің қосарлануынан немесе туынды түбірлердің қосарлануынан жасала береді: ас-су, бас-аяқ, етек-жең; асықпай-саспай, малды-малсыз т.б.

Қосарлама қос сөздер әр сөз табынан бола береді және сол сөз табына қатысты келеді: азық-түлік, дәм-тұз- зат есім және сыңарлары да зат есім болып тұр. Сол сияқты басқа сөз таптарынан да жасала береді.

Компоненттері мағыналы немесе мағынасыз болып келетін қосарлама күрделі сөздердің сыңарларының мағыналық қатынастары әр түрлі болып келеді. Мысалы, сыңарлары мағыналы қосарлама қос сөздердің сыңар мағыналары антонимдес: аз-көп, ұзын-қысқа, іші-сырты немесе синонимдес болып келгенде компоненттер мағынасы мәндес: мінез-құлық, жазбай-жаңылмай, ашу-ыза, дене-тұлға, өсім-өнім т.б. немесе ұштас өкпе-бауыр, төсек-орын, өнер-білім, ыдыс-аяқ, әке-шеше т.б. болып келе береді де жалпылау, жинақтау т.б. сияқты түрлі семантикалық, стильдік қызмет атқарады.

Сыңарлары мағынасыз қосарлама қос сөздер екі түрде кездеседі. 1) Екі компоненті де мағынасыз: ығай-сығай, қиқы –жиқы, әңкі –тәңкі, далдың-дұлдың, заң-зұң т.б. немесе бір сыңары ғана мағынасыз: артық-тұрық, жүн-жұрқа, көйлек-көпшік азын-шағын т.б. болып келе береді. Дегенмен мағынасыз сыңарларының кейбірінің ешқандай мағынасы жоқ болса, кей бірінің көмескіленген мағынасы болады. Мысалы, әңкі-тәңкі, қым-қуат деген мысалдардың екі сыңарында да ешбір мағына жоқ болса; ту-талақай, ым-жым, ұйпа-тұйпа т.б. қос сөздердің ым-ымдау, талақай-талау, ұйпа-ұйпалау, ұйпалақ сияқты сөздер формасында қарастыруға болады да, олардың мағыналарын анықтауға болады. Ал «ым» сөзі ым қақты деген тіркес жасай алады. Бұл секілді мағынасыз сыңарлы қос сөздер мағынасы жайлы А.Бісқақов мынадай пікір айтады: «Бұл сөздер әуел баста мағыналы болғанымен қосарлана келе дыбыстық өзгешелікке ұшырауымен қатар, мағыналары басқа семантикаға ие болып кеткен немесе мағыналары делексикаланып (тіпті ауысып) тек осы қосарлану күйінде ғана мағынаға ие болып қалған».

Қосарлама қос сөздер компоненттерінің мағыналық ерекшеліктеріне қарай сөздердің қосарлануынан жасалған сөздердің сөзжасамдық мағынасы:

Қайталау арқылы жасалған сөздер мен қосарлану арқылы жасалған сөздердің лексика-грамматикалық сипаты, қайталау мен қосарланудың сөз тудырудағы орны бірдей емес. Қайталау арқылы жасалған сөздердің семантикасының жеке тұрғандағы мағынасынан алшақтап кетпейтін, тек көптік, жинақтық, саралау, процестің қайталануы, болжалдық секілді грамматикалық мағыналар үстейтінін, демек қайталау сөз тудырудың емес, грамматикалық мағына жасаудың тәсілі. Ал қосарлану нәтижесінде түрлі грамматикалық мағыналар үстеліп, тілде жиі қолдану барысында номинациялық атаулар тудырудың шарты.

Сонымен тіліміздегі қос сөздер мағыналық, тұлғалық, құрылымдық жағынан күрделі сөздерден де, сөз тіркестерінен де бөлек, соған сай жазылуы да ерекше, сөз байлығымыздың мол қабатын қамтитын тілдік бірліктер.

Қос сөздерді күрделі сөздердің басқа түрлерінен ажыратып тұратын белгілердің бірі – олардың дыбыстық құрылымның ала-құлалығы. Қазақ тілінде бірініші сыңары жуан екінші сыңары жіңішке (абың-күбің, ағыл-тегіл, ада-күде, аз-кем, азық-түлік, айт-үйт, ала-бөле, алай-түлей, алаң-белең, алас-күлес, алыс-беріс, асығыс-үсігіс, аптап-күштеп, арылдап-гүрілдеп, астан-кестен, бақ-дәреже, баса-көкте, жадау-жүжеу, жала-пәле, жан-тән, жанып-

күйіп, жанып-өшіп, жол –жөнекей, жығылып-сүрініп, жылап-еңіреп, жыртық-тесік, сау-сәлемет, ұсақ-түйек т.б.) бірінші сыңары жіңішке екінші сыңары жуын дауыстылардан тұратын (әуре-сараң, бәлдір-батпақ, бет-ажар, бөтен-сатан, дәм-тұз, дел-сал, иіс-қоңыс, итініп-тартынып, ит-ырғылжың, дірілдеп-қалшылдап, езіп-жаншы, ел-жұрт, елең-алаң, жөн-жосық, жеңіл-жайдақ, жүдеу-жадау, жүн-жқрқа, кедір-бұдыр, көрші-қолаң, күй-қуат, кір-қолаң, мүлгіп-қалғып, некен-саяқ, өсек-аяң, сәлем-сауқат, сүйек-саяқ, сүрініп-қабынып т.б.) қос сөздер аз емес. Сондай –ақ екінші сыңарына м,п,с дыбыстары қосылу немесе алдыңғы дыбыстары осы дыбыстардың біріне алмасу арқылы жасалған қос сөздердің жігіндегі дыбыстар, дауыссыз дыбыстардың үндесуі заңына қайшы келіп жатады.

Ал лексика-семантикалық жағынан келетін болсақ, қос сөздердің бірінші болып мағынасы басым немесе үлкен көлемді, бүтінді білдіретін сыңарларының айтылуыда оларды күрделі сөздерден ажыратып тұрады.

Қайталау арқылы жасалған сөздер мен қосарлану арқылы жасалған сөздердің лексика-грамматикалық сипаты, қайталау мен қосарланудың сөз тудырудағы орны бірдей емес. Қайталау арқылы жасалған сөздердің семантикасының жеке тұрғандағы мағынасынан алшақтап кетпейтін, тек көптік, жинақтық, саралау, процестің қайталануы, болжалдық секілді грамматикалық мағыналар үстейтінін, демек қайталау сөз тудырудың емес, грамматикалық мағына жасаудың тәсілі. Ал қосарлану нәтижесінде түрлі грамматикалық мағыналар үстеліп, тілде жиі қолдану барысында номинациялық атаулар тудырудың шарты. Синтаксистік тұрғыдан алғанда да, күрделі сөздердің басқа түрлерінен қос сөздердің жасалуының ерекшеліктері бар. Қос сөздер анықтауыштық-анықталушылық, бағыныңқылық-басыңқылық қатынастарға негізделмеген. Көптеген ғалымдардың қос сөздерді салаласа байланысу арқылы жасалған күрделі сөздерге жатқызады. Дегенмен, қазіргі қазақ тілі тұрғысынан қарағанда бір сыңарының немесе екі сыңарының да мағынасы жоқ қос сөздер кезінде толық мағыналы сөз болғандықтан, салаласа байланысқан дегеннің өзінде ат-мат, ет-мет, сүт-мүт, мата-сата, мылтық-сылтық секілді ұйқас қос сөздерді немесе қып-қызыл, сап-сары, теп-тез тәрізді күшейтпе буынды қос сөздерді салаласа байланысып тұр деп айту мүмкін емес. Қос сөздердің осындай ерекшеліктерін байқаған кейбір ғалымдар олардың жасалуына фонетикалық заңдылықтар негіз болған деп есептейді. Ал профессор А. Айғабылұлы болса тілде болатын дыбыстық өзгерістердің дыбыстау мүшелерінің мүмкіндігіне қатысты және сөйлеу барысында пайда болатындарын жіктеп көрсетіп, соңғыларын морфонологиялық құбылысқа жатқызады. Солой ол қос сөздердің жасалуында болатын дыбыстық өзгерістердің көпшілігі дыбыстау мүшелерінің мүмкіндігіне қатысты емес екенін ескере келіп: «... қос сөздерді фонетика ережесімен де, синтаксистік қатынас (салаласу) жолымен де түсіндірмей, морфонологиялық құбылыс деп есептеген дұрыс сияқты», деген қорытындыға келген. [1, 18 б.]

Қос сөздердің жасалуында дыбыстау мүшелеріне мүмкіндігіне қатыссыз жүзеге асатын дыбыстық өзгерістердің бірі-оның бірінші сыңарының дауыссыз дыбысы түсірілуі арқылы қайталануы. ысалы, Барақ аңлау-саңлауынан үлдеп желмен бірге қар кіріп тұр. (С. Сейфуллин, Тар жол.). Үш сағаттың арпалыстың өзінді-ақ біздің жақ жау жағын апыра-жапыра еңсеріп тастаған еді (С. Сейтов, Сөз сұрайды). Өкпеден өтіп барып, жерге батып, Бастырды аяқтарын арпаң-тарпаң (Т. Ізтілеуов, Рүстем). Жүргізіп жыл толғанда апыл-тапыл, Бойымды бұрынғыдан жеңілдеттің (Үш ғасыр). Сапаның қасында қазір бойлары бір тұтам едел-жедел сегіз ұлы, екі қызы бар (Б. Төлегенов, Көктем.). Ику –қику басылып, тына қалды табиғат (Ө. Тұрманжанов, Таңдамалы) Жұрт уман-думан қол соғып жатыр. (Ж. Мусин. Ақ алаң). Басқа құнандар тобы жаңағы сары белден, осы кезде ғана умақ-шумақ боратып келе жатты. (Ғ. Нұрпейсов, Аңшы). Етегіне оралған балаларымен ұмар-жұмар топырлап, күле шулап Салима үйіне кірді. (А. Нұрманов, Аққу). Жайлауға қарай ұбап-шұбап көшкенін аузынан суы құрып айтып отыр. (Ө. Нұрпейсов, Қан мен тар). Бұдан қайталама қос сөздердегі дауыссыз дыбыстардың түсіріліп айтылуы грамматикалық мағына беру қажеттілігінен туған ерекше бір тәсілі екендігі байқалады.

Алдыңғы дауыссызы түсірілу арқылы жасалған кейбір қайталама қос сөздердің арасына кейде да шылауы қойылып айтылатын кезі болады. Мысалы: Боталаған бозіңген,

Азан да қазан, у да шу

О да бір алса мазамды-(Ақтамберді жырау) 472

Бұдан дауыссыз дыбысы түсірілу арқылы жасалған лексикалық мағынасы жоқ «у» (ұу) сөзінің тілімізде толық мағыналы сөз сияқты айтылатынын байқаймыз. Міне қос сөздердің жасалуындағы осындай ерекшеліктерді ескермеген Ж.Шәкенов те [2, 9 б.]. Н.Абдурахманов та у-шу сөзін қосарлама қос сөзге жатқызып жіберген.[3, 40 б.].

Сөздер қосарланған кезде кейде сөз басындағы дауысты дыбыстардың ықшамдалып кетуі сияқты құбылыстар да болады. Мысалы, ішек сөзі жеке айтылғанда бірінші і дыбысы толық сақталады. Ал осы сөз қос сөздердің құрамында айтылғанда і дыбысы түсіп қалып шек-қабақ, шек-қарын түрінде дыбысталады. Бұдан сөз басындағы дауысты дыбыстардың түсіп қалуы бірігу, тіркесу, қосарлану нәтижесінде болған сөздерде жүзеге асады даген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шәкенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар.- Алматы: Ана тілі, 2011.- 120 б.
2. Абурахманов Н. Парные слова в тюркских языках. АДД. - Алма-Ата. 2015.-66 стр.
3. Балақаев М., Жанпейісов Е. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы. 2014 ж.
4. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты.- Алматы. 2018 ж.



ӘОЖ 81

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ғылыми жетекші: Сәрсенбаева Майра Бекбосыновна

Студент: Айбергенова Жанар «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы,

2 курс ҚТ-21-1 тобы

«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты

Аңдатпа. Мақалада Қазақ тілін оқыту әдістемесі тілдің адам өміріндегі, қоғамның әлеуметтік дамуындағы маңызы, тіл мен сана, сөз бен ойлау арақатынасы туралы қарастырып, тіл білімінің тілдің әлеуметтік қызметі мен мәні жайындағы теориялық қағидаларына сүйенеді.

Кілт сөздер: қазақ тілі, ана тілі, мемлекеттік тіл, оқыту, сөйлем.

Тіл мәртебесінің ішіндегі ең маңыздысы – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тіл – елдің барлық аумағында және түрлі өмір салаларында қолданылуы баршаға міндетті болып табылатын, ресми жағдайы мемлекеттік дәрежеде белгіленген, белгілі бір мемлекеттің әлеуметтік-коммуникативтік жүйесінің негізгі компоненті. Қазақ тілі – өзіндік сөздік қоры мол жинақталған тіл. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл деген жоғары мәртебесі оның кемелденуіне мүмкіндіктер аша түсері сөзсіз. Қазақ тілі – құрылымы мен жүйесі дамыған, сөз байлығы аса мол, ұлттық тіл деңгейіне көтерілген қазақ халқының ұлттық тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Республикада мемлекеттік тіл ретінде қазақ тіліне конституциялық мәртебе беріліп отыр. Әлемдік тәжірибеде тілге мемлекеттік мәртебе екі жағдайда беріледі: бірі – тілдің қоғамдық қызметі шектеулі болғанда, оның мәселесін шешіп, дамыту үшін мемлекеттік қамқорлыққа алу мақсатында, ал екіншісі басым тілдің

артықшылығын сақтау үшін беріледі. Мемлекеттік тіліміз – Қазақ тілін өз мәртебесіне сай қоғам өмірінің күллі салаларына енгізу, қолданыс аясын кеңейту бүгінгі күннің өзекті де келелі мәселесі.

Ана тілі қазақ мектебінің оқушылары үшін таным құралы, білім, тәрбие алу құралы, ойлау формасы болып табылады. Оқушының ақыл-ойының өз деңгейінде дамуы, қоғамның лайықты мүшесі болып қалыптасуы оның тілінің, ойлауы мен сөйлеуінің тиісті талаптарға сай дамуымен тікелей байланысты. Қазақ тілін оқыту әдістемесі осындай мақсаттарды көздейді. Тіл білу, тіл меңгеру дегенге белгілі бір тілдің грамматикасы мен сөздік қорын игеруді ғана жатқызу жеткіліксіз. Өйткені сол сөз, сөйлемдердің немесе грамматикалық құрылыстың сөйлеу жағдаятының қай түріне орай қолдана білуді анық түсінігі болуы қажет. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән мазмұны, әдістемесі, құралдары болады. К.Аханов [2], Қ.Әбілқаев [3] және басқа ғалымдардың [4] еңбектерінде олар жайында бірқатар ойлар, пікірлер жинақталған. Бұл ойлар мен пікірлердің өзектілігі бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазақ тілі пәнін оқыту әдістемесі пәнінің маманы өзінің кәсіби қызметінде мұғалімнің, әдіскердің, педагогтың, психологтың, тілші мен әдебиетшінің ісін бірдей атқаратыны сырттан қараған қарапайым адамның көзіне де шалынбай қалмайды. Бұл мәселеге арнайы көңіл бөліп, ғылыми тұрғыдан қараған жағдайда, оқу әдістемесінің арнасында бірнеше ғылым салаларының ұштасқан қызметі аңғарылады. Мұның өзі қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде бірнеше ғылым салаларымен тығыз байланыста, бірнеше ғылым салаларының тоғысында тұрған, пәнаралық сипаты басым ғылым екендігін көрсетеді.

Оқыту әдістемесі педагогика ғылымының үлкен бір саласы ретінде жеке адамның өркендеуінің белгілі бір мәселесін қарастыратыны анық. Осы тұрғыда оның басқа ғылым салаларымен етене байланыста екендігі көрінеді. Бұл ретте қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде әдебиеттанумен, педагогикамен, тіл білімі және психологиямен байланыстары тамыры терең екендігі айқын көрінеді.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі оқушының қазақ тілі туралы білімді қабылдау, есте сақтау, еске түсіру және өзінің өмір тәжірибесінде пайдалану, ойлау қабілетінің даму үдерістерін бақылау мен бағалауда психология ғылымының қағидаларына сүйенеді. Білім беру ісінде оқушылардың білуі, тиісті дағдылары мен біліктерінің қалыптасуы, білуге деген ынталарының, талаптарының оянуы мәселелерін пайымдауда қазақ тілін оқыту әдістемесі психология ғылымының заңдылықтарын негізге алады. Психология ғылымында оқушылардың ақыл-ой еңбегінің үдерісін зерттеу саласында жинақталған білім қорын лайықты пайдалана білу де оқыту әдістемесінің дамуына, жетілуіне игі әсерін тигізеді. Бұл орайда оқушылардың жас мөлшеріне қарай салыстыру, талдау мен жинақтау, жалқыдан – жалпыға, жалпыдан жалқыға көшу, белгіліден – белгісізге, белгісізден белгіліге ауысу, ой түю, пікір негіздеу секілді ойлау операциялары да ескеріледі. Осы және оқыту әдістемесіндегі қызығу, талап, ынта, қабылдау, түсіну, есте сақтау, білім, дағды, білік, қалыптасу, даму секілді негізгі ұғымдар психологиядан енген ұғымдар қатарына жатады. Оқушының білім алу үдерісінің сатыларын, құрылым-жүйесін сипаттайтын ұғымдар да психологиядан алынған. Осының бәрі оқу әдістемесінің жүйесінде оқушының білім алу үдерісін, жалпы оқыту үдерісін ұйымдастыруда, оның нәтижелілігін бақылау мен бағалауда психология ғылымының алатын өз орны барын көрсетеді.

Қазақ тілін оқытудың бірнеше бағыттары бар: а) ана тілі ретінде оқыту; ә) екінші тіл ретінде оқыту; б) шет тілі ретінде оқыту. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән мазмұны, әдістемесі, құралдары болады. К.Аханов, Қ.Әбілқаев және басқа ғалымдардың еңбектерінде олар жайында бірқатар ойлар, пікірлер жинақталған. Бұл ойлар мен пікірлердің өзектілігі бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Біз қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту жайына тоқталмақпыз

Болашақ мұғалім үшін қазақ тілін оқытудың мазмұнын, әдістері мен ұйымдастыру жолдарын игерудің қажеттілігі даусыз. Сондықтан жоғары оқу орындарында қазақ тілінің мұғалімдерін даярлауда оқу үдерісінің барлық кезеңдерін қамтитын оқыту әдістемесінің жалпы мәселелерін, қазақ тіл білімінің барлық салаларын оқытуға ерекше жауапкершілікпен

карауға тура келеді. Сонымен қатар оқушылардың тілін дамытудың әдістемесін, оқушылардың білімін бақылау мен бағалаудың әдістері мен тәсілдерін арнайы зерттеу, оның нәтижелерін өндіріске енгізу, тиімді пайдалану әрқашанда ерекше өзекті мәселелердің қатарында тұрады. Оқытудың қазіргі құралдарын пайдалана білу, қажетті дидактикалық құралдарды жасаудың, іс жүзінде пайдаланудың амалдарын, тәсілдерін меңгеру – өз алдына бір сала.

Тілді үйретуге қатысты А.Байтұрсыновтың ұсынған тиімді тәсілдері мен қағидалары мыналар:

- 1.Тілдік материалды жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге қарай оқыту керек деген дидактикалық принципті өте тиянақты ұстаған, оны уағыздаған.
- 2.Кез келген тілді үйретуді қарыптан,яғни әріптен, әліпбиден бастау қажет.
- 3.Тілді үйрету ана тілінің сөз, сөйлем жүйесін білгізумен қатар жүруі тиіс.
- 4.Тілді оқытуда мақал-мәтелдер,нақыл сөздер, мысалдар, өлең-жыр, қызық әңгімелер маңызды орын алуы қажет.
- 5.Тіл арқылы сауат ашуда суреттерге көп мән берілуі керек.
- 6.Оқушыларға арналған материалдар аса тусінікті болуы шарт.
- 7.Мәтіндер, көрнекілік, иллюстративтік материалдар қазақ баласының, халықтың ұғымына таныс, жақын болуы тиімді.
- 8.Тілді оқытуда тіл ұстартуға, көркем сөзге де ден қойған дұрыс.
- 9.Тілді үйрету үшін мұғалім бірнеше әдісті меңгеріп қана қоймай, табанда өзі қажет әдісті тауып, пайдалана білу керек.
- 10.Мұғалім балаға білімді өз тәжірибесі арқылы жинақтауға жағдай жасап, тілді тез үйренуге қарай үнемі бағыт-бағдар сілтеп отыруы қажет.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі оқушының қазақ тілі туралы білімді қабылдау, есте сақтау, еске түсіру және өзінің өмір тәжірибесінде пайдалану, ойлау қабілетінің даму үдерістерін бақылау мен бағалауда психология ғылымының қағидаларына сүйенеді. Білім беру ісінде оқушылардың білуі, тиісті дағдылары мен біліктерінің қалыптасуы, білуге деген ынталарының, талаптарының оянуы мәселелерін пайымдауда қазақ тілін оқыту әдістемесі психология ғылымының заңдылықтарын негізге алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Күзекова З., Жусанбаева С., Жарқынбекова Ш., Әлімбек Г. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы: Раритет, 2008
2. Аханов К. Методикалық нұсқау. – Алматы, 1990.
3. Әбілқайев Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1995.
4. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы, 1999



ТІЛДІ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Ғылыми жетекші: Сәрсенбаева Майра Бекбосыновна, п.ғ.м.
Студент: Сапарғали Бағдат «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы,
2 курс Қт-21-1 тобы
«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты

Біздің еліміздің әлемдік білім беру саласында ұлттық саясатты ұстануы, халықаралық мәртебе алуға ұмтылуы, оқу үдерісін жана жүйеде ұйымдастыруы орта білім беру жүйесін инновациялық технологиялар негізінде құруды міндеттейді.

Инновация-жаңалыққа талпыну -бұл сән немесе еліктеушілік емес, қатал шындық-өмір қажеттілігі. Мемлекеттік тілді жан-жақты меңгертуде ақпараттық технологиялардың мүмкіндігін тиімді қолдана білу, сабақ жүргізудің жаңа оқыту әдістерін әзірлеу қазіргі кезеңде ең өзекті мәселелердің бірі. Үйретілетін тілдік материалдарға, жалпы оқу бағдарламасына өзгерістер еніп, бұрынғыға қарағанда күрделеніп, тілді үйретудің әдіс-тәсілдерінің де жетілдіріліп жатқаны да белгілі.

Қазіргі қоғамда адамдардың ақпараттық сауаттылық деңгейін жоғарылатумен қатар, қоршаған ортаның әлеуметтік, ақпараттық, технологиялық өзгерістеріне тез бейімделетін, жаңаша ойлайтын тұлға қалыптастыру маңызды проблемалардың бірі. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңаша көзқарас, жаңа қарым-қатынас пайда болды.

Қазақстандық ғалым С.М.Кеңесбеков «Білім беруді ақпараттандыру білім беру саласының теориясы мен практикасына ақпараттық -коммуникациялық технологияны жан-жақты пайдалану және оқыту мен тәрбиеде оның психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктерін қолдану үрдісі» -деп айтқан болатын. Біз қарастырып отырған қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды қолдану оқушылардың төмендегі мүмкіндіктерін ашады:

- Коммуникациялық қабілеттерін дамыту;
- Ақпарат көздерімен жұмыс жасау;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Оқу үдерісіне белсене қатысу;
- Оқу мотивациясын арттыру;
- Ақпараттық қоғам жетістіктеріне жақындау

Жаңа ақпараттық технологияларға қазіргі кезде таратылып жүрген электрондық оқулықтар, электрондық кітаптар, DVD технологиясы, интерактивті тақта мен проекторлар негізінде бейнеоқыту жүйелерін атауға болады. Сондайақ ақпараттық технология негіздерін ұтымды қолдана білу, интернет, электронды пошта арқылы ақпараттармен қамтамасыз ету ақпараттандыру жағдайындағы инновациялық оқытудың негіздерін де айта аламыз. Аталған ақпараттық құрылғылардың мүмкіншіліктері өте мол, қазіргі заман талабына сай инновациялық білім беруге пайдасы зор. Себебі, қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі оқыту үрдісінде бұл мүмкіндіктер кеңінен қолданылып жүр.

Педагогикалық және әдістемелік әдебиетте ақпараттық технологияны білім беру саласында қолданудың бірнеше бағыттары көрсетілген. Олардың ішінде көп қолданылатыны – 4 бағыт:

- компьютер – білім тексеру құралы;
- компьютерлік модельдеуді қолданатын зертханалық практикум;
- мультимедиа-технологиялар, жаңа сабақ түсіретін иллюстративтік құрал;

- дербес компьютер – өзіндік білім алу құралы. Оқытушы білім беру үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуде ақпараттық технологияларды қолдануда өз алдына мынадай мақсаттарды қояды:
- білім алу, біліктер мен дағдыларды бекіту және дамыту кезіндегі адамның танымдық әрекеттерінің барлық түрлерін қолдану;
- оқу үрдісінің бүтіндігін сақтай отырып, дараландыру принципін жүзеге асыру

Оқытуда жаңа және үнемі даму, жетілдіру үстіндегі компьютерлік технологияларды қолдану оқыту әдістемесінің түрлері мен әдістерін түбірімен өзгертеді. Ол үшін алдыңғы кезекте, маманның ақпаратпен жұмыс істеуі үшін компьютерлік сауаттылығы болуы керек. Бағдарламалау біліктілігінің жүйелі қалыптасуы соңғы уақытта пайда бола бастаған электрондық кітаптар мен оқулықтар, интерактивті тақталар және т.б. тиімді пайдалануда игі әсерін тигізеді. Электрондық құрылғылар – білім беру процесін ақпараттандыру құралының бірі. Электрондық құралдардың көмегімен пәндегі теориялық тақырыптар кеңінен беріліп, түсіндіріледі. Әсіресе, практикалық сабақтарды оқытуда электрондық құрылғыларды пайдаланудың басым тұстары көп. Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әр түрлі суреттер, сұлба-тәсілдер арқылы толықтырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түйсініп және оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтіп отырады да материалды қорыту үрдісі ұтымды болады. Сондықтан көзбен көру арқылы есте сақтау қабілеті арта түседі. Нәтижесінде білім алушылардың да сабаққа деген қызығушылығы арта түседі. Электронды оқулықтар ғылыми негізде дайындалған педагогикалық-ақпараттық өнім, оны дайындаудың педагогикалық принциптер жүйесі оқытудың дидактикалық жүйесіне сәйкес келеді. Яғни, электрондық оқулықтар оқыту процесінің автоматтандырылған формасы секілді. Оны төмендегідей бірнеше бағытта қарастыру мүмкіндігі пайда болады.

- Білім үрдісінің бағытталуы тек білімді игеруге ғана емес, сондай-ақ ойлау қабілеті, тәжірибелік дағдыларды өңдеуді дамытуға бағытталады.
- Бір тілді сауаттылық деңгейіндегі білуі мен өзге бір тілді меңгеру ниетін қамтамасыз ету.
- Жұмыстың интерактивті және коммуникативті формаларын қолдануды кеңейту; оқытылатын материалды күнделікті өмір мәселелерімен байланыстыру.
- Білім алушылардың өзіндік жұмысы дағдыларын дамыту.
- Оқыту үрдісінің дифференциялануы мен жекешелігін күшейту.
- Дарынды балалармен жұмысты жалғастыру.
- Тыңдаушыларда білімді қабылдау дағдысын дамыту

Интерактивті әдісте білім алушы да, оқытушы да бір мезгілде оқытудың субъектісі болып табылады. Оқытушы тек оқыту үрдісінің ұйымдастырушысы рөлін ойнайды. Оқу үрдісінің барлық қатысушылары бір-бірімен тығыз байланыста болады, сондай-ақ бір-бірімен ақпарат алмасып өзекті мәселелерді бірлесіп шешеді. Тыңдаушылар өз ойларын ашық түрде жеткізіп, өзге тыңдаушылардың атқарған жұмыстарына баға береді. Тыңдаушылар бір-бірімен іскерлік байланыста болып болашақ маман ретінде алға қойған тапсырманы бірлесіп шешеді.

Қазіргі таңда мұғалімдер іс-тәжірибеде инновациялық технологияларды пайдалану арқылы жақсы нәтижелерге жетіп жүргені аян. Солардың бірі — сын тұрғысынан ойлау. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғанис кезеңдерінен түзіледі. Осы технологияны мұғалімдер әр сабақтың ерекшелігінет қарай лайықтап қолдануына болады. Олар: «бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», т.б.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушының сөздік қорын байыту арқылы тілін дамытуға болады. Қазақ тілін үйрету, білу қазіргі таңда басты мәселе болып отыр. «Тіл дамыту дегеніміз – тілдік норманың жетілу, ширау, даму дәрежесі», -дейді ғалым М. Балақаев. Тіл үйренуде ең басты міндет-оқушылардың сөйлеу тілін дамыту. Тіл дамытудың шарттары:

- 1.Сөздік қорын дамыту.
- 2.Сөйлеудің грамматикалық жағын ескере отырып қалыптастыру.

3. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту.

4. Әңгімелеуге үйрету.

Қазақ тілі сабақтарында бұл мәселені шешу жолдарының бірі әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану, жаңа технологияларды енгізу. Сабақта оқушылардың тілін диалог, монолог арқылы дамытуға болады.


Қазақ тілін оқытудың жаңа технологиясы тілдің коммуникативтік қызметін ескере отырып, оны коммуникативтік танымдық жағынан меңгеруді көздейді. Білім алушылардың қазақ тіліне қызығушылығын арттыру арқылы кез келген жетістіктерге жетуге болады. Егер тәжірибе ғылыми білімдермен толықтырылып отырса, үнемі ізденіске толы болса, оның жаңашылдық деңгейі жоғарылайды, ғылыми шығармашылық қалыптасады. Ізденімпаз оқытушы педагогикалық ақиқатқа жаңашылдық тұрғысынан өзгерістер жасауға мүмкіндігі бар, өзінің кәсіби шеберлігін жүзеге асыра алатын маман. Ондай маман қоғам талап етіп отырған дамушы жаңашыл тұлғаны қалыптастырады. Демек, білім алушының тілге деген құштарлығын оятумен қатар танымдық белсенділігін арттыруға болады. Сондықтан әрбір оқытушы ғылымтехникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды нәтижелі пайдаланып отырса, білім сапасын арттыруға өзіндік үлес қоса алады.

Тіл арқылы қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, болмысы танылады. Мәдени мұраларды меңгеру арқылы оқушылардың эстетикалық талғамы мен мәдени болмысы қалыптасады. Мәдени мұраларды игеру, әрине тіл мүмкіндіктері арқылы жүзеге асады.

Тіл – ұлт пен ұлттың, мемлекет пен мемлекеттің, адам мен адамның ара қатынасының негізгі құралы болып табылады. Сондықтан да мектепте қазақ тілін оқыту маңызды. Ол интеграциялық пән ретінде барлық ғылымдардың тоғысында дамиды. Қазақ тілін жаңа технологиялар негізінде интерпретациялау мен модернизациялау заманауи педагогика үрдісінің кешенді проблемасы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Т.Сартаева Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін мотивациялау. Философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған авторефераты. Алматы, 2019
2. В.М.Глушков История информационных технологии -М:Образование. 2004. -С165
3. Ж.Садуова «Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану». // Білім. Алматы, № 5, 2006ж., (22-24).
4. В.П. Беспалько Слагаемые педагогической технологии. -М.: Педагогика, 1989. -С192
5. Н.Х.Хамзина Қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды қолдану //Білім айнасы. 2019ж



ӘОЖ. 82.72. 01

МАҒЖАН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Ғылыми жетекшісі: Пертаева Эльмира Кулибаевна –ф.ғ.к.

Студент: Нурадинов Еркеғали Аминбайұлы «Қазақ тілі мен әдебиеті»

мамандығы, 3 курс, ҚТ-20-1 тобы

«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа. Мақалада рухани қазынамыздың, мәдениетіміз бен өркениетіміздің жарық жұлдызына айналған Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы қарастырылады. Мағжан өлеңдерінің қыры мен сыры нақтыланып, ақын туындыларына талдау жасалады.

Кілт сөздер: шыншыл ақын, қазақ поэзиясы, азаматтық тұлға, рухани қазына, оқу-білім.

Аннотация. В статье рассказывается о нашем духовном сокровище, культуре и цивилизации. Рассмотрена творчество Мағжана Жұмабаева. Выяснены аспекты и тайны стихов Мағжана, проанализировано творчество поэта.

Ключевые слова: искренний поэт, казахская поэзия, гражданский деятель, духовное сокровище, ученый.

Abstract. The article tells about our spiritual treasure, culture and civilization. The work of Magzhan Zhumabayev is considered. Aspects and secrets of Magzhan's poems are clarified, the poet's creativity is analyzed.

Keywords: sincere poet, kazakh poetry, civil activist, spiritual treasure, scientist.

Қазіргі қазақ әдебиетінде Мағжан әлемінің қыры мен сырын ғылыми-шығармашылық тұрғыдан зерттеу күрделі мәселе болып отыр. Мағжан әлемі туралы жинақталған дерек көздері мен ғылыми жұмыстарын, ғалымдардың зерттеу еңбектерін танып білу, ой қорыту, дерек көздерін жинақтау, саралау зерттеу жұмысының өзектілігі болып саналады. Мектеп оқулықтарында Мағжан шығармаларындағы рухани жаңғыру оқытылмайтын болғандықтан, аталмыш ізденіс зерттеудің көкейкестілігін анықтайды.

Мағжан Жұмабаев – ХХ ғасыр поэзиясының Шолпан жұлдызы. Абайдан кейінгі сыршыл, сезімтал, аса дарынды, өткір тілді, шыншыл ақын. Рухани қазынамыздың, мәдениетіміз бен өркениетіміздің жарық жұлдызы. Өзінің шыққан биігіне, асқан асуына, бағындырған белесіне әр қазақ шығуын тілеген ақын.

Мағжан Жұмабаев өлеңдерін оқи отырып, ақын тек еңсені басар мұңға толы өлең жазып, өмірден ләззат таппағаны ма деген ойға келесің. Ақын ләззатты қайғыдан, мұңнан қарастырады. Бұл сұраққа да ақын өлеңінен жауап тауып көрелік:

Жұрттың қамын көп ойла,
Уайым-қайғы жеп ойла!
Артта қалған сорлы жұрт,
Алға бассын деп ойла, –

дей келе, ақын үшін жұрттың қамын ойлаудан асқан ләззат жоқтығына тоқтам жасайды.

Елдің рухын көтеру, алға басуын, жаңғыруын, шарықтауын мақсат тұтқан ақын болмысынан нағыз патриоттық пен азаматтық тұлғасын көруге болады.

Кітап әпер, оқысын, балаң қолына,
Малды аяма оқу – білім жолына.
Өнер алып басқалармен қатар бол,
Қосыл бірдей адамзаттың тобына! –

деп жырлай келе,

Басқа жұрт балалары оқу қуған,
Біліммен өз жұртының бетін жуған.
Ішіп-жеп жүрсе егер хайуан малдай,

Адамзат жер жүзіне не үшін туған?! – деп жалғасатын «Сорлы қазақ» және «Күз» өлеңдерінде оқу-білімнен мақұрым, надан болған, тек ұйқымен өмірі өткен қазақты «сорлыға» теңейді. Білімді боп бас көтеріп тұрар күн туар ма екен, білімге мойын бұрар ма екен, ең болмаса өз балаңа кітап әперіп, көзін аш деп шыр-пыр болады. Тек оқу-білімнен ғана «адамзаттың» тобына қосылуға болатындығын сөз етеді. «Өнер-білім қайтсе табылар», «Қарағым» өлеңінде де ер жігіттің ыртың-жыртыңға көңіл бөлмей, қатын-сатынға байланбай, қу дүниенің соңынан қумай, көзі ашық жандармен араласып, «Өнер-білім жер астында болсадағы, іздесе оны талпынып, бос қалмаса!» [1, Б.14] деп жол сілтейді. Рухани өсу үшін оқу-білім керектігі баршамызға аян. Бұны айтудан Мағжан ақын еш жалыққан емес.

«Қазағым» өлеңінде де болыстыққа таласқан надан халықты татулыққа шақырып, мектеп пен медреселер салып, біріге көтерген жүктің жеңіл болатындығын еске салады. Тағы да оқу-білімсіз надандықтан ажырамайтындығымызды, әлем бойынша алдыңғы қатарлы ел

болу үшін білім мен бірлік керектігін ерекше атап өтеді. Ал, «Бір күні» өлеңінде «Күшсіздер де тырыссын, қатар болсын!» деген тармаққа ерекше көңілім ауды. Адамзат баласын уықта өрмелеген көк шыбынға теңей келе, күштілердің әлсіздерге әлімжеттік көрсетіп, бар тапқанынан айырылып қалатын сорлыларды суреттейді. Әлсіз адам деп рухы төмен, білімі аз, санасы таяз адамды суреттейді» [2, Б.56].

«Осы күнгі күй», «Мен сорлы» өлеңдерінен білім, даму, өсу, надандықтан арылу керек деп үндеу салған ақын жанының қатты қиналғанын көре аламыз. «Сандалдың: алдың – боран, артың – тұман» деген тармақтар қазақ қоғамына келген үлкен қасіреттің тиген зардабынан сыр шертеді. «Мейірі кең жасаған, құр алақан қалдым ба?» деген сөздерін оқығанда ақын жанын түсініп, көзіңе жас келеді.

«Біздің алдыңғы буын ағаларымыздың үлкен жетістігі, бәрімізге үлгі болатын қасиеті – ұлтжандылығы. Кеңес Одағының қылышынан қан тамып тұрған кезеңде біздің Мағжандай арыстарымыз ұлт үшін ештеңеден тайынған жоқ. Басын өлімге тікті. Олардың азаматтығын жарқыратып көрсетуіміз керек» – деп халық ақыны Мұхтар Шаханов айтқандай, азаматтығын жарқыратып көрсету үшін барымды салам.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұқанұлы Сәбит. «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті», I бөлім. Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі. «Қазақстан» баспасы, 1932 жыл, 209-бет).
2. Берлібаев Б. Отандық тарихи білімнің ғылымға дейінгі даму ерекшеліктері // Қазақ тарихы. –2006. – №4. – 14-15 бб.



ӘӨЖ: 371:3

СТУДЕНТТЕРДЕ АЗАМАТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК НЕГІЗДЕРІ

Тайкеева Д.Р. БОПӘ 20-3 студенті., Фатихова Н.А. магистр, аға оқытушы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аннотация. Закона Республики Казахстан "Об образовании" гласит: "развитие творческих, духовных и физических возможностей личности, формирование прочных основ нравственности и здорового образа жизни, обогащение интеллекта через условия для развития личности..." и в статье 62 говорится, что "родители, воспитывающие ребенка, несут основную ответственность за обеспечение условий жизни, необходимых для его физического, психологического, нравственного и духовного развития в пределах своих способностей и финансовых возможностей"

Ключевые слова: духовное развитие, интеллект, здоровый образ жизни

Annotation. Kazakhstan Republikasyn "Bilim беру туралы" Zanyn 8-babynda bylai dep korsetilgen: "Zheke adamnyn shygarmashylyk, rukhani zhane dene mymkindikterin damytu, adamgershilik pen salauatty omir saltyn berik negizderin kalyptastyru, zheke basynyn damuy ushin zhagdai arkylyin bayyту..." zhane 62-babynda "Bala tarbieleushi ata-analar ozderinin kabileteri men karzhynin mumkindikterinin sheginde onyn dene, psichologiyalyk, adamgershilik zhane rukhani zhagynan damuyна kazhetti omir suru zhagdailaryn kamtamasyz eto usin negizgi zhaupkershilikte bolady" dep aitylgan

Keywords: spiritual development, intelligence, healthy lifestyle

«Білім мен ғылымды өз дәрежесінде меңгерген елдер ғана әлемдік дамудың алдында болады. Ендеше біз халыққа білім беру және ғылымды дамыту, оларды реформалау ісін

қарқынды жолға қоюымыз керек» деп міндеттейді. Сонымен қатар Отанымыздың Мәңгілік Елге – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманына жетуді көздеді. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық» деп көрсетті. Осы Мәңгілік Елдің әлемдегі мемлекеттермен терезесі тең болуы үшін жастарымызда азаматтық сананы қалыптастыру, өз Отанының нағыз азаматы етіп тәрбиелеу бүгінгі күннің басты талабы. [2]

Азаматтық сананы қалыптастыру үшін ең бастысы азаматтық тәрбие беруіміз қажет, ал азаматтық тәрбие дегеніміз не? Бұл - азаматтықты адамға өзін-өзі заңды, әлеуметтік, ізгі және саяси әрекетке қабілетті сезіну мүмкіндігін беретін тұлғалық интегративтік қасиет ретінде қалыптастыру. Азаматтықтың негізгі элементтеріне мыналар жатады: ар-намыс сезімінде, тұлғалық ішкі еркіндікте, тәртіптілікте, басқа адамдарға және мемлекеттікбилікке құрмет және сенім білдіруде, өзінің міндеттерін

орындау, патриоттық, ұлттық және ұлтаралық сезімдерін үйлесімді қиюластыру қабілетінде көрінетін адамгершілік, құқықтық және саяси мәдениет. Азаматтық тәрбие негізгі мақсаты - адамда қоғамдық ізгі мұраттарды, отансүйгіштік сезімін бейбітшілікке ұмтылысын, қоғам игілігіне еңбек ету қажеттілігін тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының "Білім беру туралы" Заңының 8-бабында былай деп көрсетілген: "Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай арқылы интеллектін байыту..." және 62-бабында "Бала тәрбиелеуші ата-аналар өздерінің қабілеттері мен қаржының мүмкіндіктерінің шегінде оның дене, психологиялық, адамгершілік және рухани жағынан дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін негізгі жауапкершілікте болады" деп айтылған [3].

Қазақстан Республикасы - бай тарихи дәстүрлері бар тәуелсіз мемлекет. Қазіргі таңда еліміз үшін азаматтарымыз бойындағы өзіндік қасиеттерге нұқсан келтірмей жаңа қасиеттерді, дербестікті және таңдау мен шешім қабылдау жағдайындағы жауапкершілікке баулу, қоғамдағы тиімділікті арттыруға әсер ететін білім, білік, дағдыларды ұлттық мәдениет аясында, рухани-адамгершілік негіздерін қалыптастыру мәселесі тұр. Білім беру жүйесі арқылы ғана оқыту мен тәрбиелеудегі жеке тұлғаға бағытталған жұмыс нәтижесінде студенттердің белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға, олардың азаматтық міндеттерінің және өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын көтеруге болады.

Оқу-тәрбие барысында адамгершілікке, патриоттық, азаматтыққа тәрбиелейтін пәндердің ең бастысы -ана тілі, тарихи оқиғалар. Ол шәкірттерде отансүйгіштік, ұлтжандылық, идеалдық сенімдерін қалыптастырады. Тәуке, Жәнібек, Абылай, Кенесары сынды хандарымыз, Қабанбай, Бөгенбай, Сәмен, Рысбек, Қойгелді, Райымбектей қолбасшыларымыз, Аңырақайдағы шайқас (Ол – қазақтың Бородиносы. Бұл 300 жылдық соғысты Ұлы Отан соғысы деп тегін айтпайды), Төле би, Қазыбек би, Айтеке би тағы басқалар туралы тарихи деректер жастарымыздың рухани байлығын кеңейтіп, қоғамдағы орнын түсінуге көмектеседі. Күреспен, құрбандықпен және бабаларымыздың батырлығының арқасында еріскен жетістіктердің бәріне, өскелең ұрпақта, оларға құрмет пен қарауға және ізгі тілек- ниеттерін оятады.

Студенттерді тек пәндер арқылы емес, басқада оқудан тыс, үйірме жұмыстарында да адамгершілік тәрбиеге баулуға болады. Оған бірінші курс студенттерінің, аудиториядан тыс кураторлары және тәрбие жұмысы бойынша проректор басқада жетекшілердің этикалық әңгімесі, моральды-этикалық жиындар, пікір-сайыстар тағы басқалар жатады.

Жастардың адамгершілік тәрбиесінің мазмұны университеттегі пәндер, аудиториядан тыс өткізетін іс-шаралар арқылы қалыптасады. Осы өткізілетін сабақтар, іс-шаралар неғұрылым маңызды, студенттердің көзқарастарына, қазіргі заман талаптарына сәйкес қонымды болса, олар соғұрлым жастарды адамгершілікке тәрбиелеуге зор ықпал

жасайды

Егеменді демократиялық-азаматтық қоғамды құру барысында Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялап, өркениетке бағыт алған кезден бастап ақ болашақ жас ұрпақты мәдениетті, білімді, рухани интеллектуалдылығы жағынан жоғары етіп тәрбиелеудің мазмұнын түбегейлі жаңартуды көздеді. Осы айтылғандардың ішінде қазіргі жоғарғы оқу орындарының, қалаберсе жалпы білім беру мектептерінің алдындағы ең маңызды міндеттердің бірі - адамгершілік тәрбиесі арқылы жастардың бойында азаматтық сананы, азаматтық айқындамасын қалыптастыру.

Азаматтық тәрбиесі қай заманда болсын адамзат алдындағы ізгі қасиеттердің бірі болып табылады. Кезінде орыстың ұлы жазушысы Н.А. Некрасов өзінің «Поэт и гражданин» еңбегінде былай деген еді: «Ақын болмауың мүмкін, бірақ азамат болуға тиіссің». Бұл жағдай өзінің ісін, өмірін жалғастыратын ұрпағын салауатты, саналы адамгершілікке, имандылыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеуді қазіргі жаңа демократиялық-азаматтық қоғамды құру кезеңінде өте маңызды, әрі қажетті, шешуді күттірмейтін мәселе болып отыр. Себебі адамгершілік тәрбиесі азаматтық сананы қалыптастыруда өзінің педагогикалық, психологиялық мәнділігімен ерекшеленеді. Оны қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігінде адамгершілік тәрбиесі ұғымына берілген сипаттамадан көруге болады. Атап айтқанда, адамгершілік тәрбиесі - болашақ жас ұрпақты белгілі бір мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, жалпы адамзаттық құндылықты тиімді пайдалануға бағытталған жалпы азаматтық тәрбиенің құрамдас бір бөлігі.

Ал қазіргі нарық билеген мына заманда жоғарыда көрсетілген адамгершілік қасиеттердің қоғамда көрініс алмауы, керісінше, қоғамға жат теріс мінездердің көптеген белең ала бастағанына біздер куә болып отырмыз. Алайда, қазіргі орын алып отырған келеңсіз жағдайлар (кейбір үкімет басшыларының сыбайлас жемқор болып кетулері, тұрмыстық қайшылықтар, күн сайын туындап отырған қымбатшылық, жұмыссыздық, нашақорлық т.б. жастарға ықпал етпей тұрмайды, алайда, осындай жағдайлар жат қылықтардың (адамға деген қатыгездік, мейірімсіздік, зұлымдық, күншілдік, құбылмалы мінезділік, өзіне-өзі сын мінезбен қарамаушылық т.б.) жастардың бойында қалыптасуына себеп болып отыр.

Сондықтан бүгінгі таңда білімнің Мемлекеттік стандартына сәйкес Республика мектеп және жоғарғы оқу орындарында білім беру мен тәрбиенің мазмұнын түбегейлі жаңарту керек. Осыған орай қазіргі мектептегі білім беру жүйесіндегі тәрбиенің мақсаты оқушыларды рухани бай, саналы, жан-жақты мәдениетті, ілтипатты болуға, нағыз азамат патриот, еңбекқорлыққа икемді және бәсекелестікке бейім тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр.

Тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қоғамның жас ұрпақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі терең сезіліп отырған бүгінгі таңда оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру бағытында барлық ресурстар толық қолданыс таппай келеді.

Оқытудың түпкі мақсаты – оның сапалы, яғни сабақтың түрлері мен әдістерін, мазмұнын жетілдіруге әдіскерлік, танымдық, білімдік, тәрбиелік жағынан сапалық жаңа деңгейге көтеру. Оқытудың тәрбиелік қызметі мен практикалық бағытын күшейту де осы міндеттерден туындайды.

Өндірістік қатынастар дамыған заманда, жастардың бойында азаматтық сананы қалыптастыру жүйесін ары қарай дамыта түсу педагогтардың міндеті.

Орыс педагогы В.А.Сухомлинский: “Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл ойдың қалыптасуы мүмкін емес,” - десе [4], ғалым Е.А.Покровский өзінің балалардың ойынына арнаған еңбегінде әрбір халықтың ойын туралы түсінігіне сипаттама береді [5]. Мысалы: ежелгі гректерде “Ойын” түсінігі балалардың қимылы деген ұғымды білдіреді, ал еврей халқында қуаныш шаттық сезімдерін сипаттайды – деп, барлық халықтың ойын түсінігінің түп - тамырының сабақтасып

жатқандығы туралы тұжырым жасайды.

Ойын – таным процесін дамытудың негізі болғандықтан әрбір педагог-мұғалім оқыту мен тәрбие берудің мазмұны үнемі ойын элементтерімен толықтырып отыру қажет.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр Әль Фараби өзінің “Бақыт жолында” атты философиялық шығармасында адамның танымын дамыту арқалы ғана оны бақыт жолына жетелеуге болатындығына тоқталса, ұлы Абай өзінің 43 қара сөзінде баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытпаса, оның өзі із-түссіз жоғалып кететінін айтады. Ағартушы ұстаз Ы. Алтынсарин өзінің көптеген еңбектерінде таным әрекетінің негізі – оқу, білім деп тұжырымдайды [6].

Жастардың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, оларда оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да – үлгі өнеге болып саналады.

Қай ғалымды алмайық өздерінің тәрбие туралы еңбектерінде: ”үлкендердің үлгі өнеге болуы ғана жастарға әсер етеді”[7] деген сипаттама өмірлік тәжірибеге дәл келеді, жастар үлкендердің айтқанынан көре істеген іс-әрекеттерін амалда қайталайды, сондықтан мейлі ол педагог болсын, әлде ата-ана олар көркем мінез үлгісі бола алуы тиіс.

Ұстаз ойынға тек қана студенттерді қызықтырып, уақыт өткізудің құралы деп қарамай, оларға берілетін танымның, білім мен тәрбиенің құнды негізі деп қараса үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, мақсатына жете алады.

Бұдан шығаратын қорытынды ойын мақсаты дұрыс таңдалып, сауатты түрде ұйымдастырылғанда ғана жастар танымының дамуына, азаматтық санасын дұрыс қалыптастыруда, рухани адамгершілік тәрбие алуына жағдай жасайды.

Әдебиеттер тізімі.

1. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан жалпыұлттық республикалық газеті. №221 (28444), 12 қараша, 2016 жыл.
2. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2050 - Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы // Егемен Қазақстан жалпыұлттық республикалық газеті. 17 қаңтар 2017 жыл. №25 (28444).
3. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы // Егемен Қазақстан. – 2016, 15 тамыз. - 5-8 б.
4. В.А. Сухомлинский. Балаға жүрек жылуы. –Алматы: РБК, 2016,-193 б. 5.
- 5.Ткаченко Н.Ю. Гражданское сознание воспитываем делом. // Интерактивное образование. Электронная газета. выпуск 20, декабрь 2018.
6. Ы.Алтынсарин . Шығармалар жинағы 3 томдық. 2-том. –Алматы, 2016. -302 б.
7. Ы.Алтынсарин . Шығармалар жинағы 3 томдық. 3-том. –Алматы, 2017. -321 б.



ӘОЖ 37.012

БОЛАШАҚ МАМАНДАР ДАЯРЛАУДА АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Сапарбаева М. БОПӘ 20-3 студенті.,Фатихова Н.А. магистр, аға оқытушы
Шерхан Мұртаза Халықаралық Тараз инновациялық институты**

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың біліктілігін көтеру – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр. Сондықтан педагог мамандардың біліктілігін көтеруді ақпараттандыру туралы тұжырымдама, стандарт және оқу- тақырыптық жоспарларын жасақтау қажет. Аталған қажеттілікті шешу барысында педагог мамандардың

біліктілігін ақпараттық технологияны өз қызметтеріне пайдалану саласы бойынша тұжырымдама, модульдік жұмыс бағдарламалары жасақталды. Сонымен бірге білім беруді ақпараттандыру жайында педагог мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілетті қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Ал, қазіргі таңда жоғарыда аталған мәселе қалай жүзеге асырылып жатыр деген сауал туындайды. Әсіресе, мемлекеттік тілде осы бағыттағы мәселелер әлі де жеткілікті деңгейде емес. Психологиялық-педагогикалық ғылымда өңделген қызмет принципіне сәйкес болашақ педагогтарының жеке тұлғаларының шығармашылық қасиеттерінің дамуы тек қоғамдық тәжірибені меңгеру, педагог мамандардың өздерінің белсене қызмет етуі арқылы жүзеге асатын меңгеру негізінде ғана жүре алады. Адамзат мәдениетінің қол жеткізулеріне ие болу үшін әр жаңа ұрпақ осы қол жеткізулер үшін істелген қызметке ұқсаса қызметті жүзеге асыру керек. Осыған байланысты педагог мамандардың манмандандырылған қызметіне сәйкес оқу қызметін ұйымдастыру маман даярлау жүйесінің қажетті кешені болып табылады. [1].

Қоғамда ақпараттандыру есептеу техникасы құралдары кеңінен таралуымен байланысты, оқу процесін ұйымдастыруға, сол сияқты білім берудің мазмұны өзгертуге де елеулі ықпал етеді. Білім беру жүйесіндегі қайта құрулардың негізгі субъектісі – мұғалім. Қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалімдер қажет. Ол бір уақытта педагог-психолог және оқу процесін ұйымдастырушы технолог бола білу керек. Компьютердің мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту мәселелеріне талдау жасасак, психологияның, педагогиканың іргелі оқыту теориясынан психологиялық-педагогикалық, әдістемелік мәселелер туындайды. Орта мектепте информатиканың жеке пән болып оқытылуы, көптеген педагогикалық ізденістермен ғылыми - әдістемелік еңбектердің туындауының жандана түсуіне алып келді. Информатиканың қазіргі қоғамдағы алатын орнын, ерекшеліктерін ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздеуге арналған көптеген ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі заманғы оқыту интеллектуалдық ерекшеліктеріне сүйене отырып білім беруді қажет етеді. Жаңа технологиялар – педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Сыртқы эффектіні қуып кетпей, оқыту программасының тек сыртқы емес, ішкі тиімділігіне көп көңіл бөлген дұрыс. Компьютердің сызбалық мүмкіндігінің молдылық дәрістік экспериментті бояулы суреттермен, сызбалармен, кестелермен байыта түсуге жол ашады, оларды есеп шарттарына да пайдалануға болады. Компьютерді мұғалім қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұндай мәліметтерде физикалық формулалар, физикалық шамалардың өлшем бірліктері, графиктер, схемалар, иллюстрациялар, физикалық құбылыстардың динамикалық бейнесі, тәжірибеге арналған құрылғылардың тізімі, аспаптардың сипаттамалары және т.б. жатқызуға болады. Мұғалім араласпай-ақ, оқушылар өздері меңгеруге тиісті ақпараттар беріледі. Қажетті ақпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уақыт үнемдейді, қарастырып отырған кезеңде ақпараттың толықтығын жоғарылататын, ақпараттық – анықтамалық жүйе құрамында электрондық құрылғылармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. [2].

Білім беруді ақпараттандыру – бұл ақпараттық – коммуникациялық технологияның құралдарын білім беру саласына қолданудың методологиялық және тәжірибелік құндылықтарын зерттеп, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мақсаттарына бағыттап қамтамасыз ету процесі. Бұл процесс мына бағыттар бойынша жетілдіріледі:

- білім беру жүйесінің басқару механизміндегі ғылыми-педагогикалық ақпараттар мен ақпараттық - әдістемелік материалдарды автоматтандыру

арқылы оның қолданылу аясын жетілдіру және басқару ісіне коммуникациялық желілерді қолдану;

- ақпараттық қоғам жағдайында жеке тұлғаның даму бағыттарының міндеттерін негізге ала отырып, оқытудың мазмұны, әдістерімен оны ұйымдастыру формаларын таңдау мен оның методологиясын жетілдіру;
- үйренушінің интеллектуалдық қабілетін дамытуға, өздігінен білім алуға, түрлі ақпараттарды өздігінен өңдеу сияқты әрекеттерге бағытталған оқытудың әдістемелік жүйесін ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы құру;
- үйренушінің білім деңгейін бағалау мен бақылау әдістерін талдау бағытында компьютерлік тестілеуді құру мен оны қолдану.

Білім беруді ақпараттандыру процесі жағдайында жеке тұлғаның интеллектуалдық, қоғамдық, экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық сияқты іс-әрекеттерін түрлі салаларға қолдану арқылы құзырлықтарын қалыптастыру негізгі талаптардың біріне айналады.

Енді біз ақпараттық - коммуникациялық құзырлық дегеніміз не? Деген сауалған жан-жақты тоқталайық. «Құзырлылық» ұғымы латын тілінен «сотрею» аударғанда «жасай алу» деген мағынаны білдіреді. ЮНЕСКО глоссариінде мынадай анықтама берген: құзырлылық – бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын проблемалар мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілік. Стенфорд комиссиясының директоры Г. Вайнер құзырлылықты адамның белгілі бір әрекеттер аймағына сәйкес бағыттылығы ретінде қарастырады. Ал белгілі ғалым М.М.Чошанов құзырлылықты білім, білік, дағдының өзара байланысы деп қарап, оның төмендегідей формуласын ұсынады: білімді қолданудың жылдамдығы, әдістердің оралымдылығы, ойлаудың сынаулығы. Аталған анықтамадан кейін біз ақпараттық құзырлылық дегеніміз не? Анықтамасына тоқталайық. Ақпараттық құзырлылық – бұл оқу, тұрмыс және кәсіби бағыттағы міндеттерді шешуде ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті.

Әдебиеттерде «ақпараттық құзырлық», «компьютерлік құзырлық» терминдері жиі кездеседі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның жеделтетіп дамуына байланысты «ақпараттық-коммуникациялық құзырлылық» деген терминді қолдану тиімді. Ақпараттық-коммуникациялық құзырлылық – бұл адамдардың кез-келген проблема мен міндеттерді компьютермен, ақпараттық құрылғылармен және телекоммуникациямен шешу қабілеті. [2].

Ақпараттық қоғам жағдайында педагог мамандардың ақпараттық – коммуникациялық құзырлығын қалыптастыру көрсеткіштері төмендегідей:

- білім беру жүйесінің әлемдік ақпараттық кеңістікке саналы түрде енуін қамтамсыз ету;
- ақпараттардың шексіз көлемі мен осы ақпараттарды аналитикалық түрде өңдеуге қамтамсыз етуге даярлау;
- ақпараттық ортада жеке тұлғаның шығармашылық сапасын дамыту мен қалыптастыру және өзіндік ақпараттық ортаны құру дағдыларын қалыптастыру;
- ақпаратты ортада коммуникативті мәдениетті қалыптастыру;
- ақпаратты ортада өзара байланыс қымметтерін қалыптастыру;
- ақпараттық ортада ақпаратты алу, таңдау, сақтау, қабылдау, түрлендіру, жіберу және бір-бірімен сабақтастыру мәдениеттерін қалыптастыру;
- интерактивті телекоммуникациялық технологияларды (интернет, қашықтықтан оқыту және т.б.) қолдануға даярлау;
- ақпараттық-білімдік ортаны модельдеу мен жобалау қабілетін қалыптасытыру және осы дағдыны өзіндік кәсіби қызметерін қолдануға даярлау.

Қазіргі жағдайда мұғалімнің ақпараттық-коммуникациялық құзырлығы кәсіби мамандықтың құрамды бөліктері болып табылады. Сондықтан бұл мәселе мектепке болашақ мұғалімдерді даярлаудың көкейкесті мәселелерінің бірі ретінде айқындалады. Ол мына мәселелерді қамту керек:

- ақпараттық – коммуникациялық құзырлылықты қалыптастырудың кезеңдері қандай?

- ақпараттық – коммуникациялық құзырлылықты қалыптастырудың мазмұны мен құрылымы қандай?

- Қандай деңгейде ақпараттық – коммуникациялық құзырлылық қалыптасуы мүмкін?

Мамандардың біліктілігін арттыратын жүйе бойынша негізгі қойылған міндеттерді жүзеге асыруда. Ақпараттық – коммуникациялық технология саласы бойынша мамандардың дайындығын жетілдіру үшін келесі бағыттар іске асырылуы қажет екенін жасақталған тәжірибелер негізінде байқадық:

- педагог мамандардың ақпараттық мәдениетін қалыптасытуды қамтамасыз ететін дайындық өткізуді жетілдіру;

- қашықтықтан оқыту технологиясын біліктілікті арттыру жүйесіне енгізу мәселелерін байқаудан өткізу және оны ендіру;

- біліктілікті арттыру жүйесін вертуальды консалтингтік қызметті енгізу моделін жасақтау және оны ендіру;

- мектеп басшылары мен мектеп пәндерінің мұғалімдерінің практикалық қызметіне қолданылатын қолданбалы программалық құралдарды жинақтау банкісін толықтыруды жалғасыту.


Үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесі – бұл көп деңгейлілігімен, ізгіліктілігімен, көпсатылығымен және ашықтығымен ерекшеленетін даму жүйесі. Сонымен, институтта ақпараттық-коммуникациялық технология саласы бойынша ұйымдастырылған курстардың негізгі мақсаты білім беру қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін ақпараттық мәдениетті қалыптасытудымен байланыстыруға бағытталған. Басқаша айтқанда, курсты ұйымдастыру барысында тыңдаушының өздігінен білім алуына және өзін-өзі дамуына жағдай жасау арқылы білім сапасын көтерудің негізгі шарттарының біріне айналып отыр. [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхамбетжанова С.Т., «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту»

2. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2016 жылға дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.

3. Қазақстан республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы.



ӘӨЖ 159.922.72

БАЛАҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МОТИВАЦИЯ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Ғылыми жетекшісі: Рзатай Айнұр Қуатқызы – магистр, оқытушы

Студент: Анипова Асемай Ержанқызы, Абдисаламова Алифа Хилалатдин қызы –

«Бастауыш оқыту педагогикалық әдістемесі» БББ, 3 курс, БОПӘ-20-1 тобы

«Педагогика» факультеті, «Жалпы педагогика» кафедрасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа. Мақалада алынған ақпараттар бала бойындағы күйзелістің шығу деңгейлерін анықтау барысында қолданылады. Қазіргі заманғы философтар, педагог-психолог ғалымдардың еңбектері қарастырылып, олардың психологиялық маңызды ой-пікірлері зерттеуде нақтыланған. Көптеген шетелдік ғалымдардың еңбектерін тілге тиек ете отырып, олардың өзара байланыс ерекшеліктері анықталған.

Кілт сөздер: Психология, бала психологиясы, контекст, әңгіме айту, диалог, эгоцентрика, ситуациялық сөз, монолог.

Аннотация. Информация, полученная в статье, используется в процессе определения уровней стресса у детей. В исследовании рассматриваются работы современных философов, ученых-педагогов-психологов, уточняются их психологически важные мысли. Путем перевода на язык трудов многих зарубежных ученых определены особенности их взаимосвязи.

Ключевые слова: Психология, детская психология, контекст, пение, диалог, эгоцентризм, ситуационная речь, монолог.

Annotation. The information obtained in the article is used in the process of determining the levels of stress in children. The works of modern philosophers, pedagogic-psychological scientists are considered, and their psychologically important thoughts are specified in the research. By translating the works of many foreign scientists into the language, the peculiarities of their interrelationship have been determined.

Key words: Psychology, child psychology, context, singing, dialogue, egocentricity, situation speech, monologue.

Психология – адам мен адамдар топтарының психикасы мен психикалық әрекетінің пайда болуы, дамуы және қызмет ету заңдылықтарын зерттеу.

Бала психологиясы – баланың психикалық даму заңдылықтарын зерттейтін психология саласы. Неміс ғалымы В.Прейер – бала психологиясының негізін қалаған. Баланың жүйке жүйесінің дұрыс жетілуі – психологияда бала дамуының маңызды шарты болып табылады. Балалар психологиясы білім саласында педагогикалық ғылыми негіздердің құрамына енеді. «Егер педагогика адамды барлық қарым-қатынаста тәрбиелегісі келсе, – деп жазды К.Д. Ушинский, – ол ең алдымен оныда барлық қарым -қатынаста білуі тиіс». Педагогиканың негізгі міндеті – балаларды жан-жақты дамыту, оларды тәрбиелеуді қамтамасыз ету, қоғамда өзін-өзі бейімдеуге үйрету. Бұл міндеттерді орындау үшін бала дамуы жалпы заңдылықтарын, оған ықпал ететін, педагогтар қолданатын тәрбие құралдарымен әдістерін білу керек.

Мектепке дейінгі балаларда көптеген өзгерістер байқалады. Мысалы: бақылау, қарау, ізденіс, қабылдау, тіпті сөйлеу дамуыда өзгереді. Бала әр түрлі объектілерді белсенді қолдана бастайды. Түрлі құбылыстарды, заттардың қасиеттерінен өзіне керегін бөліп алып олардың басқалардан қандай айырмашылығы бар екендігін ажырата алады, сол арқылы бала психологиясында ойлау қабілеті терең дамиды. Ойлау жолы – негізгі әрекеттік ойлаудан негізгі образдық және кезең соңында сөйлеу сөздік ойлауға ауысады. Білім алу балалар ойлауын дамытудың міндетті шарттарының бірі болып табылады. Жалпы білім алу кезеңінде балалар тікелей үлкендерден, ал өзгерулерін үлкендердің жетекшілігі және бағыттауы арқылы өз бақылаулары мен іс-әрекетінің тәжірибесі арқылы алады.

Егер бала өз іс-әрекетінің дұрыс болуына әсер еткен жағдайда, үлкендер берген тәжірибе мен өз ойларын ажырата білмейінше үлкендердің түсіндіруін ұқпайды. Бұл дегеніміз – баланың ойлау іс-әрекетінің қалыптасуы мен жетілуіне себеп болады [1].

Бала психологиясының даму кезеңінде оларға көптеген мотивациялық іс-әрекеттер және мотивациялық сөздер міндетіміз болып есептелінеді. Себебі кез-келген мотивация арқылы бала деңгейі жоғары дами бастайды. Балаға сәтсіздіктен аулақ болу жолдарын емес, сол сәтсіздік кезеңінде қалай шығу жолдарын дамытқан дұрыс. Бұл жерде мотивацияның алатын орны үлкен. Себебі мотивация болмай бала өзін-өзі бағалауды үйрене алмайды. Тіпті үлгерімі төмен балалар үшін де, бұл беделді мотивация дамымайды. Мектепке дейінгі баланың ойлауында төмендегідей ерекшеліктер пайда болады:

- Бес жастағы балада мәселені шешу сөзік формада беріледі.
- Соған байланысты баланың орындайтын әрекеті өзгереді.
- Әр түлі жағдайдың әсер етуінен ойлау үрдісі өзгереді.
- Көрнекілік амалдық ойлау жоққа шығарылмайды жоғалыпта кетпейді. Ол балада жинақталып тұрған қор сияқты болып тұрады.

- Баланың ойлауының дамуына кез-келген іс-әрекет әсер етеді. Бұл іс-әрекеттер баланың сана сезімінде өзінше із қалдырады. Себебі бала психикасының өзі бала іс-әрекетінің барысында дамып, қалыптасып тұрады. Іс-әрекеттен тыс тіршілік болмайтындығы секілді, іс-әрекетсіз психика дамымайды. Іс-әрекеттің түрлері ойын, оқу, еңбек әр түрлі формада белгілі мақсат пен міндеттерге бағытталып отырады. Мысалы: баланың ойлау қабілеті даму үшін түрлі шарттары бар дидактикалық ойындардың маңызы зор. Сондықтан ата-аналармен тәрбиешілер тиісті талаптарға сәйкес ұйымдастыра білуі қажет.

Психологтардың айтуы бойынша, балаға қай тілде қарым қатынас жасаса сол тіл шын мәнінде бала үшін ана тіліне айналады. Алдымен балада сөйлеудің дыбыстық жағы дамиды. Баланың бес жасында **контексті** сөйлеуге көшуге мүмкіндік береді. Бала сөздік қорына үлкен сөздерді игеріп, тілдің грамматикалық жағын меңгереді. Жалпы мектепке дейінгі кезеңде бала үлкен адамдарға тиісті ауызша сөздердің және сөйлеудің барлық түрін меңгереді.

Әңгіме айту дағдысы қалыптасады. Ол үлкендерге көзбен көргенін ғана жеткізіп қоймай, сонымен қатар сол нәрселерге байланысты алған әсерін жеткізеді. Достарымен қарым – қатынас кезінде **диалогты** сөйлеу қабілеті дамиды.

Эгоцентрикалық сөйлеу балаға әрекеттерін жоспарлап, түйіндеуге көмектеседі. Бала алдына жоспар құрып оның міндеттерін орындау ретін талқылайды, сөздердің жаңа түрлерін қолдану, қысылмай жеткізу осы кезеңдегі балалардың жаңа қарым-қатынасына байланысты.

6 жасқа келгенде бала сөйлеу қабілеті жоғарылап, айтатын сөздерінің қоры күрделеніп ана тіліндегі сөйлеудің негізгі өзгешеліктерін меңгереді. Мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшеліктері дұрыс сөйлеу дағдысын жаттап отырмайды, бір ережеге мән бермейді, зат есім, сын есім, жұрнақ, жалғауды білмейді. Мектеп жасына дейінгі балалар күнде сөйлейтін сөздерін өзінің қоршаған ортасындағы адамдарға еліктей отырып, үйренеді. Сондықтанда баламен қарым - қатынас орнатқанда дұрыс сөздер айтып, әрі сөйлесіп оған түсінікті тілде жауап қайтаруы керек. Осы жаста баланың белсенді сөзінен белсенді емес сөзі жоғары болады.

Бала сөзді қалай естиді солай жеткізеді, әрі айтады. Баланың тілдік қабілетін дамытуда тәрбиешілердің рөлі ерекше. Мысалы: бала тәрбиешінің әр сөздерінің ырғағын (интонациясын) мәнерін істеген іс-әрекетін қайталайды. Бала 7 жасқа толғанда үлкендермен қарым-қатынас жасағанның арқасында, ситуациялық сөзді меңгереді [2].

Ситуациялық сөз дегеніміз – тек өз арасында отырған адамдарға түсінікті, ал сырттан келген адам бұл жағдайда түсінбейтін түсініксіз әрекет. Ситуациялық сөйлеуге қасиет болжалдап қана түсінуге болатын бастаушы түсіп қалған сөз. Бірақ ол көп жағдайда есімдікпен ауысады, яғни «ол, олар» деген сөздерді пайдаланады.

Баланың тілін дамытуда жұмбақ шешу, ертегі айту, тақпақ жаттаудың маңызы зор. Бала бес жастан бастап әңгімені өз бетінше құрастырып, айтып береді, нәтижесінде **диалогты** және **монологты** сөздер қоры дамиды. Баланы қоғамға жан-жақты етіп дайындау үшін оқытудың маңызы зор.

Бізді қоршаған әлемде болып жатқан оқиғалардың заңдылықтарын үйрену және түсіну адамның өмір сүруі үшін маңызды, ал табиғат білім алу процесін рахатқа бөлетін механизмдерді жасады. В.Шенкевич жазғандай, білімге деген қажеттілік денеде жаңа дағдыны меңгеру кезінде пайда болатын бақыт гормонының бөлінуімен күшейеді. Дегенмен, көптеген балалар білім алғысы келмейді. Бала неге оқығысы келмейді? Психолог, педагог, жазушы Шамиль Ахмадуллин «Балалар мотивациясы. Баланың оқуға деген ынтасын қалай ояту керек» деген тақырыпта оқуға деген қызығушылықтың жоғалуының келесі себептері келтірілген: Оқу материалын меңгерудегі қиындықтар. Бұл дамудың артта қалуынан, нашар оқытудан, үй тапсырмасын орындау кезінде тақырыпты жеткіліксіз меңгеруден туындауы мүмкін. Сәтсіздіктен қорқу. Қорқыныш балада үйдегі сәтсіз тәжірибеден (шамадан тыс сын, айғайлау, физикалық жазалау) немесе мектепте (мұғалім айқайлады, сыныптастары мазақ етті) пайда болады. Баланың өзін-өзі бағалауы төмендейді, ол өзінің қабілетті екеніне

сенбейді. Табысты оқуға. Оқудан саналы түрде бас тарту. Оның себебі ата-анамен келіспеушілік (бала ата-анасына қарамай оқымайды), үйдегі қолайсыз жағдай (үлкендер арасындағы кикілжің), күнделікті жоспар мен үйдегі тәртіптің болмауы (балалар ойын-сауыққа алаңдайды), дамымаған дербестік (барлық тапсырмаларды ересектермен бірге орындау үшін қолданылады). Отбасында мотивация тұтқаларының болмауы. Бұл жетістіктер үшін көтермелеудің болмауынан, нашар бағалар үшін жаза мен сөгістің болуымен байланысты. Көбінесе ата-аналар мен мұғалімдер оның оқу қабілетіне сенбесе, баланың оқуға деген қызығушылығы жоғалады. Оқуға деген қызығушылықтың жоғалуы себебі де болуы мүмкін: баланың жасының жеткіліксіздігі; шамадан тыс талаптар, ата-ананың қысымы; мұғалімдермен немесе студенттермен қақтығыстар. Оқуды қаламау баланың денесінің физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін. Балалар неврологиясының докторы, профессор Ливен Лагаенің айтуынша, балалардың 5%-ы оқуда ауытқушылықты сезінеді. Оқуға деген қызығушылыққа не әсер етеді? Психология түсіндіргендей, студент орындалмаған үміттерге байланысты көңілі қалуы мүмкін. Бұл ата-аналар мектеп жасына дейінгі балаға мектептің қалай жұмыс істейтінін түсіндірмейтін, мінез-құлық ережелерін талқыламайтын, қызықсыз болып кетсе не істеу керектігін ұсынбайтын отбасыларда болады. Ата-аналар жетістіктерді жеткілікті түрде мадақтамай, баланы сынай отырып, оқуға деген қызығушылықты төмендете алады [3].

Психолог Анна С.К. түсіндіргендей, жас студенттер физикалық тұрғыдан сынды қабылдай алмайды, олардың миы тек мақтауға жауап береді. 8-9 жаста балалар физиологиялық тұрғыдан өз қателерінен сабақ ала алмайды. Сыни хабарламаларға эмоционалды реакция 12-13 жас аралығындағы балаларда пайда болады. Тек осы жастан бастап оқушылар өз қателерінен қорытынды жасап, пайда көре бастайды. Психолог Михаил Лабковский дені сау, үйлесімді дамыған бала жай ғана баға алуға мүдделі емес деп санайды. Бірінші сыныптарда толқу балаларды жұлдыздар мен шарларды алуға итермелейді (бала бәсекелес ортаға түседі). Бірақ кейінірек ол күнделіктегі гүлдену үшін үй тапсырмасын орындау, мысалы, бейне ойын ойнаудан гөрі қызық екенін түсінеді. Бұл оқуға деген қызығушылықтың жоғалуына әкеледі. Баланы оқуға ынталандыру бойынша ұсыныстар. Оқуға деген қызығушылықты ояту үшін баланы білім алуға ынталандыру қажет. Оқу мотивациясының қандай түрлері бар? Қазіргі психология сыртқы және ішкі мотивацияны ажыратады. Сыртқы мотивация – бұл ата-ананың балаға белгілі бір әрекеттерді орындауға ынталандыру үшін жасайтын әрекеті. Бұл формаға мақтау, марапаттау, жазалау немесе мадақтау кіреді. Көптеген ата-аналар марапаттау арқылы оқуға деген қызығушылықты оятуға тырысады. Тәжірибе көрсеткендей, бұл әдіс тиімсіз. Психолог және автор Альфи Кон «Сыйақылармен жазалау» кітабында ата-аналар марапаттарды пайдаланған кезде, олар баланың мінез-құлқын баланың қалағанын немесе қажет ететінін бақылауға тырысатынын түсіндіреді. Содан кейін ол қалағанын алу үшін қойылған талаптарды орындауы керек, бірақ тапсырманың өзін орындауға қызығушылық жоқ. Сыртқы мотивацияны пайдалану кезінде бала оқу сәттерін мақсатқа жетудегі жағымсыз кедергі ретінде қабылдайды. Ішкі мотивация – бұл ынталандыру сыртқы жағдайларға емес, әрекеттің мазмұнына қатысты болса. Ішкі мотивациямен бала марапаттауды немесе мадақтауды емес, білім алу процесі үшін үйренеді: ол процеске құмар және одан ләззат алады. Ішкі мотивацияның арқасында балаларға қиындықтарды жеңу және оқуда жақсы нәтижелерге жету оңайырақ. Баланы оқуға қалай ынталандыруға болады? Баланың оқуға деген құлшынысын қайтару үшін ата-ана өз беттерімен жұмыс істеуден бастау керек: Өз талаптарының негізділігін өлшеу. Барлық балалар, олардың қабілеттері, денесінің ерекшеліктері сияқты бірегей. Егер бала тақырыпты жақсы түсінбесе, оны сізге қажетті нәтижелерді көрсетуге мәжбүрлемеу керек. Нәтижесінде қысымның салдарынан бала бұрын ұнататын пәндерге деген қызығушылығын жоғалтады.

Баланы өзіңізден төмен түсірмеңіз, ынтымақтастықта болыңыз. Студент неғұрлым үлкен болса, соғұрлым қарым-қатынас тең болуы керек. Оның болашақ өмірінің жоспарларын құру және талқылау, болашақ мамандығы туралы айту, есейген кезде немен айналысқысы келетіні туралы айту. Балаңызға таңдау еркіндігін беріңіз. Балаңызды

қызықтыратын тақырыптарға назар аударыңыз. Мысалы, егер ол шет тілдерін жақсы меңгерсе, тіл үйірмесіне баруды немесе мамандандырылған лагерге баруды ұсыныңыз. Балаларды оқуға ынталандыру үшін мына кеңестер берілген: Оқыту қызықты және қызықты екенін көрсетіңіз. Онымен танымдық ойындар ойнаңыз. Позитивті көзқарас қалыптастырыңыз. Балаңыз үй тапсырмасын орындаудан бас тартқан кезде оған айқайламаңыз, салқын және сабырлы болыңыз. Егер сізге түсініктеме беру қажет болса, оң пікірлерден бастаңыз, содан кейін қажетті ойларды сабырлы үнмен айтыңыз. Әңгімені оң нотамен аяқтаңыз. Мысал көрсет. Әкесінің танымдық бағдарламаларды, ал анасының кешкі уақытта кітап оқып отырғанын көрген балада жаңа ақпарат пен білімге деген қажеттілік пайда болады. Psychologies журналы ата-аналарға балаларын үйден тыс хоббимен немесе сүйікті іспен айналысқан кезде тартуға кеңес береді. Дұрыс мақтау, екпінді дұрыс қою. «Жарайсың! Бақылау бойынша ең жоғары балл алды», және «Сен ақылдысың! Сіз материалды жақсы меңгердіңіз және тақырыпты жақсы меңгердіңіз». Психотерапевт Анна Зарембо жазғандай, сындарлы мақтау мотивацияны арттырады, ал салыстырмалы мақтау оны күрт төмендетеді. Тиісті материалдық сыйақылар жасаңыз. Әрбір қарапайым жетістік үшін «кэмпит» берудің қажеті жоқ. Бірақ студент бұрын табысқа жетпеген жетістікке жеткенде, ата-аналар шағын мереке ұйымдастыра алады, мысалы, кафеге барыңыз. Балаңыздың бірдеңені өзі жасай алатындығынан ләззат сезімін дамытуға шақырыңыз. Егер ұлы немесе қызы өз бетімен жұмыс істей алатын болса, үй тапсырмасын орындау процесіне араласпаңыз. Бала өз бетімен жетістікке жетсе, оның бойында қажырлы еңбектің нәтижесінде әрқашанда марапат – өзін-өзі қанағаттандыру болатыны туралы түсінік қалыптасады. Кез келген баланың оқуға деген ынтасы болуы мүмкін. Тәжірибелі педагогтар мен психологтардың кеңестерін пайдаланып, сауатты оқуға деген құштарлығын ояту. Сонда бала оқудың қызықты әрі қызықты екенін тез түсінеді [4].

Ішкі мотивация бойынша жұмыс. Ішкі мотивация – баланың бір нәрсені жасауға деген шын ниеті. Ешкім күштеп немесе мәжбүрлемейді, қатаң талаптар мен міндеттер жоқ, тек қызметке деген таза қызығушылық. Ішкі мотивация балалар үшін мотивацияның тамаша түрі болып табылады. Бірақ, кез келген идеал сияқты, оған жету қиын - әсіресе мектепке дейінгі жаста және бастауыш сынып оқушыларында. Жасөспірімдермен оңайырақ - олар, әдетте, білімнің құндылығын түсінеді; мүмкін олар өмірде не істегісі келетінін біледі.

Психологтың кеңесі: ішкі мотивация сыртқы мотивация сатысынан өтіп, әдетке айналуы және жеке мағынаға ие болуы тиіс пайда болатын категория екенін түсіну маңызды. Сіз үлкен тапсырмаларды кішігірім тапсырмаларға бөлуді үйренуіңіз керек, содан кейін ата-аналардан баға жетпес кері байланыс, қолдау және мақұлдау аласыз. Аналар мен әкелер үшін балаға қызықты болатын балама биліктерді табу өте маңызды, әйтпесе ол оларды өзі табады және олардың құндылықтары отбасы құндылықтарымен сәйкес келмеуі мүмкін, бірақ оған сәйкес келу қиын болады. жылы.

Сыртқы мотивация бойынша жұмыс. Сыртқы мотивация ішкі мотивация сияқты тиімді емес. Анам мен әкең саған үй тапсырмасын орындауға мәжбүр еткенде, бұл бір нәрсе, сен оны өзің орындасаң, бұл басқа нәрсе, өйткені сіз затпен күйесіз және оның болашақта қаншалықты пайдалы болатынын білесіз. Бірақ сыртқы мотивация да өз жемісін береді – бастысы балаларды ынталандырудың осы әдісін қолдануды білу [5].

Психологтың кеңесі: баланы мадақтаңыз, оның жетістіктерін белгілеңіз, оған қызығушылық танытыңыз. «Біз сізді барлық жағынан қолдаймыз, сіз әрқашан келіп, кез келген нәрсені талқылай аласыз, біз бірге шешім табамыз» деп айтыңыз. Тәжірибелеріңіз бен қорқыныштарыңызбен бөлісіңіз. Ата-ана тек сөзбен қолдап қана қоймай, өз тәжірибесімен бөлісіп, жүріп өткен жолы, жеткен жетістіктері, қиындықтары мен оны жеңу жолдары туралы айтып берсе, өте жақсы. Балаларды ынталандырудың тағы бір жолы – үлгі көрсету. Егер анасы мен әкесі жұмыстан бос уақытында телефонда отырса немесе теледидардан ток-шоуларды көріп отырса, қызымен немесе ұлымен оқуға деген мотивацияны қалай көтеру туралы ойлаудың мағынасы жоқ. Оқыңыз, балаға қолжетімді болатын жоспарлаушыны сақтаңыз. Табанды және табанды болыңыз.

Позитивті мотивацияны қалай сақтауға болады? Мадақтау, жақсы бағалар, ақша, тәттілер, сыйлықтар және балаларды ынталандырудың басқа да жағымды әдістері жағымды ассоциация қалыптастырады. Баланы бір нәрсе үшін мақтау немесе оқушы шынымен лайық болғанда жақсы баға беру – оның өзіне деген сенімділігін арттырып, одан әрі жетістіктерге шабыттандыратын тамаша әдіс. Материалдық мотивацияға келетін болсақ, тым алысқа бармаудың жолын анықтау маңызды. Балалар жиі марапаттаудан «оқу қуанышынан» айырылады деген пікір бар.

Психологтың кеңесі: мақтау сізді ынталандырады. Біздің жұмысымыз сынға түссе, оны бітіруге құлшыныс болмай қалады. Мысалы, егер бала математиканы түсінбесе, есепті дұрыс шығара алмағаны үшін үнемі ұрысатын болса, онда оның нақты ғылымдармен айналысуға деген ынтасы жоғалуы мүмкін. Және керісінше: егер сіз мақтауға болатын үгінділерді іздесеңіз, жасөспірім мұны істеуге дайын болады. Бірақ барлық сарапшылар шамадан тыс мақтаудан да, үнемі келіспеушіліктен де сақ болуды ұсынады. Ең дұрысы, толыққанды тұлға басқалардың бағасына тәуелсіз. Мақтау жасына және көбеюіне қарай болуы керек. Біз кәметке толған жасөспірімді кесе жуды деп мақтамаймыз, оны кіші оқушыға қатысты жасаймыз. Мақтау қаржылық марапатқа ұқсамайды. Мақұлдау мен пара беруді шатастырмаңыз.

Теріс мотивацияны қалай қолдануға болады? Жанжалдар, балағат сөздер, лекциялар, жазалар, төмен бағалар, қорқытулар теріс мотивацияның мысалы болып табылады. Теріс мотивацияның жарқын мысалы – «жаман оқысаң, тазалықшы боласың». Алдау және қорқыту әдістері баламен байланысты бұзады және нәтижеге әкелмейді. Үй тапсырмасына байланысты күнделікті жанжалдар мен анамның «мен бұл тапсырманы сізге жүз рет түсіндірдім» деп айқайлауы да нәтиже бермейді. Бала жазалаудың ауыртпалығымен бірдеңе жасаса да, мұндай зерттеулердің тиімділігі нөлге тең болады. Бірақ балалар үшін теріс мотивацияның жеке әдісі бар, ол назар аударуға тұрарлық –сын.

Психологтың кеңесі: сын деструктивті немесе сындарлы болуы мүмкін. Біріншісі нашар орындалғанын айтса, екіншісі оны қалай жақсырақ жасау керектігін айтады. Бұл кезде сіз балаға оның эссесінің сәтсіз болғанын айтып қана қоймай, баланың шынымен не айтқысы келгені және не болғаны, неге олай оқылмайтыны және оны қалай жақсырақ орындау керектігі туралы сөйлесесіз. Ең бастысы, сындарлы сынды «мен басқа жақтамын, мен жақсырақ білемін» емес, «мен сенімен біргемін» позициясынан бастап, достық түрде жеткізу.

Ата-аналар баласын қалай оқуға, тазалауға, үйірмелерге баруға болады деген сұрақпен психологтарға жиі жүгінеді. Бұл қарапайым: сіз оны ынталандыруыңыз керек. Балаларда мотивация қалай жұмыс істейтінін және оның қайдан келетінін түсінеміз.

Мотивация - бұл не? **Мотивация** – адамды бірдеңе жасауға итермелейтін импульс. Мақтау, жақсы баға, ақша, тәттілер оң мотивацияны, ал балағаттау, жазалау және төмен бағалар теріс мотивацияны қалыптастырады. Сыртқы мотивациядан айырмашылығы, ішкі мотивация - бұл сіз оны өзіңіз шешкен кезде, оны өзіңіз жасау маңызды болғанда. Мысалы, ләззат алу үшін спортпен айналысу – ішкі мотивация, жарыстарға қатысу үшін – сыртқы мотивация. Мотивация негізгі қажеттіліктер қанағаттандырылғанда тұрақты болады, мысалы, аштықты қанағаттандыру. Тұрақсыз мотивация кезінде адамға тұрақты қолдау қажет. Мысал – артық фунттан құтылу.

Мотивация қайдан келеді? Мотивацияның қалыптасуы үшін келесі факторлар қажет: адамның қажеттіліктері, оның мақсаттары, талаптарының деңгейі, дүниетанымы, сенімдері, идеалдары.

Сонымен, балаға, мысалы, бөлмені тазалау үшін не істеу керек? Ең алдымен, тазалау баланың кез келген қажеттілігін қанағаттандыруы керек. Жас ерекшеліктеріне байланысты тілектер әртүрлі болуы мүмкін, оның үстіне кейде ынтасы қалыптасатын белсенділік қажеттілікті жанама түрде ғана қанағаттандырады.


Оқушыны не ынталандырады? Балалардың көзін нұрландыратын сол басты түйме қайда? Біздің орталықтың қосымша білім беру мұғалімдері екі жыл бойы осы сұрақтарға

жауап іздеп, ересек адам баладан өте алыс деген қорытындыға келді - олар бір өзеннің қарама-қарсы жағасында тұрған екі адамға ұқсайды, бірақ көпір емес.

Психологтардың пікірінше, ересек адамның өмірлік және педагогикалық тәжірибесінің ауыртпалығы астында оның «кішкентай баласы» көбінесе өзінің қалауы мен хоббиімен жасырылады. Бала кезінде ол көп нәрсені қалайды, білім алуға және нәтижеге жетуге дайын болды. Бірақ ересектердің бақылауы мен түсінбеушілігі сенім көпірін бұзып, «қалау» деген ұмтылыс жойылды. Біз мұғалімдерді өмірінің сол кезеңіне қайтару керек деп шештік, сонда олар балалық шақтағы эмоцияларды жаңғырта алады [6].

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Балалар психологиясы- 2021ж , Қ.Н. Нығыметова.
2. Мотивция психологиясы – 2020 ж , Ә.М.Болтаева
- 3.<https://m.realnoevremya.ru/articles/246794-psiholog-o-tom-kak-podderzhat-motivaciyu-k-obucheniyu-u-svoego-rebenka>
4. <https://www.ya-roditel.ru/parents/base/experts/detskaya-motivatsiya-kak-rabotaet-i-otkuda-beretsya/>
5. <https://learning.ua/blog/201911/yak-pidvvyshchyty-navchalnu-motyvatsiiu-dytyny-10-porad-vid-psykholohiv/ru/>



ӘӨЖ 159.96

ҚОҒАМДА ТҰЛҒА КҮЙЗЕЛІСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми жетекшісі: Сманова Улданай Қалдыбаевна – магистр, оқытушы
Студент: Әбдімәжит Мерей Қайратқызы – «Педагогика және психология» БББ, 3 курс,
ПжП-20-1 тобы

«Педагогика» факультеті, «Жалпы педагогика» кафедрасы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа. Мақалада алынған ақпараттар тұлға бойындағы күйзелістің шығу деңгейлерін анықтау барысында қолданылады. Қазіргі заманғы философтар, педагог-психолог ғалымдардың еңбектері қарастырылып, олардың психологиялық маңызды ой-пікірлері зерттеуде нақтыланған. Көптеген шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектерін тілге тиек ете отырып, олардың өзара байланыс ерекшеліктері анықталған.

Кілт сөздер: денсаулық, күйзеліс, апатия, психогендік күйзеліс, когниция.

Аннотация. Информация, полученная в статье, используется при определении уровней выхода стресса на личность. Рассмотрены труды современных философов, ученых-педагогов-психологов, в исследовании уточнены их психологически значимые соображения. Подчеркивая труды многих зарубежных и казахстанских ученых, выявлены особенности их взаимосвязи.

Ключевые слова: здоровье, стресс, апатия, психогенный стресс, когниция.

Annotation. Information received in the article is used when determining the level of stress on the face. The work of modern philosophers, teachers-psychologists, their psychologists-known associations were considered in the study. Many young people and Kazakh students have been trained in their relationships.

Key words: health, stress, apathy, psychogenic stress, cognition.

Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың

негізі. Денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесін ұзақ мерзімді жаңғырту аясында біз елдің барлық аумағында медициналық қызметтер сапасының бірыңғай стандарттарын енгізуге, сондай-ақ медицина мекемелерінің материалдық-техникалық жабдықталуын бірыңғайландыруға тиіспіз. Соның ішінде біз балаларымыздың денсаулығын қамтамасыз етуге жаңа тәсілдер енгізу мәселесімен жұмыс жүргізуіміз қажет. Барлық 16 жасқа дейінгі балаларды медициналық қызметтің барлық спектрімен қамту қажет деп ойлаймын. Оның ең төменгі өмір стандарттарына заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет. Бұл қадам ұлт денсаулығын қамтамасыз етуге маңызды үлес болады [1].

Канаданың көрнекті ғалымы Ганс Селенің патофизиологиялық зерттеулерінің нәтижесінде пайда болған күйзеліс ұғымы әр түрлі ғылымдарға үлкен әсер етті. Оны медицина, психология, әлеуметтану, этнография, саясаттану және т.б. көптеген өкілдер қабылдады. Психолог мамандар ХХ ғасырға тән дерт деп атаса да, күйзеліс ХХІ ғасырға адамзатпен бірге аяқ басты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының айтуынша, алдағы он жылда күйзеліс адамды өлімге жетелейтін аурулардың қатарына жатқызылады. Тіпті, жүрек-қан тамырлары ауруынан баса озып алдыңғы қатарға шығады. Шамасы, адамның психологиялық күйзелісі күн санап артып келеді. ДДСҰ мен Гарвард университетінің зерттеулері бойынша, әлемде 121 миллион адамның бойынан күйзеліс дерті табылған. Соның салдарынан жыл сайын 850 мың адам күйзелістің салдарынан өзіне-өзі қол салады.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: жасөспірімдер мен жастардың денсаулығын сақтау және жақсарту үшін МСАК желісінде жастар денсаулық орталықтарының қызметі жетілдірілетін болады. Психикалық денсаулықты сақтау және қалпына келтіру үшін жасөспірімдер мен жастарға депрессия кезінде, суицид туралы ой келген кезде, сондай-ақ зорлық-зомбылықтан, мазақтаудан (буллингтен) жәбір көріп жүрген адамдарға консультациялар беріледі. Қажет болған жағдайда бейінді мамандар мен басқа да қызметтер тартылатыны туралы айтылып өткен [2].

Қазіргі заманғы философтар, педагог-психолог ғалымдардың еңбектері қарастырылып, олардың психологиялық маңызды ой-пікірлері зерттеуде нақтыланған. Көптеген шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектерін тілге тиек ете отырып, олардың өзара байланыс ерекшеліктері зерттелген.

Г. Енджел мен А. Шмаленнің ойынша: «Эмоциялық күйзелістен кейін аурудың дамуы адам өзін жалғыз, ешкімге қажет емес сезінгенде дәрменсіздік жағдайына ықпал етеді». Сондықтан әлеуметтік қолдауды күйзелістің теріс салдарын төмендететін механизм ретінде қарастыруға болады. Қазіргі күнделікті жағдайлар, әлеуметтік орта адамның күйзеліске ұшырауына әсер етеді: әлеуметтік ортаның үнемі өзгеріп отыратын талаптары мен жеке адамның оларды қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы жанжал ауруды тудыруы мүмкін [3].

Өмірде біз түрлі стрестік факторларға тап боламыз. Олардың кейбіреулері қоршаған ортаға қатысты (токсиндер, жылу, суық), басқалары психологиялық сипатта (өзін төмен бағалау, депрессия), қалғандары әлеуметтік (жұмыссыздық, жақын адамның қайтыс болуы), философиялық сипатта (уақытты пайдалану, өмірлік мақсаттар). Бірақ кез келген жағдайда, Селье айтқандай, стресс факторының түріне қарамастан, дене бірдей әрекет етеді. Стресс факторы гипофиздің, қалқанша және қалқанша маңы бездерінің, бүйрек үсті бездерінің, сонымен қатар гипоталамус пен мидың басқа аймақтарының белсенділігін арттырады.

Күйзелістің психологиялық белгілері:

- қайғы мен торығу. Бұл симптомдар ең айқын және ауыр болып саналады. Сонымен қатар, бұл кезде адам босансу, ренжу, ауырлық сезімін сезінуі мүмкін.
- өзін-өзі төмен бағалау. «Мен мұны істей алмаймын, мен ештеңе істей алмаймын», «Мен әрқашан бәрін дұрыс жасамаймын» – міне, өзін-өзі бағалауы төмен адамдардың пікірлері. Олар жиі өздерін мектепте сәтсіз болған деп санайды, адамдармен қарым-қатынаста, спортта және жұмыста үнемі сәтсіздікке төзеді. Бұл адамдар

айналасындағыларды өзіне қарағанда жоғары бағалайды, бөтен адамдардың пікірі мен беделіне артық сенеді.

- апатия. Бірдеңе істеу мотивациясының болмауы, адамдармен қарым-қатынас жасауға ниеттенбеуі, белсенділіктің төмен деңгейі немесе әрекетсіздік. Бұл симптом өзі депрессивті «тұйықталған шеңбер» сияқты елеулі мәселелерге әкелуі мүмкін. Мысалы, апатияда бола отырып, адам: «үйден шыққым келмейді, ешкімді көргім келмейді» деп шеше алады. Алайда, тұйықтық, ойын-сауықтың болмауы біздің өмірімізді нашарлатады. Кейбір зерттеушілер көңілсіз өмір депрессия негізгі себебі деп санайды. Сонымен қатар, шамадан тыс пассивтілік физикалық әлсіздікті тудыруы мүмкін (айталық, шаршау, іш қату), ал бұл қосымша ыңғайсыздықты туғызады.

- тұлғааралық мәселелер. Күйзеліс кезінде адамдар сынға аса сезімтал болады, олар ешкіммен сөйлескісі келмейді. Олар басқа адамдардың арасында көңілсіз сезінеді, кейде жалғыздық сезімі күшейеді. Күйзелістен зардап шегушілер өзіне сенімді емес – оларға өз қорғанысына қатысу, өз пікірін білдіру, өз сезімдерін немесе ой-пікірлерін білдіру, күш-қуат, қолдау туралы сұрау, қажет болған жағдайда «жоқ» деп айту қиын. Кейде, уақыттың көп бөлігінде адам қоршаған адамдармен салыстырмалы түрде оңай араласады. Бірақ, барлығы ауру пайда болған кезде өзгереді.

- кінәсін сезіну. Егер сіз өкінішті немесе қайғыны сезінсеңіз, біреуді әдейі ренжітіп алсаңыз, бұл қалыпты жағдай. Алайда, бұл жағдайда кінә сезімі шамадан тыс асқынуы мүмкін. Сіз «мен жаман адаммын» деп өзіңізді сендіресіз. Бұл сенім өте өкінішті психика үшін ауыр және жойқын эмоцияға айналдырады.

- теріс ойлар. «Когнитивті бұрмалаулар» термині психологтармен теріс-пессимистік ойлау үрдісін сипаттау үшін қолданылады. Когниция – бұл ой мен қабылдау. Ойлау мен қабылдаудағы бұрмалаулар мен қателер – күйзелісте жиі кездесетін белгілер. Күйзеліс жағдайындағы адам бәрін өте пессимистік күйде қабылдайды. Оның ойлары теріс пікірде қалыптасады. Мұндай бұрмалаулар – симптоммен ғана емес, күйзелістің күшеюінің қуатты факторы.

Күйзеліске төзімділікті арттыру мүмкіндіктері келесідей:

- күйзеліспен күресуге дайын болу, яғни стресті саналы түрде қабылдау, белсенді позицияны сақтай отырып, одан жасырынбау. Стрестік жағдайларды саналы түрде қабылдағанда ғана қорғаныс шараларының шұғыл қажеттілігі туралы қорытынды жасауға болады;

- күйзеліске белсенді қарсы тұру, бұл дегеніміз оған пассивті қатынастан бас тарту, қорғаныс тетіктерін жұмылдыру және қолдану;

- стрестік жүктемелердің әсерін азайту үшін стрестік жағдайларды модельдеумен айналысу. Осыған сәйкес, ұқсас жағдайлар туындаған кезде белгілі бір реакциялар мен мінез-құлық модельдерінің орындылығын, тиімділігін ескере отырып, кез келген адамның психикалық қайталануы түсініледі;

- психикалық және физикалық резервтерді жинақтау: тұрақты физикалық белсенділік арқылы да, өмірге оң көзқарас арқылы да қол жеткізілетін оңтайлы психофизикалық форманы сақтау.

Қазіргі уақытта депрессия зарығудың, бәсеңдіктің, күйзелістің, ойлау және қозғалыстық тежеуге тән сезімімен ауыр жағдай ретінде анықталады. Депрессия көбінесе «көңіл-күйдің бұзылуы» (аффект) позициясынан қарастырылады: «биполярлы аффективтік бұзылулар», «депрессивті эпизод (жеңіл, орташа, ауыр дәрежедегі)», «рекуррентті депрессивтік бұзылулар», «көңіл-күйдің созылмалы аффективтік бұзылулары» (дистимия, циклотимия) шеңберінде депрессивті реакциялар, балалар мен жасөспірімдер жасындағы мінез-құлықтың депрессивті бұзылулары, органикалық бұзылулар сипатталады. Көңіл-күйдің депрессивті өзгеруі когнитивті үдерістердің бұрмалауымен қатар моторлы тежелумен, іс-әрекетке итермелеудің төмендеуімен, сомато-вегетативтік дисфункциялармен қатар жүруі мүмкін болып отыр [4, б.14].

Мұндай психологиялық жағдай тектен-текке пайда болмайды. Әрине, адамды күйзеліске түсіретін күнделікті күйбең тіршіліктің тауқыметі аз емес. Дегенмен, ең басты себеп адамдар арасындағы қарым-қатынас. Себебі, қоғамда небір қиыншылықты бастан кешіп, шыныққан тәжірибелі адамдардың өзіне аяқтан шалу мен көре алмаушылық қақпаны құрылып жатқанда, өмірге енді араласып, оң мен солын әлі танымаған жастарды сүріндіру деген қиын емес.

Изард К.Е. атап өткендей, психоаналитиктердің көпшілігі депрессияның маңызды құрамдас бөліктері өзін-өзі құрметтеуді, өзіне деген сенімділікті және өзінің қадір-қасиетін жоғалтуы болып табылады деген пікірде. Депрессия келесі негізгі эмоцияларды қамтиды: қайғы (негізгі эмоциялар), жеккөрушілік, ашулану, қорқыныш, өзін-өзі кінәлау және қысылу. Изард К.Е. айтқандай, ашулану, жеккөрушілік, абыржу адамның өзіне және басқа адамдарға қатысты екені байқалады [5, б.162]. Осындай қамығу, күйзелу салдарының соңы адамды өз-өзіне қол жұмсауға итермелейтіні айтпаса да түсінікті. Демек, суицид жағынан да көш басында неліктен, не себепті тұрғанымызды ескеріп қойған артық болмайды. Өйткені, халқының саны 18 миллионға жуықтаған еліміз үшін барлық тұрғынның 10 пайызынан астамы жан күйзелісіне ұшырауының өзі біраз жайтты аңғартады.

Күйзеліске түскен адамның күйі кететіні анық. Және оның өзге ауруларды қоздыратыны тағы анық. Жүрек жұмысы бұзылып, қан қысымы көтеріледі, ағзаның қорғаныш жүйесі нашарлап, демікпе, бүйрек, тағы басқа ауруларға да соқтыруы ғажап емес. Жазықсыз жаны жараланған жандар жан ауруынан тез құтылып кетсе жақсы. Өйткені, соңғы кездері жүйке ауруына ұшырағандар саны да өсіп бара жатқан көрінеді. Сол себепті, бұған алаңдаушылық білдірген кейбір шет елдерде оны әлеуметтік, ұлттық деңгейдегі мәселе ретінде қарап, мемлекеттік тұрғыда шешімін табудың жолын қарастыра бастаған. Күйзеліс адамның тұтастығының физикалық, психикалық және әлеуметтік компоненттерінің бұзылуын тудыруы мүмкін. Мысалы, адамның өз проблемалары туралы ойланып, абайсызда сүйегін сындырып алуы – физикалық тұтастықтың бұзылуына, ал қатты реніш – психикалық және әлеуметтік зардаптарға әкеледі. Стрестік реакциялар немесе стрестің әсеріне реакциялар физиологиялық, мінез-құлық, когнитивті және эмоциялық болуы мүмкін.

Күйзеліс диагнозын тек дәрігер-психиатр анықтай алады. Бұл ретте ол науқаспен әңгімелесу, оның тіршілік әрекетінің өнімдерін бақылау, талдау (хаттар, өнер туындылары және тағы басқа) және ол құрған ортаны (тұрғын үй, жұмыс орны), жақындары мен қызметкерлері хабарлаған мәліметтерді пайдаланады. Көмекші рөлді арнайы психологиялық тесттер атқара алады, оларды түсіндіруді қолданылатын тест бойынша мамандандырудан өткен психолог жүзеге асыруы тиіс, бірақ диагноз қоюдың соңғы құқығы психиатрға тиесілі.

Ауруды тану әдетте қиын, өйткені науқас басқа профильді дәрігерлерге жүгінеді. Бұл ретте ешқандай ауыр аурулар анықталмайды, ал шамалы және кең таралған ауруларды әдетте қолданылатын дәрі-дәрмектермен емдеу мүмкін емес. Ол кезде пациентті психотерапевтке жібереді, ол сауалнаманың көмегімен диагнозды анықтайды.

Әр түрлі мамандардың мәліметтеріне сәйкес, соңғы уақытта жасырылған депрессияның салмағы шамамен үш есеге артты. Осы жағдайды ескере отырып, жасырын депрессияларды ерте диагностикалау үшін бірқатар емдеу, шығу себептерін зерттеу мен алдын алу шараларын жүзеге асыру өте маңызды [6, б.25].

Осылайша, барлық күйзелістің негізгі себебі физикалық емес ойлау мен сезіну аймағында болады. Медициналық емдеу, психотерапия және релаксация күйзелістің кейбір белгілерін жеңілдетеді, бірақ олар сіздің ойыңызды өзгерте алмайды. Сіздің ойларыңыздың артында одан да тереңірек күйзеліс тудыратын механизм – сенімдер жатыр. Әрине, көп нәрсе қоғам өмірінің рухани және материалдық жақсаруына, оның табиғатпен қатынасына байланысты; көптеген жағдайларда әр түрлі дәрі-дәрмектер және басқа құралдар көмектесе алады. Бірақ, өзін-өзі қорғаудың ең үлкен мүмкіндіктері адамның өзіне байланысты екенін және табиғат біздің денемізге өзін-өзі реттеудің күшті механизмдерін сыйға тартқанын көбісі біле бермейді. Осы тетіктердің мүмкіндіктерін пайдалану қабілеті көңіл күйзелтетін факторлармен күресте үлкен күш болып табылады және бұл дағды әркімнің бойында болуы

керек. Басқаша айтқанда, біздің қиын және күйзелісті өмірімізден туындаған түрлі жағымсыз жағдайлардың құрбаны болғысы келмейтін және бәріне қарамастан өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға ұмтылатын әр адам өзін, психикалық және физикалық жағдайын басқаруды үйренуі керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана. – 2012 ж. 14 желтоқсан.
2. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №982 қаулысы. [Электрондық қор]. Кіру тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz>.
3. Мони́на Г.Б., Раннала Н.В. Тренинг «Ресурсы стрессоустойчиво». – СПб.: Речь. – 2009. – 250с.
4. Табеева Г.Р., Вейн А.М. Фармакотерапия депрессий. // Психиатрия и психофармакотерапия. – 2011. – №1. – 15-18с.
5. Изард К.Э. Психология эмоций. – СПб.: Питер. – 2016.– 464с.
 6. Коротыш А.И., Терещенко Н.Ф. Проблемы маскированной депрессии в современном социуме. // Современные научные исследования и инновации. – 2015. – №4. – 25с.



ӘӨЖ 159.922.72

ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ДАЯРЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Ғылыми жетекшісі: Пірәлі Фатима Елубайқызы – магистр, оқытушы
Студент: Мейрқұлова Алтынай Мейрқұлқызы – «Бастауыш оқыту педагогикалық әдістемесі» БББ, 3 курс, БОПӘ-20-3 тобы
«Педагогика» факультеті, «Жалпы педагогика» кафедрасы
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Андатпа. Мақалада қазіргі мектептің басты мақсаты айқындалып қарастырылған. Сол мақсатқа жету үшін оқытудың белсенді әдістері сабақта тиімді қолданудың маңызы мен тиімділігі туралы жазылған.

Кілт сөздер: индустриалды қоғам, интеграция, оқытудың дәстүрлі репродуктивті, синквейн тәсілі.

Аннотация. В статье определены основные цели современной школы. Активные методы обучения для достижения этой цели написаны о важности и эффективности эффективного использования на уроке.

Ключевые слова: индустриальное общество, интеграция, традиционные репродуктивные, подход синквейн.

Annotation. The article defines the main objectives of the project modern school. To achieve the same goal, active teaching methods are written about the importance and effectiveness of effective use in the classroom.

Key words: industrial society, integration, traditional reproductive training, syncwine approach.

Индустриалды қоғам – индустриализация және модернизация жүзеге асырылған қоғам түрі немесе белгілі бір қоғам.

Интеграция – экон. субъектілерді бөлу, олардың арасындағы байланыстарды бұзып, өзара ынтымақты іс-қимылын жою.

Оқытудың дәстүрлі репродуктивті - Оқытудың дәстүрлі (репродуктивті) технологиялары.

Бұл әдіс студенттерге берілетін білімге, дағдыларға және қабілеттерге негізделген. Мұнда оқушылар репродуктивті деңгейдің білім беру мазмұны мен сапасына бақылау мен баға алады.

Бұл әдіс ежелгі заманнан бері жасалынған және қазір барлық мектептерде өте танымал. Оның негізгі мәні:

Зерттеу, зерттеу-тексеру-тексеру-жаңа нәрселерді бағалау-бұл процесс.

Технология білім беру парадигмасына негізделген, оның негізі студенттерді тек студенттік өмірді жүзеге асыру деңгейінде оқыту болып табылады.

Оның негізгі оқыту әдісі:

- Көрнекіліктермен түсіндіру

- Студенттердің негізгі сабақтары-тыңдау және тоқу

- Оқу кезеңінде мұндай негізгі талаптар қатесіз ретінде қойылады.

Студенттің үлгеріміне қатысты:

Өнер (Көрнекі) - Мағыналар

Дөңгелек (рецепт) - ақпарат

Кім өмірлік дағдыларды қалыптастырған жоқ.

Мұғалімнің дағдылары

Студенттің жұмысының жақсы аудармасын ғана қалыптастыруға болады.

Оқытудың мазмұны, дәстүрлі курстардың әдістері мен формалары тиісті мақсаттар қою арқылы білім беру мен даму мүмкіндігін көрсетеді.

Дәстүрлі білім беру технологияларының мақсаты:

Білім жүйесін, ғылым негіздерін қалыптастыру

Ғылыми дүниетаным қорын қалыптастыру

Әр студенттің әртүрлілігін оқыту

Дәстүрлі оқыту әдістемесінің ерекшеліктері:

Қарапайым студенттерге бейімделу.

Оқу процедураларының тиімділігі.

Тексерудің әмбебаптығы.

Студенттің позициясы:

Студенттер білім беру бағдарламаларының бағынышты объектілері болып табылады.

Оқу процесінде оқушылардың мінезі еленбейді.

Профессор лауазымы:

Мұғалім білмейді, ол қателескенді ұнатпайды.

аудармашы

экспозиция

судья

мантра

"Синквейн". Мұны бес элементтің поэзиясы деп те атайды. Синквейнді жазу ережелері:

1) бірінші жолда тақырып бір сөзбен жазылады (зат есім түрінде).

2) нысанды 2-ші жолға 2 сөзге (2 сын есім түрінде) ауыстырыңыз.

3) 3 сөзден тұратын 3-жолда осы тақырып бойынша әрекеттер (етістіктер, предлогтар) жазылады.

4) 4-жолда 4 сөзден тұратын осы тақырыпқа қатысты сөйлем немесе сөз тіркесі.

5) соңғы жолда объектінің мағынасын сипаттайтын сөздерден тұратын синонимдер (метафоралар) жазылады.

Бүгінгі таңда адамзат жоғары индустриалды және ақпаратқа бағытталған қоғамға қарқынды түрде көшкен сайын жалпы өркениеттің келбеті өзгеруде. Жаһандық бәсекеге қабілеттілікке жету мақсатында белгіленген стратегиялық бағыттар білім беру іс-әрекетінің басымдылықтарын жаңаша құруды талап етуде. Осыған сәйкес, білім беру жүйесін әлемнің ең озық мемлекеттерінің талаптарына және инновациялық даму парадигмасына сай интеграциялау қажет.

Еліміздегі білім беру жүйесіндегі реформалардағы айқындалған жаңа бағыттар болашақ ұрпаққа білім және тәрбиелеуде оларды жаңа қоғам жағдайында өмір сүруге бейімделген нақтылы бір оқыту құралдарын анықтауды мақсат ретінде қарастырады [1].

Бұл қадамдар білім беру мазмұнын, оқытудың әдістері мен тәсілдерін қолданудың жаңа жүйесін құруды ұсынады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі» — деген болатын [2].

Сондықтан да, оқушылардың шығармашылық және ақыл-ой қабілеттерін дамытуға, тұтас ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ететін заманауи әдістерді қалыптастыру қажет. Дәстүрлі педагогикалық әдістер оқушының білік, дағдысын және оқуға деген мотивациялық ұмтылысын қанағаттандыра алмайды.

Н.Ә.Назарбаев өзінің жолдауында «Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту керек болады» — деп атап көрсеткен болатын [3].

Қазіргі мектептің басты мақсаты – әр оқушының қабілетін ашу, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны өмірге дайындау, заманауи білім беру, дағдыларды және қасиеттерді дамыту керек. Бізге таныс дәстүрлі репродуктивті оқыту бұл міндеттерді шешуге мүмкіндік бермейді. Ондай мүмкіндікті алу үшін жаңа педагогикалық технологиялар, оқу процесін ұйымдастыруды қайта қарастырып, тиімді формалары мен белсенді әдістерін қолдану қажет етеді.

Белсенді әдістерді қолдану арқылы мұғалім оқушыны ойлануға, практикалық іс-әрекет дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасайды.

Жеке тұлғаның белсенділігі педагогикалық, психологиялық мәселелердің бірі болып табылады. Белсенділіктің басым бөлігі бастауыш сыныпта қалыптасады.

Оқытудың белсенді әдістері – бұл оқу материалдарын игеру үдерісінде оқушылардың ойлау және практикалық іс-әрекетінің белсенділігі мен әртүрлілігін қамтамасыз ететін әдістер жүйесі [4].

Белсенді оқытудың негізгі қағидасы-студенттердің "мен алмаймын", "Мен білмеймін" позицияларын бұғаттау. Бос кеңістік қағидаты бойынша оқушылар еркін қозғалады, топтарға бірге қатысады, тапсырмаларды шешуге және тапсырмаларды орындауға тырысады.

Жаратылыстану ғылымдары бағытында болатын "әлемді тану" саласында оқушылардың ғылыми дүниетанымын оң әдістердің көмегімен дамытуға болады. Себебі әлемді интеграцияланған пән ретінде қабылдау биология, география, химия және экология сияқты пәндердің негіздерін үйретеді. Ғылыми ұғымдармен таныс оқушы қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарасын қалыптастырады. "Топтастыру", "миға шабуыл" және т.б. сияқты белсенді әдістерді сабақ кезінде қолдануға болады. Оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын дамыту.

Адамның табиғатқа әсері қандай? Жер бетіндегі адамдардың өмірін қалай өзгертуге болады? - Осындай сұрақтар қою арқылы оқушылар шығармашылық ойлау дағдыларын, қысқа уақытта шешім қабылдау қабілетін дамыта алады. Миға шабуыл әдісі студенттерді дайын деректерге тәуелді болмай тәуелсіз, өз ойымен жұмыс істеуге үйретеді. Студенттер бір мәселенің әртүрлі шешімдерін табады және шығармашыл ойлауды үйренеді.

Мәселені зерттеу үшін табиғатта болатын өзгерістер, табиғи құбылыстар (көктемде, жазда, күзде және қыста маусымдық өзгерістер, табиғатты қорғау және т.б.) үлкен маңызға ие.

Жобаны жазу кезінде студенттер тақырыпқа қатысты фактілер мен дәлелдерді іздейді. Тапсырмаларды орындау барысында оқушыларға ақпаратты жүйелеу және талдау, фактілерді, құбылыстарды жалпылау және қорытынды жасау мүмкіндігі қажет. Дүниетаным сабақтарында оқушылар Адам, Табиғат және қоғам арасындағы интегративті байланыстарды, сондай-ақ табиғат үйлесімін қарастырады. Қоршаған ортада болатын әртүрлі құбылыстарды бастан кешіру арқылы олардың танымдық қабілеттері артады. Әлемді тану процесінде оқушылардың алғашқы зерттеу әрекеттері қалыптасады.

Осындай жұмыс түрлері оқушының зерттеушілік мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі. Сабақ барысында әртүрлі әдістерді қолдану дидактикалық принциптерді дамытуға және әдістемелік тәжірибені жетілдіруге ықпал етеді.

Тапсырманы қазақ тілінде тексерген кезде "ақиқат, өтірік" әдісін қолдануға болады. Топ оқушыларына қағаздан кесілген қызыл және жасыл қағаз таратылады. Мысалы, "дыбыстар дауыссыз және дауыссыз дыбыстарға бөлінеді. Дауыссыз дыбыстар-Үнді дауыссыздары." Белгілі бір сөйлемді айтқан кезде студенттер сізге жасыл қағазды, егер бұл рас болса, қызыл қағазды, егер ол өтірік болса, көрсетуі керек. Бұл әдіс оқушының жылдам болуын талап етеді.

"Жалғастыру" әдісі тапсырманың орындалуын тексеру үшін ең тиімді әдістердің бірі болып табылады. Оларды ұйымдастыру үшін студенттерге сөйлемнің басталуымен парақшалар таратылады, содан кейін олар сөйлемді жалғастыра отырып аяқтайды. Сондықтан олар мәтіннің мазмұнын өздері шығарады, оған бүкіл оқушы қатысады.

"Шығармашылық шеберхана" әдістемесі оқушылардың шығармашылық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Сабақ барысында оқушылар мәтіннің мазмұнына сәйкес иллюстрациялық иллюстрациялар дайындайды. Ол сонымен қатар эссе, өлең және қысқа әңгімелер жазады. Студенттердің шығармашылық қызметінің нәтижесінде ауқымды жұмыстар жасалуда. Белсенді оқу қызметі оқытудың мотивациясына, мақсатына, шарттары мен нәтижелеріне негізделген. "Кірістіру", "миға шабуыл", "топтық талқылау", "Блум мәселесі", "кластерлеу", "синхрондау", "рөлдік ойын", "Шатастырылған логикалық тізбек" және т.б. тақырыпқа деген қызығушылықты ояту сияқты белсенді әдістер. "Кірістіру" әдісі аналитикалық ойлауды дамытады және тақырыпты толық игеруге мүмкіндік береді. Бұл әдісті қазақ тілі және әлемдік зерттеулер курстарында қолдануға болады. Тактильді оқыту жүйесіне сәйкес ақпарат таным тұжырымдамасын қалыптастырады. Деректерді жанасу арқылы жинаңыз, талдаңыз және бағалаңыз, сонымен қатар NYE материалдарымен танысыңыз.

Кластерлік құрастыру-ең кең таралған әдістердің бірі. Жаңа тақырыптарды болжаңыз, танысуды, жазуды және салыстыруды ұмытпаңыз. Топта жұмыс істей отырып, студенттер еркін ойлауға мүмкіндік алады. Кластерлер сабақтың барлық кезеңдерінде қол жетімді. Бұл материалды ұйымдастыруға көмектеседі.

Белсенді әдістердің бірі — «Үштік әдіс». Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқылым, айтылым, тыңдалым дағдылары қалыптасады. Оқушылар бірнеше жұптарға бөлінеді. Бірінші оқушы мәтінді оқиды немесе мазмұндайды, екінші оқушы тындайды, үшінші оқушы керек жерлерін түртіп алады, кейін өз пікірін айтады. Бұл әдіс оқушылардың мәтінмен жұмыс жасау шеберлігін дамытады.

Білім беру практикасындағы ақпараттың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтау үшін "SWOT-талдау" әдісі жиі қолданылады. Мысалы, дүниетаным сабақтарында табиғи құбылыстарды зерттеу барысында табиғат пен экологияда бар жағдайлардың адам өміріне оң және теріс әсерін анықтауға болады. Бұл әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды және жағымсыз жақтарының сипаттамалары, сондай-ақ қауіп туралы дәлелдер мен дәлелдер келтірілген. Біз табиғатта және экожүйелерде кездесетін күнделікті мәселелерді анықтаймыз және осы мәселелердің шешімдерін ұсынамыз. Салыстырмалы талдау арқылы табиғи

құбылыстарға байланысты әртүрлі фактілер анықталады. Теория мен практиканың үйлесімі арқылы өмірлік дағдылар қалыптасты.

Жаңа курсты қайталау кезеңінде Синквин жасау маңызды. Студенттер пән бойынша қысқаша ақпарат береді. Синквин жинағы оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын анықтайды.


Оқыту процесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас гуманитарлық педагогика принциптеріне негізделген. Алайда мұғалімдер оқу бағдарламасының негізгі ұйымдастырушылары болып табылады.

- Оқушы пассивті тыңдаушы емес, сұрақтар қояды, өз идеяларын, шешімдерін ұсынады, яғни, ол оқу қызметінің субъектісі болады;
- тақырыптар, мәселелер бірлесіп талқылау барысында қалыптасады;
- мұғалім сабақ кезеңдерін өзгерте алады;
- оқытуда демократиялық стиль қолданылады;
- шығармашылық тапсырмалар беріледі [4].

Қорыта келе сыныпта белсенді әдістерді тиімді пайдалану оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, өзін-өзі тәрбиелеуге, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Студенттер өз пікірлерін еркін және ашық айтады, Бір-бірін тыңдауға үйренеді және командада ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бөрібекова, Ф.Б. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар [Мәтін]: Оқулық / Ф.Б. Бөрібекова, Н.Ж. Жанатбекова.- Алматы: ЖШС РПБК Дәуір, 2014.- 360 б..
2. Мухаметжанова, А.О.Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық технологияларды пайдалануға даярлау [Мәтін]: Ғылыми / А.О. Мухаметжанова.- Қарағанды: "Medet Group", 2019.- 184б.
3. Мухаметжанова, А.О.Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық технологияларды пайдалануға даярлау [Мәтін]: Ғылыми / А.О. Мухаметжанова.- Қарағанды: "Medet Group", 2019.- 184б.
4. Садвакасова, З.М. Досуг: современные формы в воспитательном процессе [Текст]: Оқу-әдістемелік құрал / З.М. Садвакасова.- Алматы: Ұлттық Университет, 2018.- 76 стр.
5. А.М.Малофеева Использование активных методов на уроках в начальной школе <https://nsportal.ru/nachalnaya>



ӘОЖ 82.09.

М.ӘУЕЗОВ ДРАМАТУРГИЯСЫНДАҒЫ ТАРТЫС

Ғылыми жетекшісі: Беркенова Рабиға Ағабекқызы-фол.ғыл,канд.

Студент: Чкал Рабиға Мұхитқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, 1 курс, Қт 22-1 тобы

«Педагогика» факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа. Мақалада М.Әуезовтің драматургия саласындағы трагедиялық образдарды сомдаудағы өзіндік қолтаңбасы мен шығармашылық шеберлігін жан-жақты қарастыру маңызды және өзекті мәселесі болып табылады. М.Әуезовтің есімі қалың жұртшылыққа кеменгер жазушы, ғұлама ғалым, дарынды педагог-ұстаз, талантты драматург, белгілі қоғам қайраткері ретінде әйгілі. Жазушының драматургтік және ғылыми-педагогтік қызметіне арналған іргелі монографиялық зерттеулерден бастап, әр жылдары жарық көрген еңбектері жан-жақты талданған.

Кілтті сөздер: драматургия, ғалым, педагог, монография, поэзия, роман, тартыс, трагедия, драма, драматург, тарихи принцип, ұлттық идея, пьеса, сахна, эпизод.

Аннотация. В статье важным и актуальным является всестороннее рассмотрение авторского мастерства и творческого мастерства М. Ауэзова в изображении трагических образов в области драматургии. Имя М. Ауэзова известно широкой публике как гениальный писатель, ученый, талантливый педагог-педагог, талантливый драматург, известный общественный деятель. Начиная с фундаментальных монографических исследований, посвященных драматургической и научно-педагогической деятельности писателя, всесторонне проанализированы его труды, изданные в разные годы.

Ключевые слова: драматургия, ученый, педагог, монография, поэзия, роман, спор, трагедия, драма, драматург, исторический принцип, национальная идея, пьеса, сцена, эпизод.

Abstract. In the article, it is important and relevant to comprehensively consider the author's skill and creative skill of M. Auezov in depicting tragic images in the field of dramaturgy. The name of M. Auezov is known to the general public as a brilliant writer, scientist, talented teacher, talented playwright, famous public figure. Starting with the fundamental monographic studies devoted to the dramaturgical and scientific-pedagogical activities of the writer, his works published in different years are comprehensively analyzed.

Keywords: dramaturgy, scientist, teacher, monograph, poetry, novel, dispute, tragedy, drama, playwright, historical principle, national idea, play, scene, episode.

Әдеби шығарма – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Әр дәуірдің өз шындығы бар. Бұлар бірін-бірі қайталамайды. Олай болса, әр дәуірдің шындығын бейнелеген шығармалар да бірін-бірі қайталамайды: тектері мен түрлері ұқсас болғанымен, Шекспир трагедиясы Мүсірепов жазған трагедиядан, Бальзак романы Әуезов романынан, Абай поэзиясы Жансүгіров поэзиясынан өзге екені даусыз. Мұны тарихи принцип тұрғысынан қарағанда аңғарамыз. Міне, осы өзгешеліктерді ажырату әрекетінің өзі жанр мәселесін тарихи тұрғыдан толғауға әкеледі.

Әдеби даму да ағысты өзен сияқты: шымырлап өнген қайнар көзі, яки мөлдір бастауы, оған жалғас толқынды арнасы, одан әрі құяр сағасы бар. Халық өмірінің өзі, оның тарихи тағдырлары, оқиғалар мен құбылыстар, қайшылықтар мен тартыстар, қоғамдық қарым-қатынастар мен қарама-қайшылықтар, адамның рухани бітімі, моральдық кескіні, қысқасы, ақиқат шындықтың алуан-алуан саласы әдебиеттің тегін туғызып, қалыптастырады. Ендеше, қандай да болсын әдебиеттің тегі, тектің түрлері – ақиқат шындықтың өз қажетінен туған «арналы тасқындар» екені даусыз.

Драматургия жанрларының ішінде өмірге айрықша жақын түрі трагедия болып табылады. Өйткені бұл формада тіршіліктің сан алуан қайшылықтары, ғаламат тартыстар, құштарлықтар мен сезімдер шайқасы, ойлар мен идеялар қақтығысы ерекше зор пафоспен, әрі реалистік тереңдікпен бейнеленеді.

Классикалық әдебиеттегі трагедияларда дара тұлғаның элеуметтік-қоғамдық қайшылықтармен кереғар қайшы келуі, бітіспес күреске түсуі көрсетілген. Драма қаһармандары сұм заманның қатігез әдеттерімен шайқаста опат болады; олардың алдарында тас қамалдай неше түрлі кедергілер, асу бермес тосқауылдар тұрады; трагедия асқақ рухты қайсар жанның алапат күресін суреттейді. Трагедия қаһарманы теңіздей сұрапыл тебіреніс құшағында; ол өз ішіне терең бойлайды; қайғылы, азапты хал кешеді; жолындағы кедергілермен, қарсыластарымен қаймықпай күреседі.

Трагедиялық шығарманы оқыған, яки сахнадан көрген адам орасан зор тебіреніске түсіп, сан алуан ойға қалып, кейіпкер қайғысын бөлісіп, бір алуан сезім толқынына бөленіп, ой құшағына енеді. Бұл идеялық-эстетикалық әсер ету ерекшелігін Аристотель – жан ашу, қорқыныш һәм қуаныш сәттерінің шарпысуынан туған ерекше күй деп атайды. Дәлірек айтқанда, көрерменді қаһарман қайғы-азабын бөлісу, оның ауыр тағдырынан шошыну және күнәдан құтылып, тазару сезімдері билеп, ол өзі сол халдерді бастан кешкендей, өзі өліп-тірілгендей болып толқымақ.

Драматургияның қаһарлы тартыстар мен адасулар шайқасы – қат-қабат өмірдің объективті қайшылықтарын терең образдар арқылы ашып, зор айқастар, үлкен күрестерді бастан өткеріп, шындыққа жету жолында опат болатын күрделі тұлғаның қайғы-шері, мұң-ызасы эмоциялық-эстетикалық ғаламат әсермен оқырманға немесе көрерменге берілетін, болмыстың сұрапыл шындықтарын айқара ашып, қопара бейнелейтін іргелі жанры. Әрине, қалыпты өмірдің өзіндік тілек, талап, шарттары мен тарихи, трагедиялық тұлғаның мақсаты арасындағы күрес конфликт, тартыс атаулының әр қоғамда, әр дәуірде, әр әлеуметтік, ұлттық ортада сан алуан форма, көрінісін тудыруы – объективті заңдылық.

М.Әуезов – қазақ драматургиясының іргетасын қалаушы. Ол дүниежүзілік драматургияның асыл үлгілерін оқып, аудару арқылы шеберлік мектебінен өтті. Мұның үстіне Мұхтар Әуезов трагедияның европалық үлгісіне өзгеше ұлттық бояу, нақыш қосты. Қазақтың ежелгі әдебиетіндегі драматургияға жақын үлгілерді (айтыс, беташар, жар-жар, шешендік дауы) жаңашылдықпен пайдалана білді.

М.Әуезовтің есімі қалың жұртшылыққа кемеңгер жазушы, ғұлама ғалым, дарынды педагог-ұстаз, талантты драматург, белгілі қоғам қайраткері ретінде әйгілі. Оның осындай жан-жақты жазушылық, драматургтік және ғылыми-педагогтік қызметіне арналған іргелі монографиялық зерттеулерден бастап, әр жылдары жарық көрген еңбектерінің саны өте мол. М.Әуезовтің ұшан-теңіз әдеби, ғылыми мұрасын зерттегендер М.Қаратаев [1], З.Қабдолов [2], З.Ахметов[3], М.Мырзахметов[4], Р.Нұрғалиев[5], Р.Бердібаев[6], Ә.Тәжібаев[7], және т.б.

М.Әуезовтің драматургия саласындағы трагедиялық образдарды сомдаудағы өзіндік қолтаңбасы мен шығармашылық шеберлігін жан-жақты қарастыру баяндамамыздың маңызды және өзекті мәселесі болып табылады.

Драматургия мәселесін қозғағандардың барлығы, бәрінен бұрын, оның қиындығын айтады. Мұнда үлкен себеп бар. Өзге жанрлардай емес, драматургияда шарттылық көп. Алдымен, драмалық шығармаға көлем жағынан шек қойылады. Қандай пьеса болсын, жетпіс-сексен беттен аспауы шарт.

Рас, бұдан екі жарым мың жыл бұрын Эллада елінде туған трагедия Дионис театрында бірқыдыру ұзақ ойналған; гректерден Римге ауысқан комедияларды да жұрт ұзағырақ көрген; ал Орта ғасыр тұсында мистерия атанып, Батыс Европа елдеріне кең тараған шіркеу драмалары тәулігіне сегіз сағаттан ойналып, кем дегенде үш күнге, тіпті он, жиырма, отыз күнге дейін созылатын болған. Бірақ мұның барлығының себебі бар және мұның бәрі – тарих. Бүгінде екі жарым, үш сағаттан аса жүретін пьесаны жұрт аса құмартып қарамайды. Сондықтан ең көп перделі пьесалардың көлемі де белгілі мөлшерден аспайды; драматург барлық шындық пен образды сол белгіленген мөлшерге қалай да сыйғызуы тиіс.

Екіншіден, драматургиялық шығарма тек қана қатысушылардың сөзінен құралады. Шындық пен образ тек қана диалог пен монологқа негізделген. Сахнада сөйлейтін тек персонаж ғана; автор сахна сыртында, залда қалады. Автор үнсіз, тілсіз; қай сөзді қалай айту керек екенін режиссер мен актерге жақшада жай көрсеткені болмаса, дәл спектакль үстінде автор дәрменсіз; әр қаһарманның не айтып қойғанын немесе неге олай дегенін түсіндіріп, залда отырған әр көрерменге жеткізу автор қолынан келмейді.

Демек, драмадағы ең басты, ең шешуші, ең негізгі нәрсе – тіл. Пьесаның күші де, әлсіздігі де тілде; пьесадағы әр сөз мірдің оғындай өткір, көздеген жерге дір етіп тиердей дәл, көкейге саулап құйылардай таза, мөлдір, санаға мықтап дарығандай мағыналы, мәнді болып келуге тиіс. Драма тілі тұжырымды, қысқа, түйінді болады. Өйткені романда бір бетке суреттелетін шындық пен суретті пьесада бір ауыз сөзбен беру қажет. Ал әр сөз, әр сөйлем шындықты ғана емес, сол сөзді айтқан кейіпкердің мінезін аңғартуы керек; Әр адамның сөзі өзін танытуы шарт. Бомаршеден Треновка дейінгі ірі драматургтардың бәрі пьесадағы әр сөзді алдымен өздері ойша жасаған геройлар аузынан естіп қана қағазға түсіргендерін айтуы тегін емес. Міне, осындай, шығарманың тек қана кейіпкер сөзіне құрылуы – драматургиядағы екінші қиындық.

Үшіншіден, *драма* деген терминнің мағынасы қимыл екенін тегін деуге тағы болмайды, қимыл, әрекет жоқ жерде драматургиялық шығарма да жоқ. Тартыс атаулының ең бір шиеленіскен, шым-шытырық, күрделі түрі пьесада жатады. Арқауында аса маңызды, қатал, қиын қақтығыстар жатпаған пьеса – пьеса емес. Қаһарман сахнаға шығысымен дереу іске, әрекетке көшуі қажет. Сырғып перде ашылысымен, сахнада бірін-бірі ауыстырған суреттер, эпизодтар, оқиғалар тұтасып, дами бастауы шарт және әрбір эпизод тек қана қажеттіліктен туған қалаулы, қастерлі құбылыс болуы керек. Мәнсіз, мағынасыз көрініспен көрермен көңілін аудару қиын. Осылардың бәрі сахнада өмірдің өзекті шындығын жинақтау үшін қажет және осылардың бәрін драматургтың жазуында жетпіс-сексен бет көлеміне, актердің ойнауында екі-үш сағат аясына қалай да сыйғызу шарт. Көрерменнің сана-сезімін бірнеше сағат баурап, көзін сахнаға қадалтар қарекет табу, оның жан дүниесін тебіреніске түсірер қақтығыс табу – қиынның қиыны. Драмаға шымыр шиеленіс, шиыршық атқан тартыс табу, яки драманы драматизмге жеткізу – үшінші қиындық.

Драмадағы ең шешуші нәрсе – тартыс.

Драмалық шығармаға тән басты шарттың бірі тартыс десек, мұндағы тартыс қоғам өміріндегі саяси жағдайдан туды.

Трагедиялық драматургияның қаһарлы тартыстар мен адасулар шайқасы – қат-қабат өмірдің объективті қайшылықтарын терең образдар арқылы ашып, зор айқастар, үлкен күрестерді бастан өткеріп, шындыққа жету жолында опат болатын күрделі тұлғаның қайғы-шері, мұң-ызасы эмоциялық-эстетикалық ғаламат әсермен оқырманға немесе көрерменге берілетін, болмыстың сұрапыл шындықтарын айқара ашып, қопара бейнелейтін іргелі жанры. Әрине, қалыпты өмірдің өзіндік тілек, талап, шарттары мен тарихи, трагедиялық тұлғаның мақсаты арасындағы күрес конфликт, тартыс атаулының әр қоғамда, әр дәуірде, әр әлеуметтік, ұлттық ортада сан алуан форма, көрінісін тудыруы – объективті заңдылық. Трагедиялық тартыстар мен адасулар табиғатын, эстетикалық-эмоциялық әсер ерекшелігін, сюжеттік, материал мен көркемдік-композициялық құралдар жүйесін, тақырыптық-идеялық нысананы ескере отырып, қазақ трагедиясы бірнеше салаларға бөліп қарастырылып жүр: 1) эпикалық трагедия; 2) тарихи трагедия; 3) адамгершілік-тұрмыстық трагедия [8, 12 б.].

М.Әуезовтің «Ақан – Зайра» пьесасы әр кездегі тарихи тақырыпта жазған шығармалар арасында лайықты орны бар, көркемдік жағынан суреткер талантының жаңа қырларын көрсеткен елеулі туынды екені айтылды. Екінші бөлімде сонымен қатар «Хан Кене», «Түнгі сарын» пьесаларының екі түрлі нұсқасы және орыс тіліне жолма-жол аудармасы өзара салыстыра отырып қарастырылды.

Әдебиет тарихынан орын алатын әрбір көркем шығарманың өмірге келу сыры бар. Оны жазушының ішкі ойымен, алға қойған жоспары, өзіндік өсу жолымен бірге қарастырылған кезде бұл жөнінде толық мәлімет алуға болады. «Хан Кене» драмасы өзінің елдік, тарихи, ұлттық мәселелерді қарастыруы жағынан М.Әуезовтің «Еңлік кебек», «Қарагөз», «Бәйбіше тоқал» трагедияларымен бірге, «Қараш-қараш», «Қилы заман» повесіндегі көрініс тапқан көркемдік идеялармен өзектес деуге болады.

Ұлы Отан соғысы жылдары патриоттық тақырыпқа жазылған «Қарақыпшақ Қобыланды» пьесасы негізінен қазақтың батырлық эпосының сюжетінен түзілген. Бұл да халықтың белгілі эпикалық дастанын драмаға айналдырған кең тынысты сахналық шығарма. Оның барлық кейіпкерлері сол эпостың өзінен алынған. Пьесадағы айырмашылық - әрбір кейіпкерге белгілі бір идеялық-көркемдік міндет жүктелген. Драматургия талабына сай ол образдар бір жағынан шоғырлана, екіншіден, даралана түскен. Солай дегенмен, эпостың тарихи әуені, сол кездің рухы, халық ерекшеліктерінің көріністері пьесада жеткілікті сақталған.

Халықтың сарқылмас бай мұрасын, оның тілін шығармашылық жолмен кеңінен игеру принципі автордың революциялық тақырыпқа жазылған шығармаларынан да байқалады. Бұған «Түнгі сарын» пьесасы айқын дәлел. Ондағы кейіпкерлердің, әсіресе көтерілісті

бастаушылардың сөздері халықтық сөз өнеріндегі терең, метафораға бай, өте өткір әрі қаһарлы естілетін ұлттық сөздер болып келеді [9, 184 б.].

М.Әуезовтің творчествосында да, қазақ әдебиеті тарихында да айрықша орын алған «Еңлік-Кебек» пьесасының тақырыбы, образдары, идеясы аса қызықты мәселе. «Бәйбіше-тоқал» пьесасында Әуезов бір отбасы ауқымындағы трагедияны күні өтіп бара жатқан заман трагедиясы ретінде суреттеді.

Мұхтар Әуезовтың драмалық шығармалары – қазақ өнерінің ұлттық сипатын айрықша терең танытатын ғажап құбылыс. Ғасырлар бойы өнерпаздардың мың сан ұрпағы жасаған шебер де әсем өрнектер, әуез-сарындар, мотив-идеялар, ауыз әдебиетінің мол қазынасы, жазба әдебиеттегі жауһарлар ұлы қаламгер шығармаларына нәр беріп, оның әлем мәдениетіне құнарлы, арналы өзен болып құйылуына жағдай жасады.

Кемеңгер ұлы жазушы, талантты драматург қазақ халқының әлемдік мәні бар асыл туындылар бере алатындығын алғаш рет жария еткен, оның туындылары – әдебиеттің алтын қазынасындағы інжу-маржандар, күллі дүние халқының эстетикалық байлығына айналған рухани дәулет.

Мұхтар Әуезов трагедиялары – қазақ әдебиетінің алтын жамбыдай қымбат, асыл шығармалары, олар – қазақ халқының ұлттық мақтанышы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қаратаев М. Таңдамалы шығармалары. Үш томдық. – Алматы. 1974. – 499 бет.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. Таңдамалы шығармалар. II том. – Алматы., 2003. – 364 б.
3. Ахметов З. Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1962. – 257 б.
4. Мырзахметов М. М. Әуезов дәрістерінің дерек көзі. – Алматы., 1999.
5. Нұрғали Р. Әуезов және Алаш. – Алматы., 1997. – 425б.
6. Бердібаев Р. Дәстүр тағылымы. – Алматы., 1979. – 326 б.
7. Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы және қалыптасуы. – Алматы., 1971. 416 – бет.
8. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы., 1978. – 367 б.
9. Нұрқатов А. М. Әуезов творчествосы. – Алматы., 1964. – 238 б.



УДК 641.5

СЫПЫРАСЫ БАРДЫҢ - БІРЫСЫ БАР

Пернебай Жадыра, Аханова Нұрайым

6B01404-«Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасының 3-курс студенттері

Жетекшісі: аға оқытушы Сарсембаева Меруерт Сейдалиевна

«Шығармашылық мамандықтар» факультеті

«Бастапқы әскери дайындық және шығармашылық мамандықтар» кафедрасы

Шерхан Мұратаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа. Сыпыра байлық пен молшылықтың нышаны саналғандықтан, мол дәулетке ие болып отыр деген мағынада «сыпыраның ішінде отыр», «қойдың сыпырасы» екен деген мағынада бағалау мәніндегі фразеологизмдер қалыптасқан. Ұн елегенде, қамыр жайғанда астына салатын осынау ақ тері жайманы сыпыра деп атаған екен. Әдетте сыпыраны иленген қой-ешкінің тұтас терісінен жасайды. Ол үшін сойылған малдың терісін алдымен жүнін ішіне қаратып орап, жылы жерге қояды. Бір-екі күн тұрған терінің жүні өздігінен жидіп түседі. Жидіген тықыр терінің иін қандыру үшін айран немесе айранның сарысуына қарабидай ұнын қосып дайындаған игер орайды.

Кілт сөздер: Ақ жайма, жидіген тықыр тері, күйбең, иленген қой-ешкінің тұтас терісі.

Аннотация. Сыпыра считается символом богатства и изобилия, то в смысле, что сыпыра - это «подметание овец», сформированы фразеологизмы оценочного значения. При просеивании муки, при раскатывании теста под нее кладут эту белокую простыню. Сметану обычно делают из целой шкуры дубленой овцы-козы. Для этого шкуру убитого животного сначала оборачивают шерстью внутрь и помещают в теплое место. мех, который пролежал день или два, сам по себе становится жидким. Для придания упругости ягодной коже заворачивают в кефир или сыворотку кефира с добавлением карабидайской муки.

Ключевые слова: Простыня, потрепанная шкура, потрепанная, дубленая овечья и козья шкура.

Annotation. Since sweeping is considered a symbol of wealth and abundance, then in the connection that sweeping is "sweeping", in the connection that sweeping is "sweeping sheep", a phraseology of evaluative meaning is formed. When sifting flour, when rolling out the dough, do not put this white sheet under it. Sour cream is usually made from the whole skin of a tanned sheep-goat. To do this, the skin of the killed living principle is wrapped with wool inside and placed in a warm place. The fur that has passed a day or two becomes liquid by itself. To make a profit, berry skin is wrapped in kefir or kefir serum with the addition of Karabidai flour.

Key words: white sheet, zharygyn tıkrı skin, husk, tanned sheep-goat whole skin.

Дәстүрлі қазақы ортада қоғам, адам және қоршаған табиғи ортаның арасындағы тереңге кеткен сан-салалы қатынас уақыт озған сайын кейін қалып бара жатқаны жасырын емес. Кейбір этнографиялық атаулар мен ұғымдар қолданыстан алыстаған сайын ұмытылып, көнеріп те қалды. Десе де соның кейбірін жаңартып, жаңғыртып кәдемізге асыра алсақ қой деп кейде қиялға ерік береміз.

Соңғы жылдары ұмытылып бара жатқан тұрмыстық бұйымдардың кейбірі қайтадан жаңартылып, көпшілікке ұсынылып жүр. Бұл ретте көнер шеберлерінің еңбегі ерен. Алайда қолданыстан шыққан кейбір бұйымдардың этнографиялық атаулары да ұмытылады екен. Мәселен, сыпыра.

Жуырда Кунсткамера қорындағы фотосуреттерді парақтап отырып, мына бір көрініс назарымды аударды. Ақ шаршасын басына тарта салып, қос білегін түрініп, нан қарудың қамына кіріскен қазақ әйелінің пеш қасындағы күйбеңі фотограф объективіне ілінген екен. Фотосурет 1950 жылы Шу ауданына қарасты Белбасар ауылында түсірілген. «Нан пісіріп отырған қазақ әйел» деп көрсетілген. Анықтап зер салсаңыз нан жаятын тақтайдың астында ағараңдап жатқан әлдебір ақ матаны аңғарасыз. Бір қарағанда елеусіз көрінетін төселген жайма тегін жатқан жоқ, оның өзінің лайықты атауы, белгілі бір қызметі бар. Яғни ұн елегенде, қамыр жайғанда астына салатын осынау ақ тері жайманы сыпыра деп атаған екен. Әдетте сыпыраны иленген қой-ешкінің тұтас терісінен жасайды. Ол үшін сойылған малдың терісін алдымен жүнін ішіне қаратып орап, жылы жерге қояды. Бір-екі күн тұрған терінің жүні өздігінен жидіп түседі. Жидіген тықыр терінің иін қандыру үшін айран немесе айранның сарысуына карабидай ұнын қосып дайындаған игер орайды. Әрине, шаруаға дағдыланған халық арасында тері жұмсақ болуы үшін теріні жидітудің сан түрлі тәсілі де қолданылатыны сөзсіз. Бірақ замана тынысына, шаруа ыңғайына орай қиыншылығы басым мұндай жайманы қазір ешкім жасамайды, оның орнына бірнеше қабат матадан тігілген кенепті жая салған оңай екені рас. Мұндай көне жәдігерлер тек музейлерден, содан соң осындай ескі фотосуреттерден ілеуде бір ұшырасып қалуы мүмкін.

Нан жабу, бауырсақ пісіру немесе асылып жатқан еттің жаймасын дайындау үшін алдымен осы сыпыраны жаяды. Қамырды илеп, бірнеше зуала дайындағаннан кейін сыпыраның үстіне нантақтайды қойып, оқтаумен ыспалап бөлек-бөлек жайып шығады.

Сыпыра халық түсінігінде дастарқан тәрізді береке, молшылық әкелетін, отбасының ынтымағын жарастыратын қасиетті бұйым саналған. Сондықтан сыпыраны теріс бүктеме деген ырым сөз де сақталған. Нан жайылып болған соң, сыпыраның ішіне аздап ұн мен ашытқы қалдырып, алдымен ішкі жағын беттестіре екі бүктеп, кейін екі жақ шетін теңестіре қайырып, ортасына қарай теңдей бүктеп, жоғарыға қойған.

Сыпыра байлық пен молшылықтың нышаны саналғандықтан, мол дәулетке ие болып отыр деген мағынада «сыпыраның ішінде отыр», «қойдың сыпырасы» екен деген мағынада бағалау мәніндегі фразеологизмдер қалыптасқан. Мұндай бейнелі сөздерді өзге де түркі халықтарынан кездестіруге болады, мәселен, қырғыз тілінде «қудайдың супурасы» деген сөз «оты мол жер» дегенді білдіреді екен. Одан бөлек, біз сыпыра сөзін XIV ғасырда Тоқтамыс пен Едігенің тұсында өмір сүрген Сыпыра жыраудың ныспысымен байланыстыра есіткен едік. Жыраудың есімі «Ер Тарғын», «Телағыс», «Құбағұл» сынды бірталай батырлар жырында аталады. Сыпыра жырау шығармашылығы көптеген түркі халықтарының әдебиетінде ел бірлігінің ұраншысы, данагөй абыз ретінде көрініс береді.

Қамырға арналған ақ жайма


Интернеттегі ашық энциклопедия мәліметтеріне сүйенсек, сыпыра — ұннан түрлі тағам әзірлеген кезде пайдаланатын жайма. Оны бұрын әжелеріміз ұн елеп, қамыр илегенде қолданған.

Расында, қазақ дастарқанында ұннан жасалатын тағам түрі өте көп. Сондықтан да болар, халық түсінігінде сыпыра дастарқан тәрізді береке, молшылық әкелетін, отбасының ынтымағын жарастыратын қасиетті бұйым саналған.

Шынымен де, қазіргі уақытта келіншектер ет қайнатып, оның сорпасына салатын нанын қоярға жер таппай қиналып жатады. Бұрыннан біздің қазақ тұрмысында бар, бірақ ұмытыла бастаған асүй құралы — сыпыраны заманға сай етіп жасап шығарылды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Менщикова, Сабан талынан жасалған көркем бұйымдар: Оқу әдістемелік құрал. – Астана: Фолиант, 2013. - 152бет.
2. <https://egemen.kz/article/254648-sypyra-sozinih-maghynasy-qanday>
3. Қ.Әмірғазин, Қазақ қолөнері. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2004. – 162б.
4. Б.К.Байжігітов, Қазақтың қолөнері тарихы: Сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік: Арнайы жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарына арналған оқу құралы. – Алматы, 2012 – 265бет.
5. <https://kazakh.academic.ru/15808/%D1%81%D1%8B%D0%BF%D1%8B%D1%80%D0%B0>



ӘОЖ 82.09.

ҚАЗІРГІ БАЛАЛАР ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми жетекшісі: Беркенова Рабиға Ағабекқызы-ф.ғ.к.

Студент: Махамбед Аяжан Мұхтарқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, 1 курс, Қт 22-1 тобы

«Педагогика» факультеті, «Қазақтілі мен әдебиеті» кафедрасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа. Мақалада балалар драматургиясының зерттелу тарихы туралы жан-жақты қарастырылған. Балаларға арналған драмалық шығармаларды талдау барысында балалар драматургиясының өзіндік ерекшеліктері талданған.

Кілтті сөздер: драматургия, педагог, пьеса, характер, диалог, образ, патриотизм, идея.

Аннотация. В статье подробно рассматривается история изучения детской драматургии. В ходе анализа детских драматических произведений были проанализированы специфические особенности детской драматургии.

Ключевые слова: драматургия, педагог, пьеса, характер, диалог, образ, патриотизм, идея.

Abstract. The article discusses in detail the history of the study of children's drama. During the analysis of children's dramatic works, the specific features of children's dramaturgy were analyzed.

Keywords: drama, teacher, play, character, dialogue, image, patriotism, idea.

Балалар драматургиясын сөз еткенде, әрине оның бүкіл советтік драматургиядан бөліп алып қарауға болмайды. Өйткені, бүкіл совет әдебиеті сияқты балаларға арналған пьесалардың да негізгі мақсаты – совет адамдарының асыл қасиеттерін, рухани байлығын бейнелеу, Отанымыздың қуаттылығы мен ұлылығын мадақтау, жастарды соған баулып тәрбиелеу, не болмаса өмірімізде кездесетін ескілік атаулының барлығынан, жиренішті мінезден, арамдық пиғылдан әлі арыла алмай жүрген адамдардың теріс қылықтарын мейлінше әшкерелеп, одан жастарды бездіру, аулақтату. Шығармасын балаларға арнаған драматургтеріміздің ескеретін тағы бір міндеті-балалардың жастық ерекшеліктеріне банланысты өзіне тән өзгеше қасиеттерін жете меңгеріп, дұрыс түсіну қажеттігі [1.]. Соғыстан кейінгі жылдары балаларға тәрбиелік маңызы зор «Ыбырай Алтынсарин» (М.Ақынжанов) сияқты тарихи тақырыпқа жазылған пьесасымен қатар «Алтын сақа», «Нұрлы тас», «Әлия Молдағұлова», «Жастық», «Есірткен ерке», «Біздің Ғани» сияқты пьесалар туды. Соғыстан кейінгі жылдары бұлардан басқа да мектеп сахнасына арналған біраз пьесалар «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» газеттері мен «Пионер» журналында жарық көрді. Мысалы, С. Омаровтың «Портрет», Т. Ахтановтың «Өшпес даңқ», Ш. Ахметовтың «Қолқанат» атты пьесалары жазылды. Бұлардың қайсысы болса да көркемдік дәрежесі төмен шығармалар еді.

Сондықтан да олар театр сахнасын көре алмады. Балалар драматургиясы үшін өміріміздің барлық жақтары да таңдаулы тақырып бола алады. Оған керек образдар да, прототиптер де өзімізбен бірге өміріміздің әр түрлі саласында, мектепте де, заводта да, колхозды ауылда да коммунизм құру жолында белсенді түрде ат салысуда. Ұнамды образ да, ұнамсыз кейіпкер де олардың қайсысынан болса да типтік образ жасау мүмкіншіліктері де бізде толық бар. Көрнекті педагог А.С.Макаренко: «Ә, дегенде балалар әдебиетінде жасқа бөліну де, балаларға арналған көркем әдебиеттің ересектерге арналған әдебиеттен айырмашылығы да тақырып, идея, мазмұн өзгешелігінде болып көрінуі мүмкін. Бірақ, балаларға арнап жазуға болмайтын тақырыпты табу қиын. Тіпті, махаббат, кәдімгі жыныс махаббатың да балаларға арналған тақырыптардан алып тастауға болмайды, ең болмағанда «ол оған үйленді, олар бірін-бірі сүйші еді» деп суреттейтін кітапты кездестіруге болады» деген болатын[2.].

Сөйтіп, қорыта келгенде балаларға ғана арналған арнаулы тақырыпты табу қиын. Ал, қазақ драматургиясындағы балаларға арналып жазылған, жоғарыда аталған 4-5 пьесаның әрқайсысы әр түрлі тақырыпқа құрылған. М.Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсарин» пьесасы тарихи тақырыпқа – қазақ халқының әрі жазушысы, әрі ғалымы Ыбырай Алтынсариннің халықты ағарту жолындағы еңбегін суреттеуге арналған. Ш.Хұсаиновтың «Нұрлы тасы» мектеп оқушыларының өміріне құрылған. Ал Ш.Байжановтың «Әлия Молдағұлова» пьесасында автор Совет Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың ерлік істері мен ескен ортасын бейнелеу арқылы советтік патриотизм идеясының сарқылмас ұлы күшін көрсетуді мақсат еткен.

М.Ақынжанов пен Қ.Бадыровтың «Алтын сақа» пьесасы халық ертегісінің негізінде, фольклорлық аңызға негізделген.Тартыссыз драматургия болуы мүмкін емес. Қандай да драмалық шығарма болсын ол тек шиеленіскен күшті конфликтіге құрылуы тиіс. Олай болса, тартыссыз балалар драматургиясы да болмауы керек. Қайта, балалар драматургиясында ескі мен жаңаның, надандық пен әділеттің көріністері өте айқын суреттелуі тиіс. «Ыбырай Алтынсарин» пьесасы да тарихи тақырыпқа жазылғанымен балалар драматургиясына қатысы бар, балаларды коммунистік рухта тәрбиелеуде, қазақ халқының тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен творчестволық еңбегімен таныстыруда елеулі маңызы бар пьеса.

«Ыбырай Алтынсарин» пьесасында автор шын мәнісіндегі өмір тартысын шебер суреттей алған. Мұнда Ыбырай бастаған өсіп келе жатқан прогресшіл күш пен Найзағара бастаған озбырлық пен зұлымдық күші күреске түседі. Пьесаның алғашқы актысында-ақ шиеленісе бастаған бұл жай оқиға аяқталғанға дейін заңды дамып, орынды шешіліп отырады. Барлық іс-әрекет, тартыс-талас нанымды түрде көрсетіледі. Ыбырай ескі күшпен күрескенде жалғыз емес, оны жақтаушы күш- халық. Ыбырай барлық уақытта да өзінің халқына сүйенетіндігімен мықты. Оның өзі оқытып, тәрбиелеген Серғали, Хадиша сияқты шәкірттері де Ыбырайдың жолын қуып, ізін басып қалады. Найзағара да күресте жалғыз емес. Оны қаранғылық пен діннің уын таратушы Шоңмұрын, Мыкыбайлар, патша әкімдері қолдайды. Ақыры, Ыбырайдың өзінен оқыған балалардың ішінен де Шәуәли сияқты Найзағара мен Шоңмұрынның жолын қуушылар табылады. Шәуәли полицияның адамы Медведьевпен алғаш кездескенде-ақ өзінің келешекте қандай жауыз бола-тындығын танытады. Бұл пьеса балаларды тек Ыбырайдың ғана педагогтік және әлеуметтік қызметімен таныстырып қоймайды, сонымен қатар оларға ескі өмірдегі ескі күштің озбырлығын да көз алдына елестете бейнелейтін шығарма. Найзағара, Шоңмұрындардың диалогтері арқылы автор олардың кейпін әшкерелей білген. Олардың сөзінен, іс-әрекетінен кейін басқа біреудің жамандап, әшкерелуінсіз-ақ жас көруші оларды мейлінше жек көріп, іштей қарсылық білдіреді. Ал Ыбырайды жақтап қана қоймайды, оның қайғы-қуанышына ортақтасып отырады. Жас көруші Ыбырайдай халық қамқоршысы, халық ағартушысы болуға құмарта түседі. Пьеса сюжетке бай, әрекетке толы, күшті тартысқа құрылған. Сондықтан да пьесадағы оқиға желісі нанымды суреттелінген, тартымды, қызғылықты. Алғашқы көрінісінен аяғына дейін көрушіні қызықтырып, бір оқиғадан екінші оқиғаға жетелеп, тартып отырады. Халықтық ғасырлық қиялы, аңсаған арманы, талай рет көз жасын көл қылып тілеген тілегі ауыз әдебиетінің мұралары арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетіп, жас буындарды ерлікке, еңбекке, халық үшін қызмет етуге баулып отырады. Езілген еңбекші тапты үстем таптардың озбырлық әрекетіне қарсы қойып, олардың әр кезеңдегі зорықсыз қылықтарын әшкерелеуде қай уақытта, қай дәуірде болсын ауыз әдебиетінің алатын орны үлкен. Сондықтан да жас өспірімдерді халықтың бай ауыз әдебиетімен таныстырудың, ондағы халық арманымен ұштасқан ұнамды образдарды үлгі етіп ұсынудың, олардың жауыз күшпен күресіндегі жеңімпаз күшін көрсетудің маңызы зор. Осы тұрғыдан қарағанда, балалар және жас өспірімдер театрында 1948 жылдан бері қарай көрсетіліп келе жатқан «Алтын сақа» (авторлары М.Ақынжанов пен Қ.Бадыров) атты пьесасының қазақ балалар драматургиясында алатын орны ерекше болуға тиіс. «Алтын сақа» – қазақ фольклорындағы ертегі, аңыздар үлгісінің басын құрастырудан оны ізгілік пен жауыздықтың драмалық күресіне апарып, ақырында, жауыздық атаулының барлығын әділдікке жеңдіру идеясынан туған пьеса. «Алтын сақа» пьесасының авторлары халық ауыз әдебиетінің әр түрлі үлгілерін жете меңгеріп, орынды пайдаланғандықтарымен қатар, бүгінгі күннің мақсаты болған, жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу идеясымен дұрыс ұштастыра білген. Сондықтан да пьеса ежелгі уақыттағы ертегі аңыздарды суреттеу арқылы қазіргі таңның талабына үн қосады.

Авторлар сараң бай Шоң мен оның баласы Сарманның образын шебер жасаған. Шоң сараң, оның үстіне айласы шамалы ақымақ бай, барлық мақсаты баю, керек десе мал үшін жалғыз баласы Сарманды да өлімге қиюға әзір. Ол шөл далада су аңсап келе жатқан аңқау елдің Күнбала деген жас сәбиін асырап беремін деп алдап, бір мес суға айырбастап алып қалады. Кейін Күнбала 17-ге келген соң оны жәдігей, жауыз Алпамсаға малға сатып байымақ болады. Күнбаланы сүйген жігіті Нұржанға қоспақ түгіл Нұржанның көзін жоғалту үшін оны көз көрмес, құлақ естімес жердегі «алтын сақаны» тауып әкелуге жібереді. Әсіресе пьесада Шоң мен мыстан кемпірдің кездесуі, алтын сақаны Нұржан тауып әкелгеннен кейінгі Нұржанның аман келгендігіне қуану орнына алтын сақаға таласып, Шоң мен баласы Сарманның жағаласуы сияқты көріністер. өте қызықты да, ұтымды шыққан.

Бұл кезде Сарман да әкесі сияқты өз алдына мал жинап баю, әкесіндей бай болуды көздеп, әке орнын басып қалған еді. Сарман өзінің барлық әрекеттерімен екінші Шоңның

өсіп келе жатқандығын көрсетеді. Ол әкесінен өткен есуас.Алпамса Шоңға қарағанда қулық-сұмдығы бар, айлалы, арамза жауыз. Шоңды түрлі қауіпті жағдайларға кездестіріп, малға да қызықтырып, керек десе «ақылын» да айтып жүреді. Нұржанды мыстанға жіберудің айла ақылын Шоңға айтқан да сол. Ол жолаушыларды өзінің жендеттеріне тонатумен қоймай жас Күнбалаға үйленуді көздейді. Тіпті Күнбала көнбеген соң оны байлап әкетуді де ойлайды. Бірақ алтын сақаны алып қайтқан Нұржан келіп қалып, өз жарын арамза жаудын, суық қолынан ажыратып алады, онымен күресіп ақыры өлтіреді. Алпамсаны айлалы жауыз етіп көрсетуінің арқасында пьесадағы оқиға желісі шиеленісе түседі.Авторлар Нұржанды да, Күнбаланы да халық арманынан туған жастар етіп суреттеген. Олардың ісі әділ, олар барлық уақытта жеңімпаз.

Осындай мазмұнда құрылған бұл пьесаның балаларға әсері де, маңызы да күшті. Балалар ескі дүниені әшкерелейтін «Алтын сақа» пьесасын көріп, көп мәселеге көзі жеткендей болады. Нұржандай ер болуды құптайды.Әрине, негізінен жақсы шыққан пьеса кемшіліксіз де емес. Нұржанның өсу процесі жете көрінбеген, оның алтын сақаны тауып келуі де кеп қиындыққа соқпайды. Сондықтан да драмалық тартыстың шиеленісе түсуіне себі аз.Өз шешесінің бауырынан Шоң ажыратып алып қалғанда шырылдап әрең қалған Күнбала жасы 17-ге жеткенше Шоңның қызы еместігін Білмей жүреді. Драматургтердің Шоң сияқты сараң, қатігез байдың асырап алған қызын өз қызындай тәрбиелеп өсірді деген идеяны жақтауы түсініксіз. Жасы 17-ге келгенде ғана Күнбала шындыққа көзі жетеді. Шоңның асырап алғандығын біледі. Осы жайлар нанымсыз. Өз баласы Сарманды мал үшін, өз жаны үшін өлімге қиған Шоң еш уақытта кісі баласы Күнбаланы Сармандай көрмеске керек еді. Сарман мен Күнбалаға деген Шоңның әр түрлі «әкелік» қатынасы әр жерде байқалып қалып отыруы нанымдырақ шыққан болар еді.

Балаларды ескі мұрамен таныстыруда қазақ драматургтері материалға бай. Қай алуан тақырыпты сөз еткісі келсе де жағдай бар. Тек авторлар ескі тақырып деген теріс ұғымнан аулақ болып, оларды жете тексеріп, бүгінгі күннің мақсатымен байланыстыра қызықты пьесалар тудыруы керек.Бүкіл қазақ драматургиясында ешбір сөз болмай келген, келешекте қалам ұшын бұруды керек етіп тұрған көп тақырыптардың бірі-мектеп өмірі, оқушы балалар мен студент жастардың қуанышты шаттыққа бөленген қызғылықты күні. Ал осы кезге дейін бірен-саран мектеп балаларының өміріне арқалып жазылған пьесалар болса, олардың езі. авторлардың. Мектеп өмірін жете білмегендіктен, шын өмірді дәл бейнелей алмағандықтан мектеп балаларына ешбір тәрбиелік маңызы жоқ, құнсыз шығарма қалпында қала берді. Бұл ретте мектеп өміріне арналып жазылған Ш.Хұсайновтың «Нұрлы тас» (1948 ж.) атты жалғыз пьесасын алатын болсақ, мұның өзі де тартыссыз драматургия деген жалған теорияның әсерімен туған шығарма екендігі оп-оңай байқалады. Соның нәтижесінде «Нұрлы тас» пьесасы мектеп балаларына ешбір тәрбиелік маңызы жоқ, мектеп өмірін бұрмалап көрсеткен, шын өмірден әлдеқайда төмен жатқан құнсыз шығарма болып шыққан.

Сондықтан да ол сахнада көп тұруға правосы болмай, репертуардан шығып қалды.Автор бұл пьесасын мынадай сюжетке құрған: оқу жылының аяғында оқушылар жазғы демалысқа шыққан кезде мектеп оқушылары тауға серуен жасап, одан нұрлы тас тауып алып, ол тастардан портрет жасамақ болады. Олар бұл ойларын мектеп директоры Ақтанға айтпауды ұйғарады. Директорға өлке тану жорығына аттанамыз, жаратылыстану дүниесімен танысамыз деп баяндайды. Пьесадағы Әлия даңқы жұртқа жайылған батыр Әлиядан әлде қайда төмен. Әлия, Мәншүк сияқты қазақ қыздарын бүкіл совет халқы біледі, олардың есімін мақтана атайды, ерлігін сүйсіне мадақтайды. Сондықтан да бұлардың образын жасау жазушыға үлкен жауаптылық артады. Ш.Байжанов Әлияның асыл қасиетті мінезін, майдандағы ерлігін, бүкіл ақыл парасатын оның өз әрекеттері арқылы көрсетуден гөрі, басқа кейіпкерлердің әлсіз құрылған диалогтері арқылы беруге әрекеттенген. Мысалы, Надежда Михайловна Әлия туралы: «Таңқаларлық қыз. Басқа бала болса мергендігін айтып мақтанғанда болар еді. Жок, сұрасаң да айтпайды... Сөзге сараң, бірақ айтам дегенін жасқанбай айтады» -дегені, не командир Сидоровтың Әлия туралы сұрап хат жазған пионерлерге: «18 жасар Әлия 20 емес, 48 фашисті өлтірді, өзі әдемі келген кішкене қыз, бірақ

жүрегі үлкен», - деп айтқан мақтаулы сөздері Әлияның характерін ашу үшін мүлде жеткіліксіз. Әлияның өз әрекеті пьесада байкалып отырмайды. Оның неміс снайперін үш күндей аңдып, әрең дегенде атып түсіруі, танкті гранатпен талқандауы сияқты кейбір әрекеттердің өзі де нанымды шықпаған. Рас, автор пьесаның басында Миланың характерін ашуда, оның теріс мінездері мен жиренішті қылықтарын тәп-тәуір суреттейді. Әлия мен Миланың диалогтері арқылы Миланың образы айқындала бастайды. Мысалы, Әлия Миладан 10 класты бітірген соң қайда оқисың деп сұрағанда, Мила оған: «Ах, солай ма, институт жағын мен әлі ойлағам жоқ. Папам ден саулығың нашарлап кетті, бірер жыл дем ал дейді, әрине, онысы да дұрыс. Асығып нем жетпей барады. Ілгенім иығымда, ішерім алдымда. Әйтеуір бір оқып бітірермін», - дейді. Ал, Әлия Миланың бұл ойына ыза болып «Онда оқудың қажеті не?» деп сұрайды. Оған Мила тағы да: «Фу, қызық екен. Осы күні мәселенің тетігі дипломда емес пе? Қайда барсаң да диплом, қызмет істегің келеді екен-диплом, оқығың келеді екен-диплом. Тіпті, ең акыры танысқан жігітің де дипломың бар ма деп сұраудан тайынбайды. Әйтеуір диплом тауып алсақ болғаны да» - дейді.

Сөйтіп, он жыл бойы мектеп тәрбиесін алған совет жасы өзінен келешекте қандай саяз, мәселеге терең қарай алмайтын, еңбек сүймейтін «ақ саусақтың» шығатынын дұрыс бай-катады. Он жыл мектеп тәрбиесін көрген қызда мұндай ойдың болуы мүмкін емес деп сенбеген де болар едік, егер автор Миланың үйінен, әке-шешесінен алған теріс тәрбиесін баяндамаса. Мысалы, Мила: «Ал менің маманың дипломы папамды тежеп ұстау үшін ғана керек. 15 жыл болды дипломы чемоданда жатыр. Тек папаммен ұрсып қалғанда ғана «Сен ойнама, менде де мамандық бар», деп дипломды столға сарт-сарт соғады», - деген сөзімен ол шешесінен қандай тәрбие алғандығын көрсетеді. Осылайша, тәп-тәуір басталған тартыс әрі қаран дамып, өрбімей, сұйыла түседі. Біздіңше, Мила не ұнамсыз кейіпкерлердің бірі есебінде дами түсуі керек, не ортаның яғни мектеп коллективінің тигізген әсері арқасында түзеліп қатарға қосылуы керек еді. Онын екеуі де пьесада жоқ. Папасы мен мамасының теріс тәрбиесінде уланғандығы жөнінен Мила Василь Минконың «Фамилиясын атамай» пьесасындағы Поэмаға өте ұқсас. Бірақ Поэма оқиғаның аяғына дейін күшті тартыс ішінде болып, оқиғаны шиеленістірумен болады. Ал Мила бір рет өзінің кім екендігін танытады да көрермендерге қайтып көрінбейді. Онын, келешектегі тағдыры түсініксіз қалпында қалып қояды. Ш.Байжанов «Әлия Молдағұлова» атты пьесасын шиеленіскен өмір қайшылықтарына еңбек үстіндегі жігер, сезім, ой мақсат т.б тартыстарға кұра алмаған. Бұл сияқты карама-қарсы ағымдар пьесадағы орталық және қосалқы линияларында конфликт тудырып дамытылуы керек еді. Ол мақсат орындалмаған. Қысқасы, бұл пьесада «Тартыссыз драматургия» деген жалған теорияның әсерімен жазылған құнсыз шығармалардың бірі болып қалды. Пьесаның тілі де өте олақ, диалогтер қалай-болса солай кұрылған. Кейіпкерлердің сөздері күшті драмалық диалогке негізделмей ұзын-ырғасы жоқ мәнсіз, сылбыр сөз арқылы баяндалады.

Сондықтан да олардың толық қанды характерлері жасалынбайды. Жас ұрпақтардың өмірге көзқарастарының қалыптасуына, ой-өрісінің өсуіне, білімінің дұрыс бағытпен жетілуіне әуелі ата-ана жауапты. Орыстың атақты педагогі А.С.Макаренко айтқандай, жас баланы бұзып алып, қайта тәрбиелегеннен гөрі, алғашқы кезден бастап дұрыс тәрбиелеп есіру, әлдеқайда оңай да, дұрыс та болып шығады. Ата-анадан жақсы үлгі, өнегелі тәрбие алып ескен жас баланы мектепте тәрбиелеу де қиынға соқпайды. Мінез, әдет, дағдылар жас балаға әуелі үйде қалыптасады. Ал ата-ананың шектен тыс әлпештеуімен, еркелетуімен үйде теріс тәрбие алған жас баланың бойына сіңген теріс мінездерін қайта тәрбиелеу өте қиын. Оның өркөкірек, мен-мен, өзімшіл болып есуі де осыдан. Ендеше, өмірдің ең күрделі жағы болып саналатын ата-ананың балаларға тәрбиесі туралы мәселені шығармаларында тақырып етіп кетеру біздің драматургтеріміздің алдында тұрған керекті міндеттердің бірі болуға тиіс.

Осы тұрғыдан қарағанда Ш.Хұсайновтың «Есірткен ерке» (1953 ж.) пьесасы балалар үшін де, олардың тәрбиешісі мен ата-аналары үшін де тәрбиелік мәні бар шығарма. Автор бұл шығармасында тәрбие мәселесінде кездесетін олқылықтарды батыл сынға алады. Пьесаның көптеген ұтымды шыққан жақтары бар екендігі даусыз. Драмалық шығарманың

көп ерекшеліктерінің бірі-қатысушы кейіпкерлердің ара-қатынасын ұнамды диалогтар арқылы бере білуінде[3.] .

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. — 208 б.; 175-бет.
2. (Орысша-қазақша сөздік: 70 000 сөз / Н. Т. Сауранбаев, Г. Г. Мұсабаев, Ш. Ш. Сарыбаевтың редакциялық басшылығымен, қайта өңдеген және толықтырылған үшінші басылымы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1152 б.
3. Психология: Словарь / Под общ. ред. А. В. Петровского, М. Г. Ярошевского. 2-е изд., испр. и доп. – М.: Политиздат, 1990. — 494 с; С. 433-434).



ӘОЖ: 811.512.122

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ КІТАПТЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

**Белботаев Алмасбек Батанұлы - доцент, ф.ғ.к.,
А.Йасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
академиялық профессоры**

**Мұрадов Данабек - ҚТ-21-1 тобының студенті
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**

Аңдатпа. Мақала «Адами капиталды тәрбиелеудегі кітаптың алатын орны» деп аталады. Мақалада жастарға білім берудің озық жүйесін құру және аудармадағы терминология мәселесін тұрақтандыру сияқты ғылыми, оқу-ағарту салаларындағы аса маңызды жайларға мақала авторының өзіндік көзқарасы айтылады.

Кілтті сөздер: білім беру ісі, жолдау, озық жүйе құру мәселесі, термин, терминология, аудармадағы терминология, ұлттық тіл, ұлттық тілді дамыту, мемлекеттік тіл.

Аннотация. Статья называется «Роль книги по воспитанию человеческий капитал». В статье рассматривается свое мнение автора касательно создания передовой системы образования и стабилизации проблем терминологии при переводе, и научным, просветительским аспектам.

Ключевые слова: послание, процесс образование, проблема о создание передовой системы, термин, терминология, терминология при переводе, национальный язык, развитие национального языка, государственный язык.

Abstract. The title of the article is «Human capital and language problems». The article considers the personal opinion of an author regarding building of an advanced system of education and stabilization of problems of terminology in translation; and important scientific, educational aspects.

Keywords: education, message, the problem of building of an advanced system of education, term, terminology, terminology in translation, national language, development of national language, state language.

«Адам капиталы – біз әлеуметтік сала деп атайтын материалдық емес активтердің жиынтығы. Бұл – денсаулық жағдайы, білім деңгейі, жинақталған білімнің, дағдылардың, жеке адамның және жалпы қоғамның ақыл-ойының сапасы. Бірақ, «мемлекеттік тіл болып табылатын ана тіліміз – қазақ тілінің ахуалы қазір барынша ауыр жағдайда. Осы компоненттердің барлығы белгілі бір елде неғұрлым жақсы болса, адам капиталының сапасы соғұрлым жоғары және ел экономикасы да сәйкесінше күшті болады» деген анықтаманы

«Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі» Орынбек Өтемұрат «Адам капиталы – басты құндылық» деп аталынатын сараптама мақаласында келтіреді [1].

Осы орайда Қазақстандағы адам капиталы дамуындағы жағдайы қалай екендігіне назар салсақ, тіл мәселесіне назар аударсақ, осы «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Жақсыбай Самрат «Мемлекеттік тіл – ана тіліміздің ахуалы қазір барынша ауыр жағдайда. Осы бағытпен кете берсе бір уақытта жұтылып кетпес пе екенбіз деген де қауіп өте зор. Орысша түгілі қазақша оқитын, үйде қазақша сөйлейтін балалардың көбі бос уақыттарында бір-бірімен тек орысша сөйлеседі. Ол жалғыз Солтүстік облыстарда ғана емес астанада да, Алматыда да солай екенін көріп жүрміз. Өмірімізге етене еніп бара жатқан интернет, ондағы орыс тіліндегі түрлі ойындардың бәрі бала атаулының санасына сұғына енуде. Сондықтан бізге бар білім мен күшімізді, қаржылық әлеуетімізді интернеттегі балалар ойындарының, хабарларының, киноларының тілін қазақшаға бұруға салу керек», - деп жазады. [2, 6-б.].

Тілшінің бұл пікірімен келіспеске болмайды, өте дұрыс айтып отыр. Ащы да болса, шындық. Тіпті тілдерді араластырып – шұбарлап сөйлейтіндерін қайтерсің. Мәселен Таразда аялдамалар атаулары қазақша емес орысша айтылып жүр: « – Келесі аялдама – Горбольница, келесі аялдама – Магазин». Тура қалыпты жағдайдай. Сөйлеу тілі болса, шұбарланып барады, жарнамалар болса – «жаралы», аудармалары болса – адам түсінбестей «қойыртпақ», т.б. Әрине бұл – үлкен кемшілік, әсіресе ұлттығымызға сын болып тұрған жайы бар.

Мұны неге жатқызуға болады? «Сауаттылыққа» ма, «шеберлікке» ме? Мүмкін, «сәндікке» жатқызармыз, қалайда «ақылы толып тұрған» жанға ұсамайды. Енді не істемек керек? Бұлар да біздің басты құндылығымыз ғой.

Біздіңше, тәрбиелеу керек, қайта тәрбиеден өткізу керек. Әсіресе жастар тәрбиесіне, ата тәрбиесіне, ұлттық тәрбиеге баса назар аудару керек. Ал тәрбие негізі – айтып түсіндіруден бөлек – КІТАПТА деп есептейміз. Өйткені ұлы Абай данамыз «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» деп, кітаптың қаншалықғы қастерлі ұғым екеніне баға беруі тегін емес. Себебі кітап өз бойына өмірдегі барлық қажетті дүниелерді сыйдырған.

Статистикалық мәліметтерге қарағанда күн сайын елімізде 5 миллион дана кітап басылып шығарылады екен. Бұл есептік сан - бұдан ширек ғасырдан бұрынғы баспасөз құралдарының бірінде жарияланған мәлімет болатын. Ал бүгінгі ғылым мен техника дамыған заманда, баспа құралдарының сандаған түрлерінің шыққан кезінде аталып отырған статистиканың қаншама есеге артып кеткенін өзіңіз-ақ бағамдай беріңіз. Сондай-ақ мұның өзі де жаңа өмірдің белсенді құрылысшыларын тәрбиелеудегі баспасөз құралдарының қаншалықты атқарар орасан зор үлесінің барын да көрсетсе керек.

Қазіргі кездегі техниканың, ақпарат құралдарының дамыған кезеңінде қолына кітап алып оқитын оқырман сандарының да азайып бара жатқандығы бәрімізге аян. Ал, сол жоғалып бара жатқан кітап құмарларымыздың санын көбейту, олардың кітапқа деген құштарлығын ояту, арттыру жайы - бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отырса не дерсіз. Әрине, бұл жерде артық айтып отырмыз деп ойламаймыз. Себебі мынаған қарайықшы: біз соңғы жаңалықтар туралы қайда болсақ та – көлікте отырғанда болсын радиодан, көгілдір экраннан, қоғамдық орындарда – газеттен, журналдан немесе интернеттен құлағдар бола аламыз. Бірақ осылардың бәрі жиылып, бір арнаға тоғысып түмен болып біріксе де, кітаптың орнын ешқандай алмастыра алмайтыны анық. Олай дейтініміз, «Әрбір адамның ең жақын досы – өмірлік досы – кітап болуы тиіс» - дейді, ұлы классик жазушымыз М.О.Әуезов.

Иә, өмірден көріп түйгеніміздей, әр адамның көмекшісі де, сырлас досы да кітап бола алады. Өйткені сен оны оқи отырып, онымен сырласа аласың. Өзің шеше алмаған сырларыңның құпиясын, іздеген асыл маржандарыңды сол оқып отырған кітабыңның өшпес парақтарынан таба аласың (М. Әуезов).

Кітапты адамзат баласының игілігіне, жақсы тұстарына пайдалану ертеңгі ұрпақтың жүз жылғы жемісіне айналатынын тарих біледі. Кітап арқылы адамдар бір-бірінің жанын түсінсе, оның құдіретімен әлемдегі бар халықтардың достығы одан ары нығая түседі. Сондықтан да кез келген қоғам өзінің алдына ұлы мақсаттар қойып, қарыштап дамуды

мақсат еткен болса, онда кітаптың да бағасын жете ұғынуы тиіс.

4 сәуір 2013 жылы Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетіне Қордай ауданынан жазған журналист Жандос Омаровтың «Бәрі бар ауданда кітап дүкені жоқ» деген шағын мақаласы жарық көрді. Ол осы «Ақ жол» газетінің 2013 жылдың 2 ақпаны күнгі санында жарияланған журналист Б.Ахметтің «Әлемтанудың әліпбиі - әдебиет пәні» атты мақаласына орай жазылған мақала болатын.

Журналистің аты аталған мақаласының тақырыбы біз сөз етіп отырған мәселемен әрі үндес, әрі тақырыптас болғандықтан онымен сіздердің де таныс болғандарыңызды қалап, Жандос жазған шағын мақаланы да сөзімізге қоса ұсынғанды жөн көрдік. «Дүкенге жаңа кітаптар түсіпті» деген жақсы жаңалықты естісек, жарғақ құлағымыз жастыққа тимей алып-ұшып жететінбіз. «Әке-шешеміз кешкілік кітап оқыма десе де оны көрпе астына жасырынып оқитынбыз» дегенді аға буыннан жиі естиміз. Сонда қазір кітап оқылмай ма? Көз майыңды тауысып, соңына жеткенше тағатың таусылатын, құмартатын кітаптардың қадірі бүгінде қашты ма? Қазіргі таңда жас буын жартылай оқыған кітабын жалғастыруға емес, компьютердегі ойынын қимай, соны жалғастыруға асығады. Бұл да жасырын емес.

Дей тұрғанмен «жас буын кітап оқымайдыны» ұрандатып, ауызды қу шөппен сүрте беруге де болмайды-ау. Оқу-тәрбие жұмыстарында, әртүрлі басылымдағы баспасөз беттерінде жастарға кітапты насихаттау жұмысы, оның өмірді танып-білудегі атқарар қызметін таратып түсіндіріп беру жағы ақсап тұрған сияқты. Мәселен, ауылдағы кітапханаға, негізінен, мұғалімдер мен студенттер, оқушылар бас сұғатыны белгілі. Егер сол кезде кітап дүкені көздің жауын алып, іші сан түрлі тақырыптардағы кітап-кітапшаларға толып тұрса, оған қызықпауы мүмкін бе? Біздіңше, оған қызығушылар саны жетіп артылар еді.

Бір ғана мысал, Ұлы Жібек жолының бойына, Алматы сияқты еліміздің ең ірі қаласына жақын орналасқан Қордай ауданында да бірде-бір кітап дүкені жоқ. Аудан орталығындағы Жібек жолы көшесінің бойы түрлі дәмханалармен қонақ үйлерге, жанар-жағармай стансалары мен дүкендеріне толы. Неге кітап дүкенін ашпасқа? Онда қордайлықтар сауатсыз болып кеткен бе? Жоқ, олай емес. Кітап дүкенін ашу облысымыздағы ең ірі ауданның азаматтары үшін аса қиынға да түспейді. Кәсіпкерлер мұны пайдасыз деп ойлауы да, құлқы да болмауы әбден мүмкін.

Кеңес өкіметі кезінде елімізде 1500 кітап дүкені болыпты. Ол кезде он мың тұрғыны бар елді мекенде бір кітап дүкені болуы шарт екен. Ал, қазір 130 мыңнан астам халқы бар ауданда сөресінде кітап самсаған бірде-бір дүкеннің болмауын қалай түсінеміз?

Қазіргі таңда әлем әдебиетінде, қазақ әдебиетінде қаншама тың жаңалықтар орындалуда. Жыл сайын миллиондап жаңа кітаптар дүниеге келуде, аудармалар қаншама? Солардың бәрінен мақұрым қалу керек пе? Ұсыныс тастауды ұнататын шекпенділердің осындайға келгенде ұшқыр ойларының бәсеңдеп қалатындығы түсініксіз. Не де болса кәсіпкерлердің құлағына алтын сырға. Тың жатқан танымдық мәні мол істі пайда табуды ғана көздемей, біз айтып отырған игілікті істі қолға алуға әбден болатын сияқты. Бұл тек Қордайдағы ғана жай емес облысымыздың өзге аудандарына да тән құбылыс.

Есесіне аудан базарлары мен сауда нүктелері жанында ұсақ кітаптарды сату қыза түскен. Қалай тамақтанудан бастап қалай арықтау керек, өз үйіңе сонда көрсетілген тәртіпте заттарды орналастыратын болсаң, сонда көрсетілген бағытпен жүрсең, басыңа бақ пен береке орнай қалады деген сипаттағы «ақыл-кеңестерден» тұратын кітаптар қаптап кеткен. «Фен шуй», «Табысты адамның психологиясы» дей ме, әйтеуір бір татымы аздау кітаптарды сатады да жатады. Ең қызығы оны алушылар қатары да жетерлік. Сатып алсаң сарқылмас байлыққа кенелесің деп тұрғанда, онсыз да қысқа жібі күрмеуге келмей жүргендер сол кітаптарды төріне қойып, қастерлеп жатқаны.

Аудан орталықтарынан кітап дүкенін ашу - ауадай қажет іс. Бұл аудан тұрғындарын қазіргі таңда белең алған, өз отбасы мен туған-туыстың шежіресін түгендеуден әрі аспайтын жазғыштардың қолынан шыққан кітапсымақтардан құтылудың да біржолы болмақ. Тым болмаса бұрынғыша сый ретінде кітап сыйлайтын дәстүр қайта жаңғырар ма еді...» [3].

Ия, журналист Жандос жазған шағын мақала - өте маңызды тақырыпқа арналған,

күнделікті тұрмыс-тіршілігіміздегі «күйіп тұрған» мәселені қозғаған. Рас, кезінде біз де кітап жидық, оқыдық. Таныстарымызға, достарымызға айтулы мерекелерде не қонаққа барғанда өзім жақсы көретін не досымның талғамына қарай арнайы алып қойған кітаптарымыздан сыйлайтынбыз.

Кітапты жайдан-жай жиғамыз жоқ, дақпыртқа ілесіп, үй сәні үшін кітап сөресіне кілттеп қою үшін де жиғамыз жоқ. Қызықтық, оқыдық, жақсы көріп жинадық. Тіпті, өзіміз үшін «бағалы, құнды» көрінгендерін сырт көзден таса жерге жасырып, көрнекі орындарда бекітіп ұстағанымызды да жасыра алмаймыз.

Бұл әдет беріге дейін де қалмай келеді («кітап құнының қымбаттауына дейін» дегеніміз дұрыс болар - Б.А.Б.). Бұрын өзіме қатты ұнаған кітаптардан бағасына қарамай үш-төрт данадан сатып алатынымын. Олардың қатарында, кейбірін еске түсірсем - С.Мұқановтың «Мөлдір махаббаты», Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдары», Н.Қарақұловтың «Қырық сұрағы», Илья Жақановтың «Қайта оралған әні» т.б. көптеген кітаптардың аттарын атауға болады.

Әлі есімде, кітап сыйлауда соңғы бір жасаған сыйым - 80-жылдары түркітанушы ғалым Э.Севортянның төрт томдық этимологиялық сөздігін жақсы араласып жүрген сыйлас інім Ғарифолла Әнесовке (лексиколог тілші-ғалым) арналыпты. Өйткені оның сол кезде қарап жүрген жұмысы «қазақ тіліндегі сөздердің сөз төркінін» зерттеуге байланысты болатын. Кейінде «сыйға сый» деді ме, ол да маған жақсы сый жасады. М.О.Әуезовтің жиырма томдығын сыйлады. Ол кезде біздің жұмыста (ҚазССР Ғылым академиясы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты) қазақтың ұлы классик жазушысы М.О.Әуезовтің жиырма томдығы негізінде оның жиілік сөздігін ЭЕМ-нің (электронды-есептеуіш машинаның) көмегімен дайындап жатқан кез еді, Ғарифолла інімнің сыйын асқан ырзалықпен қабыл алдым.

Бүгінде бұл «кітап сыйлау» дәстүрінен әлі де танған жоқпын, танбайтын да шығармын. Бірақ бұрынғыдай емес, себебі қазіргі уақытта не қымбат: «базарда - ет, дүкенде - кітап» қымбат болып тұрған жоқ па? Әрине, Жандос ініміз айтқандай, қанеки, кітап алып оқып, оны күтіп ұстап жинаса, жоғарыда біз сөз еткендей «кітап сыйлау» дәстүрі жаңғырып, жаңарып жатса біздің заманымызда өмір сүріп жатқан қоғам мүшелеріне жарасары анық. Тіпті қыз ұзатуда қыздың жүгіне (ұлтық салт бойынша – қыздың «төсек-орнына») қосуға, шілдеханаларда кішкентай нәрестеге де (есейгенде оқиды), тілашарда да, мектепке алғаш барғанда да, т.б. сыйлауға болады.

Үлкендердің айтуларына сенсек, ертеректе өлең-жырлар, қиссалар қолмен көшіріліп жазылып, сыйға тартқан жайлар да болған екен. Есітуіміз бар, беріде Абай өлендерін, М.Әуезовтің «Абай жолы» кітабын ұзатылған қыздардың жүктеріне қосып салғандар да болған. Оның үстіне ұлы жазушымыз М.Әуезовтің: «Кітап аяулы досы бола бастағаннан былай ғана әрбір жан өзін зиялы бола бастадым деп санауына болады», - деген сөзі тағы бар емес пе.

Кез келген кітапты таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерді өмір қажетіне жарату - әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғышарттардың бірі. Кітап оқу - өмірді тағы бір қырынан тану. Ұлы даналарымыз кітапты бар жан-тәнімен. сүйді, оқыды, олармен сырлас дос болды, бастысы олардан өмірлік тәжірибе түйді. Он рет, жүз рет оқыса да, олар кітаптан жалықпады. Себебі, келешектің бақыты мен құдіретті күші осы кітапта екенін терең түсінді. Ал, қазіргі қоғамда кітаптың алатын орны қандай? Бүгінгі жастарымыз кітап оқиды ма?

Ащы болса да шындық, бүгінгі замандастарымыздың кітап оқуға деген құмарлығының бұрынғымен салыстыра қарағанда көп төмендегені ешбір күмән тудырмайды. Өйткені бүгінде кітапханалардағы, кітап дүкендеріндегі кітап сөрелерінде сап түзеп тұрған кітаптарды аз көресің, оны іздеп оқитын жастардың қарасы да тым аз. XX ғасырдың жастары кітапты қолдан-қолға тигізбей оқыған болса, керекті, қызықты кітаптарын іздеп жүріп тауып алып оқыған болса, оның өзіндік салт-дәстүрі болған болса, жаңа басталған XXI ғасыр жастарының тәрбиелік және рухани байлықты кітаптан алу жағы мүлдем төмендеп барады.

Мүмкін олар мұны жаһанданумен, компьютерлік техникалардың дамуымен, электронды оқулықтардың болуымен «ақталғысы» келер. Бірақ солай болғанның өзінде де экономикасы, ғылым мен мәдениеті дамыған елде «кітап өндірісі» бұрынғыдан еселеп артпаса кемімеуі тиіс еді. Қалай болғанда да олардың бәрі жиылып кеп бір кітаптың орнын ауыстыра алмайтыны анық. Өйткені, кітап – «мың жылдық»! Ал бүгіндегі кез келген аға буын өкілдерінен сұрай қалсаң, олар кітапты қалай оқитындарын қызыға әрі сағына еске алары анық.

Біздің білуімізде, қазіргі жастардың кітап оқымауына заманымыздағы жаһандану үдерісі әсер етуде. Мұнда ақпараттар ағымы толассыз тасқынға айналуға. Бұл мәселені бір жақты қарауға болмайды. Бүгінгі жастардың психологиясы мен талғамын бұрынғы оқырмандармен салыстырсаң, айырмашылығы жер мен көктей. Бұған мақтануға да болмайды. Өйткені экономиканың үлкен қарқынмен дамуы әр адамның өзін-өзі материалдық жағынан қамтамасыз ету қажеттілігін тудыратыны рас. Адамның материалдық жағдайды ойлауы бірінші орынға шығып, оның рухани байлықты ойлауға, оны игеруге деген ынтасы кемиді.

Ата-ана баласын ішсін, жесін, мәртебесі биік болсын деп тәрбиелейді. Яғни, батыстың психологиясы әрбір жастың бойына сіңіп жатыр. Қазір ақпаратты тек кітаптан ғана емес, ғаламтор көздерінен, бұқаралық ақпарат құралдарынан-ақ алуға болады. Бірақ ол қаншалықты шын, сенімді? Оған толық сенуге бола ма?

Бүгінгі баланың қолында «I Pacі», «I Phone» және т.б. электрондық құралдар жеткілікті. Мұның өзі кітап оқу үрдісін алмастырды. Бірақ, бұл баланың қоғамда әлеуметтенуіне, рухани байлығының артуына кері әсерін тигізіп отыр. Тәулік бойы әлеуметтік желіде отыратын жастар рухани дүниені ұмытып бара жатқандай. Олар үшін бүгінгі басты құндылық - ғаламтор болып тұр. Ол бізді қайда апарары?! Бұл, әрине, алаңдарлық-ақ жай.


Қысқасы, «Кітап - ғалым, тілсіз мұғалім» деген сөз тегін айтылмаған. Оның бәрімізді білімді, өнерлі болуға үйретіп, талай ғажайып істердің құпиясын ашуға көмектесері, адамгершіліктің биік шыңына көтерілуде ақылымызға ақыл қосары анық. Сондықтанда кітап - ақылдың кені, өмір кілті, адамның досы. Ол сенің айыбыңды ашпайды, сырынды сыртқа шашпайды, саған әр уақытта үндемей көмектеседі, әрдайым айтқаныңа көнеді, айдауыңа жүреді, бірақ олардың ешқайсысына да ақы сұрамайды.

Сөз соңын осы жолдар иесінің 1985 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген, қазақ мектептеріндегі бастауыш сынып оқушылары мен қазақ бала бақшасының ересектер тобында тәрбиеленетін бүлдіршіндеріне арнап жазған «Кітап туралы кітап» деп аталатын шағын еңбегінің алғы сөзінде оның оқырмандарына арнаған мынбір жолдарымен аяқтағымыз келіп отыр: «Құрметгі жас дос! Кітап адам. өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Ол сендерді Отанды сүйеге, талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімді-лікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үндейді.

Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында пайдаланады. Оны оқиды, одан тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алады. Сондықтан да біз кітапты сүйеміз. Кітап - біздің досымыз. Ол - біздің рухани жан азығымыз! - дейміз» [4].

Әдебиеттер

1. Орынбек Өтемұрат. «Адам капиталы - басты құндылық». - «Егемен Қазақстан».
2. Жақсыбай Самрат. Тіл мәселесіне тірек керек. - «Егемен Қазақстан», 10-наурыз, 2022
3. Омаров Ж. Бәрі бар ауданда кітап дүкені жоқ // Ақ жол газеті. 4 сәуір 2013 ж.
4. Белботаев А. Кітап туралы кітап. - Алматы: Жалын, 1985



ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМУ – МЕМЛЕКЕТТІГІМІЗДІҢ БАСТЫ ТІРЕГІ

Белботаев Алмасбек Батанұлы - доцент, ф.ғ.к.,
А.Йасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
академиялық профессоры
студент - Балтабай Бифаруза

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының

Аңдатпа. Мақала иелері мақалада Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты танымал мақаласына пікір айтып, оның сөзін толық қолдайды. Сонымен бірге мемлекеттік тіліміз – қазақ тілін қоғамымыздың барлық саласында жан-жақты дамытуға, өркендетуге күш салуға қоғамды үндейді.

Кілтті сөздер: тіл, мемлекеттік тіл, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат», «әділетті мемлекет» құру, мемлекеттік тілді білу, оны өркендету, мемлекеттік тіл – ел мұраты!

Аннотация. Авторы статьи полностью поддерживают слова Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева, комментируя известную статью «Независимость – самое дорогое». В то же время наш государственный язык – казахский язык – призывает общество прилагать усилия для всестороннего развития и процветания во всех сферах нашего общества.

Ключевые слова: язык, государственный язык, "Независимость - самое дорогое", создание "справедливого государства", знание государственного языка, его развитие, государственный язык - миссия страны!

Abstract. The authors of the article fully support the words of the President of the Republic of Kazakhstan, Kassym-Zhomart Tokayev, commenting on the well-known article “Independence is the most expensive”. At the same time, our state language - the Kazakh language - calls on society to make efforts for the comprehensive development and prosperity in all areas of our society.

Keywords: language, the state language, "Independence is the most expensive", the creation of a "fair state", knowledge of the state language, its development, the state language – the mission of the country!

Біз өзіміздің «Қазақ тілін дамыту – мемлекеттігіміздің басты тірегі» деп аталынатын хабарламамызды Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген танымал мақаласында жазылған: «Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз. Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырады анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет», - деген жүрек тебіренісіне толы сөзімен бастағымыз келіп отыр [1] .

Президент мұнда Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болатынын айтып, одан ары әр онжылдықтың әрқайсысында атқарылған миссиясы тұрғысынан «ғасырдың жүгіне лайықты істердің» орындалғандығын санамалап келтіреді. Ал енді ғана басталған төртінші онжылдық жайында: «Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман

талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет. Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез-келген істе әділдік қағидатын басшылыққа аламыз, оны орындаймыз. Мысалы, тұрғындардың тұрмысын жақсарта түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімнің игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдар сәтте осы ұстанымды басшылыққа аламын. Біз халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, барлық азаматтардың мүддесін бірдей қорғаймыз. Менің ұғымымдағы әділетті мемлекет дегеніміз – осы», – дейді [2]. Сондай-ақ бұл айтылған сөзін іс жүзінде орындап жүргенін де көреміз. – Сондықтан, қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларына қоса, балаларға арналған шетел жазушыларының да таңдаулы туындыларын аударып, көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алған жөн. Оған сұраныс жоғары. **Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады.** Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек», - дейді [3].

Рас. Ашығын айту керек, мемлекеттік тіл мәселесіне келгенде бұл өте орынды айтылған сөз. Біз Президент сөзін толығымен шын жүректен қолдаймыз: ол – ашық айтты: «Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы», - деді; ашып айтты: «Міндеті деп те айтуға болады», - деді; жақауратып та айтты: «Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді» [4], - деді. Басқаша не деуге болады, айтыңыздаршы.

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласынан кейін теле-радио, баспасөз беттерінде біразға дейін қолдаулар, үнкосулар болды. Көптеген іс-шаралар өткізіліп, жиындар болып жатты. Бірақ тілдің дамуында, не қолданылуында кісіні пәлендей елең еткізерлік, не селт еткізерлік не өзгеріс, не қозғалыс (құбылыс) байқалмады. Қайта мемлекеттік тіліміздің дамуы кері кетіп бара жатқандай әсерде жүргендейміз: аялдамалар атаулары қазақша емес орысша айтыла бастады: « – Келесі аялдама – Горбольница, келесі аялдама – Магазин», сөйлеу тілі болса, шұбарланып барады, жарнамалар болса – «жаралы», аудармалары болса – адам түсінбестей «қойыртпақ» т.б. деген сияқты. Әрине бұл – үлкен кемшілік, әсіресе ұлттығымызға сын болып тұр.

Рас, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тіл мәселесіне қатысты оның болашағына байланысты елеулі ашықтық, емен-жарқындық байқалып, оның қолданысына, мәдениетіне, тазалығына, болашақ даму мәселелеріне қатысты бүкіл халықтық қолдау үрдісі байқалған еді. Бұл – «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның қабылдануы – «мың өліп, мың тірілген» қайсар еліміздің жер шарының саяси картасында қазақ ұлтының ұлттық нышандарымен қатар, **мемлекеттік тілі** бар зайырлы Қазақстан Республикасы ретінде танылуы еді, соның ықпалды әсері еді.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданылуына негізінен ықпал еткен Заңның 4-бабында **«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі»** деп жазылуы - Қазақстан Республикасы халқының еңсесін рухани тұрғыдан көтергені анық [5]. Ал 1998 жылғы 14 тамызда «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту туралы» Үкіметтің № 769 қаулысы қабылданды [6]. Бұл қаулының өміршеңдігі сонда – кеңес дәуірінен бері орысша жүргізіліп келе жатқан кеңсе тілін мемлекеттік тіл ретінде сөйлетіп, қазақ тілі мәртебесінің көтеріле түсуіне әжептәуір септігін тигізді десек те болады.

Сондай-ақ Үкімет қабылдаған нормативтік - құқықтық актілердің өз дәрежесінде орындалуы үшін алысты болжаған, тиянақты жоспарланған бағдарламаның қажет екендігін уақыт өзі көрсетіп берді. Осыған байланысты мемлекеттік тілдің басқару тіл ретінде қолданылуын қамтамасыз ету үшін, іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру кестесін белгілеу арқылы оның негізгі тіл ретінде қолданылуын реттеу сияқты маңызды мәселелерге арналған мемлекеттік маңызы бар құжаттар – мемлекеттік бағдарламалар да қабылданды [7], [8]. Бірақ

бұл бағдарламалар толық орындалмады: жарым-жартылай ғана орындалды десек болатындай.

Бұдан кейін де мемлекеттік тұрғыдан Қазақстан республикасындағы тілдердің қолданылуына, дамуына байланысты біршама маңызды құжаттар дүниеге келді. Олардың бәрінде де мемлекеттік тіл, оның қолданылуы мен дамуы, соларға байланысты іс-шаралар мәселелері сөз болып отырды. Олар да өз шама-шарқынша атқарылып жатты. Бірақ, қалай болғанда да мемлекеттік тілдің қолданысында, дамуы мен қалыптасуында мардымды өзгерістер байқалмады, анығын айтқанда – ілгерілеушілік болмады. Бұл – ащы да болса шындық еді.

Бұл айтқандарымызды басқаша айтып түсіндірер болсақ, мемлекеттік тіл – қазақ тілінің толыққанды болып өсіп, өркендеуі үшін бұл аты аталған салаларда (ғылым, мәдениет, саяси-әлеуметтік, дипломатия, басқару т.б.) қоғамымызда қажеттілік тудыру қажет еді. Бірақ ол болмады, қоғам оны тудыра алмады. Осы себептен келіп, оның қолданылу өрісі де болмады. Заң баптарының, оның тармақтарының орындалуын – іс жүзінде іске асырылуын қатаң бақылауға алынуы керек еді, бұл да болмады. Нәтижеде - өзі **қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылуы тиіс, соның негізінде дамитын мемлекеттік тіл – қазақ тілі** қолданылатын өрісі болатұра оның орындалуын қамтамасыз ететін тиісті тетіктерінің болмауынан да дамусыз тоқырауға ұшырады, сөйтіп өзіндік дамуы жағынан тұйыққа келіп тірелді. Бұл – біздің елдің мемлекеттік тілімізді дамыту саясатындағы үлкен кемшілігіміз болды. Осындай себептерден де тілдерді дамытудың Мемлекеттік Бағдарламалары іс жүзінде орындалмай қалды. Бұл жайында кезінде бір жұмысымызда да сөз еткен болатынбыз.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақ елін күллі әлем таныды, мойындады. Экономикамыз бен ғылымымыз, халқымыздың әлеуметтік жағдайы мен әл-ауқатымыз жан-жақты дамыды. Бүкіл әлемдік саяси аренадағы мәртебеміз де арта түсті. Соның ішінде ғылым-білімнің негізгі кілттерінің бірінен саналатын ұлттық жазуымызға да күрделі реформа жасалды – латын әліпбиіне негізделген Жаңа қазақ жазуын жасап, оны қабылдадық. Ендігі мақсат – осы мемлекеттік тіліміздің абройын асқақтату, ол үшін жан бере күресу.

Біздің білуімізде – мемлекеттік тіл – мемлекеттігіміздің негізгі әрі басты ұстындарының бірі. Сондықтанда ол ұлттық рәміздеріміз – Ту, Елтаңба, Әнұранымыз сияқты солардың қатарында солармен бірге тұруы керек. Өйткені, ТІЛ – ұлтымыздың ең басты байлығы, тәуелсіздігіміздің тұмары, азаттығымыздың айғағы. Бұл ретте Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында мемлекеттік тілдің дамуы мен келешегі жөнінде айтқан пікірлері өте орынды әрі дұрыс айтылған. Оның біздер үшін маңызы өте зор деп білеміз. Сондай-ақ бұл жерде А.Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады», – деген сөзін, Ғ.Мүсіреповтің «Тіл – аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» – деген сөзін және Петр Вяземскийдің «Ана тілін шекараны қорғағандай қорғау керек» деген сияқты сөздердің де барын ешқашан ұмытпағанымыз жөн.


Қысқасы, мемлекеттік тіліміз – қазақ тілін дамыту – мемлекеттігіміздің басты тірегі. Оның өсіп-өркендеп, қоғамымыздағы тұрмыс-тіршіліктің барлық саласында толыққанды қызметке ие болып төрге озуы – елдігіміздің басты мұраты! – деп айтқымыз келеді.

Әдебиетер

1. Тоқаев Қ.-Ж. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. – «Егемен Қазақстан». 5 қаңтар, 2021.
2. Тоқаев Қ.-Ж. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. – «Егемен Қазақстан». 5 қаңтар, 2021.
3. Тоқаев Қ.-Ж. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. – «Егемен Қазақстан». 5 қаңтар, 2021.
4. Тоқаев Қ.-Ж. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. – «Егемен Қазақстан». 5 қаңтар, 2021.
5. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы. – Алматы, 1997, шілденің 11-і.
6. «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту туралы» Үкіметтің № 769 қаулысы. – Астана, 14.08.1998.

7. Назарбаев Н.Ә. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2000.

8. Назарбаев Н.Ә. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.



УДК 37.04

ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРЫ БАР АТА-АНАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ғылыми жетекші: Ботабаева Адеми Еркебаевна – п.ғ.к., доцент

Студент: Алмабаева Айсулу Маратқызы

**«БВ01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы, 2
курс, МДТ 21-1 тобы**

«Педагогика» факультетінің «Жалпы педагогика» кафедрасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа. Ғылыми мақалада ерекше жағдайды қажет ететін балалары бар ата-аналардың жай күйі мен оларды психологиялық қолдау мәселесі туралы айтылады.

Кілт сөздер: Ерекше жағдайды қажет ететін балалар, ата-аналар, психологиялық қолдау, отбасылық қарым-қатынастар, психикалық ахуал.

Баланың дүниеге келуі – әр отбасы үшін көптен күтіп жүрген қуанышты оқиға. Ата-аналар бала тууымен бақытты болашақ туралы армандарын баланыстырады, оларға үлкен, тіптен шамадан тыс зор үміттерін жүктейді. Керісінше, дамуында ауытқулары бар балалар туылғанда жағдай мүлдем басқаша болады. Мұндай баланың дүниеге келуі ата-анасында, жақын туыстарында уайым мен теріс эмоциялар туындатады [1]. Зерттеуші ғалымдардың (Р.Ф. Майрамян, О.К. Агавелян) пайымдауынша дамуында ауытқулары бар баланың туылуы міндетті түрде ата-ананың күйзелісіне әкеліп соғады. Мысалы, баланың ақыл-есінің кем болуы аналардың 65,7%-да уайым, күйзеліс, истерикалық жағдайлар тудырады, тіптен кейбіреулері өзіне өзі қол жұмсауға дейін барады. Қойылған диагнозды естігенде жиі ұшырасатын жағдайлар - ата-ананың өздерін кінәлі сезінуі, болған жағдайда ешқандай құтыла алмайтындығын сезінуі. Өз-өзін бағалаудың күрт төмендеп кетуі «Не себепті дәл мен осындай жағдайға тап болдым?» деген сұрақтар пайда болады, олар өздерін бақытсыз сезіне бастайды.

Ерекше жағдайды қажет ететін балалары бар ата-аналар көбінесе ажырасып кетеді. Жасырын ажырасулар жағдайлары да жиі ұшырасады, сырттай қарағанда отбасы сақталып қалған тәрізді, бірақ әкесі өмірлік қажеттіліктерге байланысты осылай істегендігін алға тартып, бөлек тұра бастайды. Ерекше жағдайды қажет ететін балалардың ата-аналары қиындықтарды әр түрлі қабылдайды: көбінесе балаға туған күнінен бастап күтім жасап жатқан аналары оған жанашырлық білдіріп, қанша жерден уайымдап жатса да оны сол жағдайда жақсы көруге тырысады. Әкесі болашақты меңзейді, оны балам қандай болып өсер екен деген сұрақ мазалайды. Көбінесе әкелер баланың келешегі жоқ деген қорытындыға келеді, бірақ әйелінің күйзеліске ұшырағаны оны мазалайды, оның үстіне, оған ерекше материалдық қиындықтар жүктеледі, себебі, аналар көп жағдайда жұмыстан шығып кетуге мәжбүр болады. Отбасындағы ата-ана мен балалардың, әсіресе, ерлі-зайыптылардың ара қатынастары бұзылады. Оның үстіне, тағы бір кемтар бала туса не істейміз деген сұрақ олардың мазасын кетіреді. Көбінесе ана баланың кенжелеп дамуындағы бүкіл жауапкершілікті өз мойнына жүктейді, кейде кінәні басқа отбасы мүшелеріне артады, бала

алдындағы кінәсін жуып-шаю үшін оны қатты бәйектейді, басқа дені сау балалармен жүздесулерін шектейді. Осындай жағдайда баланың денсаулығын ойлап, сары уайымға салынған әке өзін «тастанды» сезіне бастайды, ақырында ата-ана ажырасуға дейін барады.

Ата-ана душар болған психикалық стресс көбінесе олардың түрлі психосоматикалық дерттерге душар болуына әкеліп соғады. Уақыт өткен сайын стресс азаймай, қайта керісінше, көбейе береді: бала есейе бастағанда ата-ананың оның болашағы үшін уайым-қайғылары да қосыла бастайды.

Өзіне төмен баға беретін қауіп-қатері жоғары дәрежедегі бақытсыз ана тіптен дені сау баланы да бақытты және ширақ етіп тәрбиелей алмайды, ал денсаулығында мүкістер баланы тәрбиелеу туралы не айтуға болады деген пікір қоғамда кең тарап кеткен. Шынында да, ата-анасының балаға дұрыс қарамауы мұндай балаларда екінші дәрежедегі ауытқулар туындатуы әбден мүмкін екендігі дәлелденген.

Баланың ахуалы ата-ананың мінез-құлқына да қатты әсер етеді, отбасында ата-аналар өздері шешімін таба алмайтын күрделі жағдаяттар туындайды: элеуметтік ортамен қарым-қатынастар бұзылады, олардың жүздесу шеңбері жақын туыстармен, жолдас-жоралармен, дәрігерлермен, дефектологтармен және мұғалімдермен шектеледі. Отбасы тұйықталып, мамандардың нұсқауларын дұрыс қабылдамай, білім беру мекемелерімен жанжалдасуға дейін барады. Ата-аналарда ауру бала, оны емдеу және тәрбиелеу мүмкіндіктері туралы жансақ пікірлер қалыптасады. Олар дәрігерлер қойған диагнозды теріске шығару, кеңес-ұсыныстарын орындамау жағдайлары жиі байқалады, қойылған диагноз қате болған шығар деген оймен басқа мамандарға жүгіну немесе балаға көмектесетін дәрі-дәрмектер, емдеу әдістері бар шығар деген ойлар мазалап, үміт оты жана бастайды.

Мұндайда баланы үй жағдайында оқытып, тәрбиелеу тиімділігі қаншалықты, мүмкін, баланы ауытқулары бар балаларды оқытатын мамандандырылған оқу мекемелерінде ұстаған дұрыс шығар деген ой да пайда болады.

Отбасылық қарым-қатынастар балалардың психикалық ахуалына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып саналады. Егер баланың бойында күрделілігі түрлі деңгейдегі органикалық сипатта болатын психикалық әрекетінің ауытқулары байқалса, отбасының рөлі бұрынғыша маңызды болып қала береді. Отбасы баланың ауру түріне қарай қоғамда бейімделуіне септігін тигізеді. Отбасында райлы ахуал тудыру арқылы балаға өзінің дамымай қалғандығын сездірмеуге тырысады, өзін маңызды етіп сезінуіне ықпалын тигізеді.

Ерекше жағдайды қажет ететін баланың дүниеге келуі – отбасы өмірінің барлық жақтарына қатысы бар, ата-анада, жақын туыстарында қатты эмоционалды күйзеліс тудыратын аса маңызды проблема. Мұндай отбасыларында психологиялық маңызы бар қиындықтардың туындауы ата-ананың жалпы көңіл-күйлерінің нашарлауына, түрлі жүйкелік-психикалық ауытқулардың пайда болуына (реактивтік ахуалдар, депрессия, суицидалды көзқарастар, истерикалық реакциялар, т.б.) ақырында отбасы мүшелері арасындағы қатынастардың бұзылуына әкеліп соғады. Егер баланың бойында психикалық немесе физикалық дамуындағы ауытқулармен қатар сыртқы кемшіліктер де болса, ата-аналардың көңіл-күйі одан сайын терең күйзеліске ұшырайды.

Ерекше жағдайды қажет ететін балалардың ата-аналарымен жүйелі түрде жұмыс жүргізу нәтижесінде аналардың элеуметтік және психологиялық статустарын жоғарылату міндеттерінің шешілуіне, ана-бала диадасындағы қатынастардың мейлінше райландырылуына, отбасы ахуалының оңтайландырылуына қол жеткізуге болады [2].

Әр білім беру мекемесінде элеуметтік педагогтардың, тәрбиешілердің, түрлі кәсіби мамандардың, ата-аналардың ерекше назар аудару қажеттілігін талап ететін, олардың бір бірімен тығыз байланыста болу арқылы бірлесе отырып алуан түрлі мәселелердің шешімін табуды қажет ететін балалар категориясы ұшырасады. Білім беру жүйесіндегі ерекше қажеттіліктері бар балалар – қазіргі заманғы қоғам үшін жаңа ұғым болып саналады. Бұл терминнің дүниеге келуі біздің қоғамымыздың есейе бола бастағанын білдіреді - ол бойында ерекшеліктері бар мүмкіндіктері шектеулі немесе ауыр өмірлік жағдайға душар болған балаға қарай бет бұрды деген сөз.

Білім беру жүйесіндегі ерекше қажеттіліктері бар балалар – арнайы психологтық-педагогикалық және әлеуметтік-педагогикалық көмек беруді және оқыту, тәрбие беру процесінде арнайы жағдайлар тудыруды қажет ететін балалар. Коррекциялық педагогика бірқатар қағидаттарға сүйене отырып жұмысты ұйымдастырады, соған сәйкестар берілген категориялардағы балаларды оқыту және тәрбие жұмыстарын жүзеге асыру үшін коррекциялық-дамытушы бағдарламаларын құрастырады. Мұндай стратегия баланың әлеуметтендірілу процесінің нәтижелі жүруін қамтамасыз етеді, яғни, бойында ауытқулары бар балаларды оқыту және тәрбиелеуінің негізгі мақсатына – олардың әлеуметтік жетілмегендігін жеңуіне, әлеуметке мүмкіндігінше толығырақ енуіне, олардың өз бетінше өмір сүруіне қол жеткізуіне септігін тигізеді. Бойында ауытқулары бар балалар – білім беру, тәрбиелеу жұмыстары жаңаша формада ұйымдастырылса, олар әлеуметтік өмірге бейімделіп, қоғамға кіріктендіріліп, оған пайда әкеліп, өздері де бақытты болуы әдбін мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кальпебаева Г. Психикалық дамуы тежелген балаларды ақыл-есі төмен балалардан ажырату». //Дефектология. 2010. №4. 15 б.
- 2 Хухлаева О.В. Практические материалы для работы с детьми 3-9 лет. Психологические игры, упражнения, сказки М.: Генезис , 2007. — 2-е изд. – 1767.



ӘОЖ 37.01

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫСНАСТАРЫН ЗЕРТТЕУ

Ғылыми жетекшісі: Бақтыбаева Кулизат Сағынғалиқызы, п.ғ.к.

Студент: Жолдас Минура Сәкенқызы

«Педагогика» факультеті, «Педагогика және психология» мамандығы,

4 курс, ПиП-19-1 тобы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа. Оқушылардың жағымды тұлғааралық қарым-қатынасы олардың психикалық жағдайына, оқу үлгеріміне, танымдық белсенділігіне, физикалық белсенділігіне ғана емес, сонымен бірге тұтастай алғанда сыныптың бірлігіне де оң әсер етеді. Мақалада жасөспірімдердің тұлғааралық қарым-қатынасын зерттеу проблемалары қарастырылған, жасөспірімнің жалпы психологиялық және психофизиологиялық сипаттамаларының көрсеткіштері келтірілген, сонымен қатар жасөспірімдердің сыныпта өзара қарым-қатынас жасау мәселесін қарастыру барысында тұлғааралық және топаралық қатынастарды өзгерту, жақсарту және жетілдіру мақсатында диагностикалау үшін қолданылатын Дж. Морено жасаған социометриялық әдісін қолдану барысы мен оның нәтижесі келтірілген.

Кілт сөздер: жасөспірім, тұлғааралық, қарым-қатынас, диагностика, өзара қарым-қатынас

Қазіргі қоғамның даму ерекшеліктерін ескере отырып, әлеуметтік-мәдени орта жаңа ұрпақты қалыптастыруда жетекші рөл атқаратынын атап өткен жөн. Ондағы басым бағыттардың бірі қоғамның басқа өкілдерімен өзара тиімді байланыс таба білу, сондай-ақ ынтымақтастық дағдыларын жетілдіру болып табылады. Осыған байланысты тұлғааралық қарым-қатынас процесі барған сайын маңызды болып келеді. Жасөспірім осы көп қырлы процесте әлеуметтік белсенділіктің субъектісіне айналады.

Жасөспірімдердік шақ-бұл барлық жастағы балалар арасындағы ең қиын және ең күрделі шақ, бұл жеке тұлғаның қалыптасу кезеңі. Осы күрделі кезеңде адамгершілік негіздері қаланады, әлеуметтік қатынастар, өзіне, жанындағы адамдарға, қоғамға деген көзқарас қалыптасады; мінез-құлық белгілері мен тұлғааралық қатынастардың негізгі түрлері тұрақтанады.

Жеміс ағаштарының қысқы төзімділігін зерттеу жұмыстары «Жеміс, жидек және жаңғақ дақылдарын сорттық зерттеу бағдарламасы және әдістемесі» (Мичуринск, 1999) бойынша ең қатал қыстан кейін орта бойылы типтегі бақтарда (ММ-106) жүргізілді.[3,4]

Зертханалық жағдайларда аязға төзімділік М.М.Тюрина әдістемесі бойынша зақымдаушы факторларды зерттеу арқылы жасалды.

Зерттеу нысаны қарқынды бақтарды орташа бойлы өсетін алма сорттары болды. (Голден Делишес, Лелишес, Золотой превосход, Старккримсон, Мельба. Шабдалының Эльберта, Лоло сорттары).

Соңғы онжылдықта ең қатал 2017 жылғы қараша айындағы суық болды. Ауның температурасы $-25,5$ градусқа дейін төмендеп кетті. топырақтың жүзе қабаты қатты тоңды. Жеміс ағаштары қараша айында қысқы тыным жағдайына дайын болмаған еді. Бұл жылығы қардың жеткілікте мөлшерде болмағаны және ауа температурсының жылдам төмендеуімен ұзақ аязды күндердің басталуы, орта бойлы алма екпелеріне айтарлықтай зиян келтірген болатын.



1-сурет- алманың «Голден Делишес» сортының көп жылдық тінінің суық әсерінен жарылуы

Алманың барлық зерттелген сорттарында бір жылдық, екі жылдық және үш жылдық өркендерді зақымдалды. Сондай ақ алманың Голден Делишес және Золотой превосход сорттарының көп жылдық өркендері суықтың әсерінен жарылып кетті.

2022-2023 жылғы ұзақ дауам еткен суықтың деңгейі -28 градусқа дейін болды. Наурыз айында зерттелген жеміс ағаштарын тесеріп шыққанымызда алманың және шабдалы ағаштарының сабағының немесе қаңқа бұтақтарының түбінде қабықтың ұсақ күйіп қалуы байқалды. Сондай ақ ағаш діңінің тоңдап қатуы, және бір жылдық, екі жылдық, үш жылдық бұтақтарының үсік шалғандығы байқалды. Қабық, ағаш, камбий және вегетативті бүршіктері алманың Голден Делишес және Мелба сорттарында байқалды.



2-сурет- алма ағашы денесінің суық әсерінен некрозға айналуы

Қыста суықтың әсерін анықтау үшін наурыз айының басында бұршіктердің аязға төзімділігін анықтау үлкен маңызға ие. Зерттелген сорттар мен сорт тамыр комбинациялары аязға төзімділігі төмен деңгейде екендігін көрсетті. Вегетативтік бұршіктердің зақымдануы зерттелген шабдалы сорттарында біршама күшті болды.



3-сурет- суықтан зақымданған шабдалы ағашының генератив өркендері (камбий қабаты суықтан қоңыр түске еніп өліп қалған)

Зертхана жағдайында зерттелген сорттардың бұршіктері толығымен зақымданғанын көрсетті. Зерттелген сорттардың 2022-2023 жылғы аязға төзімділік деңгейінің төмен қабілетті екендігін көрсетті.

Вегетативті бұршіктердің зақымдануы орташа есеппен 0,7-0,9 баллды құрады. Орташа өсетін телітушілерге телітілген сорттардың қысқы суықтың әсеріне зақымдану деңгейі бірдей сипатта болды. Әртүрлі сорттардағы ағаштың қабығы мен камбийі зақымданған.

Наурыз айында күн қайта жылыған соң аязға төзімділікті қалпына келтіруге келесі сорттар жақсы қабілетке ие болды: Делишес, Мелба.

Алма ағаштарының қалған сорт комбинацияларында және шабдалының сорттарында ұлпалар мен бұршіктер аяздан толығы мен зақымданған.

Қорытындылай келіп Агробиологиялық ғылыми зерттеу орталығындағы алма және шабдалы сорт комбинацияларының 2022-2023 жылғы минус 28-30 градусқа дейінгі минималды температура кезінде алқаптағы ағаштардың жеткіліксіз қысқа төзімділігін көрсетті. Зертханалық жағдайда зерттелген сорттардың бір жылдық, екі жылдық және үш

жылдық өркендері сорттардың төзімділікті қалпына келтіру қабілеті төмен екендігі анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Котович И.Н. Солнечные ожоги плодовых деревьев. Санкт-Петербург, 2009
2. Красавцев О.А., Калориметрия растений при температуре ниже нуля/О. А.Красавцев. М.: Наука, 1972. - 64 с.
3. Программа и методика сортоизучения плодовых, ягодных и орехоплодных культур. Всесоюз. науч.-исслед. ин-т садоводства им. И. В. Мичурина., 1973. - 495 с
4. Лобанов Г.А. и др. (ред.) Программа и методика сортоизучения плодовых, ягодных и орехоплодных культур. Мичуринск: ВНИИС им. И.В.Мичурина, 1973.- 492 с



УДК 638.17

БАЛДЫҢ ТҮТЫНУШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІМЕН САПАСЫН САҚТАЙТЫН ФАКТОРЛАР

Амирова Маржан Асанқызы - аға оқытушы
Кеңесова Асылай ВС-18/1топ студенті, «Жаратылыстану» факультеті, «Стандарттау
және ветеринарлық санитария» кафедрасы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа. Мақалада балдың емдік қасиеттері, жоғары қоректік құндылықтың және ағзаға тиетін пайдасын. Сонымен қатар, табиғи бал құрамында дәрумендер, түрлі микроэлементтер, минералды және бактерияға қарсы заттар бар екенін және сапасын анықтаумен сақтайтын әртүрлі факторларды көрсетеді.

Кілтті сөздер. Калория, мөлшері, химиялық құрамы, ферменттер, микроэлементтер, факторлар.

Аннотация. Статья посвящена лечебным свойствам меда, высокой питательной ценности и пользе для организма. Содержание в нем витаминов, различных микроэлементов, минеральных и антибактериальных веществ, а также различные методы определения качества и хранения меда.

Ключевые слова. Калорийность, количество, химический состав, ферменты, микроэлементы, факторы.

Annotation. The article is devoted to the medicinal properties of honey, high nutritional value and benefits for the body. The content of vitamins, various trace elements, mineral and antibacterial substances in it, as well as various methods of storing honey.

Key words. Caloric content, quantity, chemical composition, enzymes, trace elements, factors.

Дәстүрлі медицинада балды ыстық шаймен немесе сүтпен суық тиюге, антипиретикалық, диафоретикалық, қалпына келтіретін тиімді құрал ретінде пайдаланады. Бұл бал иммундық жүйені күшейтеді, зиянды бактерияларға қарсы тұрады және зақымдалған жасушаларды қалпына келтіруге көмектеседі. Бұл денеге аурумен күресуге және оны жеңуге мүмкіндік береді. Сондықтан профилактика ретінде мезгіл-мезгіл балды тиімді қабылдау керек.

Балдың емдік қасиеттері, ең алдымен, оның құрамымен түсіндіріледі, ол жоғары қоректік құндылықтың арқасында организмнің қорғаныш функциясын, жүрек-тамыр жүйесінің және ағзаның әртүрлі инфекцияларға төзімділігін күшейтеді. Сонымен қатар,

табиғи бал құрамында дәрумендер, микроэлементтер, минералды және бактерияға қарсы тұратын заттар бар.

Балдың пайдалы қасиеттері оның химиялық құрамына байланысты. Ол балдың әртүрлі сорттарында ерекшеленеді және бал жиналған өсімдік түріне, сондай-ақ топырақ пен сол жердің климаттық жағдайларға байланысты.

Көп авторлардың пікірінше, бал құрамында 60-тен 300-ге дейін заттар болуы мүмкін. Оларға қант (75-80%), су (17-20%), декстриндер (2-5%), азотты заттар (0,5%), минералдар (0,2%), липидтер (0,2%), қышқылдар (0,1%) жатады. Балдың сорттарының құрамы бір-бірінен айырмашылық көрсетеді.

Табиғи бал каллория мөлшері бойынша шоколад, қант, жаңғақ, какао және т.б. сияқты калориясы жоғары өнімдермен бәсекелеседі, бірақ бал осы заттардан жақсы ерекшеленеді, өйткені оның құрамында ақуыздар мен көмірсулар ғана емес, сонымен қатар адам ағзасына өте керек басқа да заттар болады, олар балды диеталық өнімдер арасында ерекше көрсетеді. Көмірсулардан басқа, балдың құрамына ферменттер кіреді: диастаза, инвертаза, каталаза, қышқыл фосфатаза және т. б. Осы органикалық заттар, аз мөлшерде болса да, адам ағзасында метаболикалық реакцияларды жақсы жеделдетеді. Ферменттер балға өсімдіктерден және аралар денесінен де енеді (фарингальды бездер). Балдағы диастаза мен ферменттердің болуы оның жасанды емес, табиғи екенін көрсетеді. Сонымен балдағы ферменттерді анықтау, оның табиғи болуын анықтауға негізделген. Бал 60°C-қа қыздырғанда оның құрамындағы ферменттер жойылып, бал жасанды түрде алуға болатын қоректік заттардың қоспасына айналады, бірақ мұндай бал көптеген емдік қасиеттерін жоғалтады.

Балдың құрамына магний, темір, күкірт, йод, кальций, натрий, хлор, фосфор тұздары кіреді, ал кейбір түрлерінде радий де кездеседі. Балдағы көптеген минералды заттардың мөлшері адам қанындағы құрамына сәйкес келетіні, денсаулық үшін өте маңызды, мысалы кальций сүйек тінінің бөлігі болады, темір қанға оттегін беру үшін қажет гемоглобиннің құрамы болып табылады және т. б. [1 . 162б.],[5 . 325б.].

Бал құрамында бор, хром, мыс, литий, никель, қорғасын, қалайы, мырыш, марганец, кремний, алюминий, осмий және басқа микроэлементтер бар. Адам ағзасында аз мөлшерде бұл микроэлементтер көптеген жүйелерінің жұмысында көп рөл атқарады. Бал қалыпты гемопозз үшін керек, адамды анемиядан қорғайды. Минералдарға мол қара түсті бал сорттары асқазан-ішек жолына тигізетін оң әсері өте жақсы.

Балдың негізгі қоспасы өсімдіктің тозаңы, бұл өнім ақуызбен дәрумендерге өте бай. Ара жинаған 1 кг балда 6 мыңға жуық тозаң дәні болуы мүмкін.

Ғалымдар балдың құрамында биогеңдік стимуляторлар, сонымен қатар, балдың құрамында өсу заттары (биоздар) бар екендігі көрсетеді, сондықтан бал жас балаларға және кәрі адамдарға науқастарға өте пайдалы [2 . 19б.].

Зерттеулердің материалдары мен әдістері. Өнімді таңдағанда, бал алушылар оның сапасына назар аударатыны белгілі.

Бал тамақ өнімі ғана емес, сонымен қатар әртүрлі аурулардың ең танымал және тиімді алдын-алу құралдарының бірі. Сондықтан сатып алушылар балдың сапасы әрқашанда алаңдатты.

Балдың сапасын қалыптастыратын факторлар, ол балдың түсі. Ботаникалық шығу тегін белгілі бір және сапасының көрсеткіштерінің бірі. Балдың түстері әр түрлі болу мүмкін, мысалы ақ болуы (мақта, ақ акация, эспарцет, күнбағыс және т.б.) қоңыр қою (кориандр, каштан, қарақұмық, былғары және т.б.). Балдың түсін хром шкаласына сәйкес физикалық құрылғыларды пайдалану арқылы дәлірек анықтауға болады.

Балдың әр түрі өзіне ғана тән өзіндік түсі бар ол әрине ара пайдаланатын гүлдерге байланысты. Таза бал, әдетте, қандай түсті болса да, мөлдір болады. Құрамында қоспалары бар бал (крахмал, қант, және т.б.) бұлтты, егер дұрыстап қарасаңыз, онда сіз ыдыстың түбіндегі тұнбаны көре аласыз.

Балды сапасын тексеру және санитарлық бағалу. Балдың дәмі тәтті, жағымды, оған қанттың, қышқылдардың, минералдардың, алкалоидтарда әсер береді. Ең жақсы

дәміді, ақ акация, тәтті жоңышқа, эспарцет, беде, таңқурай және т.б. сияқты бал түрлері. Сапасы төмен эвкалипт, былғары, қылшық сияқты өсімдіктерден болады. Балдың кейбір сорттары, ара пайдаланған каштан, темекі, ерекше ащы болуы мүмкін. Балды жоғары температурада ұстағанда карамель дәмі өте қышқыл, көгерген және ашытылған дәм береді. Табиғи бал және балшырындары полифенолды қосылыстардың болған жағдайда оны пайдаланған кезде ауызды және көмейдің тітіркендіреді. Қант балында мұндай жағдай болмайды. Балдың дәмін жабық шыны ыдыста 30 градусқа дейін тұрған, бал сынамасын алдын ала алып қыздырғаннан кейін анықталады.

Балдың жағымды иісі көрсеткіштің негізгі сапасы мен белгілі бірі ботаникалық шығу тегі болады. Хош иістің қарқындылығы балдағы ұшпа органикалық заттардың мөлшері мен құрамына байланысты. Жағымды хош иісті анықтау үшін 30-40 гр. балды шыны ыдысқа салып, қақпақпен жауып, су моншасында 40-45 градус температурада 10 минут қыздырып барып иіскеп анықтайды. [3 . 2006.].

Балдың консистенциясы оның химиялық құрамына, температурасына, сақтау мерзіміне байланысты. Бал сұйық, тұтқыр, тығыз немесе аралас болуы мүмкін. Жаңадан алынған бал сироптәрізді сұйықтық болып келеді және сақтау кезінде кристалданбайды. Балдың консистенциясын 20 градуста шпательді балға батыру арқылы анықтайды және шпательді ерітіндінің жоғары көтеру арқылы балдың ағып түсуінен сипаты байқалады.

Сұйық балда шпательде бал аз мөлшерде сақталады, ол жіптәрізді ағып мен тамшылап кетеді. Сұйық консистенция жаңа піскен балдарда көп болады және беде, ақ акация, сондай-ақ ылғалдылығы жоғары балдың барлық түрлерінде. Тұтқыр бал, балдың көп мөлшері шпательде қалады, ол сирек жіптәрізді және ұзарған тамшылар болып ағып кетеді. Осы консистенция піскен гүл балының көптеген түрлерінде байқалады. Өте тұтқыр бал, балдың едәуір мөлшері шпательде тұрып қалады, ол сирек қалып болып ағады. Осы консистенция падий, былғары және эвкалипт балына тән, бұл жағдай глюкоза кристалдарының пайда болу кезеңінде байқалады.

Тығыз консистенция, шпатель күш қолдану нәтижесінде балға батырылады. Аралас консистенция, мұнда бал бөлігінде стратификация байқалады: төменде - қатты қабатты құрайтын глюкоза кристалдары, ал үстінде - сұйық бөлік. Бұл жылы өңдеуден өткен балдың кристалдануымен, сондай-ақ балдың алғашқы сақтау айларында, балды қант шәрбатымен арластырған кезде байқалады.

Балда қоспалар болуы, оның тазалық дәрежесін анықтайды. Оның мазмұны шамалы, бірақ ол балды күл элементтерімен, дәрумендермен, ақуыздар мен байытады. Өсімдіктің белгілі бір түрінен тозаңның болуы балдың шығу тегін растайды. [4 . 3296.].

Бал гигроскопиялық тағам өніміне жатады, сондықтан оны герметикалық контейнерге салу қажет. Балды сақтау кезінде қолданылатын контейнерлердің негізгі түрлері, ағаш, металл, шыны, керамика, пластмасса, картон болып табылады. Ол ыдыстар мынадай талаптарға сәйкес болуға тиіс, беріктігі яғни шырақтың болмауы, тазалығы, бал құрамына сәйкесті емес, су буы мен басқа иісті заттардың өтуіне болмауы керек.

Ағаштан жасалған контейнерлер балды "Линден" деп аталатын бөренелерінен кесілген бөшкелер немесе бөшке түрінде орауға қолданылады. Бөшкелер бук, қайың, тал, чинара, көктерек, алдер, балқарағай тақтайларынан жасалуға рұқсат беріледі. Олардың құрғақ, сүректің ылғалдылығы 16% - дан аспайтын, екі жағынан жоспарланған болуы тиіс. Бөшкелердің іші ыстық парафинмен майлаған болуы керек, сонда бал ағашқа сіңбейді. Бөшкелердің сыйымдылығы 75 кг – нан, ал кіші бөшкелер-40 кг аспауы керек.

Кристалданған балды жақсы қораптарда сақтауға болады. Балды ұсақ тұтыну ыдыстарына банкалар, стақандар, түтіктер, пакеттер, қораптар буып-түю кезінде де пайдалануға болады.

Металл қорапшасына жаңа сығылған балды орау және оны алыс қашықтыққа тасымалдау кезінде кеңінен қолданылады, оған тот баспайтын, болаттан, алюминийден және алюминий қорытпаларынан жасалу керек. Балды қалайы банкаларға, стақандарға және

ішінен тағамдық лакпен қапталған, алюминий фольгадан жасалған орау қолданылады, осындай герметикалық контейнерде балды ұзақ уақыт сақтауға болады.

Тамақ өнеркәсібінде өңделген балды орау үшін шыны ыдыстар қолданылады. Бал банкаларға құйылады және сыртқы ағаш және картон контейнерлерді қолдана отырып, орташа қашықтыққа тасымалданады. Керамикалық контейнерлер ішінен глазурьмен өңдеп жабылуы тиісті. Полимерлі материалдардан жасалған контейнерлер балды буып-түю үшін кеңінен қолданылады, бұл бір реттік тұтыну тауарларды сатуға ыңғайлы болды. Полиэтилен су буын жақсы өткізеді, сондықтан оны бал орау үшін қолдануға тиым салынады себебі балдың сапасы бұзылады. Бал орау үшін ең жақсы ол полистирол, тамақ өнеркәсібінде қолдануға рұқсат берген стандарттарға сай материал..

Картон контейнері кристалданған балды буып-түюға және оны сақтауға төмен температурада не болмаса қысқы мезгілде қолданылады. Су өткізбейтін престелген картоннан жасалған немесе гофрленген стақандарды, парафинделген қағаздан немесе пергаменттен жасалған қораптарды пайдалануға болады.

Балды сақтау шарттары бойынша ара балы әртүрлі температуралық және ылғалдылық режимі бар әртүрлі қоймаларға орналастырылады. Дұрыс таңдалған контейнерде балды ұзақ уақыт бір жылдан үш жылға дейін сақтауға болады. Ең тиімді, бұл ара шаруашылығында ұсақ контейнерлерге орау және осы өнімді тікелей сауда желісіне сату. Осы жағдайда балды сору, өңдеу және орау арасында сақтау процесі болмайды. Кейбір үлкен тәжірибелі шаруашылықтар мен ара кешендерінде балды ыдыстарға салу, бастапқы өңдеу және буып-түю технологиясы механдырылған және өндіріске енгізілген. Бұл балдың тұтынушылық қасиеттерін бастапқы түрінде сақтап қана қоймай, балдың жеке монофлорлық түрлерін алуға және сапасын анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар өндірушілердің балының сапасы үшін жауапкершілігін арттырады.

Қойма жағдайларға байланысты жылытылатын және жылытылмайтын болуы мүмкін. Негізінен дайындау ұйымдарында жылытылмайтын қойма пайдаланылады, бұл балды сақтаудың белгілі бір температуралық және ылғалды режимдерін жасауды қиындатады. Балдың температурасы 20% ылғалдылықта 21 градустан жоғары болмауы керек. Судың мөлшері 21% - дан асқан кезде қоймадағы ауа температурасы 10 градустан жоғары болмауы керек. Бұл режимдерді, әсіресе жазда, бал ашыту мүмкіндігі жоғарылаған кезде қатаң сақтау керек. Қыста балды -5 градустан төмен салқындатуға болмайды, өйткені ферменттер төмен температурада белсенді болмайды, нәтижесінде диастаз белсенділігі төмендейді. Балды сақтау кезінде тауарлық көршілік сақталуы тиіс мысалы өткір иісті мұнай өнімдері, улы химикаттар, балық және балық өнімдері, дәмдеуіштер, шаңданатын құрылыс заттарды ұн, цемент, гипс және т.б., сондай-ақ жемістерді, көкөністерді және оларды герметикалық емес ыдыста сақтауға болмайды. Ара балын салқындатылған төмен температуралы камераларда сақтауға тиым салынады. [6 . 10б.].

Балдың пайдалы қасиеттері оның химиялық құрамына байланысты. Ол балдың әртүрлі сорттарында ерекшеленеді және бал жиналған өсімдік түріне, сондай-ақ топырақ пен сол жердің климаттық және ботаникалық жағдайларға байланысты.


Бал сапасының индикаторының физика-химиялық қасиеттері болады, олар оның құрамы мен қасиеттеріне дәл сипаттама береді, оны жасу үшін арнайы құрылғылар мен жабдықтар керек етеді. Осы көрсеткіштерді бал сапасын бақылауды ветеринариялық - санитариялық қызметтері арнайы сауда орталықтарындағы зертханаларында анықтау керек.

Балды сақтау шарттары бойынша ара балы әртүрлі температуралық және ылғалдылық режимі бар әртүрлі қоймаларға орналастырылады. Дұрыс таңдалған контейнерде балды ұзақ уақыт бір жылдан үш жылға дейін сақтауға болады.

Пайдаланған әдебиетер.

1. Л.М. Соловьев «Пчеловодство» Москва 2000,462-192 стр
2. Б.Р. Әкімбеков «Ара шаруашылығы», Агроуниверситет баспасы, Алматы 2007, 7-19 б

3. Н.Ф. Шуклин, К.Е. Елемесова, С.Қ. Қырықбаев «Ветеринарно-санитарная экспертиза стандартизации и сертификация продуктов» Алматы, 2003г. III том, 200-205 стр
4. С. Қырықбайұлы, Т.М. Тілеуғали «Ветеринариялық сараптау практикумы», Алматы, 2007, 329-339 б.
5. Риб Р.Д. «Ара шаруашылығы». Өскемен, 2006 ж, 325-332 б.
6. Садуов М.С., Шалхарова Д.Ж. «Ара балын ветсансараптау». Оқу әдістемелік құрал. Алматы, «Агроуниверситет», 2009 ж, 4-10 б.



ӘОЖ 637.5.04/07

ЖЫЛҚЫ ЕТІНІҢ ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ, САПАСЫ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми жетекшісі: Шорабаева Найла Дуйсеновна

Студент: Бекжан Дариға

«Жаратылыстану ғылымдары» факультеті

«Биология және ауылшаруашылық мамандықтар» кафедрасы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа. Мақалада тамақ гигиенасындағы жылқы етін өндірудің маңызы, көшпелі халықтардың жылқы етін тағам ретінде қолдану жөніндегі деректер, жылқы етінің тағамдық құндылығы мен негізгі амин қышқылдарық, дәрумендік құрамдары, емдік, диетикалық жағынан пайдалану құндылығы жөніндегі мәліметтер келтіріледі. Әр түрлі жастағы жылқылардың күзгі жайып семірілгеннен кейінгі ет өнімділігіне сипаттамасы, жылқылар тау етегі зонасында күзгі жайып семірілуден кейінгі жылқы етінің химиялық құрамы (%) және калориялылығы (ккал) жөніндегі зерттеу нәтижелері берілген.

Кілтті сөздері: жылқы, ет өнімділігі, ет құрамы, жайып семірту, ұша, субөнімдер, калориялылығы.

Аннотация. В материале статьи освещается вопросы производства конины, исторические данные об использовании кочевых народов в пище мяса конины, пищевой ценности конины и основной аминокислотный, витаминный состав мяса, лечебная, диетическая ценность конины. Приводятся результаты исследований по нагулу лошадей разных возрастов в условиях предгорной зоны Жамбылской области, данные химического состава (%) и калорийности (ккал) мяса после осеннего нагула животных.

Ключевые слова: лошади, мясная продуктивность, состав мяса, нагул, туша, субпродукты, калорийность.

Annotation. In material of article the main amino-acid, vitamin structure of meat, medical, dietary value of a horse-flesh, physical and chemical and biological properties, requirements of the standard of qualities of a horse-flesh is lit questions of production of a horse-flesh, historical data on an ispolzvaniye of the nomadic people in food of meat of a horse-flesh, nutrition value of a horse-flesh also. It is given the results of researches on a nagul of horses of different age in the conditions of a foothill zone of Zhambylsky area yielded a chemical composition (%) and caloric content (kcal) of meat after an autumn nagul of animals.

Keywords: horses, meat efficiency, structure of meat, sagination of horses, hulk, subprodukta, caloric content.

Қазақ халқы о бастан «Жеті қазынаның бірі жылқы» деп ерекшеліктерімен қасиеттерін, түсініген және киелі қазына екендігін білуіміз керек. Сол себептен жылқы

малына халқымыз салт-дәстүріміздің барынша құндылығына назар аударған. Жылқы етін тағам ретінде қолдану бұл көне деректерден алынған тарихи ғасырларлардан басталған.

Бұрынан бай тәжірбиесі бар жылқы малын табиғатына, қадір-қасиетіне, тіршілігіне байланысты бағалай білген халықпыз. Сондықтан жылқы етін тіршілік көзі етінде, өнімдерін тіршілік құралы ретінде пайдаланғанбыз.

Ата-бабамыздан қалған нақыл сөз «Төрт құбылада- төрт түлік» деп орынды айтылған деп ойлаймын. [1].

Төрт түлік малдың ең адамзатқа пайдасы еті тамақ, сүті сусын, терісі киім, мінсең көлік, аса бағалы тағамдық өнім екендігін жақсы білеміз. Міне сол себептен жылқы малын қашанда жоғары бағалаған және тамаққа арнайы өсіріп етін пайдаланған.

Отандық ғалымдардың еңбектерінде жылқы етінен дайындалатын өнімдердің дайындау рецептурасы жөнінде мәліметтер толықтырылып берілген. Тарихқа көз тастап қарайтын болсақ, көшпелі шығыс халықтарының ас мәзіріндегі ет тағамдарының ішінде әрқашан жылқы еті басым болып отырғандығы келтіріледі. Олар байырғы заманнан бері жылқы етінен ыстық тағам жасаған, оны сүрлеп, тұздап алатын болған. Қазы, шұжық, сүр ет, жал, жая, қарта сияқты жылқы етінен жасалған жоғары сапалы, құнды да құнарлы тағамдардың дайындау технологиясы бізге ғасырлар тереңінен жетіп отыр.

Негізгі түсінігім бойынша жергілікті жылқы тұқымдарының сапасын арттыру үшін зауыттық жылқы тұқымдарынан туылған түрлі будан ұрпақтарының ет өнімділігі мен оның сапасын бағалап барып, қандай буында жақсы көрсеткіштерге ие екендігін және оның тиімділігін анықтағаннан кейін барып, табынды жылқы шаруашылығында кеңінен қолдануға ұсынуға болады. [2])

Жалпы өсірілетін жылқы тұқымдары ішіндегі ең көбі (82,5%) жабы типті болып келеді. Бұл аймақта өсірілетін жабы типті жылқылар Қазақстанның басқа өңірлермен салыстырғанда дене өлшемдерінің және салмақ көрсеткіштерінің басымдығымен ерекшеленеді. Бұлардың қоршаған орта жағдайына бейімделу қабілеттіліктері де өте жоғары болып келеді. Жабы типті жылқылардың айғырлары Қазақстанмен қатар Ресейдің Саха-Якут Республикасында өсірілетін өнімділік бағытындағы жергілікті якут жылқыларын жақсартушы ретінде қолданылып келеді (Рзабаева Т.С [3]).

Осымен қатар күз кезеңінде, жерге ылғал түскеннен кейін, азықтық шөптер қайтадан өсіп, дами бастайды. Олардың құнарлық құндылықтары жоғарылап, химиялық құрамы маңызды органикалық заттардың көбеюіне қарай өзгереді. Жылқылардың бұл кезеңде жайылып семіруіне ауа температурасының төмендеуі, сонымен бірге, қан сорушы шыбын-шіркейлердің оларды мазаламайтындығы оң ықпал етеді. Күзгі жайып семіртудің қорытылған нәтижелері 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1 - Жылқыларды күзгі жайылымнан кейінгі сойыс шығымын бақылау нәтижелері, (M±m)

| Көрсеткіштер | Төлдер | Ересектер |
|-----------------------------|------------|------------|
| Сойыс алды тірі салмағы, кг | 242,9±8,71 | 348,5±6,67 |
| Ұшаның салмағы, кг | 131,7±6,59 | 192,7±3,11 |
| Сойылым шығымы, % | 54,1 | 54,9 |
| Іш майдың мөлшері, кг | 3,3±0,12 | 64±0,46 |

Кестедегі мәліметтер, жылқыларды күзгі, 54-күндік, жайып семірту мерзімі кезінде тәуліктік орташа салмақ қосудың жақсы болғанын және жануарлардың I-категориялық семіздікке жеткенін көрсетеді. Сонымен бірге, осы мерзім ішінде төлдердің тірі салмағы 15,4%, ал ересек жылқылардікі – 9,2% өскен. [4]

Күзгі жайып семіртуден кейін жылқылардың сойылым шығымы едәуір жоғары болды, ол, әсіресе, жылқыларда жақсырақ байқалды. Бұдан, қарабайыр жылқылары күзгі жайылымда жақсы семіреді және де жақсы ет өнімділігін береді деген тұжырым жасауға болады.

Кесте 2 - Жылқыларды күзгі жайылымда семіртудің жалпы нәтижелері

| Көрсеткіштер | Төлдер | Ересектер |
|---|-------------|-------------|
| Тәжірибе басындағы орташа тірі салмақ, кг | 221,0±3,47 | 339,0±6,70 |
| Тәжірибе басындағы семіздік, категория | II | II |
| Тәжірибе соңындағы орташа тірі салмақ, кг | 255,0±4,12 | 369,5±7,82 |
| Тәжірибе соңындағы семіздік, категория | I | I |
| Тірі салмақтың жалпы өсуі, кг | 34,0±0,69 | 30,5±1,16 |
| Тәуліктік орташа қосылған салмақ, кг | 360,0±13,00 | 565,0±23,50 |

Төлдерді сойғаннан кейінгі барлық есепке алынған субөнімдердің (ұшадан басқа) жалпы салмағы (50,28 кг), ересек жылқылардан алынғаннан (70,75) кем болатыны белгілі. Тағамдық субөнімдер мен техникалық шикізаттың сойылым алды салмағына қарағандағы төлдердегі шығымы 20,7%, ересек жылқыларда – 20,3% құрады.

Жылқыларды күзде жайып семірту – шикі майды едәуір көп мөлшерде жинауға және ұшадан басқа кейбір тағамдық өнімдердің (субөнімдер) шығымының мол болуына себепші болды. Техникалық шикізаттың шығымы төлдердің сойылым алды салмағының 4,11% құраса, ересек жылқыларда ол – 4,51% тең болды. [5].

Әр түрлі жастағы жылқылардың күзгі жайып семірілгеннен кейінгі олардың ет өнімділігіне толық сипаттама беру мақсатында біз жылқы ұшасы кеспелерінің морфологиялық құрамын зерттедік. Ұшаның морфологиялық құрамы туралы мәліметтер, төлдердің де, ересек жылқылардың да сүйексіз еттерінің шығымының едәуір жоғарылығының дәлелі бола алады. Екі топта да I-сұрыптың шығымы едәуір жоғары көрсеткішке ие болды. Жасы өскен сайын қазы және жал кеспелерінің шығымы жоғарылап, төменгі сұрыптық шығымы, сәйкесінше төмендей түсті.

Кесте 3 - Тау етегі зонасында күзгі жайылымда семірілген жылқы етінің химиялық құрамы (%) және калориялылығы (ккал)

| Жылқылардың жастық тобы | Еттің сұрыптылығы | Су | Ақуыз | Май | Күл | Калориялылығы, ккал/кг |
|-------------------------|----------------------------|-------|-------|-------|------|------------------------|
| Төлдер | Арқаның ең ұзын бұлшық еті | 71,20 | 20,40 | 7,40 | 1,00 | 1525 |
| | I-сұрып | 72,30 | 20,00 | 7,00 | 0,70 | 1471 |
| | II-сұрып | 72,80 | 19,42 | 6,68 | 1,10 | 1417 |
| | Қазы | 36,27 | 12,87 | 50,29 | 0,57 | 5205 |
| Ересектер | Арқаның ең ұзын бұлшық еті | 69,20 | 18,80 | 10,90 | 1,10 | 1784 |
| | I-сұрып | 70,50 | 18,32 | 10,38 | 0,80 | 1716 |
| | II-сұрып | 71,40 | 17,24 | 10,26 | 1,10 | 1661 |
| | Қазы | 28,85 | 11,65 | 58,98 | 0,52 | 5964 |

Кестедегі мәліметтерден жылқы етінің сұрыптылығы мен химиялық құрамы жылқылардың жасына байланысты екені көрініп тұр. Төлдердің етінің құрамында май мөлшері аз, ал ақуызбен су көп болғандықтан, оның калориялылығы да төмен. Ал ересек жылқылардың еті, май үлесінің көптігімен сипатталады, нәтижеде, оның калориялылығы да жоғары.

Төл ұшасының қабырға бөлігі – «қазының» құрамында, ересек жануарлардың «қазысымен» салыстырғанда су мөлшерінің жоғары, ал май – төмендігімен сипатталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Л.М.Сарлыбаева, Ш.К.Аскарова, Н.К.Ахметова «Тамақ өндірістерінің жалпы технологиясы» оқу құралы - Алматы: «Эверо» баспасы, 2016. - 216 б.

2. Әкімбеков А. Р., Әкімбеков Б. Р. Жылқы шаруашылығы., Алматы – Альманах, 2020.– 152 б.
- 3.Рзабаев С. Результаты сохранения и совершенствования генофонда местных пород лошадей Актюбинской области / Рзабаев С., Рзабаев Т.С., Рзабаев К.С. // Вестник с.-х. науки Казахстана,- Алматы, 2008.- № 1,- С. 18-20.
- 4.Қажғалиев Н. Ж, Мал шаруашылығы өнімдерін қндіру технологиясы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің баспасы, Астана қ. 2018. – 43 б
5. Акимбеков А.Р.,Баймуханов Д.А., Юлдашбаев Ю.А.,Демин В.А.,Исхан К.Ж. Коневодство,учебное пособие.-Москва,Курс Инфрам,2018
- 6.Рзабаев К.С. Рекомендации по повышению племенных и продуктивных качеств местных пород лошадей мясного и молочного направления продуктивности/Бр.Изд «Кокжиек» Ақтобе 2017-73 с



ӘӘЖ 632.4

КАРТОПТЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖАҒДАЙДА ӨСІРІП, ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІНЕ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУ

Бакиева Ә.Р., Балтабаева А.К.
Ғылыми жетекшісі: Таңсықбай Ж.Р.

Аңдатпа. Мақалада зертханалық жағдайда картоп дақылының өсіріліп, оның өсіп-даму кезеңдеріне бақылау жүргізгендігі жайында, ауру түрі анықталып, аурудың дамуына қолайлы болған жағдайлар туралы жазылған.

Кілтті сөздер: саңырауқұлақ, картоп, түйнек, гүл түйіні, жапырақ тақтасы, өнез, ризоктониоз.

Аннотация. В статье отмечается, что в лабораторных условиях был выращен урожай картофеля, проведен контроль за периодами его вегетации, выявлен вид заболевания и установлены условия, благоприятные для развития заболевания.

Ключевые слова: грибок, картофель, клубень, цветочный узел, листовая пластинка, налет, ризоктониоз.

Abstract. The article notes that a potato crop was grown in laboratory conditions, its vegetation periods were monitored, the type of disease was identified and conditions favorable for the development of the disease were established.

Key words: fungus, potato, tuber, flower node, leaf blade, plaque, rhizoctoniosis.

Картоп - түйнекті алқа, алқалар тұқымдасына жататын көп жылдық дақыл. Отаны – Оңтүстік Америка, күні бүгінге дейін осы аймақта табиғи жағдайда өсетін жабайы картоп түрлерін кездестіруге болады. Картоп крахмал өндірісінде жиі қолданылатын техникалық дақыл. Бәрімізге белгілі, картопты көптеген елдерде «екінші нан» деп атайды. Өйткені, өзінің құнарлылығымен және дәмімен үлкен орын алатын картоп барлық елдер дастарханындағы тағам құрамында болады.

Картопты өсіру барысында, кез-келген ауылшаруашылығы дақылы секілді, ол да әртүрлі аурулармен залалданып, зиянкестермен зақымдалып жатады. Көптеген фитопатогенді саңырауқұлақтардың, бактериялардың, вирустардың және басқа да микроағзалардың зардабынан әртүрлі инфекциялық, яғни жұқпалы ауруларға шалдығады.

Картоп ауруларының қоздырғыштарының көпшілігі саңырауқұлақтар, олардың есебінен картоп ісігі (рак), фитофтороз, макроспориоз, альтернариоз, ризоктониоз, таз-қотыр (парша), құрғақ шірік ауруларына шалдығады. Сонымен қатар картоптың бірқатар көп тараған аса зиянды ауруларының қоздырғыштары бактериялар болып табылады, олармен залалданғанда

қара мойнақ (қара сирақ), сақиналы шірік ауруларымен ауырады. Вирустардан түрлі теңбілдер пайда болып, деформацияларға ұшырайды.

Біз картопты зертханалық жағдайда өсіріп, даму кезеңдеріне бақылау жүргізіп көрдік. Ол үшін зертханалық жағдайда горшок топырағына (дала топырағы мен қарашірінді 1:1 қатынаста) картопты түйнектен егіп өсіру тәсілі пайдаланылды. Түйнектерді егу жұмыстары 27.02.2023 күні жүргізілді.



Сурет – 1. Түйнектерді егу жұмыстары (27.02.2023)

Картоп алқа тұқымдасының қосжарнақтылар класына жататын шөптекті, көпжылдық, жылу сүйгіш өсімдік. Картопты тұқымнан және түйнектен де өсіріледі.

Картопты түйнектен өсіру тәсілі пайдаланылды. Өнген картоп түйнектерін алынып, көзшелеріне байланысты 2-3 бөлікке бөлініп, топыраққа егіліп, су құйылды (Сурет-1). Суғару 3-4 күн сайын жүргізіліп отырды. Он күннен соң, алғашқы 2-4 жапырақшаларының шығуы байқалды.





Сурет – 2. 10 күндік картоп өсімдігі, алғашқы 2-4 жапырақшаларының пайда болуы (09.03.2023)

Картоп негізінен көпжылдық шөптесін өсімдік, бірақ шаруашылықта көбіне біржылдық дақыл ретінде пайдаланылады. Сабағы жуан, тікенексіз келеді. Сабағының көп бөлігі топырақ астында болады.

Біздің зертханалық жағдайда өсірген картоп өсімдігіміздің 10 күндік бақылау нәтижесі бойынша бой көтеруі жақсы, сыртқы белгілеріне байланысты өсімдіктен қандай да бір ауру белгілері байқалған жоқ (Сурет-2). Суғару жалғастырылып, өсімдікке күн сәулесінің жақсы түсуі қадағаланды.



Сурет – 3. 20 күндік картоп, өсімдік биікті 30-35 см (17.03.2023)

Картоп дақылының биіктігі 40 – 80 см, кейде 150 см-ге дейін жетіп жатады. Бір түпте 3-6 сабаққа дейін болады. Жапырағы қанық жасыл, сабақта кезектесіп орналасады.

Зертханалық жағдайда өсіріліп отырған 20 күндік картоп өсімдігінің биіктігі 30-35 см-ге жетті, бір түптен көзге анық көрінетін 3-4 сабақ шығып тұр, жапырақталуы жақсы, сыртқы белгілерінен қандай да бір ауруға шалдығып, зиянкестермен залалданып тұрғаны байқалмады (Сурет-3).



Сурет – 4. Гүл түйіндерін салуы (26 күн, 24.03.2023)

Картоп өсімдігінің гүлі ақ, қызғылт не көкшіл күлгін түсті болып келеді. Жемісі екі ұялы, көп тұқымды.

Зертханалық жағдайда өсірген картоп дақылымыздың 26 күн дегенде гүл түйіндерін салуы байқалды, өсімдік биіктігі 50-60 см-ге жетті. Жапырақтары солыңқы, төменгі жағында орналасқан жапырақтарының түсі әлсіз жасыл (Сурет-4).






Сурет – 5. 30 күндік картоп (27.03.2023)

Картоп дақылының морфологиялық сипаттамасына қарайтын болсақ, жапырақтары солыңқы, әлсіз жасыл түсті, жапырақ тақтасының ұшынан жапырақ тақтасының бетіне қарай жайылған өңез пайда болған, түсі қоңырқай. Өлген жасушалары бар бөліктері қураған, гүл түйіндері түбінен қиылып түсіп қалған, соның есебінен толық гүлдену кезеңі жүрген жоқ (Сурет-5).


Осы сыртқы белгілерінің сипаттамаларына сүйеніп, әдебиеттерде келтірілен теориямен салыстырсақ, бұл ауру түрі *ризоктониоз* болып тұжырымдалды.

Ризоктониоз ауруын *Rhizoctonia solani* саңырауқұлағы тудырады. Бұл саңырауқұлақ жіпшумақ және склероций түзеді. Қоздырғыш жоғары ылғалдылық пен 9-27°C (қолайлы 15-21° C) температурада дамиды. Ұзаққа созылған салқын көктем, сазды ауыр топырақ және картоптың өніп-өсу кезеңдеріндегі топырақ аэрациясының төмен болуы аурудың дамуына қолайлы жағдай туғызады. Саңырауқұлақ склероцийлер күйінде топырақта және өсімдік қалдықтарында қыстайды. Ризоктониоз дертіне картоптан басқа да 230 өсімдік түрі шалдығады. Елімізде кең таралған ауру түрі болып табылады.


Сыртқы көзге байқалып тұжырымдалған ауру түрін дәлелдеу мақсатында, *Rhizoctonia solani* саңырауқұлағы жіпшелерін бар жоғын көру үшін, картоп жапырағынан және қазып алынған картоп түйнегінің массасынан уақытша препарат жасап, микроскоппен қаралды.



Сурет – 6. Ризоктониоз ауруына шалдыққан картоп өсімдігінің жапырақ тақтасының шетінде *Rhizoctonia solani* саңырауқұлағы жіпшелерінің байқалуы



Сурет – 7. Ризоктониоз ауруына шалдыққан картоп өсімдігінің жапырақ тақтасының бетінде *Rhizoctonia solani* саңырауқұлағы жіпшелерінің байқалуы



Сурет – 8. *Rhizoctonia solani* саңырауқұлақ жіпшелерінің ризоктониоз ауруына шалдыққан картоп түйнегінің массасынан көрінуі


Үш түрлі уақытша препарат жасап, микроскоппен қаралғанда, картоп түйнегінің массасынан да, жапырақ тақтасының шетінен де, жапырақ тақтасының бетінен де *Rhizoctonia solani* саңырауқұлақ жіпшелері байқалды. Бұл саңырауқұлақ жіпшелері, өсімдіктің сыртқы белгілеріне қарап тұжырымдалғандай, дақылда ризоктониоз ауруын тудырған болып шықты.

Зертханалық жағдайда егіліп, өсірілген картопта бұл ауру түрінің пайда болуының басты көзі – ауру қоздырғышы сақталған картоп түйнегі, ал аурудың өршіп, жақсы дамуына топырақ аэрациясының нашар болуы себеп болған.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Габдулов М.А. «Ауылшаруашылық дақылдарының аурулары» // Оқулық. – Орал: Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті, 2015. – 309 бет.
2. Өсімдік шаруашылығы./ Қ. К. Әрінов, Қ. М. Мұсынов, А. Қ. Апушев, т.б. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. - 632 б.
3. Сагитов А.О. Ауыл шаруашылық фитопатологиясы / Джаймурзина А.А., Туленгутова К.Н., Карбозова Р.Д. – Алматы, 2000. – 242 б.
4. Габдулов М.Ә. Өсімдік аурулары және олардан қорғау жолдары: оқу құралы / құраст. М. Ә. Габдулов, 2007. – 63 б.

5. Семенкова, И. Г. Фитопатология / И.Г. Семенкова.- М.: МГУЛ, 2004. - 226 с.
Шкаликов В.А. Практикум по сельскохозяйственной фитопатологии / В. А. Шкаликов. - М.: КолосС, 2004. - 208 с.
6. Хохрякова Т. М. Определитель болезней растений / М. К. Хохряков. - СПб: Лань, 2003. - 592 с.



ӘОЖ 631.8

**«АГРОНОМИЯ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ СТУДЕНТТЕРІНЕ
ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖАҒДАЙДА ТҰҚЫМНЫҢ САПАСЫН АНЫҚТАУЫН ЗЕРТТЕУ**

Ғылыми жетекшісі: Ходжаниязова Жанар Тогабаевна – аға оқытушы

Студент: Ершора Нұрдаулет Бақытжанұлы «Агрономия» мамандығы,

3 курс, Агро – 20-1 тобы

«Жаратылыстану» факультеті

«Биология және ауылшаруашылық мамандықтыр» кафедрасы

Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты

Андатпа. Бұл мақалада ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдық өну мәселелері қарастырылды. Зертханалық жағдайда тұқымның өнуін тексеру әдістері де қарастырылды.

Кілт сөздер: Өсімдік өнімділігі, тұқымның өнуі, қолайлы жағдайлар.

Аннотация. В данной статье были рассмотрены проблемы селекции растений в сельском хозяйстве. Рассмотрены также методы проверки всхожести семян в лабораторных условиях.

Ключевые слова: урожайность растений, всхожесть семян, благоприятные условия.

Annotation. In this article, the problems of plant breeding in agriculture were considered. Methods for testing the germination of seeds in laboratory conditions are also considered.

Keywords: plant productivity, seed germination, favorable conditions.

Қазіргі кезде ауылшаруашылығы тұқымдарының сапалы өну қасиетін зерттеу өзекті болып табылады. Алғашқы ғылыми зерттеулерді - Ганновердегі техникалық институттың профессоры К.Циммердің (1970) "Кактус тұқымының өнуі туралы" еңбегінде жарық көрді, онда өзінің эксперименттік зерттеулерінің нәтижелері келтірілген және 50 жылдан астам уақыт ішінде кактус тұқымының өнуі туралы әдеби деректер жинақталған. И. А. Залетаева өз еңбектерінде (1972) тұқымның биологиялық қасиеттері мәселесіне бірінші болып тоқталды.[3.с.10]

Өсімдіктің өсуі әдетте ең маңызды көбею органы - тұқымның өнуінен басталады. Тұқымның өнуі үшін ылғал, оттегі және қолайлы жағдайлар қажет. Табиғатта тұқымның өнуі үшін қосымша жағдайларды қажет ететін өсімдіктер бар. Мысалы, жарықтың тұқымның өнуіне әсері өте маңызды. Тұқымдары жарықта оңай өнетін өсімдіктер бар, оларға сәбіз, шалғынды жалбыз жатады. Басқа өсімдіктер, мысалы, темекі, тұқымның өнуі үшін тұқымның тыныштығын кезеңін бұзу үшін өте қысқа мерзімді жарық тітіркенуін қажет етеді. Тек тірі эмбрионы бар тұқымдар ғана өніп, жаңа өсімдікті тудыруы мүмкін. Өлген эмбриондары бар тұқымдар өнгіштігін жоғалтады. Себу үшін пайдаланылатын тұқымдар жоғары тұқым сапасына ие болуы керек (өну, өну энергиясы, үлкендігі, тазалығы, ылғалдылығы). Бірдей мөлшердегі тұқымдар жақсы өнеді, олар кейіннен жақсы дамып, біркелкі піседі.

Заманауи агротехнологияның өзекті міндеті - сапалы тұқымдар, біртекті көшеттерді, күшті және жемісті өсімдіктерді алу. Біздің зерттеуіміздің мақсаты зертханалық жағдайда тұқымның өнуіне сыртқы факторлардың әсерін анықтау болды.

Тұқымның өну жағдайларын зерттей отырып, осы процеске әртүрлі факторлардың әсерін зерттей отырып, біз келесі міндеттерді қойдық:

1. Тұқымның өну процесін сипаттау.

2. Тұқымның өнуіне әсер ететін негізгі жағдайларды анықтау.

3. Іс жүзінде тұқымның өнуіне оттегі мен ылғалдың болуы немесе болмауы қалай әсер ететінін, тұқымның өнуі кезінде қандай температуралық режим қажет екенін анықтадық.

4. Практикалық зерттеулер жүргізе отырып, тұқымның өнгіштігі сияқты көрсеткіштердің маңыздылығын дәлелдедік.

Тұқымның өнуі тұқым жамылғысының құрылымына өте тәуелді. Жұқа, өткізгіш қабығы тез өнуді қамтамасыз етеді, бірақ тұқымның ішкі бөлігін жақсы қорғамайды. Тығыз, жақсы дамыған жабындар ұзақ өміршендікке кепілдік береді, бірақ тұқымдардың сәтті өну мүмкіндігін азайтады және олардың таралуын баяулатады. Өз кезегінде, баяулау, өну кейде пайдалы бейімделу бола алады, егер нәтижесінде оның өну сәті қолайлы экологиялық жағдайларға сәйкес келсе. [1.с.15]

Температура мен ылғалдылық қолайлы жағдайлардың басталуымен тұқымдар суды сіңіреді және ауа жеткілікті болған кезде өніп, көшет түзеді. Алдымен тұқымның қабығын жарып, эмбриональды тамыр сыртқа шығады, ол жаңа өсімдікті топыраққа бекітеді, оны сумен және минералдармен қамтамасыз етеді.

Кейбір өсімдіктерде тұқымның өну мерзімі 3-4 күн, басқалары бірнеше аптадан кейін, тіпті бірнеше жылдан кейін өнеді.

Тұқым себу кезінде жарықтандыру маңызды

Өну әдісімен өну сынағын өткізу үшін біз 10 тұқым алып, оларды дымқыл майлыққа қатарға қойдық. Тұқымдарды ылғалды ұстау үшін Петри табақтарына салдық. Содан кейін олар қызып кетпес үшін тікелей күн сәулесінен қорғалған жылы жерге қойылды. Әрі қарай, тұқымдар өніп шыға бастағанын білу үшін күніне бір рет тексерілді. Қағаз майлықтардың кеуіп кетпеуі үшін олардың ылғалдылығын бақылау жүргізілді. Ылғалдандыру кезінде абай болу керек, өйткені егер су көп болса, онда тұқымдар шіріп кетуі мүмкін, біз бүріккіш бөтелкені қолдандық. Мұндай жағдайда тұқымдар өсімдіктің түріне және сортына байланысты бірнеше күннен кейін немесе екі аптадан кейін өніп шыға бастады. Бөлінген уақыттан кейін қанша тұқым өнгенін тексердік.

Жібіту уақыты мен судың температурасы дақылға байланысты:

қарбыз, қырыққабат, шалғам, салат – 12 сағат (20 – 25 ° C);

қызанақ, қызылша, сәбіз, ақжелкен – 48 сағат (20 – 25 ° C);

бұршақ, – 6 сағат (20 – 25 ° C);

қара пияз – 6 – 8 сағат (40 ° C);

қияр – 2 сағат (50 ° C).

Сіндіру кезінде тұқымдар ылғалға қаныққан және тезірек өсіп шығады.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

1. Флотация әдісі, тұқымдарды белгілі бір мөлшерде суға малынған кезде

2. Тұқымның өну әдісі, суланған тұқымды ыдысқа салып, белгілі бір уақыттан кейін өнген тұқымның санын есептейді.

Зерттеу барысында анықтады:


1. Тұқымның су бетінде шөгу немесе қалқып қалу қабілетіне қатысты сипаттамалары көбінесе олардың салмағына, жабын түріне және пішініне байланысты. Кейбір тұқымдар үлкен тұқым қабығын құрайды, оның астында бос орындар бар және осыған байланысты тұқым жүзе бастайды. Тұқымның меншікті салмағы оның орналасқан ортасына (күрғақ немесе ылғалды) және олардың құрамындағы ферменттер мен гормондарға байланысты.

2. Өсімдіктерді сынау әдісі - өну әдісін қолдану тиімдірек болады. Бұл әдісті қолдану барысында қанша тұқымның өміршендігі анық байқалады. [2.с.25]

Қорытындылай келе, тұқым сапасын анықтау зертханалық жағдайда әртүрлі әдістер арқылы жүргізілгенін атап өткім келеді. Зертханалық ресурстар пайдаланылды және авторлардың зерттеу жұмыстары теориялық және практикалық болып екіге бөлінді. Теориялық бөлімде біз осы процестің барлық кезеңдерін егжей-тегжейлі қарастыра отырып, тұқымның өнуі мәселелерін зерттедік. Практикалық бөлімде эксперименттік зерттеу әдістері қолданылды, оның нәтижелері бойынша тиісті қорытындылар жасадық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Апушев, А.К. Егістік дақылдар селекциясы және тұқым шаруашылығы: оқулық Алматы: "Полиграфкомбинат" ЖШС, 2012.- 488б.
2. Аяпов, К.Өсімдіктер селекциясы және тұқым шаруашылығы негіздері 2-басылым: Учебник.- Астана: "Фолиант" баспасы, 2011.- 344 б.
3. Гулия В.О. Определение лабораторной всхожести семян различных вариаций helleborus caucasicus и helleborus abchasicus. Журнал «Международный журнал экспериментального образования» - 2015. - № 6 - С. 66-68



ӘӨЖ 579.63

ТАРАЗ ҚАЛАСЫ САУДА ОРЫНДАРЫНДАҒЫ БАЛЫҚТЫ САНИТАРЛЫҚ-МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Ғылыми жетекшісі: Тулеева Кулмарам Алмасовна, вет.ғ.м., оқытушы
Әбумансұр Ардақ Ерланұлы
«Ветеринариялық санитария» мамандығы, 3 курс, ВС-20-1 тобы
«Жаратылыстану» факультеті
«Стандарттау және ветеринариялық санитария» кафедрасы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Андатпа. Мақалада Тараз қаласы сауда орындарындағы балықты санитарлық-микробиологиялық зерттеу нәтижесі көрсетілген.

Кілт сөздер: балық, микробиологиялық зерттеу, ІТТБ, сарыуызды-тұзды агар, Эндо, ЕПА, стафилакокк.

Аннотация. В статье представлены результаты санитарно - микробиологических исследований рыб в торговых точках города Тараз.

Ключевые слова: рыба, микробиологические исследования, БГКП, желточно-соленый агар, Эндо, ЕПА, стафилакокк.

Abstract. The article presents the results of sanitary and microbiological studies of fish in retail outlets of the city of Taraz.

Key words: fish, microbiological research, BGCP, yolk-salted agar, endo, EPA, staphylococcus.

Еліміздің балық шаруашылығы халықты негізгі азық-түлікпен қамтамасыз етуде әрқашан маңызды рөл атқарды. Балық пен балық өнімдерінде барлық қажетті аминқышқылдары оңтайлы теңдестірілген мөлшерде, сондай-ақ адам өміріне қажет полиқаньқапаған май қышқылдары бар.

Балық етінің құрамындағы белоктың көлемі 15%-дан 26% аралығында болғанда, бағалы болып есептеледі. Балықтың белогында 20 түрлі аминқышқылы болады, оның 8-і (лизин, метионин, триптофан, валин, лейцин, изолейцин, треонин, фенилаланин), адам организмі үшін өте қажетті зат болып есептеледі. Адамның тамақтануында балық

құрамындағы ақуыз, полиқаньқаған май қышқылдары, сондай-ақ минералдардың көптігімен маңызды рөл атқарады. Алайда, кейбір жағдайларда балық пен теңіз өнімдері адамның, үй жануарларының және жабайы етқоректілердің ластану көзі болып табылады.[1, 182 б.]

Балық етке қарағанда тез бұзылатын өнім болып табылады және оны ветеринарлық-санитарлық бағалауда ерекше бақылауды қажет етеді. Жазда балықтың бұзылуы 12-24 сағаттан кейін пайда болады. Ескірген балықпен улану-бұл жиі кездесетін тамақтан уланудың бірі, өйткені бұзылған балықта *E. coli*, сальмонелла сияқты әртүрлі бактериялардың көбеюі басталады.[2, 507 б.]

Жаңа ауланған балықтың ветеринариялық-санитариялық жағынан қауіпсіздігі туралы қорытынды оны өндіру (өсіру) орнының эпизоотиялық тазалығы, органолептикалық көрсеткіштері, сойып зерттеу нәтижелері, ал қажет болған жағдайда - зертханалық зерттеулер жүргізу туралы мәліметтер негізінде шығарылады.[3, 168 б.]

Келіп түскен балықтың сапасын бағалау үш кезеңде жүргізіледі:

1) балықтың сапасын органолептикалық бағалау;
2) егер балық шикізатының қатерсіздігі күмән тудырса, балықты микроскопиялық зерттеу объективті бағалау үшін жүргізіледі;

3) балықты микробиологиялық зерттеу шартты немесе патогенді микроорганизмдермен залалданған кезде жүргізіледі. [4, 460 б.]

Органолептикалық көрсеткіштерді анықтау кезінде балық денесінің бетінің, желбезектердің, балық денесінің бөліктері мен мүшелерінің бүтіндігінің, қабыршақты жабынның, көздің, аналь тесігінің, консистенцияның, түсінің, иісінің жай-күйі бағаланады, сондай-ақ қайнату арқылы сынама қойылады.[5, 33 б.]

Сапасы балғын балық келесі қауіпсіздік талаптарына сай болуы керек. Балықта механикалық зақым, ауру белгілері және сыртқы паразиттер болмауы керек. Желбезектер қызыл түсті, көздері мөлдір, тірі балыққа тән иіс. Жаңа балықта бұлшықеттердің қатаюы жақсы анықталған (саусақпен басқан кезде дорсальды бұлшықет аймағындағы шұңқыр тез жоғалады). Қабыршағы жылтыр, денеге тығыз орналасқан; шырышы мөлдір, қан қоспаларынсыз және бөгде иіссіз. Денесінде ісіктер жоқ. Тері серпімді, ешқандай дақтары жоқ, табиғи түске ие, қаңқаға мықтап жабысады. Қанаттары табиғи түсті. Желбезек қақпақтары желбезек қуысын мықтап жабады. Көздер әдетте дөңес немесе сәл батып кетеді, мүйізді қабығы мөлдір. Балықтың құрсағы өзінің түріне тән формасы бар, ісінбеген. Аналь тесігі мықтап жабылған, шығыңқы емес, шырыш ағып кетпейді. Кесіп көргенде бұлшықеті серпімді, сүйектерге жабыса орналасқан, көлденең қимада дорсальды бұлшықеттер балықтың әр түріне тән түске ие. Ішкі органдары анық көрінеді: табиғи түсі мен құрылымы сақталған, ісіктер жоқ, ішек ісінбеген, шірік иісі жоқ.[4, 458 б.]

Балғын балықтан жасалған сорпа мөлдір болуы керек, бетінде майдың үлкен жылтырлығы, ерекше иісі болуы керек; ет бұлшықет байламдарына жақсы бөлінуі керек.

Сапасы күмәнді балықтар (ыдыраудың бастапқы кезеңі) келесі органолептикалық көрсеткіштермен сипатталады. Бұлшықет қаттылығы шамалы (саусақпен басқан кезде дорсальды бұлшықет аймағындағы шұңқыр баяу жоғалады). Сыртқы жамылғысы күңгірт, оңай алынады. Шырыш мөлдір емес, жабысқақ, қышқыл иісі бар. Тері бұлшықеттерден оңай бөлінеді. Желбезек қақпақтары желбезек қуысын еркін жабады, олардың ылғалдылық пен көгерген иісі бар, қызғылт түсті мөлдір емес шырышпен жабылған. Көздері батып кеткен. Құрсағы тегіс, деформацияланған, сәл ісінген. Бұлшықет тіндері жұмсарған, жеке талшықтарға оңай бөлінеді. Көлденең қимада дорсальды бұлшықеттер күңгірт, ылғалдылықтың айқын иісі немесе аздап қышқыл иісі бар. Бүйрек пен бауыр ыдырау сатысында, өт қоршаған тіндерді сары-жасыл түске бояйды. Ішек аздап ісінген, жұмсақ, кейбір жерлерде қызғылт түсті.

Сапасы күмәнді балықтың сорпасы бұлыңғыр, бетінде май аз (ұсақ жылтырлар), ет пен сорпаның иісі жағымсыз болады.[4, 457 б.]

Тараз қаласына барлық балық өнімдерінің 60%-дан аса Жамбыл облысындағы Билікөл, Ақкөл көлдері мен Тасөткел ең үлкен су қоймасынан және шағын су қоймаларынан әкелінеді.

Зерттеудің мақсаты: Балық өнімдерінде патогенді микроорганизмдердің көп болуына байланысты бұл өнімдердің дұрыс сақталуы өте маңызды мәселе болып табылады. Сондықтан жұмысымыздың мақсаты балыққа санитарлық-микробиологиялық зерттеу жүргізу және оның жалпы микробтық ластануын анықтау болды.

Зерттеу «Сауда-Кайқармет» базарындағы ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханасында және арнайы зерттеулер Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты "Стандарттау және ветеринариялық санитария" кафедрасында жүргізілді.

Зерттеу үшін Тараз қаласының ірі желілік дүкендерінен сатып алынған салқындалатын балықтың 10 сынамасы алынды. Балық сынама алу ережелерін сақтай отырып алынды.

Материалдар мен әдістер: салқындалатын балық, стерильді кәрлен табақша мен таяқша, физиологиялық ерітіндісі бар колба, стерильді Петри аяқшалары, 15 мл ЕПА және сарыуызды – тұзды агар қоректік ортасы бар пробиркалар, Петри аяқшаларындағы Кесслер, Эндо және висмут – сульфит агар қоректік орталары, 9 мл стерильді суы бар пробиркалар, 1-2 мл-лік пипеткалар, резеңке алмұрт, спиртшам, спиртті тампондары, түрлі әдістермен бояуға арналған бояулар жиынтығы.

Зерттеулер жалпы қабылданған микробиологиялық әдістер бойынша жүргізілді.

Зерттеу барысы:

Балыққа ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізіп, органолептикалық бағаладық: сыртқы көрінісі, сыртқы жабынының күйі, кілегейі, қабыршақтары, желбезегі, көздері, сонымен қатар бұлшықетінің консистенциясы толық қаралды.

Кесте №1. Органолептикалық зерттеу көрсеткіштері

| Көрсеткіштері | Балық түрлері және саны | | | |
|---------------------------|--|--|-----------------------------------|--|
| | Алабұға | Шортан | Сазан – 4 | |
| | Балғын – 3 | Балғын – 3 | Балғын – 1 | Күмәнді – 3 |
| Шырыш | Мол, мөлдір, иіссіз | Мөлдір, бөтен иіссіз | Мөлдір, иіссіз, мол | Жабысқақ, мөлдір емес |
| Қабыршақ | Тегіс, жылтыр, қиын жұлынады | Қабыршағы денеге тығыз жабысқан | Тегіс, жылтыр | Жылтыр емес, жеңіл жұлынады |
| Көз | Дөңес, мөлдір | Шығыңқы, мөлдір | Таза, дөңес | Төмен |
| Ауызы | Жабық | Жабық | Жабық | Жартылай ашық |
Қазақстанның Ресейге қосылғанға дейінгі қазақ қоғамында жасалынған шарттар қауым мүшелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әрі тұрмыстық сипатта көрінді. Олардың түрлері де шектеулі болды. Ал Ресейге қосылғаннан кейін, яғни тауар айырбас аясы кеңейіп, құқықтың жаңа қайнар көздері пайда бола бастағаннан кейінгі кезеңде шарттық қатынастарды реттеу қарқыны құқықтық шарттардың жаңа түрлері пайда болу түрінде арта түсті. Мәселен, азықты алу және айырбастауға байланысты қатынастардың реттеушісі ретінде сатып алу - сату шарты қалыптасты. Егер бұрын бұл шарт түрі қазақ қауымының тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталса, ендігі ретте оның негізгі мақсаты пайда табуды көздеген коммерциялық сипатқа ие болды. Шарттың мәнін мал құрады.

XIX ғасырдың аяғында жасалған «Қырғыздардың әдет-ғұрып құқығы» жинағынан шарттық қатынастарды реттеген салт-дәстүрлер, сатып алу-сату шартын жасау нысанын сонымен бірге, шарттың мәні, құны, шарт тараптарының құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ шарт талаптарын бұзған жағдайда жауапкершіліктің де көзделгендігін көруге болады. Айталық, сатушы сатып алушыға сатылып жатқан заттың өзіне белгілі кемшіліктерін айтуға тиіс немесе оны мұқият қарап алуды ұсынады. Сол арқылы мәміле жасалғаннан кейін өзінен алатындығын ескерте отырып түсіндіреді. Сатушы бұл

талаптарды сақтамаған жағдайда сатып алушы заттың кемшіліктерін байқаған жағдайда мәмілені бұзуды талап ете алады делінген [1, б. 4-5].

XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген әдет-ғұрып құқығы жайындағы жинақтардан біз Қазақстанда тауар-ақша қатынастарының дамуымен байланысты нормаларды байқаймыз. Мәселен, шарттардың жаңа түрлерін реттейтін нормалар пайда болды. Соның ішінде осы ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда сауда шарты ерекше даму алды [2, б.10-14].

Қазақ әдет-ғұрып құқығында сол сақтау шартын білдірген аманат деген ұғым пайда болды. Бұл жөнінде 1824 ж. Омбы уақытша комитетімен дайындалған қырғыз заңдар жинағында аманат шартының мазмұны анықталған: егерде бір адамға сақтауға бір нәрсе беріліп, ал ол болса оны тығып не жасыратын болса, ол үшін сол ел ішінде сыйлы адамның бірі ант су ішіп, ал басқа бір туысы антын қабылдайды, ал егер ант кері шақырылса кінәлі сақтауға берілгеннің бәрін өтеп беруге тиісті болады. Ал егерде ол үшін берілген ант ақталып, артынан оның шынымен затты жасырып қалғандығы анықталса ол ұрлыққа теңеліп ол үшін қосымша 9 түйір мал түрінде айыппұл төлейді, – деп анықталады [1, б.19-21]. Міне, осы тұжырымдар мен жинақтар нормаларынан-ақ қазақ қоғамында келісім шарттардың кеңінен қолданылғандығын көреміз.

Мазмұнын өзара құқықтар мен міндеттер құраған міндеттемелік қатынастар шарттардың пайда болуының негізін құрады. Шарттардың көпшілігі ауызша нысанда жасалатын. Тек Ресейге қосылғанан кейін ғана экономикалық қатынастардың дамып, халық арасында тауар айырбастаудың кеңеюімен шарттар бірте-бірте жазбаша нысанға көше бастады. Шарттарды жасап орындау рухани қағидаларға тараптардың әдептілігіне негізделіп тіптен күмән тудырмайтын. Шарттар ауызша түрде жасалатын болғандықтан, олардың жүзеге асатындығының кепілі ретінде куә қатысатын. Шарттың ауызша нысаны әдет-ғұрып құқығында береке деп аталатын [3, б.29-32].

Қазақ қоғамында шарттардың орындалуын қамтамасыз еткен арнайы нормалар да болды. Олар шарттың талаптарын орындамағандығы немесе бұзғандығы үшін қандай жаза түрі мен айыппұл мөлшері қолданылатыны жайлы қамтыды.

Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі аралықта бірнеше мемлекеттер өмір сүрген болатын. Сол мемлекеттердің саяси-құқықтық қатынастарында келісім-шарттар элементтерінің, оның дамуының үрдістерін кездестіреміз. Мәселен, қазақ жеріндегі ең ежелгі мемлекеттердің бірі - ғұн мемлекетінде келісім-шарт қатынастары, сауда-саттық мәселесі кеңінен дамыған болатын. Сонымен қатар, бұл мемлекетте халықаралық деңгейдегі келісім-шарт қатынастары да өрбіп жатты. Оған бұл ғұн мемлекеттегі бейбітшілік пен біліктілік келісімін жатқызуға болады.

Қазақстан мен Ресей империясы тұсындағы келісім-шарт қатынастарының өрбуі барысында бұл кезең аралығында, қазақ қоғамында европалық мемлекеттер тәжірибесінде қалыптасқан келісім-шарттардың негізгі нысандары келе бастады. Айталық; қазақ қоғамындағы шарттық қатынастарды реттеген әдет-ғұрып құқығы нормаларын талдай келе келесідей қорытындылар жасауға болады:

- әдет-ғұрыптық шарттық құқық белгілі бір қисынға, ішкі байланыс пен басқа нормалармен өзара байланысқа бағынатын нормалар жиынтығын құрады;
- шарттық қатынастарды реттеген әдет-ғұрып құқығы нормалары өздерінің мазмұны бойынша әртүрлі қатынастарда қолданылуы олардың әмбебаптығын көрсетеді;
- қазақ қоғамында қолданылған шарттар түрлері көп болмасада олар қазақ қауымы тұрмысын толықтай дерлік реттеп отыра алды;
- қазақ қауымында қолданылған шарттар ауызша келісім түрде қолданылды. Бұл тараптардың бір-біріне берген сөзінің өзі заң болғандығын көрсетті. Өйткені, әдет-ғұрып бойынша адамның ар намысы мен беделі жоғары құндылық ретінде қаралды. Ауызша куәліктің өзі шарттың сақталатындығына кепіл бола алады.

Бұлардың бәрі де, қазақ қоғамы үшін, көбінесе, Ресей қол астына өткен кезеңде жүзеге асып жатқан келісім-шарттар болып табылады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында, яғни қазақ қоғамының өзі тудырған келісім-шарттар да өмір сүрді. Сондықтанда, келісім-шарт қатынастарын жүйелеп, түрлерге жіктеген кезде осы жағын мұқият ескеруіміз қажет. Біз өз зерттеуімізде қазақ әдет-құқығындағы келісім-шарттарды: 1) дәстүрлі қазақ қоғамында қолданылған, сол қоғам тудырған келісім-шарттарға және 2) Ресей қол астына өтуімен байланысты Еуропалық заңнамаға негізделген шарттарға деп екіге бөліп қарастырдық.

Кезінде, қазақ ішінде мал айырбастау ісі көп жүзеге асырылған. Сатып алу-сату шарты қазақ қоғамында ежелгі орта ғасырларда түркі қағанаты, қарахандар мемлекеті кезеңінен кеңінен қолданылған. Кейіннен бұл шарт Ресей қол астына өткенде қарқынды дами бастады. Қазақтың үлкен қалаларында Ресей салған бекіністерде жыл сайын жәрмеңкелер ұйымдастырылып отырған болатын. Сол жәрмеңкелерде сату-сатып алу көптеп жүріп жатты.

Қазақ қоғамындағы кең дамыған шарттардың бірі - сыйға беру шарты болып табылады. Айталық, сыйға әр түрлі заттарды бере алатын болған. Олардың ішінде сыйға мынандай заттар беруге жатпады: ата-бабасынан мұра болған үй. Мұнда сый еншісін алып шықпаған балаға берілмейді.

Азаматтық айналымнан туындайтын келісім шарттар дәстүрлі қазақ қоғамында Ресей қол астына өткен кезеңнен бастап өте қарқынды дами бастады. Осы кезеңнен бастап-ақ қарыз беру, айырбас, затты кепілге қою, сату, сатып алу институттары өрбіп дамыды.

Дәстүрлі қазақ қоғамының туындысы болып табылатын келісім-шарттардың қатарына мыналар жатады: аманат шарты; сауын шарты; мұрагерлік шарты; тамырлық шарты; ат-майы шарты; енші; олжа; сүйінші.

Ресей қол астына өткеннен кейінгі кезеңде қазақ қоғамында: сатып алу-сату; кепіл; айырбас; қарыз беру шарты; сақтау т.б. шарттар қолданылды.

Қазақ қоғамындағы келісім-шарт қатынастары ежелгі дәуірлерден бастап, құқықтық нормативтік кейіпке ие бола бастады. Олар қазақ хандығы құрылғанға дейінгі дала өмірінде, сонда өмір сүрген мемлекеттердің жарғыларында көрсетіліп, бекітіліп отырған. Бұл кезең аралығындағы келісім-шарт қатынастарының дамуы қазақ хандығы кезеңіндегі жарғыларда да бекітілді деп көрсетуге болады.

Демек, қазақ даласындағы келісім-шарт қатынастарының құқықтық нысандары ресми тұрғыда, яғни белгілі бір заң-жарғыларда көрініс тапты. Сөйтіп, олар қазақ-әдет құқығының бейресми нысандары – мақал-мәтелдерде шешендік сөздің үлгісі ретінде, даналықтың белгісі ретінде негізделіп отырды.

Қазақ құқығы жүйесіндегі келісім-шарт қатынастарының қазақ қоғамында қалыптасқан, мойындалған объектілеріне мал және мүлік жатқан болатын. Мал қазақ қоғамындағы келісім-шарт қатынастарының қалыпты жүзеге асуының бірден-бір құралы ғана болып қана қойған жоқ. Ол сонымен қатар, келісім-шарт аясындағы даулардың тууының басты себептерінің бірі болып табылды. Отбасы қатынастарынан туындайтын келісім-шарттарда, көбінесе, мүлік мәселесі негізге алынған болатын және сол қатынастардың негізін де осы құрады.

Қазақ қоғамындағы неке және отбасы қатынастарынан туындайтын келісім-шарттардың аясында кең болып табылады. Бұл келісім-шарттар көбінесе бірімен-бірі байланысты өрбіп, екінші бір қатынастардың нысанына көшіп кетуге бейім тұрады. Неке және отбасы қатынастары жүйесіндегі келісім-шарттардың негізгі түрлерінің қатарына: айттыру, құдаласу, құйрық-бауыр жеу, қалың мал т.б. шарттарды жатқызамыз. Көп жағдайда осы қатынастар әдет-құқық нормаларының реттелу аясынан шығып, жалпы әдет сипатындағы тиым ережелерімен қабысыпта кетіп жатады. Мәселенің осы қыры, мұндағы

келісім-шарт қатынастарының түрлерін жіктеп көрсетуде көптеген қиындықтардың да туатыны содан.

Қазақ қоғамындағы жылу, жұртшылық, қызыл көтеру, асар т.б институттар көбінесе өзара көмек жүйесінің негізінде қарастырылғанымен, бұл институттардың да келісім-шарттық маңызы өте жоғары болып табылады. Себебі, қазақ әдет құқығы жүйесіндегі бұл институттар көп жағдайда қауымдық міндеткерлікке негізделген институты болып табылады. Көбінесе, бұл ел ортасында міндетті орындалатын және ешкім қарсылық білдірмейтін, былайша айтқанда өзінен-өзі орындалу механизмі болған жүйе деп айтсақ та болады. Өйткені, туысқандық қатынастардан туындайтын өзара көмек жүйесі қазақ қоғамында ерекше сипатта дамыған болатын.

Сауын институты өзінің бойына көшпелі қоғамның адами құндылықтарын жинастырған келісім-шарт қатынастарының белді элементтерінің бірі болып табылады. Қазақ қоғамындағы ағайынгершілік қатынастар жүйесінде сауын мен аманат мал институты бір жүйеде дамып, қалыптасқан негізгі құқықтық институттардың қатарына жатады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы бұл институттар негізінен шаруашылық жүргізудің феодалдық қатынастар сипатына бейімделген кезде пайда болған құқықтық институттар.

Қазақ құқығы жүйесіндегі келісім-шарт қатынасынынан туындайтын жауапкершіліктің негізін дәстүрлі қазақ қоғамында бір жақты бағалау мүмкін емес. Себебі, келісім-шарт қатынастарының кейбір жағдайда уақытылы орындалмауы даулы істерге ұласып, қылмыстық сипаттағы әрекеттер санатына да өтіп кетуі мүмкін. Көбінесе, келісім-шарт қатынастары бұзылған жағдайда жаза қолданудан гөрі дәстүрлі қазақ қоғамында ол қалпына келтіріліп, жөндеу мәселесі негізге алынып отырған. Қазақ қоғамында келісім-шарт қатынастарында қолданылатын жазалар: құн, айып т.б. формаларда болып келді.


Қазақ қоғамында келісім-шарт қатынастары кейбір жағдайларда бұзылып жататын болса, оны шешетін де, оған ең соңғы нүктені қоятын да билер соты болған. Сондықтанда билер соты, дәстүрлі қазақ қоғамында келісім-шарт дауларын шешу үстінде маңызды роль атқарған орган болып табылады. Қарап отыратын болса, келісім-шарт қатынастары, көбінесе, қазақтардың Ресей қол астына өткен кезеңінен бастап жиі бұзылатын болды. Ал, келісім-шарт қатынастары бұзылып, іс билердің алдына бара қалатын болса, онда мұндай даулар әдетте бітімгершілік үрдісімен шешіліп жататын.

Қорыта айтқанда, қазақ қоғамындағы келісім-шарт қатынастары негізінен көшпелі өмірдің және мал шаруашылығын жүргізудің талаптарына сәйкес туындап, дамып отырды. Қазақ даласының Ресей қол астына өтуімен байланысты сол уақытқа дейін дала жұртына беймәлім болып келген келісім-шарттардың түрлері де дендеп еніп, олар ел өмірінің талаптарына бейімделе бастады.

Демек, дәстүрлі қазақ қоғамындағы қолданылған шарттарды әр түрлі негіздер бойынша жүйелеп көрсетуге болады. Ресей кезеңінен бастап қазақ әдет құқығы жүйесінде, негізінен азаматтық айналымнан туындайтын келісім-шарттар негізгі роль атқара бастады. Бұлар дәстүрлі құқық жүйесінде европалық тәжірибеде қалыптасқан құқықтық ұғым-түсініктердің және нормалардың енуіне және таралуына жағдай жасады деуімізге болады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Материалы по казахскому обычному праву / Сост.: Т.М. Культелеев, М.Г. Масевич, Г.Б. Шакаев. – Алматы: Жалын, 1998. – 4-21 с.
2. Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов. Алматы -1995 г. – 10-14 б.
3. Материалы по истории государства и права Казахстана. – Алматы, 1994. – 29-32 с.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕЛЕУДІ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Жұматай А.

Ғылыми жетекшісі: Бектұрғанова Р.

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аннотация. Ипотечный кредит-это способ привлечения финансовых ресурсов в форме кредита, выдаваемого под залог недвижимости, т. е. ипотечные 'коммерческие банки' страховые и другие кредитно-финансовые учреждения под залог недвижимости (земля' строительство ' и др.).

Ключевые слова: Здания и сооружения, единый имущественный комплекс, жилые дома и квартиры, часть жилых домов, гостиницы, дома отдыха, дачи, садовые участки.

Abstract. A mortgage loan is a way to attract financial resources in the form of a loan issued against real estate, i.e. mortgage 'commercial banks' insurance and other credit and financial institutions secured by real estate (land 'construction', etc.).

Keywords: Buildings and structures, a single property complex, residential buildings and apartments, part of residential buildings, hotels, holiday homes, cottages, garden plots.

Ипотекалық несиені жылжымайтын мүлік кепілімен берілетін несиені нысанында қаржы ресурстарын тарту тәсілі, яғни ипотекалық, коммерциялық банкілер, сақтандыру және басқа несиені-қаржы мекемелері жылжымайтын мүлік (жер, құрылыс, тағы басқа) кепілімен беретін несиені. Үймереттер мен ғимараттар, бірыңғай мүліктік кешен ретінде қаралатын институттық бірліктер, тұрғын үйлер мен пәтерлер, тұрғын үйлердің бір бөлігі, қонақ үйлер, демалыс үйлері, саяжайлар, бақ телімдері, гараждар мен тұтыну мақсатындағы басқа да құрылыстар, аяқталмаған құрылыс нысандары, әуе, теңіз, өзен кемелері, ғарыштық нысандар, көп жылдық екпе ағаштар, жалгерлік құқық ипотекалық несиені үшін салынатын кепілзат бола алады. Мемлекет қорлар мен орман қорлары, мемлекет шекараға іргелес жерлер, кепілге салуға заңмен тыйым салынған басқа да нысандар кепілзат бола алмайды. Ипотекалық несиені алу мақсатына қарай қысқа мерзімді (ағымдағы қажеттілікті қанағаттандыру үшін) және ұзақ мерзімді ипотекалық несиені болып бөлінеді. Ипотекалық несиені кезінде қарызгерде меншікті пайдалану құқығы сақталады. Несиені толық өтелгеннен кейін несиенігерге берілген меншік құқығы жойылады. Өтеу нысандары: тұрақты, тіркелген пайыздық мөлшерлемелі ипотека кәдуілгі ипотека немесе төлем біркелкі төленіп отыратын ипотека; пайыздық мөлшерлемесі өзгермелі ипотека. Нарықтағы несиені беру құралдары айналысының мүмкіндігіне қарай жабық ипотека; ашық ипотека; лимиттелмеген ипотека; шектеулі-ашық ипотека; шоғырландырылған ипотека түрлеріне бөлінеді.[1.1]

Қазақстанда ипотекалық несиелену меншік туралы Кеңес Үкіметінің заңы қабылданғаннан кейін мүмкін бола бастады. Шын мәнінде алғашқы ипотекалық несиелену тұрғын үй құрылыс мемлекеттік бағдарламасымен 1994-1995 жылы жүзеге асырыла бастады. Ал бүгінгі таңда коммерциялық банкілердің дәстүрлі – базалық қызметі – экономиканы және халықты несиелендіру. Бұл қызмет банкілік қызмет көрсету аясындағы маңыздыларға және банкінің актив операцияларына жатады. Көптеген елдерде ипотекалық несиелендірудің халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудегі ролі баршаға белгілі. Шағын болса да тұрақты табысы бар халық топтары үшін тұрғын үй сатып алуға жағдайлар жасаумен қоймай, ипотекалық несиені құрылыс саласына инвестициялар тартуға мүмкіндік беріп, қор рыногының жаңа сегменті - ипотекалық құнды қағаздар рыногының әрекет

етуіне септігін тигізді. Осының барлығы тақырыптың өзектілігін, зерттеу объектісін және мәнін, сондай-ақ оның мақсаттары мен міндеттерін таңдауға негіз болды.

Қазақстандағы ипотекалық несиелендірудің даму жолдарын талдау көзделіп отыр. Мұндай мақсатқа коммерциялық банкте тұтынушылық несиелендіру жөніндегі қалыптасқан көзқарастарды және оны арттыруға бағытталған іс-шараларды жүйеге келтіру қажеттілігінен туындап отыр.

Ипотекалық несиелендірудің көптеген елдерде халықты баспанамен қамтамасыз етуде атқаратын ролі көпшілікке мәлім. Табыстары шағын болғанымен, оны тұрақты алатын азаматтар үшін тұрғын жайды меншікке сатып алуға жағдай жасаумен қатар, ипотекалық несиелендіру жүйесі құрылыс саласына инвестициялар тартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ол қор рыногының жаңа сегменті - ипотекалық құнды қағаздар рыногын қамтамасыз етеді.[2.2]

Қазақстан Республикасының Үкіметі өткен жылдың тамыз айында ұзақ мерзімді тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың және ипотекалық несиелендіру жүйесін дамытудың концепциясын мақұлдады. Концепция бойынша жұмыс Ұлттық Банктің бастамасымен жүргізілді. Бұл ретте Елбасының несиелерге қарапайым халықтың қол жетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын, сондай-ақ қолда бар ішкі инвестицияларды құрылыс саласын дамытуға тарту мақсатын орындаудың жаңа жолдарын іздестіруге талпыныс жасалды. Тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың жаңа жүйесін дамыту үшін көптеген жағдайларда тұрақты алғышарттар бар деп айтуға болады. Әрине, ең алдымен, бұл тұрғын үйге мұқтаж азаматтар санының ұлғаюы, бұған бір жақтан ескі тұрғын үйлердің тозуы да септігін тигізуде. Сонымен қатар, Қазақстан экономикасының дамуы еңбекке қабілетті халықтың тұрақты табыс алу мүмкіншіліктері зор өңірлерге, мысалы мұнай өндірілетін аумақтарға қоныс аударуына ықпал етті. Ал, бұл жағдай тұрғын үйге деген қосымша сұраныстың өсуіне әкеп соқты.

Соңғы жылдары орын алып отырған оңтайлы жағдайдың біріне халықтың жинақ қаражаты деңгейінің өсуін жатқызуға болады. Алайда, ол жинақтар тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың көбіне тұрғын үйдің құнын біржола толығымен төлеуге мүмкіндік бермейді. Осыған орай, ипотекалық несиелерге деген сұраныс та туындауда.

Сонымен қатар, елеулі ішкі инвестициялық потенциалдың, ең алдымен зейнетақы жүйесі тарапынан туындап келе жатқан потенциалды атап өткен жөн. Зейнетақы салымдарын экономиканың нақты секторына тарту идеясы бірнеше жылдар бойы талқыланып келеді. Бірақ, болашақтағы зейнеткерлердің күнкөріс қаражатына айналмақ бұл жинақ қаражаттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі аталмыш идеяны жүзеге асыруға тежеу болып келеді. Сондықтан, зейнетақы жинақтары инвестицияланатын болса, олар қамтамасыз етілуі тиіс. Осы мүмкіндікті ипотекалық құнды қағаздарды, яғни жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген құнды қағаздар шығару және орналастыру жолымен банктерді қайта қаржыландыруды жүзеге асыру жүйесі көздейді.[3.3]

Әлемдік практикада ипотекалық несиелендірудің әртүрлі модельдері қолданылуда. Олар несиелендіру және қайта қаржыландыру процесінің ұйымдастырылуы әдістерімен, мемлекеттің қатысу дәрежесімен бір-бірінен ерекшеленеді. Қалыптасқан экономикалық жағдайда АҚШ, Германияның, Малайзияның және Ресейдің тәжірибесі негізінде жинақталған небір жүйелер «гибридін» қолдану керектігі шешілді. Сондықтан, ипотекалық рынокта оператордың функцияларын атқаруы тиіс, несиелік ресурстардың тез арада қайтарылуын және банктер мен банктік емес ұйымдардың өтімділігі проблемасының шешілуін қамтамасыз ететін, ипотекалық несиелер берілді жүзеге асыратын арнайы мамандандырылған ұйым – Қазақстандық ипотекалық компанияны құру туралы шешім қабылданды.

Компанияның құрылтайшысы болып алғашқы кезеңде Ұлттық Банк болып белгіленді. Компанияның төленген жарғылық капиталы бүгінгі таңда 1,0 млрд. теңге құрайды. Кейін компанияның капиталына халықаралық қаржы ұйымдарының және екінші деңгейдегі банктердің қатысуы жоспарлануда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://kk.m.wikipedia.org>
2. Банк терминдері мен ұғымдарының қазақша-орысша сөздігі. / Ғ. Сейіткасымов, Б. Бейсенғалиев, Ж. Бекболатұлы — Алматы: Экономика, 2006. ISBN 9965-783-20-9
3. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне ипотекалық несиелендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заң;



ӘӘЖ 343.9

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ТИІСПЕУШІЛІГІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

Жетекші: Датева Айбала

Орындаған: Мұратбекова Аяжан

Тобы: ҚҚ- 20-3

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Аңдатпа. Жеке адамның жыныстық тиіспеушілігі жеке адамның конституциялық-құқықтық мәртебесінің құрамдас бөлігі болып табылады, ол Қазақстан Республикасының Конституциясымен белгіленеді, қорғалады және кепілдік беріледі. Жыныстық тұтастық туралы айтқанда, олар кәмелетке толмағандардың жыныстық тұтастығын, олардың қалыпты жыныстық сау дамуын, қалыпты физикалық және моральдық дамуын білдіреді, бұл тек кәмелетке толмағандардың құқығын білдіреді. Кәмелетке толған адамдар (ерлер де, әйелдер де) тарапынан он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе жыныстық сипаттағы өзге де әрекеттер Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 122-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа жатады және бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Кілт сөздер: жыныстық тиіспеушілік, құқық, кәмелет, Конституция, жаза

Аннотация. Половая неприкосновенность личности является составной частью конституционно-правового статуса личности, которая устанавливается, охраняется и гарантируется Конституцией Республики Казахстан. Говоря о половой неприкосновенности, имеют в виду половую неприкосновенность несовершеннолетних, их нормальное половое здоровое развитие, нормальное физическое и нравственное развитие, а значит, только права несовершеннолетних. Половое сношение или иные действия сексуального характера с лицом, не достигшим шестнадцатилетнего возраста со стороны совершеннолетних лиц (как мужчин, так и женщин), подлежат уголовной ответственности по ст.122 Уголовного Кодекса Республики Казахстан и наказываются ограничением свободы на срок до пяти лет, либо лишением свободы на тот же срок.

Ключевые слова: половая неприкосновенность, право, совершеннолетие, Конституция, наказание

Annotation. The sexual integrity of an individual is a component of the constitutional and legal status of an individual, which is established, protected and guaranteed by the Constitution of the Republic of Kazakhstan. When talking about sexual integrity, they mean the sexual integrity of

minors, their normal sexual healthy development, normal physical and moral development, which means only the rights of minors. Sexual intercourse or other acts of a sexual nature with a person under the age of sixteen by adults (both men and women) are subject to criminal liability under Article 122 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan and are punishable by restriction of liberty for up to five years, or imprisonment for the same period.

Keywords: sexual inviolability, law, adulthood, Constitution punishment

Конституциямыздың 12-бабында көрсетілгендей-ақ «Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі». Бостандықтары деп отырғанымыз өмір сүруден басталып сансыз мағынаны ішіне сыйдырып тұр, оның ішінде жыныстық бостандық та бар.

Қазақстан Респуликасы тәуелсіздік алып, жеке мемлекет атанып, өз Конституциясын қабылдағалы 30 жылға жуықтады. Осы уақытқа дейін заңды сан салаға бөліп қарастырып келеміз. Соның маңызды тарамы - Қылмыстық құқық. Қанша жерден бозторғай жұмыртқалаған тыныш заманда, бейбіт күнде өмір сүріп жатырмыз дегенмен де қылмыстың азаятын түрі жоқ. Сырттан емес, өз ішімізде қазаққа қазақ қастандық жасауға даяр тұратындары ішті өртеп жібереді. Ең қиыны сәбилер, кәмелет жасына толмаған тұлғаларға қарсы бағытталған зорлық-зомбылық әрекеттері. Адамды ет пен сүйектен жаралған десек те, кейде хайуаннан да сорақы істерді істеп жатады.

2022 жылдың 1-ші жарты жылдығының қорытындысы бойынша кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған 44 қылмыс тіркелді, өсім 12,8% (2021 жылы — 39).

44 қылмыстың ішінде кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қол сұғатын 20 қылмыс болды (2021 ж. — 18, 11,1%-ға өсті).

2022 жылы жасы бойынша жыныстық сипаттағы қылмыстардың құрбандары мыналар болып табылады: 13 жас — 5, 14 жас — 15 жас — 15.

Статистика көз қуантардай «қылмыстылық азайды» деп берілген. Бірақ, күнделікті жаңалықтарда жасөспірімдер арасындағы зорлық туралы көп естіп, көріп жатамыз. 2023 жылдың басталғанына небәрі 3 айдан асты, дегенмен осы аралықта орын алған оқиғалар саны аз емес. Соның бірнешеуімен таныстырып өткенім дұрыс деп шештім.

«НеМолчи» қорының жетекшісі Дина Таңсәрінің мәліметінше, бұл оқиға наурыздың 7-інен 8-іне қарған түні болған. Осы күні қыздың анасы жұмысқа кетіп, ол әйелдің азаматтық некедегі күйеуімен үйде қалған. Кейін пәтерге қыздың өгей әкесінің танысы келіп, олар ішімдік ішкен. Артынша ол азамат 5 жасар қызды оңаша алып кетіп, зорлаған.

«Бұл факті бойынша 8 наурызда «Есіл» ауданының полиция басқармасы ҚР Қылмыстық кодексінің 124-бабы 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тіркеді. Сараптама тағайындалды, оның нәтижесімен процессуалды шешім қабылданады», - деп мәлім етті ведомстводан.

Сонымен бірге құзырлы органнан ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 201-бабы негізінде тергеп-тексеру материалдары жария етілмейтінін атап өтті.

ҚазАқпарат - Алматы облысы Жамбыл ауданының полиция бөліміне Қасымбек ауылының тұрғыны арызданып, 8 жасар баласының зорлық көргенін айтқан, деп хабарлайды ҚазАқпарат полицияға сілтеме жасап.

Ол өзінің арызында сол күні сағат 16:00 шамасында 2015 жылғы кәмелетке толмаған ұлына қатысты сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері жасалғанын хабарлады.

Оның айтуынша, 2011 және 2008 жылғы екі жасөспірім ауылдың шетінде өздерінен әлдеқайда кіші баланы қорлаған.

Қазіргі уақытта сот-медициналық сараптама тағайындалып, тергеу жүріп жатыр.

Аталған дерек бойынша оқиға қатысушыларының бірі - 2011 жылғы жасөспірімнің әкесіне ҚР ӘҚБтК 127-бабының 3-бөлігі негізінде әкімшілік іс қозғалды.

Бұдан өзге, тиісті материалдар 27 наурыз күні осы жасөспірімді мамандандырылған мектепке жолдау мәселесін қарау үшін уәкілетті органға жіберілді.

«Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 201-бабына сәйкес өзге ақпарат жарияланбайды» деп хабарлады полиция.

Мұндай істерді тізе берсек көп, біз білмегіміз қаншама. Мұндағы қателік кімде? Жасөспірімдердің мұндай әрекетке баруына не себеп? Бұл бір қызық іздегеннен бе, әлде жастардағы індет пе? Сансыз сауалға жауап табу қиын. Ең қиыны бұл істер болмай тұрып алдын алу үшін қолымыздан не келеді деген сауалға жауап беру. Профилактикалық іш-шаралар жылда болып жатады. Бірақ, оған құлақ асар адам саны аз болып тұр. Себебі, кәмелетке толмаған аналар саны азаяр емес.

2022 жылы өткізілген қылмысты азайту жөніндегі шаралар:

-ай сайын кәмелетке толмағандардың жүктілігін жасыру фактілерін анықтау үшін денсаулық сақтау мекемелерімен салыстырып тексеру жүргізіледі;

-қолайсыз отбасыларды, атап айтқанда: өмірлік қиын жағдайда жүрген отбасыларды, қолайсыз отбасыларды тексеру және анықтау бойынша тұрақты түрде жедел-алдын алу іш-шаралары жүргізіледі;

-«Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі мобильді топ» қызметін үздіксіз жүзеге асырады, оның құрамына прокуратура, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссия, білім бөлімі, полиция басқармасы, психикалық денсаулық орталығы, қорғаншылық және қамқоршылық органы өкілдері, педагог-психолог, әлеуметтік педагог кіреді.

Осы жылдың басынан бастап 210 рейдтік іс-шара, 50 жергілікті іс-шара өткізілді.

Анықтама ретінде: 1776 заңды өкіл, кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамайтын 536 ата-ана тартылды, 16 мекеме иесі әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Ювеналды полиция бөлімшесінде 226 қолайсыз ата-ана есепте тұр, оларға тұрақты бақылау жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдарында адамгершілік-жыныстық тәрбиенің алдын алу жүзеге асырылады (844 әлеуметтік педагог пен психолог, 76 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы).

Қиын өмірлік жағдайға тап болған балалардың құқықтарын анықтаумен және қорғаумен қорғаншылық және қамқоршылық органының функцияларын орындайтын 22 маман айналысады (1-ден — аудандарда, 9-қалада).

Кәмелетке толмағандарға зиян келтіру туралы ақпаратты және видеоматериалдарды (буллинг, зорлық-зомбылық, балаларды құқыққа қарсы әрекеттерге тарту) жедел анықтау мақсатында Telegram мессенджерінде чат-конференция құрылды.

Оқушылар мен олардың ата-аналарына көрсетілетін балалардың адамгершілік-жыныстық тәрбиесі (бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде, ерте жүктіліктің алдын алу кезінде) бойынша прокуратурамен бірлесіп видеороликтер әзірленді.


Жалпы алғанда мұндай іс-шаралар жылдағы болып жатқан қалыпты жағдай. Қылмыстылықты түбімен жою үшін қосымша күштер атсалысуы қажет екені мәлім.

Менің ұсынысым: зорлау фактісі қылмыстық кодексте онша ауыр емес қылмыстар санатында тұр. Соны ауыр қылмыстар санатына ауыстырса қылмыскерлер әр басқан қадамын ойлана жасар еді. Зорлық адамды қорлаудың ең ауыр түрі. Ендеше сәйкесінше ол ауыр жазаға тартылуы керек. Сонымен қатар, профилактикалық іс-шараларды тек қыздарға ғана емес ер балаларға да жиі жүргізу. Себебі, зорлық жыныс тандамайды. Балабақшадан бастап балаларға бөтен адамдармен сөйлеспеу керектігі туралы, қанша жерден сыйлау керек болса да кейде үлкендерге де «жоқ» деп айтқызып үйрету. Қазіргі таңда сондай жағдайға түскендерге көмек беретін ұйымдар бар. Дегенмен, олар туралы көп айтыла бермейді. Сонда да «ауруын жасырған аңдамай өледі» болмай тұрғанда ол туралы ашық айтып, жыныстық тәрбие туралы медиа саласында да көбірек айтылуы керек деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Конституция 1995 жыл 30 тамыз

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекс 2014 жыл 5 шілде
3. ҚР Қылмыстық Кодекс 2014 жыл 3 шілде
4. https://shtk.com.kz/?page_id=4230&lang=kk
5. <http://sc0014.atbasar.aqmoedu.kz/content/pamyatki-i-rekomendacii-po-polovoy-neprikosnovennosti-lichnosti>
6. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
7. https://www.inform.kz/kz/astanada-5-zhasar-kyzdy-zorlau-faktisi-tergelip-zhatyr_a4049205
8. https://www.inform.kz/kz/auyl-turgyny-8-zhasar-balasyn-zhasospirimder-korlaganyn-aytyp-policiyaga-aryzdandy_a4051454
9. <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko/press/article/details/93314?lang=kk>



УДК 343.851.3

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚ, КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ, ЖЫНЫСТЫҚ ТИІСПЕУШІЛІГІНЕ ҚАРСЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ, ЖОЛ КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫН АЛДЫН АЛУ

Жолдыбаев А., ҚҚ-21-1 тобы

Ғылыми жетеші: Асқарбекқызы А., з.ғ.м., аға оқытушы

«Зан» факультеті

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Андатпа. Қазіргі таңда қоғамда көптеген қылмыстар орын алуда. Солардың бірі, Интернет алаяқтық, кәмеелетке толмағандардың, жыныстық тиіспеушілігіне қарсы құқық бұзушылық, жол көлік оқиғалары. Олардың алдын алу бүгінгі таңда маңызды мәселенің біріне айналды. Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейімділік қайдан шығады? Ол үшін әрбір тұлға еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан жақты сезіну керек. Азаматтың міндеті - заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау болып табылады.

Аннотация. В настоящее время в обществе происходит много преступлений. Одно из них-интернет-мошенничество, правонарушения против половой неприкосновенности несовершеннолетних, дорожно-транспортные происшествия. Их профилактика стала сегодня одной из важнейших проблем. В общем, откуда берется склонность к нарушению правопорядка? Для этого каждому человеку необходимо всесторонне осознать, насколько велика историческая ответственность за сохранение целостности нашей страны, целостности нашей земли, благополучия нашего народа. Обязанность гражданина-не нарушать требования закона, а, с другой стороны, выполнять возложенную на него обязанность.

Annotation. There are a lot of crimes going on in society at the moment. One of them is Internet fraud, offenses against the sexual integrity of minors, traffic accidents. Their prevention has become one of the most important problems today. In general, where does the propensity to violate law and order come from? To do this, every person needs to fully realize how great is the historical responsibility for preserving the integrity of our country, the integrity of our land, and the well-being of our people. The duty of a citizen is not to violate the requirements of the law, but, on the other hand, to fulfill the duty assigned to him.

Алаяқтық – бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтеннің мүлкінің құқыққа сыйымсыз емденуі. Алаяқтық бұл нарықтық эканомикада және кәсіпкерлік қызметте кең таралған қылмыстың түрі.

Бүгінде ғаламторды пайдаланбайтын адам жоқ шығар. Уақыттың талабына сай түрлі әлеуметтік желілер адамдар арасында қарым-қатынасты орнатып қана қоймай, өзгеде ауқымды әлеуметтік мәселелерде, үлкен орын алып отыр. Дегенмен интернетті игі мақсатта пайдаланбай арам пиғылда пайдаланатындар да кездесіп жатыр. Қазіргі таңда алаяқтық қылмыстардың көбі интернет арқылы жасалады екен.

Алаяқтықтың кең таралған түрлеріне келетін болсақ интернеттегі алаяқтықтың ең жиі кездесетін түрі – жоқ тауарды сатып алып, алдын ала төлем жасау. Кәзіргі әлеуметтік желілер дамыған заманда мұндай алаяқтық түрінің жиі кездесуі түсінікті де. Себебі қазір еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін инстаграм, facebook, telegram секілді әлеуметтік желілерде отырады. Пандемия басталғаннан кейін де онлайн дүкендер тіптім көбейіп кетті. Сол желідегі онлайн дүкендердің ішінде жоқ тауардың суретін қойып, жалған ақпарат беретін алаяқтар да бар. Көпшілік дүкен туралы ақпаратты толық тексеріп алмай жатып, төлем жасап жібереді. Содан кейін не тауар жоқ, не ақша жоқ. Екінші түрі – банк қызметкері болып қоңырау шалу. Алаяқ өзін банк қызметкерімін деп таныстырып, сіздің есепшотыңыздағы қаражатқа қауіп төніп тұрғанын айтып ескертеді. Сізге код жібереді. Кодты алғаннан кейін алаяқ сіздің жеке мәліметтеріңізге қол жеткізіп, есепшотыңыздағы ақшаны аударып алады. Ескере кететін жайт, банк қызметкері ешқашан код сұрамайды. Мұндай кодты ешкімге айтуға болмайды. Үшіншісі – басқа адамның құжаттары арқылы онлайн қарыз алу. Сондықтан жеке куәлігіңізді ешкімге жіберуге болмайды. Соңғы кезде "қаражатты сізге қателесіп аударып қойыппын, шешіп беруіңізді сұраймын" деп хабарласатын алаяқтар да бар. Олар осылайша ізін жасырады. Сондай-ақ ватсаптан немесе инстаграмнан танысыңыздың атынан хабарласып, қиналып тұрғанын айтып қарызға ақша сұрауы мүмкін. Сондықтан танысыңыз ақша сұраса, ақшаны бермес бұрын сол адам екеніне көз жеткізіп алған дұрыс. Және де бүгін кеше танысқан досыңыз, құрбыңыз болсын сізден қиналып тұрмын жуыр арада ақша керек деп ақша сұраса немесе онлайн қарыз алып беруін сұраса ол кісі жайлы толық ақпаратты білген кейін ғана ақшаны берген дұрыс. Көб жағдайда бүгін кеше танысқан достары, құрбылары онлайн қарыз алып беруін сұрап, өзім төлеп беремін деп ақшаны алып ізін жасырып кеткендер қаншама. Төртіншісі-биржа арқылы ақша табу. Бүгінде биржа арқылы ақша табуға болады. Бірақ та жалған сайттар ашып сол биржаның атын жамылып алаяқтар, алаяқтық жолмен жұмыс істейді. Олардың жалған екенін халық айыра алмайды. Сондықтан қомақты қаражаттарынан айырылып жатады. Сондықтан сайттар туралы толық ақпарат алып тексеру қажет. Бесіншісі– сіздің электронды поштаңызға немесе ұялы телефоныңызға қоңырау шалып сіз ұтыс ұттыңыз деген хабарлама келеді. Кейін сол ұтып алған ұтысты шешу үшін сізге салық төлеуіңіз керек болады дейді. Ұтыс деген сөзді ести сала кейбір адамдар қомақты қаражатқа ие болатын болдым деп, қолдарында бар ақшаны аударып жатады. Сондықтанда жалған ақпаратқа сенбеңіздер.

Алаяқтықтан қалай сақтануға болады ең бірінші, тауар алатын кезде ол қандай сайт, жалған емес пе, соны анықтауға тырысу қажет. Оның мекенжайы, телефондарына баса назар аударған жөн. Егер мүмкіндік болып жатса, оған хабарласып, сатушысымен сөйлескен дұрыс. Осындай жан-жақты ақпараттарды анықтап алғаннан кейін ғана ақшаны төлеуіңізге болады. Ал жалған интернет-дүкендерге алданып қалып жатқандардың көбі дүкеннің егжей-тегжейін қарап, тексеріп жатпай-ақ, сайттар туралы толық ақпарат ақпараты білмей көрсетілген шотқа ақшаны жібере салады. Айта кететін-жайт банктер болсын, құқық қорғау орындары болсын, еш уақытта сізге телефонмен хабарласып немесе мессенджермен жазып, логин, пароль секілді құпия мәліметтерді сұрамайды. Тіптен, қажет болған жағдайда, банк қызметкері сізге хабарласып, бар мәселені нақтылау үшін «біздің кез келген бөлімшемізге келіп кетіңіз» деп өтінуі мүмкін. Өйткені телефон арқылы осындай ауқымды мәселелер шешілмейді. Мамандар тарапынан тұрғындарға алаяқтардың арбауынан сақтануды тапсырады.

Кәмлетке толмағандардың жыныстық тиіс пеушілігіне қарсы құқық бұзушылық

Соңғы уақыттарда кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық тиіспеушіліктеріне қарсы қылмыстардың өсуі қоғамның маңызды мәселелерінің бірі болып табылады, жаһандық сипатқа ие, өйткені оның құрбандары - жәбірленушілердің ең осал санаты.

Бұл қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға ықпал ететін себептерге келсек отбасы институтының әлсіреуі, қоғамның моральдық деңгейінің төмендеуі, алдын-алу жұмыстарының жеткіліксіз деңгейі, интернет кеңістігінің теріс әсері десекте болады.

Өскелең ұрпақты қорғаудың басым бағыты кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау болып табылады. Балаларға қатысты кез келген зорлық-зомбылықтың жолы қатаң түрде кесілуі тиіс, бұған жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар үшін жауапкершілік шараларының күшейтілуі де дәлел.

Қылмыстық құқықта кәмлетке толмағандардың жыныстық тиіс пеушіліктеріне қарсы қылмыстар үшін қатаң жаза, жауаптылық көзделген. Қылмыстық құқықтың 120 бабының 1,3 тармағының 1 тармақшасында көрсетілген кәмлетке толған адамды зорлау, сот шешімі мен 15-17 жылға бас бостандығынан айыру жазасына жазаланады.

Қылмыстық құқықтың 121 бабының 3 тармағының 1 тармақшасында көрсетілген кәмлетке толған адамға қарсы күш қолданып, оның қатерін төндіріп, жәбірленушінің дәрменсіз күйде екенін пайдаланып еркек пен еркектің, әйелмен әйелдің жыныстық қатынас жасауы және өзгеде сексуалдық сипатағы іс әрекеттер үшін сот шешімі мен 15-17 жылға бас бостандығынан айыру жазасына жазаланады.

Қылмыстық құқықтың 122 бабында көзделгендей 16 жасқа толмағаның 16 жасқа толмағанын білу және оны мен жыныстық қатынас жасағаны үшін сот шешімі мен 5 жылға бас бостандығынан айыру жазасына жазаланады. Осы бапты сараландыратын, жауапкершілікті ауырлататын мән жағдайларға келетін болсақ. Егер дәл осы қылмысты ата-анасы және өгей ата-анасы, тәрбелеу жөніндегі міндеті жүктелген адам жасаса сот шешімі мен 7-12 жылға бас бостандығынан айыру жазасына жазаланады. Және дәл осы қылмыс бірнеше рет жасалса, 2 не оданда көп адам жасаса сот шешімі мен 12-15 жылға бас бостандығынан айыру жазасына жазаланады.

Қылмыстық құқықтың 124 бабында көзделгендей кәмлетке толмағандарды азғындық әрекеттер жасауға азғыру. Оларға порнографиялық бейнелер мен филімдерді көрсету және жыныстық тақырыбында әдепсіз әңгіме айту. Кәмлетке толмағандарды өзара жыныстық қатынас жасауға өзгеде нәпсі құмарлық іс әрекеттер жасауға азғыру үшін сот шешімі мен 7-12 жылға бас бостандығынан айыру жазасына жазаланады. Осы бапты сараландыратын, жауапкершілікті ауырлататын мән жағдайларға келетін болсақ. Егер дәл осы қылмысты ата-анасы және өгей ата-анасы, тәрбелеу жөніндегі міндеті жүктелген адам жасаса сот шешімі мен 10-15 жылға бас бостандығынан айыру жазасына жазаланады. Және дәл осы қылмыс бірнеше рет жасалса сот шешімі мен 12-17 жылға бас бостандығынан айыру жазасына жазаланады.

Қылмыстық құқықтың 134 бабында көзделгендей кәмлетке толмағандарды жезөкшелік пен айналысуға тарқаны үшін сот шешімі мен 3-6 жылға бас бостандығынан айыру жазасына жазаланады. Осы бапты сараландыратын, жауапкершілікті ауырлататын мән жағдайларға келетін болсақ. Егер дәл осы қылмысты күш қолданып, күш қолдану қатерін төндіріп, жәбірленушінің тәуелді жағдайын пайдаланып алдау арқылы кәмелетке толмаған адамды жезөкшелік пен айналысуға тарқаны үшін сот шешімі мен 5-8 жылға бас бостандығынан айыру жазасына жазаланады. Дәл осы қылмысты адамдар тобы алдын ала дайындалып сөзбайласу арқылы жасалса, телекоммуникация, интернет желілерін пайдаланып жасалған болса және бір неше рет жасалса сот шешімі мен 6-10 жылға бас бостандығынан айыру жазасына жазаланады. Бұл қылмысты қылмыстық топ, ата-анасы және өгей ата-анасы, тәрбелеу жөніндегі міндеті жүктелген адам жасаса сот шешімі мен 7-12 жылға бас бостандығынан айыру жазасына жазаланады.

Айта кететін жайт, кәмелетке толмаған адамның жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстар үшін Қылмыстық құқықта жәбірленушімен татуласуға, сондай-ақ соттауға байланысты істі тоқтатуға тыйым салу заңмен бекітілген.

Қылмыстық құқық бұзушылықты алдын алу үшін, ең алдымен, ата-аналар баласына қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйретуі және оны бақылап, қорғауы керек. Балаға көшеде бейтаныс адамдармен сөйлесуге, оларды үйге кіргізуге, біреудің көлігіне отыруға, бейтаныс адамдардан сыйлықтар алуға болмайтынын түсіндіруі керек. Баланы маскүнемдермен, нашақорлармен байланысудан қорғау керек, баланы қайда, кіммен және немен айналысатынын білу, бос уақытын бақылау, ұялы телефонды, қоңырауларды, СМС және өзгеде әлуметтік желілерін (instagram,whatsapp,vk) тексеріп отыру қажет. Және де мектепке айына бір рет құқық қорғау органдарынан қызметшілер келіп тәрби сағатын өткізуі керек. Оқушылардың күнтізбесіне айына екірет болатын 1 сағатық тәрби сағаттары болу керек.

Жол көлік оқиғаларының алдын алу және профилактикасы.

Жол-көлік оқиғалары көбінесе – көлік құралдарының жолмен жүруі кезінде және оның қатысуымен пайда болған, адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған, көлік құралдары, құрылыстар, т.б. зақымданған не өзгедей материалдық зиян келтірілген оқиға. Жол-көлік оқиғаларының пайда болу себептері мен жағдайларын талдау және осы себептер мен жағдайларды жою үшін әр елде, аймақта, қалада жол-көлік оқиғаларының есебі жүргізіледі. Оны елдің Ішкі істер министрлігі мекемелері, автомобиль жолдарын мемлекеттік басқару органдары, даралық және жеке меншік жолдарының иелері жол-көлік оқиғаларын есепке алу ережелеріне сәйкес жүргізеді. Медицина мекемелері меншік нысанына қарамастан жол-көлік оқиғаларында қаза тапқан немесе жарақаттанған адамдардың есебін жүргізеді. Жол-көлік оқиғаларының мемлекет статистика есептемесіне адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған жол-көлік оқиғалары ғана енгізіледі.Қазақстан Республикасының “Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы” Заңына сәйкес жол-көлік оқиғалары туралы мәліметтерді жариялауға рұқсат етіледі және олар мүдделі заңды тұлғалар мен азаматтарға белгіленген тәртіппен беріледі.

ҚР жол-көлік оқиғаларының жарақат алуына жол бермеу үшін, оның ішінде: балалар, жасөспірімдер мен жастар арасында, жол ережесін сақтау, алкогольден бас тарту, уақытылы тасымалдау, басқа да іс-шаралар арқылы қоғамның барлық мүдделі тараптарының күштерін нығайту қажет.

Жол қозғалысы ережелерін сақтауда ата-аналар балаларға үлгі болуы керек.

Үйден шыққан кезде:

Егер үйдің кіреберісінде қозғалыс болса, жақындап келе жатқан көліктің бар-жоғына баланың назарын аударыңыз. Егер кіреберісте көліктер болса немесе ағаштар өсіп тұрса, қозғалысты уақытша тоқтатыңыз және ешқандай қауіп жоқ екеніне айналаңызға қараңыз.

Тротуарда жүру кезінде:

-Оң жағынан жүріңіз

-Ересек адам жолдың жағында болуы керек.

-Ересек адам жол бөлігінің жағынан жүру қажет.

-Егер тротуар жолға жақын болса, ата-ана баланың қолын ұстауы керек.

-Баланы тротуар бойымен жүруге, автокөліктердің ауладан шығып кетуін мұқият қадағалауды үйретіңіз.

-Балаларды жолға шығуды үйретпеңіздер, арблар мен шаналарды тротуар бойымен шығып жүруге үйретіңіз.

Жолдан өтуге дайындалу:

-Тоқтатыңыз, жол бөлігіне көз салыңыз.

-Баланың жолды бақылауын үйретіңіз .

-Өз қозғалыстарыңызды баса айтыңыз: жолды қарау үшін басыңызды бұрыңыз.

Жолды тексеру үшін көлікті тоқтату, автокөліктерді өткізу үшін тоқтау.

-Балаңызды қашықтыққа теңестіруге, жақында келе жатқан машиналарды ажыратуға үйретіңіз.

-Баламен тротуардың шетінде тұрмаңыз.

-Балаланың көліктің бұрылуға дайындығына, көліктердегі бұрылыс сигналдары туралы айтып беріңіз.

-Автокөліктің өтпелі кезеңде қалай тоқтайтынын көрсетіңіз, себебі ол инерция арқылы қозғалады.

Жолды бойын кесіп өту кезінде:

-Жолдан тек жаяу жүргіншілер өткелінде немесе қиылыс жолында өтіңіз.

-Көлік жоқ болса да, тек жасыл жарық шамына жүріңіз.

-Жол бойына бара жатып, сөйлесуді тоқтатыңыз.

-Асықпаңыз, жүгірмеңіз, бірқалыпты жолдан өтіңіз.

-Алдын-ала көшені қарамай, баламен көліктен немесе бұталар арасынан жолдың жүріс бөлігіне қарай шықпаңыз.

-Балаға көлік жоқ болса да жолдан абайлап өту қажет екенін, себебі, көлік ауладан немесе шолақ көшеден шығуы мүмкін екенін түсіндіріңіз.

Көлікке отырғызу және түсіру кезінде

-Алдымен, баладан бұрын шығыңыз, өйткені бала құлап немесе жолға шығып кетуі мүмкін.

-Есікке қарай толық тоқтағаннан кейін ғана жақындаңыз.

-Тоқтау зонасы – қауіпті орын, сондықтан баланы мұқият болуға үйретіңіз (жолдың нашар көрінісі, жолаушылар баланы жолға итеріп жіберуі мүмкін мүмкін).

Ата-аналарға арналған бірнеше кеңестер:

Балабақшаға барар жолда немесе көшелерден қауіпсіз жүріс туралы балалармен сөйлесіңіз. Көшедегі тәртіп - бұл жаяу жүргіншілер қауіпсіздігінің кепілі, балаға мысал ретінде дәлелдеу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Қылмыстық құқық бұзушылық кодексі 2014 жылы 3 шілдеде қабылданды.
2. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі 2014 жылы 5 шілдеде қабылданды.
3. Қылмыстық құқық Ағыбаев А.Н. 2010 жылы 3 наурызда қолданысқа берілген.



УДК 339.186:34.096

ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ЗАКУПКИ В СИСТЕМЕ ПУБЛИЧНОГО ПРАВА И АДМИНИСТРАТИВНО-ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ

Студент 3 курса: Шираханов Даурен

Научный руководитель: Жырғалбекқызы Анара

Факультет «Юриспруденция»

Международный Таразский инновационный институт им. Шерхана Муртазы

Аңдатпа. Мемлекеттік сатып алулар жеке және қоғамдық мүдделердің тығыз байланысын көрсетудің жарқын мысалы болып табылады. Мемлекеттік сатып алу саласындағы құқықтық тиістіліктің табиғаты туралы пікірталас бір онжылдыққа созылмайды. Көптеген заң қайраткерлерінің пікірінше, мемлекеттік сатып алу мемлекеттік құқық жүйесімен және мемлекеттік сатып алу саласындағы қатынастарды әкімшілік-құқықтық реттеумен тікелей байланысты. Бұл қарым-қатынастардың бастауы қоғамдық мүдде болып табылады, ол қоғамдық қажеттілікті қанағаттандырудан тұрады, бұл тұтастай алғанда әкімшілік құқық жүйесіне негізгі қатыстылықты көрсетеді. Мақалада жария құқық және әкімшілік-құқықтық реттеу жүйесіндегі мемлекеттік сатып алудың негізгі құқықтық аспектілері қарастырылған.

Кілт сөздер: сатып алу, әкімшілік құқық, жария құқық, жауапкершілік.

Аннотация. Государственные закупки яркий пример отображения тесного взаимодействия частных и публичных интересов. Дискуссия о природе правовой принадлежности в сфере государственных закупок длится ни одно десятилетие. По мнению большинства юридических деятелей государственные закупки напрямую связаны с системой публичного права и административно-правовым регулированием отношений в сфере государственных закупок. Началом данных взаимоотношений является общественный интерес, который заключается в удовлетворении публичной потребности, что в целом отображает основную принадлежность к системе административного права. В статье рассмотрены основные правовые аспекты государственных закупок в системе публичного права и административно-правового регулирования.

Ключевые слова: закупки, административное право, публичное право, ответственность.

Annotation. Public procurement is a vivid example of the close interaction of private and public interests. The discussion about the nature of legal affiliation in the field of public procurement has not lasted a single decade. According to the majority of legal figures, public procurement is directly related to the system of public law and the administrative and legal regulation of relations in the field of public procurement. The beginning of these relationships is the public interest, which consists in satisfying a public need, which generally reflects the basic affiliation to the system of administrative law. The article discusses the main legal aspects of public procurement in the system of public law and administrative regulation.

Keywords: procurement, administrative law, public law, liability.

Правоотношения, возникающие в рамках государственных закупок, в последнее время все чаще стали привлекать особое внимание государственных органов, а также общественности.

Ряд правовых деятелей считают, что эта специфическая сфера, в которой тесно взаимодействуют частные и публичные интересы. Данный аспект позволяет сказать, что подобное явление представляет собой комплексный характер правового регулирования сферы государственных закупок. Главной целью при достижении единого подхода в этой идеологии является выравнивание баланса публичных и частных интересов.

При планировании и нормировании государственных закупок, нормы административно-правового регулирования, занимают также немаловажное место.

Существует ряд признаков, которые позволяют определить правоотношения, возникающие в сфере государственных закупок к особой разновидности административно-правового регулирования, включающий обширный набор административно-правовых средств, которые устанавливают контроль материальных потоков для обеспечения нужд государственных учреждений, а также регулируют функции и действия органов государственной власти.

В системе государственных закупок процедура размещения заказа отображает сущность отношений организационного характера, основной смысл данного понятия заключается в определении субъекта, который на выгодных условиях эффективно и качественно может удовлетворить государственные нужды.

Порядок проведения закупочной процедуры для государственных нужд, закреплён императивными нормами, это означает, что он не подлежит изменению по соглашению сторон.

В правоотношениях, возникающих при проведении государственных закупок, всегда в качестве субъекта (участника данных правоотношений) выступает исключительно государственный орган.

Государственные закупки подконтрольны только органам публичной администрации.

В качестве основного средства защиты нарушенных прав при проведении государственных закупок является жалоба.

При обнаружении факта нарушения порядка проведения процедуры размещения государственного заказа участники закупки привлекаются к административной ответственности, что в очередной раз говорит о публичном характере правоотношений.

1) мен 4)- тен $(K \times K, +)$ алгебрасы – Абель группасы екені шығады. Енді $(K \times K, +, \cdot)$ алгебрасы сақина екенін көрсетейік, бірақ ол ассоциативті емес және коммутативті емес.

4) $(K \times K, +, \cdot)$ дегі көбейту солынан да, солай оңынан да қосуға қатысты дистрибутивті екенін көрсетейік. [3]

$$\begin{aligned} ((u_1; v_1) + (u_2; v_2)) * (u_3; v_3) &= (u_1 + v_2; v_1 + v_2) * (u_3; v_3) = ((u_1 + u_2)u_3 - \bar{v}_3(v_1 + \\ v_2); v_3(u_1 + u_2) + (v_1 + v_2)\bar{u}_3) &= (u_1u_3 + u_2u_3 - \bar{v}_3v_1 - \bar{v}_3v_2 + v_3u_1 + v_3u_2 + v_1\bar{u}_3 + \\ v_2\bar{u}_3). \end{aligned}$$

Олай болса, $(K \times K, +, \cdot)$ -дегі көбейту, қосуға қатысты сол жағынан дистрибутивті.

5) Енді $(K \times K, +, \cdot)$ дегі көбейту ассоциативті емес екенін көрсетеміз. Шынында да, бір жағынан:

$$\begin{aligned} ((u_1; v_1) * (u_2; v_2)) * (u_3; v_3) &= (u_1u_2 - \bar{v}_2v_1; v_2u_1 + v_1\bar{u}_2) * (u_3; v_3) \\ &= ((u_1u_2 - \bar{v}_2v_1)u_3 - \bar{v}_3(v_2u_1 + v_1\bar{u}_2); v_3(u_1u_2 - \bar{v}_2v_1) - (v_2u_1 + v_1\bar{u}_2)\bar{u}_3) = \\ &= (u_1u_2u_3 - \bar{v}_2v_1u_3 - \bar{v}_3v_2u_1 - \bar{v}_3v_1\bar{u}_2; v_3\bar{v}_2v_1 - v_2u_1\bar{u}_3 - v_1\bar{u}_2\bar{u}_3). \\ ((u_1; v_1) * (u_2; v_2)) * (u_3; v_3) &\neq (u_1; v_1) * ((u_2; v_2) * (u_3; v_3)) \end{aligned}$$

яғни, $(K \times K, \cdot)$ –дегі көбейту ассоциативті емес.

7) Көбейтуді қарастырамыз:

$$(u_1; v_1 * u_2; v_2) = (u_1u_2 - \bar{v}_2v_1; v_2u_1 + v_1\bar{u}_2);$$

$$(u_2; v_2) * (u_1; v_1) = (u_2u_1 - \bar{v}_1v_2; v_1u_2 + v_2\bar{u}_1);$$

Ос теңдіктердің оң бөліктерін салыстырып, мынаған көз жеткіземіз.

$$(u_1; v_1 * u_2; v_2) \neq (u_2; v_2 * u_1; v_1)$$

яғни, $(K \times K, \cdot)$ –дегі көбейту коммутативті емес.

8) Мына теңдіктің орны бар екенін көрсетеміз.

$$\begin{aligned} (u_1; v_1) * ((u_2; v_2) * (u_2; v_2)) &= (u_1; v_1) * (u_2u_2 - \bar{v}_2v_2; v_2u_2 + v_2\bar{u}_2) \\ &= (u_1(u_2u_2 - \bar{v}_2v_2) - (\overline{v_2u_2 + v_2\bar{u}_2})v_1; v_1(\overline{u_2u_2 - \bar{u}_2v_2}) + (v_2u_2 + v_2\bar{u}_2)u_1) \\ &= (u_1u_2u_3 - u_1\bar{v}_2v_2 - \overline{v_2u_2}v_1 - u_2\bar{v}_2v_1; v_1\overline{u_2u_2} - v_1\bar{v}_2v_2 + v_2u_2u_1 + v_2\bar{u}_2u_1) \\ &= (u_1u_2u_3 - (u_2 + \bar{u}_2)\bar{v}_2v_1 - u_1|v_2|^2; (u_2 + \bar{u}_2)v_2u_1 + v_1\overline{u_2u_2} - v_1|v_2|^2). \end{aligned}$$

Мұнда мұны ескеру керек:

$$\bar{v}_2v_2 = v_2\bar{v}_2 = |v_2|^2$$

Және $u_2 + \bar{u}_2$ – нақты сандар. Алынған теңдіктердің оң бөліктерін салыстырып, мынаған көз жеткіземіз, яғни олар қосылғыштардың ретіне дейінгі дәлдікпен дәл келеді. Олай болса, 8) теңдік дұрыс.

$$W = a + bi + cj + dk + Ae + Bi + Cj + Dk,$$

мұндағы $a, b, c, d, A, B, C, D \in R$.

Октаваның осы формада жазылуын алгебралық форма деп атаймыз.

$K * K = U$ белгілеп, U –ды октава алгебрасы деп атаймыз.

Октаваларға амалдар қолдану. Дәлелденген u, v жұп түрінде болады, осындағы $u = a + bi + cj + dk, v = A + Bi + Cj + Dk \in K$, және $u + ve$, немесе алгебра түрінде

$a + bi + cj + dk + Ae + Bi + Cj + Dk$ болғандықтан, онда екі октаваны қосу, көпмүшелерді қосу сияқты ереже бойынша жүзеге асырылады.

$$\begin{aligned}
& p + q = (a + bi + cj + dk + Ae + BI + CJ + DK) \\
& + (a_1 + b_1i + c_1j + d_1k + A_1e + B_1I + C_1J + D_1K) \\
& = a + a_1 + (b + b_1)i + (c + c_1)j + (d + d_1)k + (A + A_1)e + (B + B_1)I \\
& + (C + C_1)J + (D + D_1)K
\end{aligned}$$

Октаваларды көбейту, екі көпмүшелерді ретін ескеріп, көбейту жоғарыда келтірілген кестеде берілген жорамал бірліктерді көбейту сияқты орындалады. [4]

Мысал 1. Көбейтуді орындаңыз:

$$\begin{aligned}
(1 + 3K)(2 - i + 3j + 2E + 2K) &= 2 - i + 3j + 2E + 2K + 6K - 3Ki + 9Kj + 6KE - 6 \\
&= 2 - i + 3j + 2E + 8K + 3J - 9I + 6K - 6 = -4 - i + 2E - 9I + 14K.
\end{aligned}$$

Мысал 2. Теңдеуді шешу керек:

$$(1 - 2i + 4K)x = (2 - 3j + J)(3 - 5k + E) - 5J + 8k.$$

Оң бөлігінде ұқсас қосылғыштарды келтіреміз.

$$\begin{aligned}
(2 - 3j + J)(3 - 5k + E) - 5J + 8k &= 6 - 10k + 2E - 9j + 15jk - 3jE + 3J - 5Jk + JE - 5J + 8k \\
&= 6 - 10k + 2E - 9j + 15i - 3J + 3J - 5I - j - 5J + 8k \\
&= 6 + 15i - 10j - 2k + 2E - 5I - 5J.
\end{aligned}$$

$$x = (1 - 2i + 4K) - 1(6 + 15i - 10j - 2k + 2E - 5I - 5J);$$

$$x = (1 - 2i + 4K)^{-1}(6 + 15i - 10j - 2k + 2E - 5I - 5J);$$

$$x = \frac{((1 + 2i - 4K)(6 + 15i - 10j - 2k + 2E - 5I - 5J))}{21} =$$

$$\begin{aligned}
& \frac{1}{21}(6 + 15i - 10j - 2k + 2E - 5I - 5J + 12i - 30 - 20k + 4j - 4I - 10E - 10K - 24K - 60J - \\
& 40I - 8E - 8K + 20J - 20I) = \frac{1}{21}(-24 + 27i - 6j - 22k - 16E - 69I - 45J - 442K) = \frac{1}{7} - \\
& \frac{22}{21}k - \frac{16}{21}E - \frac{13}{7}I - \frac{15}{7}J - 2K. [4]
\end{aligned}$$

Қорытынды.

Көп жағдайда, октаваларды кватерниондардың ұлғаюы ретінде қарастырады. Кватерниондар сияқты, октавалардың да бөлгіші жоқ, модульдың квадраты сол сияқты, жай квадраттық формамен өрнектеледі.

Октава үшін, кватерниондар үшін сияқты шартты скаляр көбейтуді анықтауға болады. Октава үшін, түйіндесудің екі амалы анықталған – алгебралық және векторлық. Басқа екі түйіндесу – дуальды және скалярлы, октаваны құруда скалярлық және дуальдық жорамал бірліктердің жоқтығына байланысты қолданылмайды. Бұл кезде, векторлық және алгебралық түйіндесу сәйкес болады.

Егер октава мына түрде берілсе:

$$q = q_0 + i \cdot q_1 + j \cdot q_2 - k \cdot q_3 - E \cdot q_4 - I \cdot q_5 - J \cdot q_6 - K \cdot q_7$$

Жай ассоциативті баламалы алгебраның мысалының бірі – Кэли-Диксон

алгебрасы немесе октава алгебрасы болады. Бұдан басқа, жай ассоциативті баламалы алгебра жоқ. Бұл нәтижені дәлелдеген авторлар: алдымен ақырлы өлшемді алгебра үшін, (Цорн, Шафер), содан соң идемпотентпен тривальды емес алгебра (Альберт), баламалы дене үшін (Брак, Клейнфельд, Скорнаков), коммутативті баламалы алгебра (Жевлаков) және т.б.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Гордеев В.Н., Кватернионы и трехмерная геометрия, Киев 2012.
2. Конвей Дж., Смит Д.А. О кватернионах и октавах, об их геометрии, арифметике и симметрии, М., 2009.
3. Березин Е.Н., Кватернионы в релятивистской физике, М., 2003.
4. Власова Е.А., Ряды, М.: Изд-во МГТУ им. Н.Э.Баумана, 2002, 608с.
5. Кубышкин Е.Н., Октавы и наш восьмимерный мир: модель пространства и времени на основе алгебы октав, М., 2009.



**ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫНЫҢ
АЛГЕБРАЛЫҚ КРИТЕРИЙЛЕРІ (КӨПМҮШЕЛІКТЕРДІҢ ДӘРЕЖЕСІ $n \leq 3$
БОЛҒАНДАҒЫ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫ)**

Дуйсебаева Г.К., Саткожаева Э.Б.

¹математика магистрі, «Қолданбалы математика және статистика»
кафедрасының аға оқытушысы

²«БВ05411-Математика және статистика» білім беру бағдарламасының студенті
М.Х.Дулари атындағы Тараз өңірлік университеті

Аңдатпа. Мақалада дифференциалдық теңдеулер жүйесінің орнықтылығын зерттеу берілген. Дифференциалдық теңдеулер мен олардың жүйелерінің көпшілігінің шешімдері элементар функциялар арқылы өрнектелмейді және бұл жағдайларда нақты теңдеулерді шешу кезінде интегралдаудың жуық әдістері қолданылады. Сонымен қатар, көбінесе нақты сандық шешімдерді емес, шешімдердің ерекшеліктерін білу қажет: жүйелердің параметрлері өзгерген кезде жеке шешімдердің әрекеті, әртүрлі бастапқы деректер үшін шешімдердің өзара әрекеті, шешімнің кезеңділігі, параметрлер өзгерген кезде жүйенің жалпы әрекеті қалай өзгереді. Бұл сұрақтардың барлығы дифференциалдық теңдеулердің сапалық теориясымен зерттеледі.

Кілт сөздер. дифференциалдық теңдеулер, орнықтылық, көпмүшеліктер, көпмүшенің түбірлері, үзіліссіз, оң анықталған функция, теріс анықталған функция.

Дифференциалдық теңдеулердің сызықтық жүйесінің тұрақтылығы Аматрицасының меншікті мәндерінің нақты бөліктерінің белгілерімен анықталады. λ_1 меншікті мәндерін табу үшін мына характеристикалық теңдеуді шешу керек:

$$\det(A - \lambda I) = 0,$$

бұл характеристикалық теңдеу n дәрежелі алгебралық теңдеу түріне келеді:

$$a_0 \lambda^n + a_1 \lambda^{n-1} + \dots + a_{n-1} \lambda + a_n = 0.$$

Бұл теңдеудің түбірлерін $n = 2$ болғанда табу жеңіл, кейбір $n \geq 3$ жағдайда да түбірлерді табу қиынға соқпайды. Қалған жағдайларда характеристикалық теңдеулерді шешу едәуір қиындыққа әкеліп соғады. Оның үстіне Н.Х. Абель $n \geq 5$ болғанда жалпы алгебралық теңдеу үшін радикалдарда шешілмейтін теореманы дәлелдеді, яғни, жалпы жағдайда $n \geq 5$ үшін теңдеудің түбірлерін оның коэффициенттерімен өрнектейтін формулалар жоқ.

Мұндай жағдайда сипаттамалық теңдеудің өзін шешпей-ақ оның барлық түбірлерінің теріс нақты бөлігі болатынын анықтауға мүмкіндік беретін әдістердің маңызы зор, яғни, жүйенің тұрақтылығын орнату. Бұл сұрақ алгебралық тұрақтылық критерийлері арқылы сәтті шешілді. Математикалық есептерді шешудің тиімділігі жоғарылайтын заманауи интерактивті жүйелердің дамуын ескере отырып, компьютерлік математикалық жүйелерде алгебралық тұрақтылық критерийлері бойынша дифференциалдық теңдеулер сызықтық жүйелерінің орнықтылығын зерттеу мәселесі туындайды. [1]

Дифференциалдық теңдеулердің сызықтық жүйесінің асимптотикалық тұрақтылығын анықтау үшін оның сипаттамалық теңдеуінің барлық түбірлерінің теріс нақты бөліктері бар екенін тексеру жеткілікті. Осындай қасиеті бар көпмүше тұрақты деп аталады. [2]

Негізгі бөлім. $n \leq 3$ дәрежелі көпмүшеліктердің орнықтылығы.

Анықтама 1.

$$p(\lambda) = a_0 \lambda^n + a_1 \lambda^{n-1} + \dots + a_{n-1} \lambda + a_n \quad (1)$$

мұндағы $a_j, a_j \in \mathbb{R}$ көпмүшелігі орнықты деп аталады, егер оның $\text{Re } \lambda_j$ барлық түбірлері $S: \text{Re } \lambda_j < 0, j = \overline{1, n}$ жарты жазықтығында жатса. (1)-де $a_0 > 0$ деп аламыз.

Нақты коэффициентті 1-дәрежелі көпмүшені қарастырайық:

$$p_1(\lambda) = a_0\lambda^1 + a_1, \dots a_0 > 0 \quad (2)$$

$p_1(\lambda)$ түбірі:

$$\lambda_1 = -\frac{a_1}{a_0}$$

нақты түбір болып табылады. $a_0 > 0$ болғандықтан, λ_1 Ох: $\lambda_1 < 0$ осінің теріс бөлігінде жату үшін $a_1 > 0$ болуы керек.

Сонымен, 1-көпмүшелік $a_0 > 0, a_1 > 0$ барлық коэффициенттері оң болғанда ғана орнықты.

Нақты коэффициентті 2-дәрежелі көпмүшенің түрі:

$$p_1(\lambda) = a_0\lambda^2 + a_1\lambda + a_2, \dots a_0 > 0 \quad (3)$$

болады.

$p_2(\lambda)$ түбірлері бізге белгілі:

$$\lambda_{1,2} = \frac{-a_1 \pm \sqrt{a_1^2 - 4a_0a_2}}{2a_0}$$

формуласымен табылады.

Көріп отырғанымыздай, егер $a_1^2 - 4a_0a_2 \leq 0$ болса, онда нақты бөлігі $\lambda_{1,2}$: $\text{Re}\lambda_{1,2} = \frac{-a_1}{2a_0}$

болады. Егер $a_1^2 - 4a_0a_2 > 0$ болса, онда нақты бөлігі $\lambda_{1,2}$: $\text{Re}\lambda_{1,2} = \frac{-a_1 \pm \sqrt{a_1^2 - 4a_0a_2}}{2a_0}$ болады.

Сондықтан, $\text{Re}\lambda_{1,2}$ нөлден кіші болуы үшін, ($a_0 > 0$ екенін ескеріп):

$$\begin{cases} a_1 > 0, a_1^2 - 4a_0a_2 \leq 0 \text{ болғанда} \\ -a_1 \pm \sqrt{a_1^2 - 4a_0a_2} < 0, a_1^2 - 4a_0a_2 > 0 \text{ болғанда.} \end{cases}$$

Бірінші жағдай:

$$a_1 > 0, a_0a_1 \geq \frac{a_1^2}{4} > 0 \Rightarrow a_2 > 0$$

шарттарына алып келеді.

Екінші жағдай үшін мына теңсіздіктерді аламыз:

$$\begin{aligned} \sqrt{a_1^2 - 4a_0a_2} < a_1 &\Rightarrow a_1 > 0; \\ a_1^2 - 4a_0a_2 < a_1^2 &\Rightarrow a_2 > 0. \end{aligned}$$

Сонымен, 2-ші дәрежелі көпмүшелік $a_0 > 0, a_1 > 0, a_2 > 0$ барлық коэффициенттері оң болғанда ғана орнықты. [3]

Осылайша (1) теорема дұрыс:

Теорема 1: 1-ші (2) және 2-ші (3) дәрежелі көпмүшеліктер $a_0 > 0$ болғанда орнықты болуы үшін олардың коэффициенттері оң болады.

Коэффициенттері бар n-ші дәрежелі көпмүшенің орнықтылығының қажетті шартын тұжырымдаймыз.

Теорема 2: (Стодола теоремасы). Айталық n-ші дәрежелі $a_j; a_j \in \mathbb{R}$ коэффициентті көпмүшелігі орнықты болса, онда оның барлық коэффициенттері оң болады.

Дәделдеу: (1) көпмүшелік бар болсын делік. $p(\lambda)$ көпмүшелігін 1 және 2 дәрежелі көпмүшелік көбейткіштерге жіктейік:

$$p(\lambda) = a_0(\lambda + b_1) \dots (\lambda + b_m)(\lambda^2 + c_1\lambda + d_1) \dots (\lambda^2 + c_2\lambda + d_2),$$

мұндағы $m + 2s = n$, ал квадрат үшмүшеліктердің дискриминанттары теріс.

$p(\lambda)$ түбірлер жиыны оның жіктелуінде барлық бірінші, екінші дәрежелі көпмүшелердің түбірлер жиынымен сәйкес келетіндіктен, $p(\lambda)$ орнықтылығы барлық жіктелген көпмүшелерінің орнықтылығына эквивалентті болады. [4]

Мысалы, $p_3(\lambda)$ көпмүшелігі:

$$p_3(\lambda) = \lambda^3 + \lambda^2 + 3\lambda + 10$$

1-ші және 2-ші дәрежелі көпмүшеліктерге көбейткіштерге жіктеледі:

$$p_3(\lambda) = \lambda^3 + \lambda^2 + 3\lambda + 10 = (\lambda + 2)(\lambda^2 - \lambda + 5)$$

$p_3(\lambda)$ коэффициенттері оң екенін көріп тұрмыз, ал жіктелген көпмүшеліктердің коэффициенттерінің барлығы бірдей оң емес болып тұр. Сондықтан, оның барлық түбірлері сол жақ жарты жазықтықта жатпайды:

$$\lambda_1 = -2, \lambda_{2,3} = \frac{1 \pm i\sqrt{19}}{2}, \operatorname{Re}\lambda_{2,3} > 0.$$

Лемма 1: 3-дәрежелі нақты коэффициентті көпмүшеліктің

$$q(\lambda) = \lambda^3 + a\lambda^2 + b\lambda + c, \quad (4)$$

мұндағы $a > 0, b > 0, c > 0, ab = c$ болғанда тек қана жорамал түбірлері болады.

Дәлелдеу: Біріншіден, бұл көпмүшеліктің $\lambda = 0$ түбірі бола алмайды, себебі $\lambda = 0$ жаңдайы $c > 0$ шартына қарама-қайшы болады. Сондықтан оның тек қана жорамал түбірлері $\lambda_{1,2} = \pm i\mu$ жұбымен болады, мұндағы $\mu > 0$.

Қажеттілігі: Айталық $\lambda_{1,2} = \pm i\mu$ – түбірлерінің жұбы $q(\lambda)$ және $\mu > 0$. Онда оны төмендегідей түрде беруге болады:

$$q(\lambda) = (\lambda^2 + \mu^2)(\lambda - \lambda_3) = \lambda^3 + \underbrace{(-\lambda_3)}_{=a} \lambda^2 + \underbrace{\mu^2}_{=b} \lambda + \underbrace{\mu^2(-\lambda_3)}_{=c},$$

осыдан $ab = c$.

Жеткіліктілігі: Айталық $ab = c$ болсын. Сонда $q(\lambda)$ көбейткіштерге жіктеуге болады: $q(\lambda) = \lambda^3 + a\lambda^2 + b\lambda + c = (\lambda^2 + b)(\lambda + a)$. $b > 0$ екенін ескере отырып және $\mu = \sqrt{b}$, $\mu > 0$ деп белгілеп, $\lambda_{1,2} = \pm i\mu - q(\lambda)$ -ның түбірлер жұбын аламыз.

Лемма 2. Егер 3-дәрежелі нақты коэффициентті көпмүшелік

$q(\lambda) = \lambda^3 + a\lambda^2 + b\lambda + c$, мұндағы $a > 0, b > 0, c > 0$, коэффициенттерінің үзіліссіз ауысында орнықтылықты орнықсыздыққа (немесе керісінше), онда оның коэффициенттері $ab = c$ қатынасынан өтті.

Дәлелдеу: Ең алдымен, көпмүшенің түбірлері - оның коэффициенттерінен үзіліссіз функциялар. Осының арқасында, a, b, c коэффициенттерінің үзіліссіз ауысуынан түбірлер S комплекс жазықтығында үзіліссіз траекториялар бойынша қозғалады.

Орнықтылықтың орнықсыздыққа (немесе керісінше) өзгеруі кем дегенде бір түбірдің сол жақ жарты жазықтықтан оңға (немесе керісінше) өткенін білдіретіндіктен, оның траекториясы жорамал осімен қиылысуы керек. Осылайша, белгілі бір уақытта $q(\lambda)$ көпмүшенің жорамал түбірі болды. 1-Лемма бойынша бұл, оның коэффициенттері осы сәтте $ab = c$ қатынасын қанағаттандырғанын білдіреді. [5]

Теорема 3. (Вышнеградский теоремасы). 3-дәрежелі нақты коэффициентті көпмүшелік $p_3(\lambda) = a_0\lambda^3 + a_1\lambda^2 + a_2\lambda + a_3$, (5)

мұндағы $a_0 > 0$,

1) оның барлық коэффициенттері оң болғанда;

2) $a_1a_2 > a_0a_3$ (6)

теңсіздігі дұрыс болғанда ғана орнықты болады. [6]

Бұл теорема оңай дәлелденетіндіктен, төмендегі жағдайларды қарастырайық:

(4)-көпмүшелікті

$$q(\lambda) = (\lambda + a)(\lambda^2 + b) + (c - ab) \quad (7)$$

түрінде жазайық.

1-жағдай: $ab = c$ болсын. Сонда (7) көпмүшелік мына түрге келеді:

$$q(\lambda) = (\lambda + a)(\lambda^2 + b),$$

ал мұндай көпмүшеліктің, $\lambda_{1,2} = \pm ib$ түбірлері бар, және анықтама бойынша (7) көпмүшелік орнықсыз. Қорытындылай келе, $ab = c$ теңдігінен $q(\lambda)$ көпмүшелігінің орнықсыздығы шығады. [7]

2-жағдай: $ab < c$. a және b коэффициенттерін $ab < c$ теңсіздігі орындалатындай, a және b нөлге ұмтылатындай үзіліссіз ауыстырамыз. Және 2-Леммаға сүйене отырып, $ab < c$ теңсіздігі бұзылмайтындықтан, (4) көпмүшенің бірде бір түбірі жорамал осыпен қиылыспайды. Сондықтан $q(\lambda)$ -ның орнықты болу немесе болмау қасиеті бұзылмайды. [7]

3-жағдай: $a^2 - 4b \leq 0$

$$\lambda_{1,2} \approx -\frac{a}{2} \pm i \frac{\sqrt{4b - a^2}}{2} = \alpha \pm i\beta$$

Сонда

$$\operatorname{Re}\lambda_1\lambda_2 = \operatorname{Re}(\alpha + i\beta)(\alpha - i\beta) = \alpha^2 + \beta^2 \approx \frac{1}{4}(a^2 + (4b - a^2)) = b > 0$$

Сонымен, екі жағдайда да

$$\operatorname{Re}\lambda_1\lambda_2 \approx b > 0.$$

Осыдан,

$$\operatorname{Re}\lambda_3 = -\frac{c}{|\lambda_1\lambda_2|^2} \operatorname{Re}\lambda_1\lambda_2 < 0$$

Қорытындылай келе, c коэффициенті үлкен емес оң мәндер қабылдағанда үш түбірдің барлығының теріс нақты бөлігі болады, бұл $q(\lambda)$ көпмүшелігінің орнықты екенін көрсетеді.

Ал c коэффициенті үлкен оң мәндер қабылдағанда не болады? 2-Лемма бойынша көпмүшелік өзінің орнықтылық/орнықсыздығын a, b, c коэффициенттерінің үзіліссіз ауысуынан өзгертпейді, егер коэффициенттер $ab = c$ теңдігін қанағаттандырмаса, мысалы, $ab > c$ теңсіздігі орындалса. Сондықтан, кез-келген үш a, b, c мәндерін, $ab > c$ теңсіздігі орындалатындай, кез-келген басқа $ab > c$ теңсіздігін қанағаттандыратын a, b, c мәндерімен үзіліссіз траекториямен байланыстыруға болатын болса, онда $ab > c$ болғандағы аз c үшін (4) көпмүшенің орнықтылығынан $ab > c$ болғандағы кез-келген c үшін (4) көпмүшенің орнықтылығы шығады. [8]

Орнықтылық жүйелердің күйінің маңызды белгілерінің бірін сипаттайды және физикада, биологияда, техникада, экономикада және кибернетикада қолданылатын іргелі ұғым болып табылады. Орнықтылық ұғымы өте кең мағынада түсінілетін жүйе күйінің кейбір белгілерінің тұрақтылығын сипаттау үшін қолданылады. Мақалада дифференциалдық теңдеулер жүйесінің орнықтылығын зерттеудің алгебралық критерийлері келтірілді. Көпмүшеліктердің орнықтылығының $n \leq 3$ жағдайындағы қорытындылары ары қарай есептеулерді автоматтандыруға септігін тигізеді.

Қазіргі кезеңде аналитикалық есептеулер жүйелерінің дамуы компьютерлік математика пакеттерінде дифференциалдық теңдеулер жүйесінің орнықтылығын зерттеудің тиімді әдістеріне алғышарттар жасайды. Сондықтан жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін алгебралық орнықтылық критерийлері бойынша дифференциалдық теңдеулердің сызықтық жүйесінің орнықтылығын зерттеуге арналған математикалық автоматтандырылған бағдарламалар жасап, олар есептеуді жүргізудің жоғары жылдамдығымен және уақыттың минималды шығынымен сипатталады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Звездочкин В.А. Дифференциальные уравнения и устойчивость. –Спб: Лань, 2015.-320с.
2. Понтрягин Л.С. Дифференциальные уравнения и их приложения –М.: Едиториал УРСС, 2018.-208с.
3. В. Д. Горяченко. Элементы теории колебаний- М.: Высшая школа, 2001.- 395 с.
4. А. А. Андронов, А. А. Витт, С. Э. Хайкин. Теория колебаний. -М.: Наука, 1981.-916 с.
5. Сикорский Ю.С. Обыкновенные дифференциальные уравнения С приложением их к некоторым техническим задачам М.: КомКнига, 2010.-160с.
6. Арнольд В.И. Обыкновенные дифференциальные уравнения –М. : МЦНМО, 2012.-344с. 7. Эльсгольц Л.Э., Дифференциальные уравнения -М.: ЛКИ, 2014. –312с.
8. Треногин В.А. Обыкновенные дифференциальные уравнения – М.: Физматлит, 2009.-312 с.



EISENIA FOETIDA ANGREI -КАЛИФОРНИЯЛЫҚ ҚЫЗЫЛ ҚҰРТТАРЫМЕН ВЕРМИКОМПОСТ ӨНДІРУ ПРОЦЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Ғылыми жетекшісі: Даулетбекова А. Т. – а.ш.ғ.к.

Студент: Алиева Н.Б., Удаспек С.Н., Қанарбек С.К. - 6В05101-Биология, 3 курс,
Био-20-1 тобы

«Жаратылыстану» факультеті, «Биология және ауылшаруашылық мамандықтар»
кафедрасы,

Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты

Андатпа. *Eisenia foetida* түрінің қызыл калифорния құрттарын қолдана отырып, вермикомпосттау технологиясын жасалынып, зертханалық жағдайда күрделі компосттау кезінде вермикомпост-биогумус пен сұйық биоконцентрат алынды. Сондай-ақ қызыл калифорниялық құрттарды одан әрі пайдалану үшін олардың көбеюіне жағдай жасау және микроэлементтері жоғары вермикомпостты алу көзделген. Алынған биотыңайтқыш Жамбыл облысының топырақ-климаттық жағдайларына қолайлы агро-биологиялық тиімді құрал болып табылады.

Кілтгі сөздер: топырақ, құнарлылық, минералды тыңайтқыштар, компост, вермикомпост, биогумус, гибрид, гермафродит, анабиоз, копролиттер, гумификация.

Аннотация. Разработана технология вермикомпостирования с использованием красных калифорнийских червей вида *Eisenia foetida*, в лабораторных условиях получен биогумус и жидкий биоконцентрат при сложном компостировании. Также для дальнейшего использования красных калифорнийских червей предусмотрено создание условий для их размножения и получение биогумуса с высоким содержанием микроэлементов. Полученный биоудобрение является агро-биологически эффективным средством в отношении почвенно-климатических условий Жамбылской области.

Ключевые слова: почва, плодородие, минеральные удобрения, компост, вермикомпост, биогумус, гибрид, гермафродит, анабиоз, копролиты, гумификация.

Abstract. A vermicomposting technology has been developed using red Californian worms of the *Eisenia foetida* species, biohumus and liquid bioconcentrate have been obtained in laboratory conditions with complex composting. Also, for the further use of red California worms, it is planned to create conditions for their reproduction and obtain vermicompost with a high content of trace elements. The resulting biofertilizer is an agrobiological effective tool in relation to the soil and climatic conditions of the Zhambyl region.

Keywords: soil, fertility, mineral fertilizers, compost, vermicompost, hybrid, hermaphrodite, suspended animation, coprolites, humification.

Қазіргі уақытта сүт фермалары, шошқа мен құс фермаларында көнді кәдеге жарату сияқты бірқатар проблемалар бар. Көнді тікелей топыраққа қолдануға болмайды. Жаңа көң еритін азот қосылыстарына бай және еритін минералды тыңайтқыштармен бірдей әсер етеді, яғни жапырақтар мен сабақтардың өсуін күшейтеді, бірақ бұл әрдайым егіннің өсуін білдірмейді. Сондай-ақ, жаңа көңмен тыңайтылған өсімдіктер аурулар мен зиянкестерге сезімтал болады. Сонымен қатар, жаңа көң тез ыдырайды, сондықтан ол жердің тұрақты құнарлылығына ықпал етпейді. Сондықтан көң компостталады, бірақ бұл процесс өте ұзақ уақытты алады.

Бұл мәселені жауын құрттарды қолдана отырып компосттау арқылы тиімді басқаруға болады. Жауын құрттар органикалық материалды түрлендіру процесін күшейтеді, органикалық заттардың белсенді минералдануы да жүреді. Фосфор және калий сияқты биологиялық белсенді заттар шығарылады [1].

Жауын құрттары аннелидтер типіне жатады (Phylum Annelida), кішкентай қылшық құрттар класы (Classis Oligochaeta), лумбрикоморфтар немесе жоғары қылшық (Ordo Lumbricomorpha). Lumbricomorpha отрядының орталық тұқымдасы-200-ге дейін түрді қамтитын лумбрицидтер немесе нағыз жауын құрттары (Familia lumbricidae) тұқымдасы. 200 түрдің ішінде аз ғана түрін өсіруге болады. Вермикультура үшін ең қолданысқа ие-қызыл құрт түріне жататын құрттар. Ең ашық түсті құрттардың бірі-көң (*Eisenia foetida*) құрты.

Жауын құрттарында 70% ақуыз, D дәрумені, фосфолипидтер, 55% дейін қанықпаған май қышқылдары, 22% қаныққан, 12% полиен қышқылдары бар. Құрттардың биомассасынан құрамында 62-72% ақуыз бар ақуыз ұны дайындалады.

Көпжылдық зерттеулер ірі қара, жылқы, құс көңі, шошқа көңі негізінде дайындалған субстраттарда құрттарды өсірудің мүмкіндігі мен орындылығын көрсетті.

Өсіру үшін көбінесе Lumbricidae тұқымдасының келесі түрлері қолданылады: *Eisenia foetida*-көң құрты, *Eisenia foetida angrei* – Калифорнияның қызыл құрты.

Калифорниялық қызыл құрт-кәдімгі көң құртының вермикультурасы жағдайында ұзақ мерзімді таңдау өнімі [2].

Қызыл калифорния құртының гибриді қызыл құрттың әртүрлі түрлерін өсіру нәтижесінде пайда болды. Ол өзінің сипаттамалары бойынша ең тиімді және үнемді. Қызыл калифорния құртының гибриді басқа жауын құрттарына тән физиологиялық ерекшеліктерін сақтап қалды, бірақ оның "жабайы" туыстарынан айырмашылығы ұзақ өмір сүреді, құнарлы, өте төзімді, тұтқында өмір сүруге үйретілген. Жаңа кокондар ашық жасыл түске ие, содан кейін құрттар дамыған сайын қола түске дейін қарайып кетеді. Кокондарды салғаннан кейін 7-8 күн ішінде құрттар жаңа ұрықтандыруға қабілетті. Кокондарда 2-3-тен 20-ға дейін жұмыртқа болады. Даму 2-3 апта ішінде жүреді. Ақ түсті, ұзындығы шамамен 1 мм, 6-7 күндік жасқа дейін олар 7 мм-ге дейін өседі, ал 15-20 күнде олар ересек құрттардың түсін алады. Құрттар жыныстық жетілуге 70-90 күнде жетеді. Қызыл калифорния құртының өмір сүру ұзақтығы 16 жылға жетеді, ал жабайы туыстары 4 жылға дейін өмір сүреді. Өмір бойы қызыл калифорния құрты 20 мыңға дейін ұрпақ береді, яғни жылына шамамен 1500 құрт. Ересек құрттың ұзындығы 5-8 см, диаметрі 3-5 мм, салмағы 0,5-1,0 г (1-сурет). Құрттар органикалық қалдықтар мен құнарсыз топырақтардан тұратын субстрат қалыңдығында өсіріледі. Олар 30-40 см тереңдікке енеді, тігінен және көлденеңінен қозғалады. Қысқа уақыт ішінде органикалық қалдықтар вермикомпостқа айналады (құрт копролиттері).



1-сурет. Калифорниялық қызыл құрты

Калифорнияның қызыл құртының тіршілік ету ортасының оңтайлы температурасы +19-23 °С. +14 °С-тан төмен температурада құрттар көбеюін тоқтатады, ал +7 °С-тан төмен температурада олар летаргиялық күйге (анабиоз) түсіп, тамақтануды тоқтатады. Қызыл калифорния құртының өлімі денені 0 °С-тан төмен салқындатып, +42 °С-тан жоғары қыздырғанда болады. Ультракүлгін сәулелер құрттар үшін өлімге әкеледі, сондықтан оларды өсіру кезінде күн сәулесінің тікелей әсерінен аулақ болу керек. Калифорниялық гермафродит құрты, тек жыныстық жолмен көбейеді, өте құнарлы, ол лумбрицидтердің барлық басқа

түрлерінен кокондардағы жұмыртқа саны бойынша және жұптасу жиілігі бойынша кем дегенде 4 есе асып түседі [3].

Құрттарды сәтті өсіру үшін олардың тіршілік ету ортасының жағдайына белгілі бір талаптарды сақтау қажет:

- құрттың көбеюі мен дамуы үшін оңтайлы температура +19-дан +25 °С-қа дейін;
- ортаның ылғалдылығы 70-тен 80% - ға дейін. Іс жүзінде мұндай субстрат оңтайлы ылғалды болып табылады, ол жұдырыққа сығылған кезде су шығармайды. Құрттар ағзадан судың жоғалуының жоғары пайызына төзе алатын қабілетке ие болғанымен, егер субстраттың ылғалдылығы ұзақ уақыт 35% - дан төмен болса, құрттар өлуі мүмкін;
- ортаның оңтайлы реакциясы бейтарап. рН 6,0-ден 8,0-ге дейінгі компостты қолдануға рұқсат етіледі. 5,5-тен төмен (қышқыл) және 8,5-тен жоғары (жоғары сілтілі) орта реакциясы кезінде құрттар өлуі мүмкін;
- жоғары ылғалдылықта құрттардың тыныс алуы үшін оттегінің қол жетімділігін қамтамасыз ету қажет. Осы мақсатта тығыздалған субстрат қабаттарды қопсытып тұру қажет.

Қызыл калифорния құрттарын өсірудің биотехнологиялық процесі келесі негізгі кезеңдерден тұрады: субстратты дайындау, вермикультиваторларды дайындау, құрттарды қоныстандыру, күтім жасау және азықтандыру, құрттарды іріктеу, қыстау [4].

Калифорния құрттарын үй және ауылшаруашылық жануарларының көңімен, үй шаруашылығының органикалық қалдықтарымен, сондай-ақ жапырақты ағаштардың шіріген үгінділерімен және жеміс-жидектермен (алма, алмұрт, картоп, сәбіз, қияр, қызанақ, асқабақ, қарбыз, қауын) т.б. азықтандыруға болады. Сондай-ақ, биологиялық ыдырамайтын барлық заттарды (синтетикалық органикалық заттар) азық құрамынан алып тастау керек.

Құрттар үшін оңтайлы азық-жылқы көңі. Калифорнияның қызыл құрттары үшін ең үлкен қауіп-бұл ашыту процесі әлі аяқталмаған және құрттар үшін зиянды, кейде өлімге әкелетін газдар пайда болатын көң. Сондықтан сабанмен араласқан көңді құрттарға жем ретінде қолданар алдында бір ай ұстау керек.

Күні бойы құрт өз салмағына сай азық жейді. Бірақ тағамның тек 40% ғана сіңіп, өзінің энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға жұмсалады, ал 60% капролиттер түрінде шығарылады. Капролиттер-100% микробиологиялық тыңайтқыш.

Құрттарға қажетті жем апта сайын 5 см қабатқа жайылады, ал қораптың қабырғалары бойымен ені шамамен 3-5 см бос жолақтар қалдыру ұсынылады, олар "қауіпсіздік клапандары" рөлін атқарады. Егер қандай да бір себептермен жем қоспасында улы газдардың бөлінуімен бірге ашыту процестері басталса, құрттар бос жолақтарда жиналады. Азық қоспасын тиімді пайдалану үшін апта сайын өзгерту арқылы қамтамасыз етіледі (жұп апталар – азықтың бір түрі, тақ – екіншісі). Егер азығы қажетті мөлшерде жетіспесе калифорниялық құрттар майдалана бастайды.

Жауын құрттарымен компост жасау арнайы топырақ құрылымының пайда болуына әкеледі. Компост құрамында өсімдіктердің қоректенуіне ең қолайлы формадағы қоректік заттар бар. Сонымен қатар, оны кез-келген мөлшерде қолдануға болады.

Санитарлық нормаларға сәйкес, вермикомпост көкөністер мен жемістерді өсіруге мүлдем зиянсыз.

Вермикомпост құрттардың тіршілік әрекеті арқылы жүзеге асырылады, сондықтан вермиреактордағы масса олардың өміріне қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етілуі керек. Мұндай жағдайлар: ылғалдылық, температура, қышқылдық, ауаға қол жетімділік және субстраттың жұмсақтығы. Ауаны жылыту және айдау жылу алмастырғыш пен ылғалдандырғышы бар компрессормен жүзеге асырылады. Вермиреактордың жұмысының нәтижесінде біз құнды тыңайтқыш пен құрттардың биомассасын аламыз, оны тиісті өңдеуден кейін пайдалану керек [5, 6].

Біз *Eisenia foetida* түрінің қызыл калифорния құрттарын қолдана отырып, вермикомпосттау технологиясын жасадық.

Әзірлеуге бағытталған техникалық міндет-қондырғының өнімділігін арттыру, энергия шығынын азайту, микроэлементтері жоғары вермикомпостты алу, сондай-ақ қызыл калифорниялық құрттарды одан әрі пайдалану үшін олардың көбеюіне жағдай жасау.

Зерттеу жұмыстары 2022 жылдан бастап Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Агробиологиялық ғылыми – зерттеу орталығында орналасқан Биологиялық зерттеу орталығында жүргізілуде (2-сурет).



2-сурет. Биологиялық зерттеу орталығы

Вермикомпосттауға арналған субстрат күрделі компосттау кезінде фосфогипс қосу арқылы шымтезек, жылқы көңінің және ірі қара көңінің қоспаларынан дайындалды. Температураның, ылғалдылықтың және қышқылдықтың барлық нормаларына сәйкес *Eisenia foetida* түрі қызыл калифорния құрттарының санының өсуін салыстырмалы зерттеу тәжірибесі бірдей мөлшердегі контейнерлерде жүргізілді.

Қондырғының технологиялық параметрлерін зерттеу және зертханалық зерттеулер жүргізу үшін эксперименттік сыйымдылық жәшіктері жасалды. Орнатудың сыртқы түрі 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Эксперименттік сыйымдылық жәшіктері

Эксперимент схемасына сәйкес температураның, ылғалдылықтың және қышқылдықтың қызыл калифорния құрттарының популяциясына әсерін зерттеу

қарастырылды. Жеке санының өсу динамикасы, ересектер мен молектар санын ескере отырып, тәжірибе барысында апта сайын анықталды (4-сурет).



4-сурет. Студенттермен эксперимент жұмыстары

Жүргізілген зертханалық зерттеулер:

1. Вермикомпосттау процесінің оңтайлы технологиялық параметрлері: температура 19-дан 27⁰С-қа дейін, ылғалдылығы 75-95%, қышқылдығы кемінде 6 бірлік, субстраттың жаңа қабаты кемінде 10 см, құрттардың оңтайлы тығыздығы 250 мың дана/м³.

2. *Eisenia foetida* түрінің қызыл калифорния құрттарының көмегімен вермикомпосттау технологиясы әзірленді, оның айрықша ерекшелігі-ауылшаруашылық өндірісінің қалдықтарын өңдеуге кететін уақыт әлдеқайда аз.

3. Зертханалық жағдайда біз фосфогипс қосылған күрделі компосттау кезінде вермикомпост - биогурус пен сұйық биоконцентрат алынды (5-сурет).

4. Алынған биотыңайтқыш Жамбыл облысының топырақ-климаттық жағдайларына қолайлы агро-биологиялық тиімді құрал болып табылады.




5-сурет. Зертханалық жағдайда алынған фосфогипс қосылған вермикомпост - биогурус

Әдебиеттер тізімі

1. Вермикультивирование: В.И. Дмитриева; А.И. Степанова теория, опыт, практика. Сахапомирафиздат. 2015 год, 120 стр.
2. Василий Степанович Боескоров. «Экологические условия обитания дождевого червя в мерзлотных почвах Якутии» Улан-Удэ 2014 год.

3. <https://bank.nauchniestati.ru/primery/nauchnaya-statya-na-temu-mikroevolyucziya-kalifornijskogo-cherveya-imwp/>
4. Выгузова М.А. Разработка технологии производства биогумуса в установке непрерывного действия / М.А.Выгузова // Политематический сетевой электронный научный журнал Кубанского государственного аграрного университета (Научный журнал КубГАУ) [Электронный ресурс]. – Краснодар: КубГАУ, 2012. - №81(07) С. 43 – 53. – IDA [article ID]: 0811207004. – Режим доступа: <http://ej.kubagro.ru/2012/07/pdf/04.pdf>.
5. Кудряшова А.Г. Перспективы развития комплекса по переработке органических отходов в РФ / А.Г. Кудряшова, М.А. Выгузова // Сборник трудов IV Международной научно-практической конференции «Республика Казахстан и Евразийское экономическое сообщество: сотрудничество во имя прогресса», 2012 г., С.256-258.
6. Выгузова М.А. Преимущества и недостатки существующих способов вермикомпостирования / М.А. Выгузова, А.А. Шакирова // Инновационному развитию АПК и аграрному образованию - научное обеспечение: материалы Всероссийской научно-практической конференции (Ижевск, 14-17 февр. 2012 г.). Том III. С. 215-218.



ӘОЖ 517 (075.9)

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ФИЗИКАНЫҢ КЕЙБІР ЕСЕПТЕРІН ШЕШУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми жетекші: Кенжебеков Дархан Уалиевич, магистр.

Магистрант: Клышбекова Айдана Абибуллақызы «Математика» БББ, 2-курс, ММат-21-1 тобы, «ЖОО – нан кейінгі білім беру орталығы».

**Студент: Мустафин Бахтияр Қайратұлы «Математика» БББ, 3-курс, Мат-20-1 тобы.
«Жаратылыстану мамандықтары» кафедрасы**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз Инновациялық институты

Андатпа. Қарастырылып отырған мәселелер ұсынылған математикалық модельдер негізінде зерттелді. Есептеулерге қажетті дифференциалдық теңдеулер алынады. Көп жағдайда тиісті шекаралық шарттардағы бастапқы дифференциалдық теңдеулер сандық түрде шешіледі. Кейбір жағдайларда нақты шешімдер алуға болады. Осылайша, қабаттардың қасиеттері жағынан біртектес сулы қабат учаскесі үшін газ кен орындарының және гидродинамикалық тұзақтардың конфигурациясын есептеуге мүмкіндік беретін нақты шешімдер алынды. Нақты шешімдер сандық алгоритмдердің қателігін бағалау кезінде сілтеме ретінде қызмет етеді. Қабат суларының жасанды түрде құрылған сүзгілеу ағынында газдың немесе мұнай қабатының орын ауыстыруының сипаттамалық уақытын бағалау үшін аналитикалық өрнектер алынды.

Аннотация. Рассматриваемые задачи исследовались на основе предложенных математических моделей. Получены необходимые для расчетов дифференциальные уравнения. В большинстве случаев исходные дифференциальные уравнения с соответствующими граничными условиями решаются численно. В некоторых случаях могут быть получены конкретные решения. Таким образом были получены точные решения, позволяющие рассчитать конфигурацию газовых залежей и гидродинамических ловушек для однородного по пластовым свойствам разреза водоносного горизонта. Точные решения служат ориентиром при оценке погрешности численных алгоритмов. Получены аналитические выражения для оценки характерного времени вытеснения газо- или нефтеносного пласта в искусственно созданном фильтрующем потоке пластовых вод.

Annotation. The problems under consideration were studied based on the proposed mathematical models. Differential equations necessary for calculations are obtained. In most cases, the initial differential equations with appropriate boundary conditions are solved numerically. In some cases, specific solutions can be obtained. In this way, accurate solutions were obtained that allow to calculate the configuration of gas deposits and hydrodynamic traps for a homogeneous aquifer section in terms of layer properties. Exact solutions serve as a reference when evaluating the error of numerical algorithms. Analytical expressions were derived to estimate the characteristic time of displacement of gas or oil formation in an artificially created filter flow of formation waters.

Кілт сөздер: Қабаттық, дифференциалдық, теңдеулер, шекаралық, шоғыр, газ, мұнай.

Қабаттық су ағынындағы көмірсутектер шоғырларының стационарлық емес ығысуы есептерінің сипатты ерекшелігі - тек су, газ (мұнай) және су сүзгілеу саласында бөлінетін жылжымалы шекаралардың болуы.

Жоғарыда айтылғандай, мұндай есептердің аналитикалық шешімін алу мүмкін емес. Шешімнің негізгі әдістері сандық, атап айтқанда, ақырлы айырымдар әдісі болып табылады.

Жолақ тәрізді қабатты қарастырайық, оның құрылымдық тұзағына газ (мұнай) кен орны жатады. Жоғарыда (сонда негізгі белгілер де көрсетілген) сипатталған орталандыру әдісін қолдану арқылы, су мен газды сүзу теңдеулерін аламыз:

$$m \frac{\partial h}{\partial t} - \frac{\partial}{\partial x} \left\{ \frac{kh}{\mu_o} \frac{\partial}{\partial x} [p + g \rho_o (h + h_o)] \right\} = 0; \quad (1)$$

$$- m \frac{\partial h}{\partial t} - \frac{\partial}{\partial x} \left\{ \frac{kh_r}{\mu_r} \frac{\partial}{\partial x} [p + g \rho_o (h + h_n)] \right\} = 0. \quad (2)$$

Бұл теңдеулер жүйесі (1), (2) судың сүзу ағынының Q шығысымен байланысты алғашқы интегралға ие. Жоғарыда келтірілген түрлендірулерге ұқсас теңдеулерді бір дифференциалдық теңдеуге келтіреміз:

$$m \frac{\partial h}{\partial t} + \frac{Q(t)}{b} \frac{\partial}{\partial x} \left(\frac{\mu_o h}{\mu_o h + h_r} \right) - \frac{kg \Delta p}{\mu_o} \frac{\partial}{\partial x} \left[\frac{hh_r}{\mu_o h + h_r} \frac{\partial (h + h_n)}{\partial x} \right] = 0, \quad (3)$$

мұнда $\mu_o = \frac{\mu_r}{\mu_o}$ және $\Delta p = p_b - p_r$.

Өлшемсіз мәндерге көшейік. x координатасын өлшем бірліктері ретінде және тік белгілер h_k , h_n (яғни, және h , h_r) тән мәні ретінде сулы қабаттың h_d қалыңдығын қабылдаймыз. Уақыт $t_d = \frac{m \mu_o h_d}{kg \Delta p}$ бірліктермен өлшенеді, ал су ағынының өлшемсіз

параметрі $q = \frac{\mu_o Q_d}{bkh_d g \Delta p}$, мұнда Q_d - су ағынының сипаттамалық мәні. Көрсетілген өлшемсіз

айнымалыларға қатысты (26) теңдеу келесі түрде жазылады

$$\frac{\partial h}{\partial t} + qQ(t) \frac{\partial f_o(h)}{\partial x} - \frac{\partial}{\partial x} \left[\lambda(h) f_o(h) f_r(h) \frac{\partial (h + h_n)}{\partial x} \right] = 0. \quad (4)$$

Мұнда $\lambda(h)$ функциялары енгізілді - газ-су жүйесінің жалпы қозғалғыштығы (мұнай-

су); $f_e(h), f_r(h)$ - сәйкесінше жалпы ағындағы су мен газдың үлесі:

$$\lambda = h + \frac{h + h_n}{\mu_o}; f_e = \frac{h}{\lambda}; f_r = \frac{h + h_n}{\mu_o \lambda}. \quad (5)$$

Шекаралық және бастапқы шарттары:

$$h(x_H, t) = h(x_H); h(x_K, t) = h_0(t); \quad (6)$$

$$h(x, 0) = h^0(x). \quad (7)$$

Сондай-ақ, ізделінетін шешім теңсіздікті қанағаттандырлыуы керек

$$0 < h(x, t) \leq h_0(x). \quad (8)$$

Қойылған (4) - (8) есепті сандық шешу әдістері модельдік цилиндрлік қабаттың бейіндік қимасында пысықталды. h_d тән қашықтық ретінде оның қоймасындағы қабат қалыңдығының мәні таңдалды. Қабат табанының қисықтық радиусы 10-ға тең қабылданды. Бұрын ұйқытылым шөгінділердің ағынмен тұрақты сүзу ағынының әсерінен $qQ(t) = 0,1$ шығынмен жылжуы қарастырылды. Есептеулер газ шоғырына ($\mu_o = 0,01$) және мұнайға ($\mu_o = 1$ және 10) сәйкес келетін μ_o тұтқырлық коэффициенттерінің қатынасының үш мәні үшін жүргізілді.

Ұяшықтың өлшемі χ біртекті кеңістік айырымдылық торды енгіземіз. Ұяшықтар i ($i = 1, 2, \dots, N$) индексмен нөмірленген. Айқын типтегі (4) теңдеудің айырымдылық аналогы келесі түрге ие:

$$\hat{h}_i - h_i + \frac{\tau q}{\chi} (f_{ai+1/2} - f_{ai-1/2}) - \quad (9)$$

$$- \frac{\tau}{\chi} \{ \lambda_{i+1/2} f_{ai+1/2} f_{\Gamma i+1/2} [(h + h_n)_{i+1} - (h + h_n)_i] - \lambda_{i-1/2} f_{ai-1/2} f_{\Gamma i-1/2} [(h + h_n)_i - (h + h_n)_{i-1}] \}.$$

« \wedge » қалпақшасымен келесі уақытша қабаттағы газ – су түйісу белгісінің мәні белгіленген; τ - уақытша қадам ұзындығы. Келесі уақыт қабатындағы \hat{h}_i мәндері, $i = 1$ және $i = N$ нүктелерінде ағымдағы қабаттағы h_i белгілерінің белгілі мәндері бойынша (9) - ден (6) шекаралық шарттарды пайдаланып анықталады.

Негізгі назар $x_H \leq x \leq x_K$ интегралдау аймағының ақырлы-айырымдылық бөлінуінің ұяшықтарының шекарасында $\lambda(h), f_B(h)$ және $f_r(h)$ функциясының интерполяциясына аударылды.

Ұтқырлық $\lambda(h)$ - ті интерполяциялау үшін үш схеманы зерттеді: гармоникалық орта, арифметикалық орта және ағынға қарсы қарапайым ығысу. Күтілетіндей, барлық схемалар бойынша есептеулердің нәтижелерінде ешқандай айырмашылық жоқ. Бұл ұқсас айнымалы – қанықтық үшін Баклея - Леверетт және Раппопорт - Лиса есептерінен айырмашылығы, кеңістіктік координата бойымен тік байланыс белгісіндегі күрт өзгерістердің болмауына байланысты түсіндіріледі. Шоғырдың шекаралық нүктелеріндегі $h(x,t)$ функциясының сынуы есептеулердің дәлдігіне елеулі әсер етпейді.

Жалпы ағындағы су $f_B(h)$ үлесі үш схеманың көмегімен интерполяцияланды:

ағынға қарсы қарапайым ығысу

$$f_{ei+1/2} = f_{ei}; \quad (10)$$

ағынға қарсы екі нүктелі экстраполяция (М.Тодд, П.О'Дел, Г.Хирасаки, 1972)

$$f_{ei+1/2} = \frac{3}{2}f_{ei} - \frac{1}{2}f_{ei-1}; \quad (11)$$

ағынға қарсы орталық интерполяция [1]

$$f_{ei+1/2} = \frac{1}{4}f_{ei+1} + f_{ei} - \frac{1}{4}f_{ei-1}. \quad (12)$$

Ағынға қарсы қарапайым ығысу схемасы (10) бірінші нүкте ретіне ие, ал қалған екі схема (11 және (12) екінші.

Газдың (мұнайдың) $f_r(h)$ үлесін тек ағын бойынша ұқсас (10) - (12) схемалардың көмегімен интерполяциялады. $f_r(h)$ үшін де ағынға қарсы схемаларды пайдалану шешімде осцилляциялардың пайда болуына әкелді. Бұл ретте материалдық теңгерімдегі ең аз кателіктер $f_b(h)$ және $f_r(h)$ үшін схемалар бір-біріне сәйкес келген кезде байқалды.

Тұрақтылықты талдау [2] интерполяциямен (9) ақырлы - айырымдар теңдеуінің шешімі (10) τ уақыт қадамына тұрақтылықтың келесі шарттарын береді:

$$\tau \leq \frac{\chi}{q \max |f'_e|} = \frac{\chi \mu_o}{q} \begin{cases} \min h_o, h = h_o; \mu_o \leq 1, \\ \min \left\{ \left[h \left(1 - \frac{1}{\mu_o} \right) + \frac{h_o}{\mu_o} \right]^2 h_o^{-1} \right\}; \mu_o > 1; \end{cases} \quad (13)$$

$$\tau \leq \frac{\chi^2}{2 \max(\lambda f_e f_r)} = \frac{\chi^2}{2} \begin{cases} \frac{(1 + \sqrt{\mu_o})^2}{\min h_o}; \min h < \frac{\min h_o}{1 + \sqrt{\mu_o}}, \\ \min \left(\frac{1}{h} + \frac{\mu_o}{h_o - h} \right); \min h > \frac{\min h_o}{1 + \sqrt{\mu_o}}. \end{cases} \quad (14)$$

Бірінші шарт (13), (9) теңдеудің екінші қосылғышынан (9), ал екінші шарт (14), (9) теңдеудің соңғы мүшесінен анықталады. Параметрлердің қарастырылған сандық мәндері үшін (14) шарт уақыт қадамында қатаң болды. Есептеулер көрсетілген формула бойынша тұрақтылық бағаларына жақсы сәйкес келеді.

(9) теңдеудің конвективті мүшесіндегі $f_b(h)$ функциясы үшін (11) ағынға қарсы екі нүктелі экстраполяциясын қарастырамыз. Схема тұрақсыз. Шынында да, бірінші дифференциалды жуықтау келесі түрге ие

$$\frac{\partial h}{\partial t} + q \frac{\partial f_e}{\partial x} + \frac{\tau}{2} q^2 \frac{\partial}{\partial x} \left[(f'_e)^2 \frac{\partial h}{\partial x} \right] - \frac{\partial}{\partial x} \left[\lambda f_e f_r \frac{\partial (h + h_o)}{\partial x} \right] = 0.$$

Мұнда штрих h -ге сәйкес туынды дегенді білдіреді. Схеманың тұрақтылығы үшін келесі шарт орындалуы керек:

$$\tau < \min \left[\frac{2\lambda f_e f_r}{q^2 (f_e')^2} \right] = \frac{2\mu_o^2}{q^2} \min \left(\frac{\lambda^5 f_e f_r}{h_o^2} \right).$$

Алайда, сүзу аймактары үшін тек $su = h = h_o$ және $f_r = 0$. Сондықтан схема тұрақсыз. Схеманың тұрақтылығы үшін М.Тодд бірлескен авторлармен бірге шектеуден тұратын реттегішті ұсынды

$$\min \{f_{ai}, f_{ai+1}\} \leq f_{ai+1/2} \leq \max \{f_{ai}, f_{ai+1}\}. \quad (15)$$

Есептеулер көрсеткендей, реттегішті қолданған кезде (15) тұрақсыздық байқалмайды (шешімнің шамалы «бытыраңқылығы» байқалады), тіпті (14) шартты қанағаттандыратын τ уақытша қадамының мәндерімен бірге де. Бұл жағдайда мұнай кен орнын ығысу шешімінің дәлдігі ($\mu_o = 1$ және 10) қарапайым ығысу схемасына (10) қарағанда біршама төмен. Сонымен, шешім тұрақтанған кезде мұнайдың материалдық балансындағы қателік ($\mu_o = 1$ болғанда $t = 30$ және $\mu_o = 10$ болғанда $t = 300$) схема үшін 0,265 және 0,239% (10) схемаға қарағанда 0,252 және 0,159% құрайды. Газ шоғыры жағдайында ($\mu_o = 0,01$) есептеулерді τ уақытша қадамымен жүргізуге болады, бұл (14) шектеуден 2 есе аз. Сонымен қатар, (11) схема бойынша шешімнің дәлдігі (10) схемаға қарағанда біршама жақсы екендігі белгілі болды. Уақыт $t = 3$ болғанда (шоғырдың тұрақты ығыстырылған қалпы) қателіктер тиісінше 0,333 және 0,493% - ға тең. Осы есептеулердегі шоғырдың бастапқы жағдайы қабаттың жоғарғы бөлігінде $a = 0,9$ байланыс белгісімен сипатталды.

Осыған ұқсас нәтижелер (12) ағынға қарсы орталық интерполяция схемасы үшін де алынды ол үшін реттегіш (15) қосымша шектеуді қамтыды [1]:

$$\min \{f_{ai}, f_{ai-1}\} \leq f_{ai-1/2} \leq \max \{f_{ai}, f_{ai-1}\}.$$

Бұл шарт f_v функциясы үшін i және $(i + 1)$ -ші ұяшықтардың шекарасында келесі түрге ие

$$2f_{ai} - \min \{f_{ai}, f_{ai-1}\} \geq f_{ai+1/2} \geq 2f_{ai} - \max \{f_{ai}, f_{ai-1}\}. \quad (16)$$


(15), (16) реттегіштерден басқа екінші ретті схемалар үшін келесі реттеу процедурасы қолданылды. Есептеулерден кейін әрбір уақытша қадамда барлық тор ұяшықтары үшін (8) шарт тексерілді. (8) теңсіздік орындалмаған жағдайда тиісті ұяшықтарда h түйіспесінің тік координатасының мәнін қанағаттандыру үшін (8) түзетілді. Бұл схема (15), (16) қарағанда жоғары реттеуші қасиеттерге ие және үлкен уақыт қадамдарымен есептеулер жүргізуге мүмкіндік береді. Алайда, бұл жағдайда материалдық баланстың қателігі әлдеқайда жоғары [3].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ko S.C.M., Buchanan W.L., Vinsome P.K.W. A critical comparison of finite-difference interblock mobility approximations - J. Canad. Petrol. Tech, 1982, March - April, v. 21, № 2, pp. 62 - 74.
2. Пасконов В.М., Полежаев В.И., Чудов Л.А. Численное моделирование процессов тепло- и массообмена. М., Наука, 1984.
3. Гутников А.И., Жолдасов А. Численное исследование некоторых разностных схем для нестационарного смещения залежей углеводородов в потоке пластовых вод. Известия АН Каз.ССР, сер. Физико-математические науки, 1985. № 3, с. 78-82.

4. Агадаева Н.А., Кенжебеков Д.У., Әбдраманова Ж.Қ. Газ шоғырын игерудің нақты деректері бойынша сулы қабаттың параметрлерін нақтылау. Алматы: Еуразия технологиялық университетінің хабаршысы, 4/2020. – 10-18 б.

5. Кенжебеков Д.У., Сенғали Р.О., Мамаев Ш. Қабаттың коллекторлық қасиеттерінің әртектілігін ескеру. Тараз: ТИГУ жаршысы, №2, 2019 ж. - 5 б.



ӘОЖ 94(574)

Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНДАҒЫ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРДІҢ ТАРИХИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғылыми жетекшісі: Бейбитов Нурбек Жолдасалиевич
Студент: Мырзакеримова Мерей, 3 курс, Тар-20-1 тобы
«Жаратылыстану» факультеті, «Тарих және география» кафедрасы
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты

Андатпа. Ұлы дала төсіндегі ұлттық мұралар мен теңдесі жоқ құнды жерлерімізге деген құрметке қазақ халқы қоғамның барлық даму кезеңдерінде аса мән берген. Адам бойындағы адамгершілік құндылықтар туған жерге, отанға деген сүйіспеншіліктен туындайды. Тарихы тағлымды Т.Рысқұлов ауданының киелі жерлеріне негізделіп жазылған мақалада аталмыш мәселенің ерекшеліктері ғылыми тұрғыда дәйектелген. Аудан аумағының басым бөлігі жазық, тек Оңтүстік ғана таулы. Мұнда Қырғыз Алатауының Ашамайлы, Қорғантас, Қаракыр, Көкқия, Көгершін, Шөңгір, Құттыжан, Ойранды, Шал, Қайыңды, Сөгеті, Мамай, Қарауылшоқы және Көкдөнен таулары орналасқан.

Кілт сөздер: Т.Рысқұлов, Сұмқайтты, Ойранды, Құлан, Қалашық.

Аннотация. Казахский народ уделял особое внимание на всех этапах развития общества. Нравственные ценности у человека возникает от любви к родному краю, родине. В статье, написанной на основе святых мест. Т.Рыскуловского района, особенности данной проблемы научно обоснованы. Большая часть территории района равнинная, только Южная гористая. Здесь расположены горы Ашамайлы, Кургантас, Каракыр, Коккия, Голубь, Шангир, Куттыжан, Ойранды, Шал, Кайыңды, Сөгеты, Мамай, Караулангокы и Кокдөнен в Кыргызском Алатау.

Ключевые слова: Т.Рыскулов, Сумкайтты, Ойранды, Кулан, Городок.

Annotation. The Kazakh people spared the special attention on all stages of development of society. Moral values for a man arises up from love and to the native edge, to the motherland. In the article written on the basis of saint places. T.Ryskulov of district, features given problem scientifically reasonable. Most of the territory of the district is flat, only the Southern one is mountainous. Here are the mountains Ashamaily, Kurgantas, Karakyr, What, Pigeon, Shangir, Kutyzyhan, Oirandy, Shal, Kayyundy, Segety, Mamai, Karaulangoky and Kokdönen in the Kyrgyz Alatau.

Key words: T.Ryskulov, Sumkaitty, Oirandy, Kulan, Small town.

Тағылымды тарихы мен өрелі мәдениеті ерте кезеңдерден – ақ талайлардың таңдайын қақтырып, тамсандырған Әулиеата өңірінің сан-қилы тарихы әрқайсымызды бей-жай қалдырмасы белгілі. Қойнауы құт, жері дархан бұл өлкенің өзіндік ерекшелігі мен тарихы туралы талай ғалымдар тер төгіп, жыршылар мен ақындар өз шығармаларына арқау еткен.

Еліміз өз тәуелсіздігін қолына алып, етек-жеңімізді түріп, дамудың даңғыл жолына түсе бастаған тұста-ақ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Н.Ә.Назарбаев: «Тұтас жұртыңды, иісі алашыңды ардақтау ең алдымен өзіңнің тұрған өлкеңнің тарихын, табиғатын танудан, адамдарын құрметтеуден басталады» - деп өз бағасын берсе, барша қазақстандықтардың жүрегіне жол тауып, сәулелі отын жаққан «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын

жүзеге асыру қажеттілігіне тоқталып, бұл мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруінде емес, идеяның түпкі төркіні киелі мекендерді және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды атап көрсеткен болатын [1]. Осыған байланысты іріктеліп алынатын нысандар макросакралды және микросакралды болып екіге бөлінеді.

ҚР Ұлттық музейі жанындағы «Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығы Жамбыл облысынан ұсынылған 33 нысанның ішінен, ұлттық сарапшылар кеңесінің отырысында 8 тарихи-мәдени ескерткішті іріктеп алып, «Қазақстанның 100 киелі нысаны» тізіміне енгізді.

